



Республикалық оқу-әдістемелік журнал  
Республиканский учебно-методический журнал

Редакцияның мекен-жайы:  
Астана қаласы, Кенесары к-сі, 40,  
«7 континент» БО, 15-қабат.  
Тел.: 8 (7172) 64-75-87

Журнал ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің  
есебіне қойылған. 2009 жылғы 20 ақпандағы  
№ 9909-Жесепке қою туралы куәлік.  
Жазылу индексі – 75289.



Бертлеуова  
Нургуль  
Лескенқызы

«Ақтөбе облысының  
білім басқармасы»  
басшысының орынбасары



## Қосымша білім және тәрбие

№ 2 шығарлым 2023 жыл

e-mail: [kosymsha20@bk.ru](mailto:kosymsha20@bk.ru)




8(7172) 64-75-87

E-mail: [kosymsha20@bk.ru](mailto:kosymsha20@bk.ru)

«Қосымша білім беру ұйымындағы білім беру қызметі» Нарегеева А.М.....	2	Жаңа технологияны пайдалана отырып ұлттық қолөнерді жас ұрпаққа заман талабына сай насихаттау Дүсісенова А.Е.....	112
Жаңашыл ұстаз- Мәңгілік елдің сәулетшісі Қонысбаева Ж.З.....	4	Эстрадалық вокал жанры, ағымдары және сол жанр вокалистері Кудайбергенов Е.Н.....	114
«Рухани жаңғырудағы білім мен тәрбиенің өзектілігі» Арзымбетова Қ.Ә.....	8	Домбыра – халық мұрасы Бісқақ С.Б.....	117
3Д жүйесінде тұрғын үйдің ішкі қабырғаларына арналған сәндік кірпіш Туретаев А.К.....	10	Домбыра үйретудің әдіс – тәсілдері Әбдір Б.А.....	118
Қазақтың халық өндері Есалина Г.Б.....	12	<b>Ансамбльмен орындау – шеберлік бастауы</b> Ихласова Ж.О.....	120
Қ.Мырза Әлі «Қазақ осы» өлеңі Жылтырова М.С.....	14	Сәулет өнері Чирков М.Н.....	122
Қорқыт – Қобыз атасы Қазиханова А.Б.....	15	Қосымша білім беру – білім мен тәрбиенің кеңейтілген түрі Сенғалиев О.Т.....	124
Домбыра ғасырлар үні Сидғауда Б.Е.....	18	Қосымша білім беру ұйымдарының әлеуеті Избасарова З.Ж.....	132
Қосымша білім беру ұйымдарында әдістемелік жұмысты жаңадандыру арқылы қосымша білім беру педагогтерінің кәсіби шеберліктерін арттыру Үмбетова Г.Т.....	19	Использование современных образовательных технологий в детской школе искусств Али А.А.....	133
Былғары түскізілдің көркем стилі Джакибаева Г.Ж.....	23	Музыкалық іс-әрекетті ұйымдастыру және жабдықтау Баймұхан Ж.Б.....	136
Кенеп жіптен себет дайындау Нұрумбетова Н.К.....	26	Аспапта ойнауды жетілдіру Тапанова А.Е.....	138
Домбыра дәстүрі Әліқұл Қ.Қ.....	27	Формировании исполнительских навыков начинающего аккордеониста Целикова Л.С.....	140
Современные требования к педагогу дополнительного образования Байдильдинова Г.В.....	29	Қосымша білім беру жүйесінде жаңа технологияларды қолдану арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту Маханбетова Б.А.....	142
Қоғамдағы педагог мәртебесі Сайнова С.А.....	31	Бүгінгі заман – бәсекелестік пен жоғары технологиялар заманы, ғылым мен білім заманы Султанова А.А.....	144
Эстетикалық тәрбие беруді жетілдіру – өмір талабы Мақсотова Ж.Е.....	33	Волейбол үйірмесінің заманауи тәсілдері Нұғманов Г.....	146
Ата өнері – балаға мұра» атты концерттік бағдарламаның сценарийі Уксикбаева А.Ж.....	34	Қосымша білім беру жұмыстарын ұйымдастырудың ерекшеліктері Дукпанова Г.Е.....	150
Мұқағали мен Абай өлеңдерінің үндестігі Пархотова М.Ж.....	39	Бастауыш сыныпта тәрбие үрдісі арқылы ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген жеке тұлғаны қалыптастыру Сағандықова Ә.Н.....	153
Қобда ауданының туристік әлеуеті Нурпейсова Г.Е.....	40	Тігін машинасында жазулар жазу және сурет салу Мұрағельдина А.Т.....	154
Қарты бар үйдің - қазынасы бар Асауова Ж.Ж.....	42	Хор әндік ұйым Сапарова Ұ.А.....	157
Отбасы – бақыт мекені Бегежанова Ш.Д.....	46	Домбыра жасау - қол шеберлігімен, музыкалық сауатты талап етеді Танатарұлы М.....	160
Үй құсы «Тауық» жасау техникасы Сатыбалдина О.А.....	50	Үйірменің үйретері көп Танатарова А.С.....	161
Шығармашылық орталығы – шеберлік шыңының басталдағы Умирзакова С.Б.....	54	Дәулеткерей Шығай ұлы. «Қос алқа» күйі Турешова Н.У.....	163
ПВХ материалмен жұмыс Марат М.М.....	55	Домбыра класы бойынша оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру Сабиржанова Л.А.....	166
Особенности организации образовательного процесса в организациях дополнительного образования Мусабеева Н.Б.....	56	Қосымша білім беру жұмыстарын ұйымдастырудың ерекшеліктері Муптишанова Г.А.....	168
Летняя занятость детей ГДШ Турсумбаева А.С.....	60	Познавательльно-игровая программа по ПДД для воспитанников ГДШ на тему: «Безопасное колесо» Бутуғұзова А.Т.....	171
Боязнь эстрады и способы ее преодоления Николаева Н.Ю.....	62	Бейнедеу өнері сабағында жаңа технологияларды тиімді пайдалану Маратқызы Э.....	176
Музыкалық сауаттылықты меңгеру Губайдуллаева А.А.....	65	Қоңыр үнді – домбыра Есенжолова С.К.....	180
Развитие креативности у детей младшего школьного возраста на уроках музыки Тадаева З.С.....	68	<b>Меншік иесі – Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК (Астана қаласы)</b>	
Қазақ музыка әдебиеті Дүйсенбайқызы Г.....	69	<b>Редакциялық кеңес:</b> Шер Р.П., редакциялық кеңестің төрағасы, ҚР ОАМ РКББОЭО директоры	
Құрманғазының күйі, Аман бол шешем, аман бол Рашид А.С.....	71	<b>Гончаров А.С., «Қалалық техникалық шығармашылық орталығы» ММ қосымша білім беру педагогі, «Радио және робот техникасы» үйірмесінің жетекшісі.</b>	
Роза бағданованың өмірі мен шығармашылығы Қартбай А.....	72	<b>Мажитов М.К., Қарағанды қаласы ЮНЕСКО Клубы №2 Өнер мектебінің директоры.</b>	
Канзаши Байсарина А.И.....	74	<b>Ерубайева А.Ж., Павлодар қаласы, М.М. Катаев атындағы Оқушылар сарайының директоры.</b>	
Газеттерден әйнек себеті Сайменова А.С.....	79	<b>Оразова Т.Б., ЮНЕСКО клубы Балалар көркемсурет мектебінің директоры, Шымкент қаласы.</b>	
Советы начинающему певцу Залеснова Д.З.....	84	<b>Сенғалиев О.Т., Ақтөбе қаласы Жас натуралистер станциясының директоры.</b>	
Ашық сабақ жоспары Молдашова А.....	88	<b>Шығарумен жұмыс жасағандар:</b> Бас редактор – Атажанова Л.А. Жауапты редактор – Салбенбекова С.Д. Дизайн – Хұрмет К.Х.	
Қосымша білім беру ұйымында үйірме жұмыстарын ұйымдастыру Джапарова Б.Н.....	89	<b>Редакцияның мекен-жайы:</b> Нұр-Сұлтан қаласы, Кеңесары к-сі, 40, «7 континент» БО, 15-қабат. Тел.: 8 (7172) 64-27-31, e-mail: k.jurnal@mail.ru	
Основные направления, методика проведения и формы воспитательной работы Ельцева Ю.В.....	92	<b>Журнал ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің есебіне қойылған.</b> 2009 жылғы 20 ақпандағы № 9909-Ж есепке қою туралы куәлік. <b>Жазылу индексі – 75289.</b>	
Рельеф. Геометриялық денелер Есмұрзаева М.Б.....	94	Редакция материалдардағы ақпарат үшін жауап бермейді. Редакцияның пікірі автордың пікірімен әрдайым сәйкес келмейді. Қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды.	
Қатырма қағаздан гүлдер түрін жасау Апликация Нашанова М.Б.....	95	Редакция мақалаларды, әдістемелік әзірлемелерді қысқартуға, редакциялауға және қажет болса, әдеби түзетулер жасауға құқылы. Респонденттердің материалдары қайтарылмайды және рецензияланбайды. Редакция хат алмастырады.	
Пейзаж «Қыс көрінісін бейнелеу» Құндақбаева Т.Т.....	98		
Қосымша білім беру ұйымдарында балалардың дарындылығын диагностикалау маңыздылығы Ердаулет Г.....	101		
Көктем көрінісін бейнелеу Тұрмағамбетова К.А.....	104		
Мәртебелі мамандығым жайында... Тоқжанова Г.С.....	106		
Ойлан, тап!» жарысы Далахова Г.К.....	108		
Қолөнер еліне саяхат Жұлдыбаев С.У.....	110		

## «ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІ»

**Нарегеева Айнур Маликовна**  
**Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығының әдіскері**



Қазіргі таңда білім беру жүйесінде қосымша білім беру мектептен тыс ұйымдардың бірегей жүйесін сақтау және дамыту, жеке тұлғаны тәрбиелеу, оқыту және шығармашылық дамытуда олардың ролін арттыру мақсатында ұйымдастырылады. Балаларға қосымша білім беру мазмұны, оны ұйымдастыру түрі, әдістері мен технологиялары сапасын көтеру, педагогикалық шығармашылық жұмысты бағдарлы түрде ұйымдастыру көзделген. Қазақстандағы қосымша білім беру жүйесі білім беру кеңістігінің ең динамикалық және дамушы құрамды бөлігі болып табылады, ол стандартты жүйеге қарағанда ерекше ашық және еркін дамуды қалыптастырады. Балаларға қосымша білім беру – білім алушылардың білім алу қажеттіліктерін жан-жақты қанағаттандыру мақсатында жүзеге асырылатын тәрбиелеу мен оқыту процесі, үздіксіз білім жүйесінің ажырамас бөлігі.

Балалардың қосымша білім беру жүйесі – салауатты өмір салтын қалыптастыру, жеке тұлғаны өздігінен дамыту, шығармашыл дарынды балаларды іздеу, қолдау көрсету және дамыту, өскелең ұрпақ

тәрбиесіне және олардың дарындылығын дамытуға, балалардың құқықтарын қорғауға назар аударуды күшейтуге бағыттауға негізделген.

Қосымша білім берудің міндеттерін іске асыруда, мектеп, бір жағынан, білім беру стандарттарын меңгерту қажеттілігімен, екінші жағынан, білім беруді ізгілендірудің негізі болып табылатын білім беруді жаңғыртудың маңызды принциптерінің бірі – тұлғаның еркін дамуына жағдай жасау арасындағы барлық қарама-қайшылықтарды шешеді. Қосымша білім беру қызметінің негізгі мақсаты балаларға өз ойларын білдіруге, өздігінен дамуға және өзін-өзі анықтауға жағдай жасау.

Қосымша білім беру балалардың рухани, зияткерлік, дене даму тұрғысында, шығармашылық және білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қосымша мүмкіндіктермен қамтамасыз етуге міндетті. Балаларға қосымша білім беру жүйесінің негізгі мақсаты - әр балаға білім беру салаларын, қосымша бағдарламаның бейінін және оны меңгеруге кететін уақытын еркін таңдауға мүмкіндік жасау. Бұл мақсатты орындау қызмет түрлерінің алуандығын, білім беру үдерісінің тұлғаға бағытталу сипаттамасын, оның тұлғасын тануға және шығармашылыққа деген уәждемесін дамытуға бағытталуына, балалардың кәсіби өзін-өзі анықтауына, оларды іске асыруға мүмкіндік береді.

Қосымша білім беру ұйымдары қызметінің басты ерекшелігі мынада:

- Балалар мен жасөспірімдерді өз еркіне қояды және мұнда адамның өзін-өзі жан-жақты көрсетуіне толық мүмкіндік беріледі, сонымен қатар балалар білім алу бағытын, жүйесін, деңгейін және соңғы нәтижені өздері таңдайды. Бұл ерекшелік қосымша білім беру ұйымдарының білім беру жүйесіндегі шығармашылық қарым-қатынасты, педагог пен баланың немесе педагогпен қосымша білім беру ұйымдарының бірлескен іс-әрекетін белсенді және қарқынды жаңа педагогикалық технологиялық оқыту әдістемесін үнемі үйлестіріп отырудың қажеттілік екенін айқын көрсетеді;

- Педагогпен бірлесе отырып жасаған шығармашылық тапсырмаларды шешу білім алу процесіндегі психологиялық құрылымды өзгертеді немесе екі жақтың әрекеттесуі, қарым- қатынас жасауы, барлық қатысушылардың бір-бірімен тығыз байланысты болуы әр баланың ішкі стимуляциясының оянуына әкеледі;

- Балаларға қосымша білім беру мекемелерінің бағдарламасы білім беретін сонымен қатар қызметпен (іс-әрекетпен) қамтамасыз ететін және мекеменің дамуы болып екіге бөлінеді.

Қосымша білім беру педагогінің қағидалық ұстанымы – бала тәрбиелеу, бұл жағдайда пән мақсат емес, ол тұлғаның барлық қырларын: ой-өрісін, тәжірибелік ақылын, еңбексүйгіштікті, дене дамуын және өзін-өзі жетілдіру, мінезі мен рухын қалыптастыру, дамыту және жетілдіру құралы болып табылады.

Басқаша айтқанда, қосымша білім беру – баланың бай ішкі жан дүниесіне еніп, оны түсіну және мүмкіндіктерін ұлғайту болып табылады.

Қосымша білім беру жүйесіне тиісті технологияларды мектептің оқу үдерісіндегі сабақтарда қолдануға болады.

Қосымша білім беру блогының жұмысы жылдық және жоспарлардың басқа түрлерімен, мектеп директоры немесе оның қосымша білім беру жөніндегі орынбасары бекіткен қосымша білім беру бағдарламалары және жоспарлары негізінде іске асырылады. Қосымша білім беру блогында оқу жылы 15 қыркүйекте басталады және ағымдағы жылғы 25 мамырда аяқталады. Жазғы каникул кезінде білім беру үдерісін (білім беру бағдарламаларында қарастырылған жағдайда) жорық, жиындар, пләнерлер, экспедициялар, түрлі бағыттардағы лагерлерде және тағы с.с. жалғастыруы мүмкін.

Сонымен елімізде білім беру жүйесінде болып жатқан оң өзгерістер қосымша білім берудің, оның негізгі субъектісі мектептен тыс ұйымдар қызметінің өзектілігін арттыра бермек. Өйткені қосымша білім беру ұйымдары жалпы білім беретін мектептермен, басқада білім беру орындарымен бірлесе бірінғай үздіксіз білім беру жүйесін құра отырып:

- балалар мен жасөспірімдерді шығармашылық белсенділікке, өз бетінше білімін жетілдіруге ынталандырады;

- білім мазмұнын белсенді және іскерлікпен меңгеруге үйретеді;

- балаға өзіндік өмірлік тәжірибесін талдап қорытып, оның қалыптасқан құндылық жүйелерімен ара қатынасын ажырата білуге үйретеді;

- өз ісіне баға беруге, сөйтіп өз мінез-құлқын қалыптастыруға үйретеді;

- жаңа ғылыми білімдерді және олардың айқын тенденцияларын ажырата білуге үйретеді;

- баланың дамуы мен дербес сана- сезімінің даму эволюциясын ескере отырып, білім берудің барлық түрлеріндегі мазмұн сабақтастығын сақтайтын мекеме ретінде бейімделу іс-бағыттары бойынша атқарылатын жұмыстардың жүйелі, үздіксіз жүргізілуін басшылыққа алады.

Балаларға қосымша білім беру ұйымдарының басқа білім беру орындарынан айырмашылығы онда бала басқаша білім жолын басып өтеді. Мұнда балаға қосымша ақпарат беріп қана қойылмайды, ең бастысы бала шығармашылық жұмыс істеуге тартылады. Бала адамзат еңбегінің, білімінің бірін терең игереді, оған дағдыланады. Жас ұрпақтың дара ерекшелігін ескере отырып ойлау, шешім қабылдау, қорытынды ой-пікірін білдіруін, белсенділігін, танымдық қабілетін дамытуын, өзінің шығармашылық әрекетін жүзеге асыруын қалыптастыруына мүмкіндік туғызған дұрыс.

Оқушылардың қабілетін ашып, дамытуға жан-жақты жағдай жасағанда ғана мақсатқа қол жеткізуге болады. Уақыт талабына сай оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту үшін оқытудың жаңа ақпараттық технологиясын пайдаланған жөн деп есептейміз.

## ЖАҢАШЫЛ ҰСТАЗ- МӘҢГІЛІК ЕЛДІҢ СӘУЛЕТШІСІ (СЕМИНАР ЖОСПАРЫ)



**Конысова Жаниса Зинеуовна**  
Ақтөбе облысы Шалқар қаласы  
Аудандық «Оқушылар сарайы» КММ  
әдістемелік бөлім меңгерушісі

**Семинар тақырыбы:** Жаңашыл ұстаз- Мәңгілік елдің сәулетшісі  
**Жалпы мақсаты:** Қосымша білім беру ұйымдарындағы іскерлік қарым-қатынасты нығайту, мұғалім мәртебесін көтеру, бірлескен іс-тәжірибені жетілдіру.  
**Күтілетін нәтижелері:** Қосымша білім беру педагогтар арасында бірлескен іс-тәжірибенің мәні артады, педагог мәртебесінің қоғамдағы ролін терең түсінеді.  
**Қосымша метариалдар:**  
Презентация, маркер,стикер, түрлі –түсті парақтар, постер



Семинар барысы:	Семинар іс-әрекеті	Семинараға қатысушылардың іс-әрекеті
Сәлемдесу. «Көрісу» Кіріспе. 2 минут	Мұғалім тыңдаушыларға сәттілік тілеп, жағымды ахуал тудырады Наурыз айындағы мерекелердің бірі «Көрісу» туралы айтылып, бір-бірімен көріседі	«Бір жасыңмен!», «Жасың құтты болсын!», «Құтты жас болғай!» деген тілектермен бір-бірімен қол алысып, көріседі.
«Портрет» тренинг	Сиқырлы қорабша арқылы портретке мізендеме береді.	
Топқа бөлу. 3 минут	Әр гүлдің сабағында «Ұстаз», «Педагог», «Мұғалім», «Оқытушы» сөздері жасырылған. <b>Қызыл түс:</b> Шығармашыл, музыка, әуенге жақын мұғалімдер қызыл столға,	Ақ, қызыл, көк, жасыл түстегі гүлдер өз таңдаулары бойынша алып, сол түстес столға отырады

	<b>Көк түс:</b> Еліміздің туын асқақтатып, жеңіс тұғырына көрінуге бейім, салауатты өмір салтын ұстанатын топ көк столға, <b>Ақ түс:</b> Сан салалы өнерді қамтитын мұғалімдер ақ столға; <b>Жасыл түс:</b> Өнерді бейнелеу арқылы көрсете алатын мұғалімдер жасыл столға	
<b>Таныстырылым:</b> 2 минут	«Ұстздық» бейнебаян.	Қалай ойлайсыздар сіздерге көрсетілген бейне баяннан қандай ой түйдіңіздер, қандай мәселе төңірегінде болмақ? Бейне көрініс бойынша талқыланады.
<b>«Ой қозғау» 2 минут</b> <b>Бірлескен жұмысқа негізделген тәсіл:</b> 10 минут <b>«Ассоциация» әдісі</b>	<b>Кілт сөздер:</b> <b>Ұстаз</b> — жас ұрпақты, жалпы адамды ізгілікке баулып, жақсылыққа тәрбиелейтін, білім беретін оқытушы. Қазіргі қоғамда оқу-тәрбие жұмысын жүргізуші маман педагог ұстаз деп аталады. Дегенмен, ұстаз ұғымы арнаулы білім, қажетті құжатқа байланысты емес. Үлгілі, өнегелі, өмір тәжірибесі бай адам ғана... <b>Мұғалім немесе оқытушы</b> — болашақ ұрпақтарды қоғамдық өмірге тез әрі жеңіл қосылу үшін және сол қоғамның сол мақсаттарды орындайтын адамдарды қамтамасыз ету қабілетін арттыру үшін тәрбиелеу мен оқыту қажеттілігі себебінен әлемдегі ең кең тараған мамандықтардың бірі. <b>Педагог</b> – зиялы тұлға және мәдениет адамы.	<b>Топтық жұмыс:</b> «Баланың білім мен тәрбиесіне жауапты тұлғаның баламасы»  Әр гүлдің сабағында жасырулы әріптерді құрастырып, шыққан сөзге анықтама береді. 1 топ. «Ұстаз»; 2 топ. «Педагог» 3 топ. «Мұғалім» 4 топ. «Оқытушы»  Топ мүшелерінің пікірі тыңдалады.

	<p>Қазіргі заман талабына сай мұғалім болу ең жауапты, ең күрделі, ең зиялы мамандық болып табылады. Себебі, ол адамды қалыптастыруға, дамытуға бағытталған зор жауапкершілікті қажет ететін мамандық.</p> <p><b>Әр қырлы оқытушы – тәрбиеші мұғалім даярлау күрделі үрдіс. Ал оған бағыт беруші, жол сілтеуші – білікті, шебер, парасатты ұстаздар.</b></p> <p>Мұғалім сөзіне қолданылатын балама сөздердің мағынасын ашқанда бойыңызда қандай құндылықтарды байқадыңыз?</p>	
Бағалау. 3 минут		Әр топ қол шапалақтау арқылы қошемет білдіреді.
<p><b>Сергіту кезеңі:</b></p> <p><b>«Асыл сөз» десерті.</b></p> <p><b>5 минут</b></p>	<p>Мақал сөздің мәйегі немесе атадан өсиет, анадан қасиет. Қазақтың қай мақалын, нақыл сөздерін алсақ та, құндылықтарға толы.</p> <p>Атадан өсиет, анадан қасиет.</p>	<p>Қатысушыларға түрлі заттар беріледі. Осы заттардан мақал мен нақыл сөздерді құрастыру, оның құндылықтарын айту.</p> <p>Тарелкеде сүйек, таяқ; Тарелкеде кітап, ине Тарелке Қамыс, қоян Тарелке Қой, асық, доп.</p>
<p>Бірлескен жұмысқа негізделген тәсіл. 15 минут.</p>	<p>«Күзінеттілік» туралы мәлімет беріледі.</p>	<p>Әр ұжым бір бірін санайды. 1,2,3 болып саналғандар басқа столдарға жайғасады.</p> <p>Мұғалімнің күзінеттілігі дегеніміз не?</p> <p>«Кубизм» әдісімен топтар постер қорғайды.</p> <p>1топқа: Ақпараттық күзінеттілік 2топқа:</p>

		<p>Коммуникативтік күзінеттілік 3 топқа: Әлеуметтік күзінеттілік. 4 топқа: Құқықтық күзінеттілік</p>
Тренинг «Шнеленіс»	<p>Оң жағындағы адаммен, сол жағындағы адамды танып алады, бір –бірінің қолынан ұстап шеңбер жасап тұрады.</p> <p>«Шнеленіс дегенде ерсі-қарсылы жүреді, тоқта белгісі оң қолымен оңжағындағы адамды »</p>	Қошеметпен 3 шапалақ
<p><b>Сергіту кезеңі:</b></p> <p><b>Галереяға саяхат</b></p>	<p><b>Суреттер бойынша топқа бөлінеді.</b></p> <p>1. Қ.Тлепбергеноұлы 2. Аула клубы 3. Оқушылар сарайы 4. Көркемсурет лицейі</p>	Әр ұжым өз өнерлерін көрсетеді:
<p>Бірлескен жұмысқа негізделген тәсіл. 8 минут</p> <p><b>«Автор орындығы» әдісі</b></p>	<p>« Қосымша білім беру педагогінің рөлі қандай?» Кәсіби бағдар берудегі мұғалімнің рөлі Қосымша білім берудің маңыздылығы неде? Мұғалімнің басты рөлі – тұлғаның жеке дамуына негізделген, жан-жақты зерттелетін, сараланған білім беру үлгісінің басым бағыттарын айқындау, нәтижесінде еліміздің әлемдік өркениетке негізделген білім саясатының стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыру.</p>	Жеке жұмыс: Әр топтан бір мұғалім өз пікірін айтады.
Бағалау.		
<p>Бірлескен жұмысқа негізделген</p> <p>Бірлескен жұмысқа негізделген тәсіл: 10 минут</p>	<p>« Балықтар бірлігі» бейнебаян</p> <p>Мәңгілік елдің сәулетшісі қандай ұстаз болу керек?</p>	<p>Әр ұжым бір бірін санайды. 3,4,5 болып саналғандар басқа столдарға жайғасады.</p> <p>Постер қорғайды:</p>
Кері байланыс: 5 минут	Бастапқыда өз көңіл күйлерін бейнелеген стикер артына	Бүгінгі шарадан алған әсерлерін стикерге

Рефлексия	сабақтан алған әсерлері мен ұсыныстарын жазу не бейнелеу тапсырылады.	жазады. Смайликтермен көрсету.
-----------	---	-----------------------------------

## «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДАҒЫ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕНІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ»



Арзымбетова Құрадай Әмірханқызы  
Ақтөбе облысы Шалқар қаласы  
Аудандық «Оқушылар сарайы» КММ  
үйірме жетекшісі

**Мақсаты:** Елбасының «Болшаққа бағдар- рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жаңғыру негізі- адами капиталдың тиімділігін қалыптастыру, педагог қызметкерлердің білім мен тәрбиенің заманауи міндеттеріне сәйкес шығармашылық қызмет тәжірибесін арттыру болып табылады.

**Күтілетін нәтижелері:** Қосымша білім беру педагогтар арасында бірлескен іс-тәжірибенің мәні артады, педагог мәртебесінің қоғамдағы рөлін терең түсінеді.

**Қосымша материалдар:** Презентация, маркер,стикер, түрлі –түсті парақтар, постер.

Семинар барысы:	Семинар іс-әрекеті	Семинарға қатысушылардың іс-әрекеті.
Сәлемдесу.	модератор тыңдаушыларға сәттілік тілеп, жағымды ахуал тудырады	.
«Көрісу»	Наурыз айындағы мерекелердің бірі «Көрісу» туралы айтылып, бір-бірімен көріседі	«Бір жасыңмен!», «Жасын құтты болсын!», «Құтты жас болғай!» деген тілектермен бір- бірімен қол алысып, көріседі.
Тренинг: «Позитив және негатив»	Қатысушыларды екі топқа бөледі. Екі түйілген жіптер беріліп, тапсырма түсіндіріледі.	Қатысушылар ойын арқылы жіптен неагтивті алып тастап, позитивке өтеді.
Кіріспе. 2 минут	«Рухани жаңғырудағы білім мен тәрбиенің өзектілігі неде?» сауал қойылады. -Қазіргі білім беру жүйесі қандай?	Вени диаграмасы арқылы білі мен тәрбиенің маңызын айтады



	- Тәрбиенің маңызы неде?	
Таныстырылым: 10 минут	«Балаларға қосымша білім беруді заңнамалық және нормативтік құқықтық қамтамасыз ету» баяндама техникалық үйірме жетекшісі М.Игісінов	Әріптестеріңіздің республикалық семинарда алған тәжірибесі туралы не айта аласыздар?
«Ой қозғау» 2 минут Бірлескен жұмысқа негізделген тәсіл: 5 минут «Ассоциация» әдісі	Қосымша білім беру ұйымдарының заңнамалық құжаттар туралы не білесіз? 1. 27.01.2016 жыл № 83 бұйрығы 2. 14.06.2013 жыл.№ 228 бұйрығы 3. 17.05.2013 жыл №499 қаулысы	Топтық жұмыс: Әр топ заңнамалық құжаттар туралы түсінік береді.  Топ мүшелерінің пікірі тыңдалады.
1. Таныстырылым: 10 минут	Балаларға қосымша білім беру инфрақұрылымның инновациялық моделі- жаңғыру негізі- адами капиталдың тиімділігін қалыптастыру факторы»баяндамашы үйірме жетекшісі Г.Мажитова, Р.Базарбаева	Елбасының Жолдауында айтылған міндеттерді орындау барысындағы іс - әрекеттер
Сергіту кезеңі		Әр топ қол шапалақтау арқылы қошемет білдіреді.
2. Таныстырылым: 10 минут	«Латын әліпбиіне көшу- заман талабы» баяндамашы Д. Қалжанова	Латын әліпбиінің маңызы неде?
Бірлескен жұмысқа негізделген тәсіл. 10 минут.	Сиқырлы әріптер: Қатысушыларға латын әріптері беріледі. Берілген тапсырма бойынша сөздер құрайды	«Білім», «жане», «Тәрбие» сөздерін құрастырады «Рухани жаңғыру»
Кері байланыс: 5 минут	Бастапқыда өз көңіл күйлерін бейнелеген	Бүгінгі шарадан алған әсерлерін стикерге

<b>Рефлексия</b>	<b>стикер артына сабақтан алған әсерлері мен ұсыныстарын жазу не бейнелеу тапсырылады.</b>	<b>жазады.</b> <b>Смайликтермен көрсету.</b>
------------------	--	---

## 3D ЖҮЙЕСІНДЕ ТҰРҒЫН ҮДІҢ ІШКІ ҚАБЫРҒАЛАРЫНА АРНАЛҒАН СӘНДІК КІРПІШ



**Туретаев Асылан Кайтарович**  
Ақтөбе облысы Шалқар қаласы  
Аудандық «Оқушылар сарайы» КММ  
қолөнер үйірмесінің жетекшісі

Сабақтың мақсаты:

Білімділік мәні : 3D модельдеу және анимация. Виртуалдық – шынайы әлемді танып-білу тәсілдерінің бірі. 3D кеңістігінің бағдарына кіріспе, орнын ауыстыру және өзгерту. 3D модельдеу және анимация, Виртуал, виртуалды өмір ұғымдарына түсінік беру, шығу тарихымен таныстыру.

Дамытушылық мәні: Практикалық дағдыларын дамыту, өз бетінше жұмыс жасауда білімдерін пайдалануды үйретіп, пәнге деген қызығушылығын ояту.

Тәрбиелік мәні: Өз бетімен жұмыс жасауда ұқыптылық, еңбекқорлық, жинақылық, шапшаңдық қасиеттерін шыңдау.

Нәтиже: 3D модельдеу және анимация. Виртуал, виртуалды өмір ұғымдары туралы түсінік қалыптастыру

Түйінді идеялар: 3D модельдеу және анимация.

Әдіс-тәсілдері You Tube видео және оқулықтар

**Сөзжұмбақ**

- 1 Адамның келбетін бейнелеу? \портрет\
- 2 Мемлекеттік Рәміздердің бірі? \елтаңба\
- 3 «Ойлап шығару» құрастыру мағынасы? \үйлестіру\
- 4 Бейнелеу өнерінің түрі? \дизайн\
- 5 Затқа қарап сурет салу? \натюрморт\
- 6 Түстік рең түрлері? \жылы\

**Жана сабақ:**

Кірпішті сәндеу сәнден шықпайды. Қара-қызыл элементтер сенімділік пен жайлылықтың ерекше атмосферасын құрастырады, және біздің осы құрылыс материалдарына деген сүйіспеншілігіміз өрттің махабаты сияқты бірдей ежелгі тамыры бар. Бүгінде нақты кірпішті пайдаланудың қажеті жоқ - оны декоративті түрде ауыстыратын болады. Декоративті кірпіш кірпіштер олардың құрылыс салушыларына қарағанда айтарлықтай жұқа. Сондықтан, материал интерьерді безендіруге сұранысқа ие, оның ішінде кеңістікті үнемдеу маңызды болған шағын орындар. Тек қана 1,5-2,5 см қалыңдығы бар элементтерді орнату қарапайым және қабырғаларды нығайту үшін қосымша бекіту жүйелерін қажет етпейді. 1 бағасы м2 сәндік кірпіш – 4500 теңге. Қайта салынған кірпіш қабырғалары бояуға немесе тұсқағазға салынғаннан гөрі ластануға және механикалық кернеуге төзімді, бұл көптеген жылдар бойы, тіпті ондаған жылдар бойы жөндеу жұмыстарын ұмытып кетуі мүмкін. Қабырғалар үшін екі түрлі элементтер қолданылады: тік және бұрыштық, ал

бірінші саны шаршы метр, екіншісі - сызықты, олардың көмегімен көмкерілген жарқын түстердің немесе ескі, жаңадан жасалған «уақытынан қараңғыланған» элементтері біркелкі емес шеттермен жаңғыртылады. Тегістеуіш пен фишкалармен бірдей өрнектелген, ашық реңктердің «тірі» аяқтауы интерьерге романтикалық әсер береді. Сәндік кірпіш - цемент, құм, әр түрлі толтырғыштар мен пигменттер, артқы жағынан жазық (қабырғаға бекіту үшін) және алдыңғы жағынан текстураланған. Фасадтар мен интерьерді әрлеу үшін жиі пайдаланылады. Мұндай төсеу бірқатар артықшылықтарға ие: жоғары беріктігі, аязға төзімділігі, агрессиялы орта мен УК сәулесінің әсеріне төзімділігі.

Сонымен қатар сәндік кірпіш әдеттегіге қарағанда жеңілрек және арзан: массасы 1 м2 төсемдер 10-12 кг-дан асып кетеді. Ішкі безендіру материалы жүктеме қабырғаларына және үлкен жүктемелерге арналмаған материалдардың бөліктеріне орнатылса, мысалы, қапталған гипсокартон немесе дисплей. Мұндай қабырғалар орнату үшін алдын-ала дайындалған, атап айтқанда, сылақтың және топырақпен жабатындығын атап өту керек. Сәндік кірпіш экология тұрғысынан қауіпсіз және адам денсаулығына зиян келтірмейді.

**Практикалық жұмыс:**

Сәндік-кірпіш кірпішті монтаждау - жұмыс ағымы. Сәндік кірпішті жасау үшін ен алдымен бізге қалытқы, консеарсей пышақ, сызғыш секілді құралдар қажет етеді. Балаларға жеке жеке тапсырма беру арқылы жұмыс жалғасын табады. Негізі тегіс, күшті, таза, шөгуді деформацияға ұшырамауы керек. Ыстық ауа-райында немесе өте құрғақ негізде орнатқанда, беті ылғалданған (а). Төменгі бөлігінде олар тіреуішті (б) сияқты бірдей биіктіктегі ағаш қояды. Элементтер жоғарғы жиектен жиналады. Қажет болған жағдайда, кірпіш (с) артқы жағында металл қатты щетка цемент сүт алып тастаңыз, содан кейін суланған жер үсті және ылғал жұтып (г) үшін 2-3 минут. Тығыз немесе тегіс щеткамен (d) қабырғаға желімді жағыңыз. Олар сондай-ақ кірпіштің артқы жағын (қабат қалыңдығы 1-6 мм) (е) қабатын қабырғаға басып, жақсырақ ұстап алу үшін сәл жаққа қарай жылжытып, резеңке таяқшамен сырғытыңыз. Көлденеу сызық деңгейі бойынша бақыланады. Дөңгелектердің қалыңдығы шорікі 12 мм қалыңдығы (г) көмегімен бақыланады. Жабысқақ ерітіндіні (3-5 күн арқылы) құрғағаннан кейін, буып-түйетін арнайы сөмкеде (h) орналастырылған герметикпен өңдеңіз. 30 минуттан кейін, герметик кеуіп қалғанда, ол тегістеледі және артық молекула алынып тасталады. Соңғы тегістеу үшін теңіз бетін беті орташа қаттылық (лар) щеткасымен сүртіледі.

**Қорытынды бөлім:** Жұмысты аяқтау.

**Үйге тапсырма:** Сәндік кірпішті кірпішпен жұмыс жасап келу



## ҚАЗАҚТЫҢ ХАЛЫҚ ӘНДЕРІ

**Есалина Гүлжанат Бисекенқызы**  
**Ақтөбе облысы, Шалқар қаласы**  
**«Оқушылар Сарайы» КММ**  
**Вокал үйірмесінің жетекшісі**

**Сабақтың мақсаты:** Қазақтың халық әндерінің мазмұнының өмірмен байланысын түсіндіру, бабадан - бабаға, атадан - балаға саф алтындай сақталып келген бай мұраны түсініп бағалауға, көне көзінің бағамын білуге үйрету.

**Сабақтың әдісі:** дауыс ашу, түсіндіру, тыңдау, үйрету, салыстыру, сұрақ-жауап.

**Сабақтың барысы:**

**Ұйымдастыру кезеңі:** кіріспе, амандасып оқушыларды сабаққа ұйымдастыру.

Оқушылармен музыка тілінде амандасу.

Дауыс жаттығуларын орындау.

Ұй тапсырмасын тексеру: Музыка, тамшы сияқты там-тұмдап жүрекке енеді, жаныңды желпіндіреді. Музыканы сезіну барда, түсіну бар. Оданда жақсы түсіну үшін музыкалық сауаттылық қажет - ақ. Олай болса ұй тапсырмасына кезек беріп, сұрақтарға жауап берейік.

**Жаңа сабақ:** Қазақтың халық әндері

Қазақ халқының музыкалық мұрасы өте бай.

Халық музыкасы – халқымыздың сан ғасырлық өмірімен сабақтасып жатқан тарихын бейнелейтін замана парақтары.

Халық әндері – авторы ұмытылған, ауыздан ауызға жатталып, таралып, біздің күнге жеткен әндер. Халық күйі – ұлттық музыкалық аспаптарға арналып шығарылған, ауызша таратылып, бізге жеткен музыка.

Музыка өнері – халық тарихының шежіресі. Халық әндері мен күйлері қазақ халқының өмір тіршілігін – адамдар мен достық, табиғат, жан-жануар мен құстар, туған жер туралы жырлайды.

Музыка тыңдау: халық әні «Елім-ай» бейне ролик көрсетіледі.

Балалар, сендер жаңа көрген бейне роликтен не түсіндіңдер? Әр бала өз ойын, кім қалай түсінгенін айтып берсін.

Елім-ай жоңғар шапқыншылығының ауыр кезеңіндегі (1723-1725) қазақ халқының басына төнген қауіп-қатер, азап-қиыншылықты, босқан елдің мұң-зарын толғайтын тарихи сазды өлең. Ол соңғы кездерге дейін «халық өлеңі» деп танылып келді. Кейінгі зерттеулерде оның нақты авторы - Қожаберген жырау Толыбайұлы делінеді. «Қаратаудың басынан көш келеді» өлеңін ең алғаш рет баспасөзде жариялаған - М.Тынышбаев. Бұл жырды кейінірек А.Байтұрсынұлы, Ж.Досқараев, Ә.Кекілбаев пен М.Мағауиндер де жариялаған. Фольклор-танушы М.Оразаев тапсырған нұсқаны Ы.Дүйсенбаев зерттеген. Осы тарихи өлең туралы С.Сейфуллин, Қ.Жұмалиев, Н.С.Смирнова, Б.Уақатов, Г.Турсыновалар мақалалар жазды. Кейбір зерттеулерде (М.Оразаев нұсқасында) жырдың авторы ретінде арғын Топыш ақынның аты аталады, алайда мұндай кісі туралы дерек жоқ. Жыр өзінің жүрек тербейтін мазмұнымен қатар, әдемі де әуезді әуенге құрылған.

Ақан Серінің «Балқадипшасы» қалай жазылған?

Әйгілі сері Ақан Қорамсаұлының «Балқадипша» әнін тыңдаған әрбір жан басты кейіпкер Қадипша қыздың тағдырына аяушылық білдіріп, ауыр күрсінетіні сөзсіз. Өкінішке орай, шерге толы әннің түпнұсқасы бізге толық жеткен жоқ.

Сан жылдар бойы тыңдарманның көкейінен шыққан танымал әннің туу тарихы туралы ел аузында әңгіме көп. Біз соның бір нұсқасын ұсынып отырмыз.

Ақанның сал-серілік құрып, ауыл-ауылдарды аралап жүрген кезі. Күндердің күнінде Ақан сері сол кездегі Ыбырай деген аты баршаға мәлім, танымал кісінің ауылына бас сұғып, шілдехана тойының үстінен түседі. Ауылға танымал серінің ат басын бұрғандығын естіген ауыл тұрғындары оған ілтипат білдіріп, қошемет көрсетеді. Алайда, төрде отырған Ақанның маңына ешкім отырмайды. Бұл ел аузында Ақан сері туралы алып-қашпа

сөздердің кеңінен етек алған тұсы еді. Ақанның қиялға беріліп, жын-перілермен қатысы барын алға тартып, жас қыздар серіден үрейленген. Ақын да, қыздар да өздерін жайсыз сезініп, отырыстың берекесі қашқандай болады. Осы кезде Қадипша қыз «Сері-ағамның жанына мен отырайын» деп Ақанның жанына жайғасады. Мұны естіген Ақанның көңілі жай туып, іштей жібек мінезді бойжеткенге риза болады. Отырыс барысында әндер орындалып, зерделі әңгіме-аңыздар айтылады. Серінің жанында Қадипшаның отырғанын оның ағалары естіген бойда, екі жеңгесін жіберіп, қызды алып шығуын тапсырады. Алайда, Қадипша орнынан қозғалмайды, Ақанның да оны жібергісі келмейді. Осы кезде таң атып, бойларында қимастық орнайды. Қадипша қайтуға жинала бастағанда, Ақан сері қолына домбырасын алып, екі ішекті қағып жіберіп әнді орындай бастайды. Бұл ұзақ толғау, үлкен жыр болды.

Әннің «Күйеуің сексен бесте шал, Қадипша» деген жолдарын алға тартып, кейбір аңыз деректер Қадипша, әу бастан, үлкен ақсақалға атастырылған деп айтылуда. Қадипша қыздың Ақанның жанында отырғанын естіген бойда, ақсақал «Қадипшаны қайтарыңдар» деп бұйырған.

Алайда, Қадипша қыз үлкен кісіге емес, өз теңіне аттастырылып, кейіннен ұзатылған. Мұны естіген Ақан қоштасу сәтінде туған әнін әрі қарай жетілдірген. Бұл әннің соңғы өлең жолдары мынадай болған:

«Кекілін кер бестінің сылағаным,  
Басынан Жыландының құлағаным.  
Кетті деп Балқадипша естігенде,  
Құшақтап құс жастықты жылағаным.  
Тау болсаң, Жыландыдай биік тау бол,  
Шапанға ширатпалы жібек бау бол.  
Атадан артық туған Балқадипша,  
Көргенше енді қайтіп, есен-сау бол»

Ұзақ мұңлы әннің 90 шумағы болған деседі. Өкінішке орай, бізге толық жеткен жоқ. 1988 жылы Қайролла Жүзбасовтың құрастыруымен «Өнер» баспасынан шыққан кітабында «Балқадипша» әнінің үш нұсқасы көрсетілген.

Ән кейіпкері Қадипша Сүлеймен деген текті атаның баласымен бас қосып, үлкен әулеттің босағасын аттаған. Үш қыз және екі ұлдың анасы атанып, 1953 жылы өмірден өткен.

«Балқадипша» әнін кезінде аты аңызға айналған Әміре Қашаубаев, Ғарифолла Құрманғалиев, Жүсіпбек Елебеков орындаған. Кейін Қайрат Байбосынов, Рамазан Стамғазиев, Гауһар Әлімбаева, «Жігіттер» тобы сияқты әншілер өз репертуарларына қосқан.

Шығармашылық жұмыс:

«Ойлан тап!»

1. қазақ композитарлары кімдер? (Н.Тілендиев, Ш.Қалдаяқов)
2. Оркестр немесе хор ұжымын басқаратын адам? (дирижер)
3. Әйелдердің жоғарғы даусы? (сопрана)
4. екі дауыстыны ата? (дуэт)
5. Ұрмалы, аспапты ата (түяқ)
6. Төрт орындаушы қалай аталады? (квартет)
7. Ерлердің жоғарғы даусы? (тенор)
8. эстрадалық әндерді ата?

Сабақты қорытындылау:

Халқымыздың ғасырлар бойы тірнектеп жиған ән қазынасы осы мың әнмен шектеле қоймасы хақ. Әлі де болса, жоғалғанды іздеу, кемді толықтау – келешек күндердің үлесінде. Ал “қазақтың дәстүрлі әні” аталатын, көздің қарашығындай сақтар рухани асыл мұра, қымбат жәдігерлігіміздің қазіргі барын түгендеп, шашпай-төкпей, кейінгі ұрпаққа табыстау – бүгінгі біздің парызымыз.

Үйге тапсырма: халық әндері жайлы оқып келу.



## Қ.МЫРЗА ӘЛІ «ҚАЗАҚ ОСЫ» ӨЛЕҢІ

**Жылтырова Мейрамгүл Сәрсенқызы**  
**Ақтөбе облысы, Шалқар қаласы**  
**«Оқушылар Сарайы» КММ**  
**Жыр – терме үйірмесінің жетекшісі**



**Мақсаты:** Қадыр Мырза Әлінің «Қазақ осы» өлеңінің мазмұнын ашу, үйрету.

**Білімділігі:** Қ.Мырза Әлінің өмірбаяны мен шығармашылығы туралы жан-жақты баяндау. «Қазақ осы» өлеңін үйрету.

**Дамытушылығы:** Оқушыларды шығармашылық ізденіске бағыттау, ән айтудағы шеберліктерін арттыру.

**Тәрбиелілігі:** ақынның өлеңін тыңдай отырып, өнерін құрметтеуге тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:** Музыка аспабы домбыра, ұнтаспа, кітаптар көрмесі.

**Сабақтың барысы:**

I.Ұйымдастыру

Сәлемдесу. Оқушыларды түгендеу. Сабаққа назарын аудару. Дауысқа жаттығу жасау.

II. Үй тапсырмаларын тексеру.

Балалар біз өткен сабағымызда әнші, жыраулар, термешілер туралы танысқан болатынбыз. Соның ішінде Қайып сазгер туралы жан-жақты мағлұмат алып, оның «Жадау көк» әнін үйренген болатынбыз.

Қайыптың әндерінің мазмұны қандай?

Қайыптың қандай әндерін тыңдап көрдіңіздер?

«Жадау көк» әнінің мазмұны қандай?

III. Ақтуальдау.

Көптеген ақын сазгер әншілеріміз әр түрлі тақырыпта әндер, жырлар жазып жырлаған. Бұл ақын арманына жете алмаған ғашық жандардың асыл сезіміне арнаған болса, басқа да ақындарымыз табиғат әлеміне, патриоттық сезімге, жасөспірімдерге арнаған. Жаңылтпаш, жұмбақ, мысал өлеңдер жазған. Осындай оқырман жандарды тәтті қылған ақынымыз, Қадыр Мырза Әлінің «Қазақ осы» өлеңі

IV. Жаңа сабақ

Қадыр Мырза Әлі ақын 1935 жылы 5 қаңтарда Батыс Қазақстан облысының Жымышты кентінде туған. Көп жылдар бойы бірнеше жүлделерге ие болған.

Қадыр Мырзалиев біздің дәуіріміздегі әлемдік аренаға шыққан қазақ поэзиясының көкпенегін кеңейтіп, мазмұнын сапаландыруға, көркемдік деңгейін биіктетіп, мәртебесін көтеруге айрықша еңбек сіңірген «Қазақтың Қадірі» деп танылып, халқы ардақтаған бірегей тұлға, ерекше дарын иесі. Қырықтан аса кітаптары, таңдамалы шығармаларының бес томдығы, 2001 жылы 15 томдығы жарық көрген. Екі жүзге жуық ән мәтіндерін жазған. Ақынның бірнеше пьесасы сахнада қойылған.

Балалар әдебиетін дамытуда да үлес қосқан, өлеңдері әлемнің көптеген тілдеріне аударылған. «Асыл әжем», «Тамаша», «Ару қала – Алматы», «Махаббат мұңы», «Қыз Жібек», «Атамекен» т.б. өлеңдері Тәуелсіз Қазақстан Республикасының алғашқы әнұранының жаңа мәтінін жазған автордың бірі болды. Ол 2001 жылы «Тарлан» сыйлығын иеленді.

«Дәрежелі Достық» және «Парасат» ордендерінің иегері. Көптеген композиторлармен қоян қолтық жұмыс жасаған. 22 қаңтарда 76 жасқа толған шағында аса көрнекті қазақ ақыны, Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Қадыр аға

аыр науқастан дүние салды.

Дәптерімізді ашып, әннің сөзін жазып аламыз. (әннің айтылуы, аспапта орындалуы үйретіледі.)

Міне, балалар біз бүгінгі сабағымызда Қадыр Мырза-Әлінің «Қазақ осы» өлеңі мен өзінің шығармашылығынан терең мағлұмат алдық деп ойлаймын. Ендеше, бүгінгі алған білімдеріңіз туралы саралап көрейік.

V. Бекіту сұрақтары

Ақынның өмірбаяны мен шығармашылығы туралы айтып беріңіз?

Ақын қандай марапаттауларға ие болған?

Өлеңдерінен үзінді айтып берсеңіз?

Ақынның әндерінен алған әәсерлеріңіз бар ма?

VI. Қорытынды

«Ақынның озық үлгілі туындылары» қазақ әдебиетінің алтын қорын байытқан жауһарлар қатарынан орын алып, болашақта да ұлтымыздың рухани қазынасына айнала бермек.

VII. Үйге тапсырма.

Ақынның өмірбаяны мен шығармашылығы. «Қазақ осы» өлеңін жаттап келу.

## ҚОРҚЫТ – ҚОБЫЗ АТАСЫ

**Казиханова Алтыгүл Бекболатовна**  
**Алға балалар өнер мектебінің**  
**қобыз класының оқытушысы**



Қобыз - ол тар жол, тайғақ кешу жолдарын бастан өткерген қазақ тарихын парақтауға негіз бола алатын, ұлтымыздың болмысына куә болған әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлеріне жан бітіріп, оның құнды қалпын сақтауға негіз болған, өзіндік жасырын сыры мол, адамның еркіне көне қоймайтын күрделі аспап. Қобызды жасап шығарған Қорқыт атаның өмір сүрген кезеңіне қатысты түрлі ғылыми жорамалдар бар. Бұл зерттеуде қобыз аспабының шығу тегіне тоқтала келе, оны сақтау, қорғау, дамыту, насихаттау шаралары туралы ой қозғалады.

Ұлы Даланың ұлы перзенттерінің бірі – Орта ғасырларда өмір сүрген ірі ойшыл, жырау, қобызшы Қорқыт ата. Оның соңында қалған әдеби және музыкалық бай мұра ұлағатты ұрпақтар арқылы кезеңнен кезеңге ауысып, бүгінгі күнге жетіп отыр.

Қазақ халқының атадан балаға тараған шежіресі бойынша музыка өнерінің тууы Қорқыт есімімен тығыз байланысты. Қорқыт қобызға алғаш тіл бітіріп, үнін күй етіп сөйлеткен өнер иесі, күй атасы. Ел аузындағы аңыздардың бірі Қорқыттың елден ерекше болып дүниеге келуі және оған Қорқыт есімінің берілуі. Қорқытты туарда анасы құланның жаясына жерік болыпты. Жыл сайын бір рет толғатып, баланы үш жыл тоғыз күн көтереді. Бір күні нәрестенің дүниеге келер сәті жетеді. Анасы, туарында тоғыз күн толғатыпты, сол сәтте жер дүниеге үш күн, үш түн қараңғылық түсіпті, қара жаңбыр, дауыл соғып, біреуді біреу көре алмай, қорқыныш басыпты.

Бала анасынан туа тіл қатып, сөйлей бастайды. Шілдеханасына жиналғандар: «Бұл ерекше қасиетті болып өмірге келуі арқылы біздің бәрімізді қорқытты ғой, сондықтан аты Қорқыт болсын», - деп нәрестенің атын Қорқыт қояды.

Қорқыт туған кезінде,

Қара аспанды су алған  
Қара жерді құм алған  
Ол туғанда ел қорқып,

Туғаннан соң қуанған – деген өлең жолдары Қорқыттың өмірге келуі жайында жыр. Міне осы ғажайып жағдайда туған Қорқыттың ер жеткеннен кейінгі іс-әрекеттері де ешкімге ұқсамайды. Ол жиырмаға толғанда түсінде біреулер аян беріп, «қырықтан артық жасамайсың» депті. Міне, осыдан кейін Қорқыт дүниенің көп ойлап, өлмеудің жолын іздестіреді, түйесі Желмаяға мініп, әлемнің төрт бұрышын аралайды. Ол қайда барса да, қазулы көрді көреді... бұл кімнің көрі, - деп сұрағанда «Қорқыттың көрі» деп жауап алады. Ақырында өзінің туған жері Сырдария бойына келеді, қарағайдан қобыз жасап, өлмес өмір күйін тартады. Қазақта «Күй атасы – Қорқыт» деген аңыз осылайша пайда болады. Ол Сырдария суының бетіне кілем төсеп, күй тартқанда дүниедегі жан иесінің бәрі де құлағын елжіретіп тыңдаған.

Қорқыт жасынан өте ұғымтал, құйма құлақ болып өседі. Сол кездегі аспаптардың бәрінде де керемет ойнайды екен. Алайда, ол оған қанағаттанбай, адам және жануарлардың үнін, табиғаттағы құбылыстар мен дыбыстарды жеткізетін жаңа бір аспап жасағысы келеді. Он ойланып, тоғыз толғанды. Қарғай ағашын кесіп әкеліп, одан бір нәрсенің жобасын жасайды. Бірақ ары қарай қалай, не істерін білмей қиналады. Күндер осылай өте береді. Бір күні шаршап отырып, көзі ілініп кетіп, түс көреді. Түсіне періште енеді. Ол балаға: «Қорқыт, жасап жатқан қобызың алты жасар нар атанның жілігіндей екен. Енді оған түйенің терісінен жасалған шанақ, ортекенің мүйізінен ойылған тиек, бесті айғырдың құйрығынан тартылған қыл ішек жетпей тұр. Осылар болса, аспабың сайрағалы тұр екен», - деп кеңес береді. Қорқыт ұйқысынан ояна сала, осы айтылғандардың бәрін жасап

“Қарағайдың түбінен  
Қайырып алған қобызым,  
Үйеңкінің түбінен  
Үйіріп алған қобызым,  
Желмаяның терісін  
Шынақ қылған қобызым,  
Ортекенің мүйізін  
Тиек қылған қобызым,  
Бесті айғырдың құйрығын  
Ішек қылған қобызым,  
Құлағыңды бұрайын,  
Осы айтқаным болмаса,  
Қайырып жерге ұрайын,, – деп жырлайды.

Сырдарияға кілем жайып, үстіне отырады да қобызын күндіз-түні тарта береді. Сол уақытта бүкіл жер-жиһан, жүгірген аң, ұшқан құс, бәрі-бәрі дарияның жағасына анталап келіп, күй тыңдап тұрады екен. Қорқыттың қобызы күй төгіп тұрған кезде оған ажал да батып келе алмапты. Бірде шаршағаннан көзі ілініп кеткен кезінде судан кішкентай жылан шығып, дана қартты шағып алады. Сөйтіп, Қорқыт 95 жасында жантәсілім етеді. Ел аузындағы «Ажал айтып келмейді» деген нақыл осыдан қалса керек... Бүгінгі күні Қорқыт бабамыздың оннан астам күйлері белгілі болып отыр.

XVII ғасырлық тарихшы Әбілғазы Бахадүр хан өзінің «Түрік шежіресінде» баят руынан шыққан Қорқыт атаның оғыздардың елбегі (ел министрі) қызметін атқарғандығын және 95 жасында қайтыс болғандығын жазады.

Шоқанның көзқарасынша, «Қорқыт – қазақтардың бірінші бақсы-шаманы, елге қобыз үйретуші ұстаз, күйші, өлең сазының шебері».

«Қорқыт ата кітабы» 1815 жылы неміс ғалымы Х.Ф.Диц Дренден кітапханасынан «Қорқыт ата кітабының» 12 жырдан тұратын нұсқасын тауып бастырды. Италияндық ғалым Е.Р.Россидің де еңбегі ерекше. Ол Ватикан кітапханасынан «Қорқыт ата кітабының» тағы бір нұсқасын тауып, 1956 жылы оны италиян тіліне аударды. Эпостың аудармалары және мәтіндері Лондонда, Белградта, Бакуде, Мәскеуде, Анкарада, Стамбұлда, Прагада, Алматыда т.б. қалаларда жарық көрді. 1999 жылы «Қорқыт ата

кітабының» 1300 жылдығы дүние жүзінде кеңінен атап өтілді.

Қорқыт ата мазары - IX-XI ғасырларда тұрғызылған күмбез. Қазіргі Қызылорда облысы Қорқыт теміржол станциясынан 3 шақырым жерде болған. XIX ғасырдың аяғында сүйегі басқа жерге көшірілген. Сырдария арнасының ауытқуынан Қорқыт мазарының қалдығы 1960 жылдары шайылып кеткен.

«Қорқыт ата кешені» - 1980 жылы Бек Ыбыраев аэродинамикалық эффектін пайдаланып тұрғызған. Дала желінің екпінімен қобыздың үні естіліп тұрады. Ішкі жағы “түйетабан” өрнектерімен нақышталған. Қазақстандағы ең үздік тарихи ескерткіш. Қобыздың құдіреті.

Қыпшақ Қойлыбай Әбдурахпанұлы – атақты бақсы, таңғажайып тәуіп, керемет көріпкел, теңдесі жоқ қобызшы болған. Аңыздарда да, тарихи шығармаларда да Қорқыттан кейін Қойлыбайдың есімі аталады. Ақын Хамитбек Мұсабай өзінің «Қойлыбайдың қоштасу күйі» деген дастанында Қойлыбайдың қобызы мен киелі қасиеттері туралы былай жыр толғайды:

Қарт Қойлыбай – қобызшының абызы,  
Шежіредей сайрап жатыр әр ізі.  
Қатар жүрер қос анардай қашанда,  
Замананың ақиқаты, аңызы.  
Ол қобызбен – қара тасты сөйлеткен,  
Ол қобызбен – тал бесікті тербеткен.  
Ол қобызбен – селді буып сұрапыл,  
Ол қобызбен – шу асауды үйреткен.  
Ол қобызбен – қара бұлтты қақ тілген,  
Ол қобызбен – ақбоз үйді тіктірген.  
Ол қобызбен – тілін кесіп жыланның,  
Ол қобызбен – ханға тізе бүктірген.  
Ол қобызбен – жанған өртті өшірген,  
Жөнге салған ессіздерді есірген.  
Киіз үйді жиһазымен жиюлы,  
Арғы беттен – бергі бетке көшірген.  
Ол қобызбен – қара нөсер жаудырған,  
Ол қобызбен – жан ләззатын қандырған.  
Ол қобызбен – тоқсан тоғыз күй шалып,  
Ол қобызбен – мәңгіге атын қалдырған.

Ұлтымыздың ұлы ғалымы Шоқан Уәлихановтың пайымдауынша, түсінде Қорқыт атадан бата алған қыпшақ Қойлыбай бақсы шамамен XIV ғасырдың аяқ шенінде өмірге келген. Оның атақты бақсы, тәуіп, сәуегей, қобызшы ретінде есімінің алты алашқа кеңінен танылған кезі – XV ғасырдың алғашқы ширегі. Ол Қойлыбайды «бақсылардың бақсысы әрі пірі» деп бағаласа, Әлкей Марғұлан: «Қорқыттың қобызын, оның сарынын ең алғаш рет мирас еткен кісі – Қойлыбай бақсы. Ол Қорқыттың шәкірті болып саналады» деп жазады. Қойлыбай бір үлкен бәйгеге қобызын қосып, жарыс басталатын жерге алдын ала қобызды бір үлкен сексеуілге байлатады. Бәйгеден келе жатқандардың шаңы көрінгенде, Қойлыбай қолына қылышын алып, бақсылық ойынын бастап, сарын айтады. Кенет, бәйге аттары кеткен жақтан қатты дауыл тұрып, ысқырған қызыл жел соғады. Көп ұзамай, дауылдың ортасынан аттар көріне бастайды. Ал бәрінің алдында сексеуіл сүйреткен Қойлыбайдың қобызы келе жатады. Осылайша Қойлыбай қобызын бәйгеге қосып бас бәйгені жеңіп алады. Мағжан Жұмабаев Шоқанның зерттеулерін негізге ала отырып «Қойлыбайдың қобызы» атты дастанын жазған.

Қобыздың тағдыры бақсылардың тағдарымен бірге. Бұл жөнінде Әлкей Марғұланның өзі былай деп жазады: «Ұлы бақсы, жыраулардың, қобызшылардың көп шыққан ортасы, әсіресе, қыпшақтар арасы (XIII – XIX ғасыр). Олардың ішінде 1299 жылы Византия тарихында жазылған Көкем бақсы, Римға, Мысырға елші болып барған. Бұлардың кейбіреуі Мысырға қобызын ала барып, Мысырдың суретшілері оларды суретке түсіріп алған. Қыпшақтың ең атақты қобызшыларының бірі – Барақ бақсы. Қобыз тартумен

бірге ол қыпшақ тілінде эпикалық жыр айтып, кейде өлеңдер жазып жүрді». Рашид ад – Диннің шежіресінде қобыз сөзінің арғы түбірінің «Қыпшақ» сөзімен төркіндес екендігі айтылады.

Қобыз түрлері

Нар қобыз, қыл қобыз, шаң қобыз болып бөлінеді. Қыл қобыз - ерте заманнан келе жатқан қазақ халқының екі ішекті ысқышпен ойналатын аспабының бірі. Өзіндік жасырын сыры мол, адамның еркіне көне қоймайтын, күрделі аспап. Ішегі жылқының қылынан жасалады. Қобыз аспабының екі ішектісімен бірге – үш, төрт ішектілер және «нар қобыз», «жез қобыз» деп аталатын түрлері де бар. Қобызды ағаштан шауып немесе құрап жасайды. Беті жартылай терімен қапталады. Ол дыбыстың жаңғырып шығуы үшін керек

Нар қобыздың тағдыры.

Қобыз аспабы Кеңес дәуірі тұсында көптеген қудалаушылық көрген, бақсы аспабы деп, ойнауға тыйым салынған аспап. Дегенмен де өнер адамдарының, халықтың арақасында 20 ғасырдың 70 жылдарында қайтадан жаңғырған.

Қобыздың оркестрде қолданылатын түрлері

Қобыз-бас, қобыз-прима, қобыз-контрабас, 4 ішекті прима қобыз, қобыз-альт.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қосбасаров Б. «Қобыз өнері»
2. Оңталап Н. «Қорқыт қобыз»

## ДОМБЫРА ҒАСЫРЛАР ҮНІ

**Казиханова Алтынгүл Бекболатовна**  
Алға балалар өнер мектебінің  
қобыз класының оқытушысы



Сидағұл Ботағөз Елтайқызы  
Алға балалар өнер мектебінің  
домбыра класының оқытушысы

Домбыра — қазақ халқының ең кең тараған екі ішекті, көп пернелі музыкалық аспабы. Ол — қазақтар өмірінде маңызды орын алатын, өзіндік музыкалық сипаты бар аспап. Алғаш эпикалық дәстүр шеңберінде жыр, толғау, термелерді сүйемелдеуге қолданылған домбыра кейін аспаптық шығарма — күй жанрының қалыптасуына ықпал еткен. Қазіргі кезде домбыра жеке әнді сүйемелдеуге, күй тартуға, халықтық-фольклорлық музыкада, классикалық шығармаларды орындауға қолданылатын, мүмкіндігі кең музыкалық аспап болып табылады. Домбыра — қазақтың халық аспабы. Домбыра -қазақ халқының әрбір үйінде болуы міндетті және қажетті аспап болып

есептелген.

Көбінесе домбыра қазақ халық сазынның басты аспабы болып есептеледі, бірақ сонымен бірге домбыра күйшінің дауысына сүйемелдеу қолданысы бар. Қазақ күйшілердің көптеген шығарма еңбектері сөзімізге дәлел. Мысалы: Ақан Серінің «Сырымбет», «Үш тоты құс», «Құлагер», «Қара торғай» және «Балқадияша» атты ән-күйлері. Домбра өзінің ерекше музыкалық мәнімен аңызбен ертегілерді сүйемелдеумен бірге қазақ елінің тарихын, тарихи өмірін, тұрмысын және дәстүріндегі көптеген деректерді ашып көрсетуі жалаң әңгіме емес. Аңыз-әңгімелер біздің тарихи жылнамамыздың ең берік, ең тіректі дереккөзі. Мысалы, Асанқайғының өмір жылдары Алтын Орда кішкентай хандықтарға ыдырауымен сәйкес келген. Асанқайғының өзі Дешт-и-Қыпшақтан жақында ғана бөлініп

келген қазақтың болашағын ойлаған дала ақыны болған. Өзінің мемлекетпен елінің тағдыры туралы ой-пікірлерін Асанқайғы өзінің күйлерінде нақтылы түрде көрсеткен. Біздің заманымызға дейін Асанқайғының «Ел айырылған», «Асанқайғы», «Желмаяның жүрісі», «Зар» деген күйлер жетті. Бөкей ордасындағы көтерілісі туралы Құрманғазы Сағырбайұлының «Кішкентай» күйі, Патшалық Ресейдің қазақ жерінің колонизациялауы жайындағы Тәттімбеттің «Сарыжайлау», «Көкейкесті» атты күйлері де тарихи маңызы бар күйлер деп есептеледі.

Домбыра – дәстүрді сақтаушы. Домбыра шерту өнері мен ақындық өнер әкесінен балаға көп өтіп, қазақ даласында күйшілер династияларын жарыққа шығарды. Күйшілер династиясының жарық өкілдерінің бірі Ықылас Дүкенұлы болды. Ықылас Дүкенұлы өнерпаз жанұяда дүниеге келді: атасы Алтынбек зергер болғанымен музыкалық аспап құрастыруға қабілеті болған кісі. Оның баласы Дүкен әкесі істеп берген домбыра, қобыздарында өнер көрсетіп, домбыра шертудің тірегін ұлына Ықыласқа үйреткен. 18 жасында Ықыластың өзі әкесі шығарған күйлерге өзгеріс еңгізіп жоғары көтерді. Ықыластың әйгілі күйлеріне «Жезкіік» пен «Қамбар» жатқызуға болады.

Әдет-ғұрып қазақ халқының өмірінде ерекше орын алады. Сол шараларда тұрмыс-салт жырлары жиі орындалады. Сондай шығармалардың мазмұны әртүрлі болатын. Мысалы: қоштасу, естірту, көңіл айту, жоқтау, жұбату жанрына жататын күйлер тек қана азалы оқиғаларда орындалатын. Төлеген Момбековтың қайтыс болған әйеліне арналған «Салтанат» жоқтау күйі, Махамбеттің Жұмыр мен Қылыш батырлардың патша әкімшілігінен қинап өлгені туралы «Жұмыр-Қылыш» атты күйі және Тәттімбеттің Кенесары ханның қаза болғанына арнайы шығарылған «Азына» атты жоқтау күйлері қазақ халықтың шерін қозғалтатын күйлер.

Қазақтың ұлттық аспабы домбырамыз атадан балаға мұра болып қала бермек.

Аспапқа лайықталған жаңа көркем шығармалар күннен күнге көбеюде.

Әліде ғасырдан ғасырларға сақталып келетін асыл қазнамыз.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. «Қазақтың домбыра өнері» Әбуғазы М.
2. «Ұлттық өнер жанашыры» Омарова И.

## ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТЫ ЖАНДАНДЫРУ АРҚЫЛЫ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ПЕДАГОГТЕРІНІҢ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІКТЕРІН АРТТЫРУ

**Қазанғап Тілепбергенұлы атындағы**  
**Шалқар ауданының саз мектебінің директоры**  
**Үмбетова Гүлбану Галимуллақызы**



Бүкіл әлемдік білім беру кеңістігіне ұмтылыстар, қоғам дамуында қалыптасып отырған жаңа жағдаяттар, тыңнан туындаған мәселелер, өзгеріп жатқан өмірге бейімделу қажеттілігі туындап отыр. Қазіргі жағдайда балалардың мектеп білімі аясында үнемі іске асырыла бермейтін салалардағы танымдық қызығушылықтары мен қажеттіліктерін қанағаттандыруға байланысты білім беру іс-әрекеті кең қанат жайып келеді.

Демократиялық реформалар тудырған отандық білім беру саласындағы жаңа құбылыстар қатарында

барынша маңыздылардың бірі деп толық негізде балаларға қосымша білім беруді атауға болады. Балаларға қосымша білім беру - үздіксіз білім берудің ажырамас бөлігі, салауатты өмір салтын қалыптастыруға, жеке тұлғаны өздігінен дамытуға, шығармашыл, дарынды балаларды анықтауға, оларға қолдау көрсетуге және балалардың құқықтарын қорғауға бағытталған көп деңгейлі білім жүйесі.

Қазақстандағы қосымша білім беру жүйесі білім беру кеңістігінің ең динамикалық және дамушы құрамды бөлігі болып табылады, ол стандартты жүйеге қарағанда ерекше ашық және еркін дамуды қалыптастырады.

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев «Халық бірлігі және жүйелі реформалар - ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Балаларды ерте жастан мамандыққа бейімдеу айрықша маңызға ие болуда. Өскелең ұрпақ өзінің болашақ кәсібін саналы түрде таңдай білуге тиіс» деген болатын. Балаларға қосымша білім берудің құндылығы сол, ол жалпы білім берудің вариативті құрамын күшейтеді, жасөспірімдерге өз-өздерін кәсіби бағдарлауда көмектеседі. Осыған мемлекетімізде білім беру мен жас ұрпақты тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлінуде.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «2022 жыл – Балалар жылы» деп жариялады. Бұл дегеніміз биылғы жылы жас буынның тәрбиесі мен біліміне баса мән беріледі деген сөз.

«Балалар – мемлекетіміздің болашағының кепілі. Сол себепті келесі жылды Балалар жылы деп жариялау керек деп есептеймін. Біз өскелең ұрпаққа жол ашу үшін барлық жағдайды жасауымыз керек», – деп Қасым-Жомарт Кемелұлы балаларға ерекше көңіл бөлу керектігін жеткізді.

Балаларға қосымша білім беру ұйымдарының басқа білім беру орындарынан айырмашылығы - мұнда балаға қосымша ақпарат беріп қана қойылмайды, ең бастысы бала шығармашылық жұмыс істеуге тартылады. Бала адамзат еңбегінің, білімінің бірін терең игереді, оған дағдыланады. Оқушылардың қабілетін ашып, дамытуға жан-жақты жағдай жасағанда ғана мақсатқа қол жеткізуге болады.

Сондықтан да әрбір қосымша білім беру мекемелері өз ұлтының мәдениеті мен салт-санасын, бағыт пен тапсырмалардың дұрыс таңдалуын негізге ала отырып, білім беру үрдісіндегі құрылымға, оның жалпы мазмұнына, бейімделу бағытына және технологиясына мән бере отырып мекеменің педагогикалық жүйесін құрастырады. Бұл жүйе белгілі бір мақсаттар мен міндеттерге сәйкес мекемедегі әрбір бөлімдердің әр алуан, белгілі бір жүйеге түскен бағдарламалары негізінде іске асады, сонымен бірге жұмыс объект-субъектілердің өзара ынтымақтастық пен шығармашылық қарым-қатынас принципіне, яғни бала мен қосымша білім беру педагогтың тұлғалық даму педагогика идеясына құрыла отырып іске асырылады. Дарынды және талантты балаларды ерте анықтау, оқыту және тәрбиелеу қосымша білім беру жүйесін жетілдірудің басты міндеттерінің бірін құрайды.

Қазіргі қоғам қосымша білім беру ұстаздар қауымына жаңа талаптар қойып отыр. Өзгермелі қоғамдағы мұғалімге қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби және әдістемелік жұмыстағы шеберлігі. Мұғалім өз пәнін шебер меңгеруімен қатар, оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастырып, оның нәтижелерін алдын ала болжап, кемшіліктерін түзете білетін құзыретті тұлға болуы тиіс. Осы педагог мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда бағыт-бағдар беретін, жол сілтейтін сапалы әдістемелік қызмет және оны тиімді ұйымдастыру болып табылады. Қосымша білім берудегі әдістемелік жұмыстарының негізгі мақсаты:

Ақпараттық - әдістемелік қолдау көрсету негізінде қосымша білім беру педагогтарының қызметін кәсіби дамуға бағыттау, шығармашылық үрдістерді шеберлікпен басқаруға қолайлы жағдай жасау.

Жас ұрпақтың дара ерекшелігін ескере отырып ойлау, шешім қабылдау, қорытынды ой-пікірін білдіру, белсенділігін, танымдық қабілетін дамыту, өзінің шығармашылық әрекетін жүзеге асыруын қалыптастыру.

Қосымша білім берудегі әдістемелік жұмыстарының негізгі міндеттері:

- Оқушы бойындағы табиғи дарын мен қабілеттерін зерттеу, дарынды балалардың

шығармашылық потенциалын дамыту;

- Жаңа технологиялар мен әдіс-тәсілдерді қолдану, қосымша арнайы сабақтар арқылы жан-жақты дамыған, шығармашыл жеке тұлғаны қажеттілігін қамтамасыз ету;

-Бейіндік белсенді мотивациясын қалыптастыруға бағытталған қолайлы ортаны туғызу;

- Оқушыларды үйрету мен тәрбиелеудің мазмұны мен әдістерін ғылыми негізде жүргізуді жетілдіру. Балалардың жалпы мәдениетін қалыптастыру;

- Оқушылар шығармашылығын дамыту және шығармашылық топтың жұмысын жетілдіру, олармен орындалатын жұмыстың ауқымын кеңейту, мұғалімнің шығармашылық белсенділігін арттыру;

- Мектепте оңтайлы психологиялық қызметпен қолдау түрлерін ұсыну, әрбір баланың балалар қоғамдастығында өзін-өзі еркін сезінуін қамтамасыз ету, ізденіс жолына жетелеу, азаматтық-патриоттық, еңбек тәрбиесіне тәрбиелеу;

-Балалардың бос уақытын тиімді пайдалануға бағыт-бағдар беру арқылы өнер жолына бағыттау;

- Балалардың шығармашылығын жетілдіруге қолайлы мекеменің техникалық-материалдық базасын нығайту;

- Оқу бағдарламасы бойынша білім беруде білім стандартының талаптарының орындалуын қамтамасыз ету;

- Оқу-тәрбие үрдісінде жаңа педагогикалық технологияларды кеңінен енгізу;

- Дарынды балаларды анықтап, олардың өнер бағытында шыңдалуына жағдай жасау.

- Шығармашылық жұмыс істейтін қосымша білім беру педагогтарының озық педагогикалық тәжірибелерін анықтау және талдап қорыту және енгізу;

Күтілетін нәтиже: қосымша білім берудің білім үрдісінің бағдарламалық-әдістемелік жұмысының сапасы жоғарылайды;

Балаларға қосымша білім беру жүйесіндегі педагогикалық кадрлардың кәсіби деңгейі көтеріледі;

Осы мақсат пен міндеттерді жүзеге асыруда қосымша білім беру ұйымдарында әдістемелік жұмысты жаңадандыру арқылы қосымша білім беру педагогтарының кәсіби шеберліктерін арттыру жұмысы төмендегідей жүйеде ұйымдастырылады:

- Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру арқылы, тиімді педагогикалық технологияларды қолдану, базалық орталыққа айналу саланы сақтауға, дамытуға және жетілдіруге кадрларды даярлау.

- Материалдық -техникалық база жоғары сапаны қамтамасыз етеді.

- «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша оқушыларға білім беру,

- Еркін шығармашылық үшін оңтайлы жағдайды қамтамасыз ету,

білім деңгейін көтеру, біліктілігін арттыру және мектеп қызметкерлерінің өзін-өзі көрсетуі.

- Мектептің жоғары деңгейдегі түлектерін қалыптастыру, кәсіптік білім мен практикалық дағдыларды барынша арттыру

- Мектептің әлеуметтік серіктестік аясын жақсарту.

- Кәсіби байқаулар мен конкурстарға қатысуды ұйымдастыру;

- Іс-тәжірибе тарату жұмыстарына басшылық жасау;

- қосымша білім беру жүйесіне білім берудің жаңа интерактивті ақпараттық технологияларын енгізу;

«Әнге әуес, күйге құмар баланың жаны да сұлу болып өседі» деп ғұлама жазушы

Мұхтар Әуезов айтқандай, Жаңа Қазақстанның жан-жақты, шығармашыл, табысты

тұлғасын тәрбиелеуде қосымша білім беру ұйымдарының ролі зор.

Еліміздің өнері мен мәдениетін арттыруда, болашақ өнерпаздардың шеберлігін шыңдау

жолында нәтижелі жұмыс жасап, жас ұрпақ өкілдеріне музыка өнері саласында талантты,

қабілетті, музыкалық сауатты, дарынды балаларға тәрбие мен сапалы білім беріп келе

жатқан Шалқар ауданының Қазанғап Тілепбергенұлы атындағы саз мектебі 50 жылға

жуық уақыт елге қызмет етіп келеді.

Аталған саз мектебі тарихы 1973 жылы Ақтөбе облысы Шалқар ауданынан басталды.

Саз мектебінің жаңа ғимараты 2011 жылы берілді. Содан бері саз мектебінде дәстүрлі ән, домбыра, түрлі аспаптар бойынша мектеп жасындағы жеткіншектердің 489 музыкалық білім алуына үлкен мүмкіншіліктер жасап келеді. Саз мектебі 500 орындыққа арналған, екі ауысымда оқыту жүйесінде жұмыс жүргізіледі.

Кадрлық құрамы: жалпы педагог қызметкерлер саны-56  
педагог-мастер санаты бойынша-1  
педагог-зерттеуші санаты бойынша-8  
педагог-сарапшы санаты бойынша-2  
педагог-модератор санаты бойынша-3  
жоғары санатты-7  
I санатты-9  
II санатты-10  
Санаты жоқ-16

Мектепте 3 бөлім жұмыс жасайды. Халық ұлт-аспаптар бөлімінде қазақтың ұлттық домбыра, қобыз, қылқобыз, жетіген, шертер аспаптарын насихаттау, төл мәдениетін сіңіру, аспапты кәсіби игеру жұмыстарын жүргізеді. Мектепте білім алушылардың 65% халық аспаптарында білім алады. Бөлімде 25 мұғалім жұмыс жасайды. Қазіргі таңда бөлімде 173 оқушы білім алуда.

Сольфеджио, баян, фортепиано бөлімінде 12 оқытушы дәріс береді. Бөлімде қазақ-шетел музыка әдебиеті, ансамбль сыныптары оқытылады. Білім алушылардың музыкалық сауаттылығын арттырады, есту қабілетін тәрбиелейді. Ансамбль, сабағында ән салу мәдениетін, есту қабілетін, дикция мен артикуляцияны, ән салу шеберлігін қалыптастырады. Бөлімде баян, фортепиано, д/примада 37 оқушы білім алуда. Осы аспаптарында өткен ғасыр музыканттарының шығармаларын дәріптеп, отандық, шетелдік композиторлардың шығармаларымен таныстыру, қоғам үшін пайдасы мол, рухани-эстетикалық тәрбие беру жұмыстары жүргізіледі.

Атадан балаға мирас болып келе жатқан дәстүрлі ән салу өнері, классикалық вокал жанры кластары жұмыс жасайды. Домбыра сүйемелдеуімен ән жыр айту, саз иірімдерін үйрете отырып, дәстүрлі орындаушылық өнерді оқытады. Вокалдық ән салуда дауыс аппаратының жұмысын ән айтатын жағдайға келтіруде музыка мәдениетін, әсіресе вокалдық ән салу мәдениетін үйрету вокал сыныбының негізгі мақсаты. Қазіргі таңда вокал, дәстүрлі ән бөлімінде 129 оқушы білім алуда.

Жылдар бойы жинақталған тәжірибелерді қазіргі өмір талабымен үйлестіру негізінде балалар музыка мектептері қалыптасу кезеңін өткеруде. Музыка мектебіне бала ересектер тарапынан күштеу арқылы емес, өз еркімен келеді. Өз қалауымен келген баланың музыка мектебінің қызметіне белсене араласуына бар жағдай жасалады. Қосымша білім беру ұйымдарға тән өзіндік ерекшеліктер мұндағы жұмыстарға балалар мен жасөспірімдердің өз еркі және талғамы бойынша қатысуын қамтамасыз ете алады. Музыкалық білім алу бала өміріндегі ең қызықты, қажетті қызметтердің бірі болуы керек. Осыған орай, балалар музыка мектебінде жалпы адамзаттық эстетикалық құндылықтардың тамаша үлгілерінде жоғары руханиятты, эстетикалық талғамын тәрбиелеу мақсатында балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламалары іске асырылады. Іске асырылатын оқу бағдарламалары өз құзыреттілігімен мағынаны ашып қана қоймай, күтілетін нәтижені де қарастырады.

Сондай-ақ мектебіміздің жетістіктерге жетуіне ықпал етіп, оқу-әдістемелік қызметінің алдына қойған мақсаттарын жүйелі орындауда ұжым еңбегінің маңызы зор. Әдістемелік және ұйымдастырушылық-ақпараттық қолдау түрлі байқауларға да ие. Әрбір оқу жылында «Жас маман», «Шеберлік сатылары», «Озық тәжірибе» т.б. байқаулары ұйымдастырылып, өткізілуде. Оқушылармен әңгімелесу, сабағына қатысу, талдау жұмыстарын жүргізу арқылы әдістемелік көмек көрсетіліп, жеке жұмыстар іске асырылады. Дәстүрлі отырыстармен қатар бірлестік бөлімдерінің жоспарына сәйкес әр бірлестікте жылына екі реттен тақырыптық апталықтарда ашық сабақтар, семинар, дөңгелек үстелдер, тренингтер, тәрбиелік іс-шаралар т.с.с. өткізілді.

2022 жылы Мартөк ауданында Қамбар Медетов Ерқожаұлының 120 жылдығы мен Өнер мектебінің 45 жылдығына арналған «Ата өнері - балаға мұра» атты мерекелік

шараға аудандық қосымша білім беру ұйымдарының басшылары және орынбасары қатысты. Мерекелік шарадан соң Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығының ұйымдастыруымен өткен «Балаларға қосымша білім беру жүйесін басқару тиімділігін арттыру» тақырыбындағы облыстық семинарда тәжірибесімен алмасып, қосымша білім беру әдістемелік жұмыстарымен танысып, баңдама оқыдым.

Сондай-ақ, Қызылорда қаласында «Баланың кешенді дамуы: шығармашылық әлеуетін ашу» тақырыбындағы қосымша білім беру педагогтерінің съезіне қатысып, тәжірибе алмастық.

Қорытындылай келе, қосымша білім беру мекемелерінде оқушыларды даярлау сапасы тікелей педагогтің кәсіби құзыреттілігіне, біліктілік пен кәсіби тәжірибе негізінде қалыптасатын қабілеті мен дайындығында көрсетілетін тұлғаның сипатына және қосымша білім беру педагогтерінің кәсіби шеберліктерінің жоғары екендіктеріне байланысты деуге болады.

Қазанғап Тілепбергелулы атындағы Шалқар ауданының саз мектебінің педагогикалық ұжымы үздік дәстүрлерді сақтай отырып, бәсекелестікке қабілетті мамандарды даярлаудың жаңа нысандары мен жолдарын іздейді, оқу үрдісінің сапасын көтеруге бағытталған белсенді жұмыс жасайды. Сонымен қатар білім алушылардың кәсіби дайындығының сапасын, дамуын, білімін және әдістемелік деңгейін көтеруге үлкен ықпал жасайтын оқу-әдістемелік жұмысының үнемі дамып жетілуі қажет деп санаймыз.



## БЫЛҒАРЫ ТҰСКИЗДІҢ КӨРКЕМ СТИЛІ

**Джакибаева Гүлшара Жолекешқызы**  
технология пәні бойынша қосымша білім беру педагогы, «Сәндік қолданбалы өнер» үйірмесінің жетекшісі, Аудандық оқушылар үйі. Ақтөбе облысы, Темір ауданы, Шұбарқұдық кенті.

«Шеберлінің қолы-алтын» – деп дана халқымыз айтқандай қайта жаңғырып, жастар тәрбиесіне арқау болып отырған сәндік қолданбалы қолөнері бұл күнде қоғамымыздың ортақ әлеуметтік мәселесі болып отыр.

Мақалада қазақ халқының тұрмыстық мәдениетіндегі үй жиһазы былғары тұскиіз туралы баяндалады. Қазақ халқының көшпелі тұрмыстық мәдениетке негізделген шеберлердің қиялынан, жоғары эстетикалық талғамынан туындаған дүниелердің бірі- былғары тұскиіз. Қазіргі заманда бұл дүниелердің көзі жойылған. Тіпті мұражайлардың өзінде де сақталмаған. Көшпелі мәдениеттен сыр шертетін үй жиһаздары тарихи – этнографиялық, мәдени тұрғыдан құндылығы бар асыл қазыналар.

Тұскиіз - сәндік үшін төсектің тұсына ұстайтын үй жиһаздарының бірі. Оны жасау үшін нығыз басылған, жұқа киіз таңдалып алынады. Тұскиізді безендіріп, әшекейлеу үшін түсті барқыттар, жібек, шұға, тағы да басқа маталардан бетіне ою-өрнектер тігіледі. Қазақстанның әр облысында жергілікті қалыптасқан дәстүр бойынша оюды әртүрлі формада жасайды.

Тұскиіз киіз үйдің жасауы ретінде сән берер жиһаз болғанымен, қыстыгүні оны керегеден суық кірмес үшін де пайдаланған. Сондықтан оны да қалың киізден жасап, үстінен әдемілеп, көркемдеп мәнерлі өрнек түсіреді. Қазақ қонақжай халық болғандықтан арнаулы бір бөлек қонақ үйі болған. Оның жасау жабдығында күнделікті қолданылып жүргендердей емес өте сәндікпен безендірілген бұйымдар тұтылған. Тұсқа айшықты тұскиіз ілінген.

Кестелеу Шығыстағы ең көне біз кестемен тігу әдісімен орындалады, сондай-ақ, ою-өрнектері тығыз кестеленген тұскиіздер де кездеседі. Дәстүрлі тұскиіздердің көлемі

тікбұрышты болып келеді. Халық шеберлері өз бұйымдарын жылдар бойы қалыптасқан ою-өрнектермен әсемдеуді ұнатады.

Түскиіздің ою-өрнектеріне: өсімдіктердің, геометриялық, зооморфтық және космогониялық сарындардың немесе олардың қосындысы қолданылады. Қазақ ою-өрнегінің өзіндік жүйесін орналастыруда нақты бейнелер мен қоршаған әлемнің құбылысы, сан ұрпақтан жалғасқан шығармашылық ойлардың өзгеруі, кейде сыйқырлық салты белгілерінің қосындысы қолданылды. Кестелі түскиіздегі ою-өрнектер үлкен, қарапайым, нақты бейнелер мақта-маталы немесе жібек матаға, сондай-ақ барқытқа түсіріледі. Кестелі кілемдердегі басым болатын ою-өрнек сарындары: үлкен бойтұмарлар, әшекейленген гүл алқа, гүлдер, гүлшашақ, ортадағы гүлөрнек, ирек т.б. Түскиіздегі өсімдікті ою-өрнектердің құрылысы өте күрделі - симметриялы орналасқан әр түсті тармақты жапырақтар мен көптармақты гүлдер. Сабақтар мен жапырақтардың шеті біз кестемен, ал үстіндегі жапырақ бейнелері – кейде тығыз кестелеу әдісімен тігіледі. Сондай-ақ, гүлдер мен бойтұмарлар алтын жіптермен кестеленді. Үстіңгі жағын және жанын түйықтау өзіндік суретті немесе композицияны құрайды.

**Былғары түскиіз жасау әдісі**

1. Ағаштан арнайы тақтай жасалады. Ұзындығы -70 см, ені-40 см.
2. Ағаш қалыптың бетіне композициялық шешім бойынша өсімдік тәріздес, қошқар мүйіз өрнектер бедерленіп түсіріледі. Нәтижесінде терең ойылған өрнектің үлгісі шығады.



**1 сурет. Ағаштан ойылып жасалған қалыптар.**

3. Осы ағаш қалыпқа терінің оң беті бедерлі өрнектің бетіне жабылып, екінші шел жағынан оюдың ізімен батырма әдісі арқылы өрнек салынады. Бұл әдісте терінің физикалық күйі тобарсыған жағдайда болу қажет. Тобарсыған күйдегі тері оюдың шұңқырына терең бойлап түседі.



2 сурет. Теріге өрнек салу. Батырма әдісі

4. Келесі әдіс бедерленіп түскен оюдың бетін саз балшықпен толтырып, бетін бастырамыз. Екі тәулік өткеннен кейін көлеңке жерде бабымен кеуіп былғары түскиіздің өрнегі бедерленіп шығады. Бұдан кейін табиғи қына бояуымен боялып, көркемделеді. Соңғы әшкейлеу сәті былғары түскиіздің шеттерін көмкеріп шуда жіппен тігіледі.



**3 сурет. Былғары түскиіздің заттық нұсқасы.**

Былғары түскиіздің көркем стилі қазақ халқының бар болмысын айшықтап, қазақ болмысындағы өжеттілікті, өткірлікті, көрегендікті, батылдықты, батырлықты, қайсарлық пен қайраттылықты өн бойына жинаған. Халық шеберлері байлыққа байлық қосып, молшылық жасаумен қатар, сол баршылықты байыпты етуге, тұрмыстық жиһаз-мүліктерімізді сәндендіре түсуге үлкен үлес қосты. Қолөнердің әсем туындылары еңбек адамдарына рухани азық болатын, эстетикалық талғамын қанағаттандыратын, сұлу да әдемі, тиімді де ұнамды жасау-жабдықтар мен жиһаз-мүліктерді жасады.

«Ерліктің бір нышаны – өнер» деп қазақ атамыз айтқандай, тек жауға шауып, ел қорғағандар ғана ер атанбайды, халқының өнерін, соның ішінде қолөнерін дамытқан, жаңғыртқан шебердің де ісін ерлік деуіміз әбден орынды. Қаншама тарихи қиындықтардан өткен қазақ елі өз мұрасын сақтап қалуға тырысты. Әсіресе, қолөнер саласын дамытып, келер ұрпақ бойына дарытты.

Қазіргі таңда аудандық оқушылар үйінде «Сәндік қолданбалы өнер» үйірмесінде оқушылар былғары түскиіздің қыр-сырын танып жұмыстанып келеді. Нәтижесінде оқушылар көрме байқауларға ұсынып жүздегер иесі болып марапатталды.



**Пайдаланылған әдебиеттер.**

1. Л. Гумилев. Көне түріктер. Алматы, «Білім», 1994ж., 70бет.
2. Р.Н.Нұрғалиев /бас редактор/. Шаңырақ Үй-тұрмыстық Энциклопедиясы. Алматы, «Қазақ Совет Энциклопедиясының Бас Редакциясы», 1989ж., 95 бет.
3. Ә.Тәжімұратов. Шебердің қолы ортақ. Алматы, «Қазақстан», 1977ж., 38 бет.
4. С.Қасиманов. Қазақ халқының қолөнері. Алматы, «Қазақстан», 1995ж., 85 бет.



**КЕНЕП ЖІПТЕН СЕБЕТ  
ДАҒЫНДАУ**

**Нурумбетова Нургуль Кудайбергеновна**  
Ақтөбе облысы, Темір ауданы  
Темір аудандық оқушылар үйі  
«Алтын қазына» үйірмесінің жетекшісі

**Сабақтың мақсаты:** Оқушыларға кенеп жіп арқылы себет жасауды үйрету, жасалу технологиясын түсіндіру. Оқушыларға себеттің жасалуы жайында түсінік беру, білімдерін арттыру.

**Сабақтың басы:**

**Ұйымдастыру кезеңі.** Сәлемдесу. «Лебізімізді білдірейік» әдісі. Бір-біріне жылы сөздер айту арқылы психологиялық ахуал қалыптастыру.

**Топқа бөлу:** «Шебер», «Кәсіпкер», және «Маман» топтары.

- 1-тапсырма. Кенеп жіп туралы мәлімет. Тақырыпты ашу
- 2-тапсырма. Кенеп жіптен себет дайындаудың технологиясын түсіндіру.
- 3-тапсырма. Бейнеролик көрсету. Постер қорғау.
- 4-тапсырма. Дайын болған бұйымды оқушы өз бетімен әшекейлеу.

**Қауіпсіздік ережесі:**

1. Жұмыс орны жақсы жарықтандырылған болуы керек.
2. Ыстық желімді дұрыс қолдану қажет.
3. Қайшыны сабынан ұстау.
4. Пистолеттің дұрыс жұмыс жасауын қадағалау қажет.

**Сабақтың ортасы:** Бүгінгі сабағымызға қажетті құрал-жабдықтар: кенеп жіп, ыстық желім, қауырсын ыдыс, көркемдеу жұмыстарына гүл күлтері және таспалар. Кенеп жібі – қылшық жүннен иірілген қатты жіп түрі. Кенеп жіптен қапшықтар тоқып дайындаған. Кенеп жібінің қасиеті: тығыз, берік, өте қаттылығында.



1. Қауырсын ыдыстың сыртын кенеп жіпті біртегіс етіп, желімдеп орау.
2. Себеттің құлақша бауын бекіту.
3. Көркемдеп, әсемдеу.

**Сабақтың соңы.**

Дескриптор. Бейнеролик арқылы постер қорғау, түсінгенімен бөлісу.

- I-топ. «Шебер» тобына «Кенеп жіптің тарихы» тақырыбы
- II-топ. «Кәсіпкер» тобына «Кенеп жіптің пайдасы» тақырыбы
- III-топ. «Маман» тобына «Кенеп жіптен жасалатын бұйымдар» тақырыбы.

**Рефлексия.** «Қосу, алу, қызықты»

Мен үшін құнды болған мәлімет \_\_\_\_\_

Сәтсіз болған нәрсе \_\_\_\_\_

Мен үшін қызық болды \_\_\_\_\_

**Саралау.** Оқушылардан күтілетін нәтижелер, сұрақ-жауап алу, теориялық тапсырмаларды орындау нәтижесі арқылы топтық және өзін-өзі бағалау.

**ДОМБЫРА ДӘСТҮРІ**

**Әліқұл Күнқияш Қойшыбайқызы**  
Ақтөбе облысы, Алға ауданы  
Алға балалар өнер мектебінің  
домбыра класының оқытушысы



**Шекті аспаптар:** Домбыра-ерте заманнан бері халқымызбен бірге жасасып келе жатқан оның рухани жан серігіне айналған музыкалық аспаптардың бірі. XIX ғасырда қазақ халқының тұрмысында анағұрлым кең тараған музыкалық аспап екі шекті домбыра. Қазақ домбырасының шығу тарихы және

оның жасалуы ерте заманнан басталды. Домбыраның дамуы мен таралуы туралы мағлұматтарды археологиялық отографиялық, өнертанымдық және түрлі әдебиет көздері мен қазақ халқының фольклорлық мұралары туралы зерттеулер береді. Домбыра-қазақ халқының ұлттық дәстүрлі шертпелі саз аспабы. Домбыраға ұқсас саз аспаптары ғылымда тамбурлық шертпелі хордофондар болып бөлінеді, олар Еуразияның барлық аймақтарына кең тараған түрлері: тәжікте – думрак, өзбекте-домбыра, думбақ, қырғызда-комуз, түркменде- дутар, баш, думбыра, башқұртта-думыра, ноғайларда-домбыра. Бірақ, әрбір саз аспабы өзінің ұлттық өзгешілігіне қарай ерекшеленеді. Домбыра үні өзіне тән дыбыстық бояуымен, алуан түрлі желіс қағыстарымен қатар, өте бай көркемлік образдық әлемімен де айқындалып, қазақ халқының тарихи дүниетанымы және психологиялық ерекшеліктерімен тығыз байланысып жатады. Домбыра талай ғасырлар тарихы мен хикаяларын шанығына сақтап қазақ халқының ерлігін жырлаған. Ұлттық дәстүрмен салт-сана тағылымын жас жеткіншек бойына дарытып, оның жан жүйесін оятуда, өнерге деген ынтасын арттыруда ролі ерекше. Қазақ халқының белгілі ақыны Қадір Мырзалиевтің «Нағыз қазақ-қазақ емес, нағыз қазақ-домбыра» деп айтқан сөзінің жаны бар. Қазақ домбырасы қазіргі таңда Қазақстанның барлық аймақтарында кең таралған.

Домбыра туралы өнертанушылар: «ешқандай саз аспабы жеке болсын, топпен болсын доибырамен бәсекелес бола алмайды. Олардың ішінде домбыра сияқты айналасындағылардың бар ықыласын тек өзіне аударып, тағзым еткізетін жоқ. Осының себебі, бәрінен бұрын, өте кең айналымдағы және халықтың жан дүниесін тебіренге алатын бір бөлігі іспеттес күйлер тек домбырада ғана орындалады» -деген қортынды жасайды. Домбыраның оркестрде алатын орны айтарлықтай. Домбыраға арналған күйлер оркестрде партитураға сәйкес басқа аспаптарда орындалады. Домбырамен күрделі

шығармаларды орындауға болады. Күйлер өзінің дәстүрлік ерекшелігіне, орындалу мәнеріне, құрылыс тәсілдеріне, қағыс түріне түріне қарай екі үлкен мектепке бөлініп күйдің құрылымына байланысты төкпе және шерпе деп жіктеледі. Оның біріншісіне музыкалық образы жағынан симфониялық сипатты бейнелейтін Батыс Қазақстан дәстүрінде орындалатын күйлер жатады. Ол күйлер өзінің өлшемі мен ырғағы жағынан ұстамды болып, саусақтардың бірінғай сілтеуімен орындалады, сондай-ақ көбіне жігерлі, екпінді, дауылды болып, тыңдаушының көңіл күйін көтереді.

XIX ғасырда өмір сүрген Құрманғазы, Сейтек күйлері және олардың дәстүрін жалғастырушы Дина күйлері, өзінің мазмұны жағынан әлеуметтік өмірді бейнелейді. Ел аузындағы аңыздарға сүйене айтқанда Құрманғазының «Кішкентай» атты күй негізінен Исатай бастаған халық көтерілісін бейнелеген. Құрманғазының асқақ күйлері Советтік жаңа дәуір сахнасының төрінен құрметті орын алды. Оның күйлерін тыңдап отырып қазақтың дархан даласын, тауы мен өзен суларын, өткен ғасырдағы өмір тартысын, Исатай мен Махамбеттің тұлпарының тұяқ дүрсілін, хандық пен әділетсіздікке қарсы халықтың наразылық үнін сипаттайды. Қазақтың төкпе күйлері Батыс қазақтың күйшілік дәстүрінің көрнекті өкілдері XIX-XX ғасырдағы Құрманғазы, Дина, Дәулеткерей, Мәмен, Түркеш т.б. дәулеткер күйші, талантты композиторлардың есімдерімен байланысты. Домбыра сыртқы бітімі, мойнының ұзындығы, пернелердің орналасуы мен ішектерінің саны сияқты жергілікті өзгешеліктерінің сыртында, екі орындаушылық дәстүрдің ерекшеліктерімен де байланысты бөлінеді. Мойны ұзын болып келетін Батыс Қазақстандық үлгідегі домбырада жылдам, ұшқыр «төкпе күйлер» шертіледі. Әншілік дәстүрге негізделген күйлер орындалатын Шығыс Қазақстандық домбыралардың мойны қысқарақ, әрі жуандау болып келеді.

Домбыра дыбысталуының ерекшелігі- оң қолдың орындалу тәсіліне байланысты болады. Мәселен төкпе күйлерде дыбыс екі ішекті саусақтарымен жекелей іліп, жұмсақ қағып шерту арқылы орындалады. Сөйтіп, домбыра бітімі мен ол арқылы орындалатын күйлер арасындағы ерекшеліктерде өзара тығыз байланыс бар. Домбыраның дыбыс шығаруы мен орындалу техникасының жан-жақты жетілгендігі домбырашылардың жаңа, тың ұсыныстары мен өзгерістерді енгізуіне әбден мүмкіндік берді. Қазақстанның батыс аудандарында домбыра тартудың өзгелерге ұқсамайтын бөлек дәстүрі қалыптасқанын айту керек. Батыс аудандардағы домбыраның негізгі өзгешелігі, көлемі үлкен болып келеді, сондай-ақ шанағы сопақ, мойны жіңішке, перне саны көбірек. Сондықтан мұндай домбыраны тартқанда қолданылатын техникалық тәсілдерді шанағы жалпақ домбыраға қолдану қиын, өткені бұл соңғы домбыраның мойны едәуір енді де, ондағы перде де аз. Қазақ күйлерінің шығуы, құрамы мен тегі бір. Алайда, аймақтық мектептерге бөлініп, жеке орындаушылық үлгілердің өз алдына отау тігетін заңдылығы және бар, бұл үрдіс күй табиғатын таңуға әсте бөгет болмайды.

Керсінше аспаптық музыкамыздың байлығы мен кемелдігін айшықтайды. Аймақтық факторларды ескергеннің өзінде, күй шертпе, төкпе деп бөлінуін тек қана тарту техникасының өзгешелігімен түсіндірген абзал. Қазақ даласының шығыс аймағына кең тарап, ғасырлар бойы дамыған күйдің ұлы арнасы-шерпе, күй атасы кетбұғадан басталып Байжігітке, одан Тәттімбетпен Бежеңе (Бейсенбі) ауысқан шертпе өнері ұлттық музыка мәдениетінің мұрасы болып табылады. Шерпе күйдің табиғатын танудың бір амалы-аймақтық мектептерін анықтау.

Сахара аймақтарының тарихи, мәдени және жағырафиялық ерекшелігіне, аспапта орындау техникасына байланысты, қазақтың домбырашылық күйшілік өнерінде жеті түрлі орындаушылық дәстүр мен мектептер қалыптасты. Бұл дәстүрлі мектептер Шығыс, Арқа, Қаратау, Жетісу, Сыр бойы, Маңғыстау, Батыс мектептері деп аталады.



## «СОВРЕМЕННЫЕ ТРЕБОВАНИЯ К ПЕДАГОГУ ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ»

**Байдильдинова Гульнар Вахитовна**  
ГККП «Академия творчества» г.Актобе  
Педагог дополнительного образования,  
Художественный руководитель  
образцового ансамбля танца  
«Еңлік», Народного ансамбля  
танца «GULNAR»

В законе РК «Об образовании» дополнительное образование определяется как процесс воспитания и обучения на основе дополнительных образовательных программ всех уровней, ориентированных на взаимодействии с различными областями жизнедеятельности ребенка - семьей, школой, социумом.

В концепции образования - дополнительное образование определяется как изначально ориентированное на свободный выбор каждым ребенком той или иной области знаний и предлагает свои услуги всем детям без всякого принуждения на привлекательной для них основе добровольности. Надо также учитывать, что в Казахстане также накоплен организационно- педагогический опыт работы с одаренными детьми. Для этого существуют, работают специализированные школы. В Академии творчества г. Актобе создаются условия для личностного развития, профессионального самоопределения, творческого труда детей, реализации их способностей, адаптации к жизни в обществе, формированию гражданского самосознания, общей культуры, здорового образа жизни и т.д. За этими сухими строками скрыта уникальная система общения взрослых и детей на основе партнерства и доверия. И по сей день помогают выполнять главные задачи воспитания будущего гражданина:

- научить;
- создать условия творческого роста;
- помочь самореализации.

Дополнительное образование, осуществляемое во внешкольных организациях, это открытая социально- педагогическая система, способная создать комплексное образовательное пространство для развития и саморазвития каждого учащегося.

Современные требования к педагогу дополнительного образования, сформулированные в нормативно- правовых документах, предполагают, что готовность практика- специалиста не только на профессиональной подготовке в определенном виде деятельности, но и глубоких педагогико-психологических и социально- педагогических знаниях, широкой профессиональной и общей культуре. Каждый педагог дополнительного образования должен четко знать основы организации учебно-воспитательного процесса. Эти знания востребованы с самого начала планирования своей работы, при составлении учебных планов и разработке различных программ обучения.

Необходимы знания общей педагогики, психолого- педагогические основы воспитания и развития, достаточные теоретические знания по возрастной психологии, поскольку работаем с детьми разного возраста. Они различаются по качеству интересов и по степени их развития. В психологии различают несколько уровней развития интересов. Первый (элементарный) проявляется на уровне констатации фактов, действий по образцу. Второй определяется установлением причинно- следственных связей между отдельными фактами. Третий характеризуется устойчивым творческим интересом по преобразованию действительности.

Требования, предъявляемые сегодня в обучении детей таковы, что решить их под силу специалистам с высшим педагогическим образованием.

Современный педагог дополнительного образования должен обладать следующими



качествами:

- коммуникативностью
- эмпатичностью
- стремлением к партнерским отношениям со своими воспитанниками
- владеть знаниями достаточными для разработки авторской образовательной программы

приемы и инновационные технологии

- умение использовать в своей деятельности разнообразные педагогические
- цифровая грамотность, умение проводить онлайн-уроки, дистанционные уроки
- владеть техникой исследовательской работы, ее организацией и анализом.

Опыт последних лет показывает, что экономическая дезинтеграция, социальная дифференциация общества, девальвация духовных ценностей, негативное влияние на общественное сознание населения страны и все это отражается на воспитании молодежи. В связи с этим возрастает роль детских организаций, где происходит духовно-нравственное становление личности, подготовка к самостоятельной жизни.

Помимо воспитательной, образовательной и развивающей, педагог должен выполнять ряд следующих взаимосвязанных функций:

- пропедевтическую
- реабилитационную
- ориентационную
- компенсаторную
- функцию социализации.

#### 1. Пропедевтическая функция

Педагогическая поддержка ребенка в учебно- воспитательном процессе направлена на становление ребенка как индивидуальности

#### 2. Реабилитационная функция.

Восстановление уверенности у детей в своих возможностях, создавать ситуацию успеха. Имеет место сотрудничество детей и взрослых, взаимосвязь педагогов, родителей.

- совместная деятельность в кружке
- организация досуга

- различные выездные мероприятия, т.е. включение воспитанников в образовательный процесс как активных участников, снять психологические «зажимы», комплекс неполноценности у детей.

#### 3. Ориентационная функция

Помощь воспитаннику в его жизненном, личностном, профессиональном самоопределении

**4. Компенсаторная функция.** Формирование каждым ребенком собственных представлений о самом себе и окружающем мире.

#### Должностные обязанности педагога:

1. Осуществлять дополнительное образование обучающихся, развивать их творческую деятельность
2. Комплектовать состав обучающихся в объединения и принимать меры по сохранению его в течение срока обучения.
3. Использовать разнообразные приемы, методы и средства обучения.
4. Соблюдать свободу и права обучающихся.
5. Участвовать в работе педагог, методических советов, родительских собраниях и других воспитательных мероприятиях.
6. Участвовать в разработке и реализации образовательных программ, нести ответственность за качество их выполнения
7. Обеспечивать охрану жизни и здоровья обучающихся в период образовательного процесса
8. Выявлять творческие способности обучающихся, способствовать их развитию.
9. Поддерживать одаренных и талантливых воспитанников

10. Организовывать участие обучающихся в массовых мероприятиях.
11. Выполнять правила и нормы охраны труда, ТБ и противопожарной безопасности.
12. Повышать профессиональную квалификацию.

#### Педагог должен знать:

1. Конституцию РК
2. Законы РК
3. Решения правительства РК и органов образования, касающиеся вопросов воспитания

воспитания

4. Конвенцию о правах ребенка
5. Педагогику
6. Психологию
7. Возрастную психологию и гигиену
8. Методику поиска и поддержки талантов
9. Содержание, методику и организацию эстетической досуговой деятельности,

отдыха

10. Программы занятий
11. Основы детских коллективов
12. Нормы и правила охраны труда, техники безопасности и противопожарной защиты.

Предъявляемые требования к педагогам дополнительного образования еще раз доказывают важность работы педагога дополнительного образования.

## ҚОҒАМДАҒЫ ПЕДАГОГ МӘРТЕБЕСІ



Ақтөбе қаласы  
Шығармашылық Академиясы  
Педагог ұйымдастырушы, ҚББП  
Сандуғаш Саинова Асқарқызы

«Мұғалімнің еңбегі – адамзат игілігімен астасқан  
өлшеусіз еңбек»  
ҚР Президент Қ.К. Тоқаев

Ұстаз... Қандай қасиетті сөз! Әр адамның жүрегіне ерекше жылулық нұрын себетін аяулы тұлға бейнесімен өзектес ұғым. Адам баласының жүрегіндегі қадір тұтып, құрметтейтін екі ұғым болса, оның бірі – Ұстаз. «Мұғалім мамандығы барлық мамандықтың анасы» демекші, ұстаз алдынан тәрбие алмайтын жан жоқ. Ұстаз берген тәрбие әрбір адамның өміріне жол сілтер шамшырақ іспеттес. Сондықтан да ұстаз ол әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшеленеді. Білім көшін жылжытып келе жатқан ұстаздар қауымына құрмет арта бермек.

Мұғалім... ең алғаш әріп таныған сәтіннен бастап, есейіп үлкен өмірге қанат қағам дегенше, қасыңнан кетпейтін, арасында қаталдығымен қамшылап алса да, қолынан келгенше қамқорлығын аямайтын, білім нәрімен сусындататын қадірлі тұлға! Бауыржан Момышұлының: «Ұстаздық – ұлы құрмет. Себебі ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбекқор егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді» деген. Ұстаздан тәлім- тәрбие алмаған жан жоқ. Ертеңгі ел тұтқасы болатын жас буынды тәрбиелеу, оларды терең біліммен қаруландырып, үлкен өмірге дайындау,

осындай ауыр жүкті алып жүру тек білікті ұстаздарымыздың ғана қолынан келеді. Осы тұрғыда бұл мақалада мен, «Қоғамдағы педагог мәртебесі қандай» деген сауал жөнінде өз ойымды бөліссем деймін. Менің түсінігімде заман қалай құбылса да, осынау бір ұлы мамандық иелеріне деген құрмет өз деңгейінде сақталып қалу керек. Өйткені ұстаз ұлды ғана емес, тұтастай ұлтты тәрбиелеуші. Біздің басты байлығымыз – адам, ал ұлы Абай айтқандай: «Адамның адамшылығы...жақсы ұстаздан болады». «Бір әріп үйреткен ұстазыңа, қырық жыл тағзым ет» деген нақыл сөздің өзінде қаншама мағына жатыр. Бұл қай қоғамда болмасын мұғалім мәртебесінің қаншалықты зор екендігінің айқын дәлелі. Себебі, мұғалім – бұл біздің елімізде де, бүкіл әлемде де, білім беру жүйесінің басты тұлғасы.

Ұстаздың мәртебесі қай кезде биік тұғырда болады? Осы орайда Жүсіпбек Аймауытов «Сабақ беру үйреншікті жай ғана емес, ол жаңаны жаңадан табатын өнер», — деп тұжырым жасайды. Яғни, әрбір ұстаз өз жұмысына тыңғылықты дайындықпен, құштарлық сезіммен кіріссе, алдында отырған балаға барынша білім нәрін сусындатса, еңбегіне қарай жемісін көре алады. Себебі, даналар сөзін ойыма тірек қылып айтар болсам: «Не ексең, соны орасың», - деп келтіремін. Әрбір ұстаз білім берген бала біздің болашағымыздың айқын тұлғасы. Сол себепті, бәйгеге қосқан тұлпары озып шығып дараланса және де оны дүйім жұрт бағалап, қадірлеген жағдайда ғана ұстаздың мерейі үстем болады.

«Қоғамдағы педагог мәртебесі» аясына тереңірек үңілсек, әрбір ұстаз мәртебелі болуы үшін ең алдымен өзінің «Ұстаз» мамандығын жүрек қалауымен таңдап, өз ісіне ерекше құрметпен қарауы керек деп есептеймін. Яғни, «Мен және менің мамандығым» деген ұғым жай ғана бос сөз болып қалмай, өзара үйлесімділік тауып, бір арнада тоғысқан жағдайда ғана, мәртебең асып, өз ісіңе деген құштарлық артып, «Не екеніңнің емес, не орғаныңның» жемісін көретін боласың.

Жылдан жылға еліміз де педагог мәртебесін көтеруге үлкен үлес қосып жатыр. Оған дәлел «Педагог мәртебесі туралы Заң». «Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңының мақсаты - педагогтердің мәртебесін арттыру, жүктемесін азайту, оларды жөн-жосықсыз тексерулерден және өздеріне тән емес функциялардан қорғау, ынталандыру бойынша өзге де мәселелерді заңнамалық деңгейде шешу. Заңда педагогтердің құқықтары мен міндеттері қарастырылған, сондай-ақ педагогикалық қызметке рұқсат беру талаптары белгіленген. Сонымен қатар, осы Заң аясында мемлекет тарапынан мұғалімдердің жалақысын көтеру, құқықтарын қорғау, әлеуметтік қолдау көрсету жұмыстары жүргізілуде. Қазіргі таңда бірте-бірте мұғалімдерді массовка ретінде түрлі шараларға ретсіз көрермен залын толтыру, сенбілікке шығару деген сынды жұмыстардың да азаюы көңіл қуантады. Ол да мұғалім мәртебесінің өскендігінің бір көрінісі.

Ұлтымыздың арысы Мағжан ағамыз: «Алты алаштың баласы бас қосса, ең төрдегі орын – мұғалімдікі»- дегендей асыл ұстаздың адал еңбегін анық бағалаған абзал ағамызбен толықтай келісе отырып, ендігі кезекте ата-аналар тарапынан мұғалімге деген бұрынғы көзқарасты қалыптастырсақ нұр үстіне нұр болары анық. Өз кезегімізде, біздер, педагогтер өз мәртебемізді арттыру үшін, дамыған елге қарап бой түзеген еліміз ұрпақ бойына білім нәрін себуші болғандықтан әрқашан заман талабына сай, жаңашыл көзқараста, үнемі ізденіс үстінде болып, қоғам талабына сай, тың идеяларды жүзеге асырып, өскелең ұрпаққа жетік білім бере алатын ұстаз болуымыз керек деп ойлаймын. Әрбір педагогтың білімі мен білігін көтеруді мақсат тұтқан еліміз ұстаздардың білімін жетілдірсе, біз өскелең ұрпақтың білім көкжиегін кеңейтіп, «Әрбір ұстаз – білікті маман, әрбір оқушы – ойшыл тұлға» деген қағидаларды ұстана отырып, білім беру үрдісінде кез келген ұстаз білім сапасын жақсарту мақсатында оқытудың озық технологияларын жетік пайдалануы, бізді - жаңа ізденістерге жетелейді. Жаңа технологияның қыр-сырын меңгерген мұғалімдер білім сапасын арттыруға барынша үлес қосып, ұрпақты жаңа заманға сай біліммен қаруландыратынына сенім мол.

Біздің басты байлығымыз - адам, ал ұлы Абай айтқандай: «Адамның адамшылығы... жақсы ұстаздан болады». Мұғалім өзінің өмір бойы жинақтаған білім мен біліктерді, дүниетанымы, ойлау тәсілдері, ұлттың жаны, адами құндылықтарды жинақтап келешек ұрпаққа сіңіретін тұлға. «Тұлға – тұлғаны тәрбиелейді» – бұл тәрбие үрдісінің әліппесі. Сондықтан балаға білім мен тәрбие беруде ұстаз тұлғасының алатын орны ерекше. Қай

заманда болсын, әріп үйретіп, қолға қалам ұстататын жанның қажеттілігі жойылмақ емес. Әлемде мыңға тарта мамандық бар, соның бірде-біреуі болашақ қоғамның белсенді мүшесіне және азаматтық тұлғасына білім мен тәрбиені дәл ұстаздай бере алмайтыны анық. Бүгінгі партада отырған шәкірт ертеңгі күні қоғамды алға сүйрейтін маман, көшбасшы, тәуелсіз елдің жарқын жемісі болады. Олай болса, мұғалімнің мәртебесіне қоғамның мәртебесі тұрғысынан қарайтын уақыт жетті.

Мұғалімнің мәртебесін көтермей, оны құрметтемей, оның қиын да қажырлы, асыл жұмысын тиісті деңгейде қамтамасыз етпей, біз маңызды мақсаттарға жете алмаймыз. Сол себепті жаңашыл мұғалім қалыптастыру жолында педагог мәртебесін мейлінше көтеру құптарлық іс. Осы орайда Елбасымыздың бастамасымен 2019 жылы қабылданған «Педагог мәртебесі туралы» заң ұстаздар қауымына әрі қорған, әрі ынталандырып, қоғамдағы беделін арттырып, орнын айшықтауға зор қадам болмақ.

Өзімнің «Қоғамдағы педагог мәртебесі» тақырыбындағы мақаламды қортындылап айтқанда, қоғамдағы мұғалім мәртебесін көтеретін – мұғалімнің тек өзі. Кәсіби біліктілігі жоғары, өзінің шығармашылығы мен біліктілігін үнемі көтеріп отыратын жаңашыл, жаңалыққа жақын, креативті мұғалім ғана қоғамда жоғары мәртебеге ие болып, қоғам алдында беделі жоғары болатыны хақ. «Бір жылға жоспарласаң – дән өсір, бірнеше жылға жоспарласаң – ағаш ек, ғасырларға болса – шәкірт тәрбиеле» деп Шығыс даналығында айтылып кеткендей, тамыры тереңге жайылған мәуелі бәйтерекке қол жеткізгіміз келсе, өзімізден бастап, үздіксіз даму жолында жұмыс жасайық.



## ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІ ЖЕТІЛДІРУ – ӨМІР ТАЛАБЫ...

**Мақсотова Жансая Ертайқызы**  
**Балалар шығармашылығы орталығының**  
**педагог-психологі**  
**Ақтөбе облысы, Мәртөк ауданы**

Еліміздің өркениетті елдер қатарына қосудың ең ауқымды маңызды мәселелер қатарында – келешек ұрпақтың рухани дамуы, тұлға бойындағы тәлім тәрбиесі болып табылады. Осы орайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың « Қазіргі міндет – халқымыздың жаңа болмысын қалыптастыру, тұтас ұлт сапасын арттыру. Адамды және қоғамды уақыт талабына сай жетілдіру. Жаңарған ұлт қана жаңғырған елдің жетістігін жаһан жұртына таныта алады. Мен халқымыздың әлем үлгі тұтарлық жақсы қасиеттерінің көбірек болғанын қалаймын » дегеніне сүйене отырып, қазіргі ұрпақты эстетикалық талғамы жоғары, мәдениетті, ізгілікті, сезімтал, өнер сүйгіш етіп қалыптастырудың маңызы ерекше. Бүгінгі таңда жас ұрпаққа эстетикалық тәрбие беру ерекше мән беріліп отыр. Эстетикалық тәрбие беру дегеніміз – бізді қоршаған ортадағы, табиғаттағы, өнердегі, еңбектегі, өмірдегі ең жақсыны, әдімілікті қабылдау, сезіну, және одан ләззат алу болып табылады. Эстетикалық тәрбие баланы қоршаған ортадағы әдемілік атаулыны бағалай білуге, өнер шығармаларын тануға, қастерлеуге баулиды.

Бала өмірінде эстетикалық тәрбие бірінші кезекте отбасынан, ата-анасынан бастау алады. Бұл дегеніміз үй ішіндегі тазалық, өз заттарына деген ұқыптылық, әсемдік болып табылады. Екінші кезекте бала- бақша, одан кейін білім ордасы, мектеп болып табылады. Мектептегі эстетикалық тәрбие әр пәннің мүмкіндіктеріне қарай жүзеге асырылады. Әр сабақтың тиімді формалары мен эстетикалық тәрбие берудің әсерлі тәсілдерін табу

мұғалімнің негізгі міндеті. Бала әр сабақ сайын есейіп, жаңа білімді үйрену керек. Біздің көздейтін мақсатымыз оқу барысында оқушылардың белсенділігін арттырып, алған білімдерін өмірде, күнделікті тұрмыста пайдалана білуге үйрету.

Мәселен өз ұрпағынның еңбек сүйгіш, елгезек, өнегелі, өнерлі, инабатты, абзал болып өсуін армандаған қазақ халқы жәнеде қыз баланың тәрбиесіне ас ерекше көп көңіл бөліп бірінші орынға қойған.

«Өмірдің жалғасы» - деп қарап, қыз баланы «Үй ұйытқысы» үй ұстауға, отбасы тіршілігіне баулыған. Ал ұлдарды ағаш отырғызу, мал шаруашылығымен айналысу, құлын ұстап, тай үйретіп, түрлі бұйымдар жасауға – қолөнері, шеберлігіне үйретіп, жастайынан баулыған. Ана көрген тон пішер әке көрген оқ жонар деген мақал- мәтел осының дәлелі болмақ. Тәрбиенің белгілі қойып қойған жолы жоқ. Сондықтан балаға қайырымдылықты, әдемілікті, әсемдікті, кішіпейілділікті, қаталдықты, шыдамдылықты беретін кім? Ол әрине ата-ананың тәрбиесі.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ұзақбаева С.А. Эстетикалық тәрбие негіздері. 13 Дәріс. – Алматы, 1991.
2. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы



### «АТА ӨНЕРІ – БАЛАҒА МҰРА» АТТЫ КОНЦЕРТТІК БАҒДАРЛАМАНЫҢ СЦЕНАРИЙІ

Укисбаева Айжан Жарылқасынқызы  
Қ.Медетов атындағы Мәртөк  
балалар өнер мектебінің  
тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Басы: Мектеп тарихы жайында видеоролик қосулы болады  
/хабарлаусыз экранда видео бастайды, Ақсақ құлаң мультфильмінен үзінді/

«Ақсақ құлаң» би қойылымы, «Самғау» би тобы  
/Фанфар екі жүргізуші шығады/

**I жүргізуші:** Қайырлы күн қадірменді қонақтар, өнер сүйер қауым!

**II жүргізуші:** Добрый день дорогие гости! Мы рады видеть вас на праздничном мероприятии!

**I жүргізуші:**

«Ақсақ Құлаң» - күйдің аты,

Күйшінің аты –Қамбар Медетов

«Ақсақ Құландай» халық күйін қазіргі кәсіби деңгейде бізге жеткізген Қамбар атамыз. Алдарыңызда «Самғау» би тобының «Ақсақ Құлаң» би қойылымын тамашаладыңыздар. Би қоюшы Нұрлан Жұбаниязов, жетекшісі Гүлсезім Төлегенова

**II жүргізуші:** Қазақтың қара домбырасын кие тұтқан, жүрегінің түбінен қайнап, саусақтарынан төгіле шыққан күйлерімен қалың жұртшылықтың махаббатына бөленген Өнер мектебіміздің 45 жылдығы, Қамбар Медетовтың 120жылдығы, Тәуелсіздіктің 30 жылдығына ұйымдастырылған «Ата өнері – балаға мұра» атты концертімізге қош келдіңіздер!

**I жүргізуші:** Қ.Медетов атындағы киелі шаңырақтан талай баласы білім алып, отанымыздың игілігіне қызмет атқаруға өмірлік жолдамамен аттанды. Бір кезде музыка мектебі болып ашылған білім ошағы өзінің өсу-өркендеу жолында талай қиындық пен табысты сәттерді бастан кеше отырып, бүгінгі тәуелсіз елдің талантты балаларын оқытатын өнер мектебі дәрежесіне дейін көтерілді.

**II жүргізуші:** Память, это то душевное тепло, которое остается в сердцах людей и передается из поколения в поколение. Перелистывая страницы истории, понимаешь, насколько богата эта история, какой интересный путь прошла с момента рождения до сегодняшнего дня.

**I жүргізуші:** Биыл 45жыл – бұл Қ.Медетов атындағы Мәртөк балалар өнер мектебінің шығармашылық жетістіктерінің бастамасы, қазіргі таңда өнер ордасының мәртебесі Халықаралық, Республикалық, Облыстық деңгейде танылып, көптеген оқушыларымыз жеңістерге жетуде.

«Отырардағы той» Орындайтын: дәстүрлі ән класының мұғалімі Бақытгүл Қуандық

**I жүргізуші:** Құттықтау үшін сахна төріне аудан әкімі Салықбаев Алмас Сағнадинұлы шақырылады  
Хабарлаусыз орыс биі «Брови» шығады.

**II жүргізуші:** Перед вами выступил хореографический ансамбль «Каусар» - Лауреат различных Международных, Республиканских, Региональных и Областных конкурсов, руководитель Нурлан Жубаниязов (Занавес жабу)

**I жүргізуші:** Келесі тамашалайтындарыңыз Дәстүрлі әншілер ансамблінің орындауында «Қазақ әндерінен Поппури» (Занавес ашу)

**II жүргізуші:** За годы работы, школа выпустила более 400 выпускников, многие из которых связали свою жизнь с музыкой, поступив в различные средне специальные и высшие музыкальные заведения. И мы сейчас с вами в этом сможем убедиться.

**I жүргізуші:** Киелі өнер ордамыздан небір айтулы азаматтар қанаттанып шыққан екен. Олар біздің ұжымда еңбек етіп, бүгінде үлкен жетістіктерге жеткен бұл ұстаздардың бір қатары қоғамда өз орындарын тауып, әр тарапта дәрежелі қызметтерде еңбек етуде. Атап айтар болсақ Елубай Кенжалиев, Медет Ысқақов, Әділет Күзембаев, Парахат Күндебаев, Әсел Берденова т.б. Мектебіміздің тарих беттерінен орын тапқан бұл түлектер осы сәтте бізбен бірге.

Алдарыңызда Фольклер ансамблі, жетекшісі мектеп түлегі Темір Өтебай, Серік Закария «Ортеке»

**I жүргізуші:** Келесі тыңдайтындарыңыз Нұртуғанның термесі «Қанеки тілім сөйлеші», жеке дауыста Таниева Дана

**I жүргізуші:** Сахнада Қобызшылар ансамблі, Республикалық, Облыстық байқаулардың жеңімпаздары халық әні «Дайидау», сүйемелдеуші: Майра Каспакова. Алдарыңызда өнер көрсеткен Қобызшылар ансамблі, жеке дауыста Самғат Артығалин

**I жүргізуші:** Қаратоғай филиалы «Самғау» би тобының «Қазақ биі» Жетекшісі Гүлсезім Төлепбергенова

**II жүргізуші:** : На сцене трио с песней «Welkom Kazakhstan». Встречаем!

**II жүргізуші:** Сегодня у всех нас праздник и как бывает на настоящих юбилейных торжествах хозяйка дома предлагают им полистать семейный альбом. Вот и мы на правах ведущих, предлагаем вам полистать страницы школьного альбома.

**I жүргізуші:** Құрметті көрермендер, экранға назар аударамыз!

Сахнада сыр қалам суретшілері. Халықаралық, Республикалық байқаулардың жүлдегерлері, бейнелеу өнері класының мұғалімі Адайбек Абдакиев және оқушысы Сұлтанбек Есенжолов .

(На экране фото торта и вынос торта под фоновую музыку )

Уважаемые гости! Наступает торжественный момент. Под ваши нескончаемые аплодисменты просим вывести Юбилейный, праздничный торт! Что желают в день рожденья?

Мнений двух, конечно, нет:  
Пониманья, вдохновенья,  
Достижений и побед.  
Чтобы мимо проходила  
Невезенья полоса.  
И еще – здоровья детям,  
Свежих сил учителям,  
Школе нашей – долголетия,  
Счастья и успехов Вам!

**II жүргізуші:** Встречаем, наших самых маленьких звездочек, хореографическая группа «Қарлығаш», танец «Лоли Пап», руководитель Самал Жарасбаева

**II жүргізуші:** Камбар Медетов основатель оркестра им.Курмангазы. Он был одним из лучших исполнителей в составе оркестра, созданного Ахметом Жубановым. В этом году исполнилось Ахмету Жубанову 115 лет. И в дань этому великому композитору перед вами выступит Дуэт фортепиано.

Ахмет Жубанов «Таджикский танец», руководители Ирина Иваницкая, Майра Каспакова

**II жүргізуші:** Дорогие друзья! Хочется выразить всем вам огромную благодарность за сотрудничество с нашей школой.

**I жүргізуші:** Абыройымызды асқақтатып, мектебімізге, жалпы қосымша білімге қосқан үлестеріңізбен өлшеусіз еңбектеріңізге алғысымызды білдіреміз., Ақтөбе облысынан келген қадірменді қонақтарымызға, Қосымша білім беру директорларына, Мәртөк ауданындағы жалпы білім беретін мектебінің директорларына, алыстан келіп отырған Күйші Қамбар Медетовтің ұрпағы Құрмангазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы, «Музыкалану және композиция кафедрасының доценті, PhD докторы Бердібай Айжан Рахманқұлқызына және Ардагер ұстазымыз Құрманғалиева Дина Құрманғалиқызына қошемет көрсетіп ортаға шақырамыз!

(Апайларға гүл беру, барлық қонақтардың сыйлықтары беріледі)

Бәрі де, Ана, Бір өзіңнен басталды.  
Сен деп жаздым алғаш өлең дастанды.  
Қуандым ба, Өзің бар деп қуандым.  
Жыладым ба, Өзің жоқ деп жас тамды.  
Бәрі де, Ана, Бір өзіңнен басталды.  
Жанарыңнан көрдім алғаш аспанды.  
Еркелесем, бір өзіңе еркелеп,  
Жасқандым ба, Тек өзіңнен жасқандым.  
Алғашқы дәм, ол да сендік сүт еді,  
Ақ сүт берген қашанда үміт күтеді,  
Отанымның өзі сенен басталып.  
Жауларыма жеткен жерден бітеді – деп, Қадыр –Мырзәлі жырлағандай  
Алдарыңызда Мұғалімдер ұжымы «Аяулы Ана» әнін арнайды.



(Занавес жабу)

**I жүргізуші:** Құттықтау үшін сахнаға А.Жұбанов атындағы Ақтөбе музыкалық колледжінің директоры, ҚР мәдениет қайраткері А.Д.Исмагуловқа, және Ақтөбе қосымша білім беру директорларының атынан Қазанғап атындағы Балалар өнер мектебінің директоры Құдайберген Жалғас Құдайбергенұлы шақырылады.

**II жүргізуші:** Лучшая награда для педагога – это успехи его учеников. Их победы в различных конкурсах.

– Школе есть чем гордиться. Ежегодно выпускники наши школы искусств им. К.Медетова поступают в музыкальный колледж и в вузы. Мы нисколько не сомневаемся, что они продолжают достойную летопись нашей школы.

Свое музыкальное поздравление дарит выпускник 2016 года, ныне студент, Казахской национальной Консерватории им.Курмангазы Сагитжанұлы Оразғали, с песней А.Бабаджанян «Верни мне музыку»

\Оразғалидың сөзі\

(Занавес ашу)

**I жүргізуші:** Алдарыңызда өнер көрсеткен Қазақ ұлт аспаптар оркестрі, халық күйі «Салкүрең», жетекшісі: Темір Өтебай Алдарыңызда «Мәңгілік ел» әні, Орындайтын: вокалдық «Қадам» ансамблі, қабыл алыңыздар.



**I жүргізуші:**

Ісім оңсын десеңіз  
Сол істің маманы болыңыз,  
Даңқым шықсын десеңіз,  
Көпшіліктің адамы болыңыз-деп ғұлама Әл-Фараби

атамыз айтқандай өз қалаған мамандықтарыңыздың ел кәдесіне жарап, өздеріңізге қуаныш сыйлауыңызға, жұмыстарыңызда табысты болуларыңызға тілектеспіз.  
Бүгін бізбен бірге болып, алтын уақыттарыңызды қиып, келіп қатысқандарыңызға көп-көп рахмет айтамыз!

**II жүргізуші:**

Продолжение следует!  
Мы снова в пути.  
Юбилей лишь мгновенье.  
Всё еще - впереди!  
До новых встреч!

## МҰҚАҒАЛИ МЕН АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ ҮНДЕСТІГІ

Пархотова Махаббат Жұматайқызы  
Ақтөбе облысы Шалқар қаласы  
Аудандық «Оқушылар сарайы»КММ



Бүгінгі таңда жас жеткіншектердің Абай, Мұқағали сынды қазақ поэзиясының ақиық ақындарының өлеңдерін сүйіп оқуына, оны жатқа білуге, жүректерінің төрінен орын беруіне өз сабағымда әрқашан мән беріп отырамын. Себебі, қазақи рухты, жалынды отты осы Абай мен Мұқағали өлеңдері арқылы жеткізу әсерлі болары сөзсіз. Абай шығармасы мен Мұқағали өлеңдері ғасырлар бойы рухани мәдениеттің даму жетістіктері арқылы әрбір халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан құндылықтары болып танылса, рухани құндылықтар ұлттық және жалпыазаматтық маңыздылығымен ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан ұлағатымен бағаланатындығына да дәлел осы.

Хақім Абай мен өмірі өлеңге айналған ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың өлеңдерінің ұқсастығын, сарындастығын анықтау барысында оқушылар оларды салыстырып қана қоймай, қос ақынның көптеген өлеңдерін жатқа білетіндігімен бағаланады. Абай мен Мұқағалидың ақын, азамат, адам ретіндегі шынайы тағдыры мен өмірлері – ұрпаққа әлі терең зерделеуді қажет ететін рухани дүние. Абай мен Мұқағалидың артында қалған асыл мұралары ұлттың рухани игіліктері болып саналады. Сондықтан оның тереңдігіне үңіліп, қыры мен сырын ашып, ұрпақтардың қажетіне жарату басты міндеттің бірі. Қазіргі қазақ поэзиясында Абай дәстүрін жазбаған, Абай поэзиясынан нәр алмаған ақын кемде кем.

Қуат алып Абайдың тіл күшінен,  
Жыр жазамын Абайдың үлгісімен, - деп бүгінде ғасыр ақыны атанған Мұқағалидың да жырлары Абай дәстүрімен сабақтас.

Қазақтың еркін ойының басында қашанда Абай тұрды. Абай атасынан кемеңгер боп жаратылып, анасынан дана боп, еліне пана боп, өз заманынан ойы озық туған ғұлама. Байқап қараған адамға Абайдың бүкіл өмірі қазақты ел болуға, өзге жұрттан кем қалмауға үндеумен өтті. Жалғыздықтан қамығып, білімсізбен алысып, елге сөзі өтпей, Абай жаны қиналса да елі-жұртын қиып ешқайда кете алмай, дегеніне жете алмай, ұлы ақынның өмірі құсалықпен, жалғыздықпен өтеді. Бәрібір, сонда да халқынан күдерін үзбейді. Халқын надандық шырмауынан, бодандық бұғауынан азат етуге ниет қылған Абай адаммен де, заманмен да арпалысып бақты. Қараңғы түнді қақ жарып сәуле төкті. Қазақтың жоғын жоқтай отырып, өз қазағын қатты сынады. Сынағанда жек көргендіктен емес, жаны ашығандықтан, күйінгендіктен сынады. Өз халқын сынап отырып, сүйе білді. Абай “Қалың елім, қазағым, қайран жұртым, Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың, Жақсы менен жаманды айырмадың, Бірі – май, бірі – қан боп енді екі ұртың” - деп күйзелді.

Кемелге келмей, ақыл тоқтатпай Абайды ұғыну да мүмкін емес, сондықтан бұл жерде талдау жоғары жоғары сынып оқушыларымен алынады. Абайды оқыған сайын, көкейіңе тоқыған сайын қазақтың табиғатын аша түсесің, ел-жұртыңның тағдыры, келешегі туралы ойлана, толғана түсесің. Сол кезде Абайдың “Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла” деген сөзі еріксіз есіңе түседі.

Шынында да, Абай – жұмбақ адам. Оның ойлары гауһардай түрленіп, әр қырынан әрқалай сәуле шашады. Заман асқан сайын, қазақ дертінен айығу үшін, Абайға жүгінуі керек. Абайға үңілген сайын бірде табынасың, бірде қамығасың, үнемі Абаймен сырласып отыруымыз керек. Адаспаудың бір жолы осы деп ойлаймын.

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,  
Қиыннан қиыстырар ер данасы.

Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,  
Теп-тегіс, жұмыр келсін айналасы.

Өлеңді – сөз патшасына теңеген Абай өзі де сөз патшасына, өлең құдіретіне айналарын сезген болуы керек. Абай әлемі тұңғыық!

Абай қашанда қазақ халқының рухани ұлы көшінің басында. Абай сөзі, Абай әндері

мәңгі жаңғыра, жаңара бермек. Абайды құрметтеу – өзіңді құрметтеу, Абайды қастерлеу – ұлтыңды қастерлеу деген сөз.

Қазіргі қазақ поэзиясында Абай дәстүрін жазбаған, Абай поэзиясынан нәр алмаған ақын кемде кем. Бүгінде ғасыр ақыны атанған Мұқағалидың да жырлары Абай дәстүрімен сабақтас. Абай өсиетін, ойын, Абай армандарын қазіргі қазақ поэзиясындағы жыр-шумақтарынан кездестіреміз. Алайда, бұл кезең ақындары мен ұлы Абай дәстүрін әрі қарай жалғастыра отырып, жаңаша, тың, өз өрнегімен жыр жазған Мұқағали болды. Ол: Қуат алып Абайдың тіл күшінен,  
Жыр жазамын Абайдың үлгісімен.  
Абай болып табынсам бір кісіге,  
Абай болып түңілем бір кісіден,-  
деп Абай дәстүрін жалғады. Поэзия әлемінде өз сара жолын салды.

Кешегі Абай мен берідегі Қасымдардың жолын жалғастырған, болмысы бөлек, табиғаты терең Мұқағалидың шығармасына оқырманның ықыласы қай кезде де ерекше болмақ. Өйткені, Мұқағали Мақатаев бүтін бір ғасырдағы қазақ поэзиясын биіктетіп кетті. Ол құдіретті, ғажайып, ақиық, сыршы, гуманист ақын, көзге көрінбейтін сиқырлы кербез бояулардан, бізге естілмейтін құпия, тылсым дыбыстардан тоят алатын жұмбақтығымен уақыт өткен сайын өзінің иіріміне тарта береді. Пендешілікке періште көңілмен қараған Мұқағали поэзиясының қайнар көзі- туған елі, өскен жері. Ол нені айтса да, нені жазса да туған өлкесімен үндестіреді. Шекпен киген қазақтың қара өлеңін шапан жауып өзіне қайтарған мұзбалақ ақын Абайдан кейінгі поэзияның мазмұнын тереңдеткен әрі байытқан, отаншылдық сезімге бөлеген жыр-құдірет. Ол да адам баласын Абайша жанындай сүйді.

**Пайдаланған әдебиеттер:**

1. «Абайтану мұрағаты» Темірхан Тебегенов. Алматы, 2013
2. Абайдың ақындық әлемі. З.Ахметов. Алматы 2015
3. «Мұқағали. Таңдамалы шығармалар» Алматы, 2013
4. «Жүрегі оның жанартау». Жақапжан Нұрғожаев. Алматы, 2013



**ҚОБДА АУДАНЫНЫҢ ТУРИСТІК ӘЛЕУЕТІ**

**Нурпеисова Гүлсара Есенжановна**  
**Ақтөбе облысы, Қобда ауданы**  
**Қобда аудандық Оқушылар үйі**  
**«Атамекен» үйірмесінің жетекшісі**

Қобда ауданы — облыстың туристік бағытының дамуына өзіндік лайықты үлесін қосып отырған ауданның бірі. Бір жыл ішінде 30 мыңнан астам саяхатшы келіпті. Олардың арасында Ресей мен Қытайдан өзге, Германия, Канада, Шотландия, тіпті Франция елдерінен келген шетелдік азаматтары бар.

Бүгінде аудан бойынша тарихи маңызы бар 4 орынға туристік маршрут жасақталған. Атап айтар болсақ, олар: Абат-Байтақ кесенесі, Қобыланды батыр мемориалдық кешені, ұлт-азаттық көтерілісінің қолбасшысы Исатай Тайманұлының кесенесі және «Әлия» патриоттық тәрбие беру облыстық орталығы. Қобда ауданының Талдысай ауылынан оңтүстікке қарай 12 шақырым жердегі Қобда өзенінің аңғарында орналасқан Абат-Байтақ қорымы XIV ғасырдың соңы мен XV ғасырдың бас кезінде салынған сәулет өнері ескерткіші. Абат-Байтақ кесенесіне өткен жылы екі мыңнан астам турист келді.

Абат-Байтақ — аналогиялық құрылысы жағынан Қазақстандағы бірегей ескерткіштердің бірі. Қазақ кесенелерінің жіктелуіне сәйкес, бұл кесене портал-күмбез құрылыстарына, екі қабатты жабынымен «шатырлы кесенелерге» жатады. Негізгі тұрқы 4 бұрышты кесененің үстінде 11 қырлы тұғырға орнатылған шошақ күмбез бар. Ел аузында айтылып жүргендей, бұл кесене атақты Асан қайғының ұлы Абат батырға арнап

тұрғызылған. Бастапқы биіктігі — 16 метр, ал сақталған биіктігі — 14,5 метр. Өңделмеген кірпіштен қаланып, ішкі жағы балшықпен сыланған, сыртқы жағы күйдірілген кірпішпен қапталған. [1]

Кесенеге жақын жерде Абат-Байтақ кесенесі тәріздес етіп XVIII ғасырдың соңында күйдірілмеген кірпіштен салынған тағы бір кесене бар. Халық аузында ол ескерткіш «Қыз моласы» немесе «Қыз әулие» деп аталады. Абат-Байтаққа келген адам «Қыз әулиеге» соқпай кетпейді.

«Қобыланды батыр» 400-ге жуық шетелдік туристі қабылдады. Батырлар жырының басты кейіпкерінің бірі Қобыланды батырдың кесенесі Қобданың Жиренқопа ауылында жатқаны көпке аян. 2019 жылы батырдың мемориалдық кешеніне 10 мыңнан астам саяхатшы келіпті. Оның 400-ге жуығы — шетел азаматтары. 2007 жылы тұсаукесері республика көлемінде аталып өткен «Қобыланды батыр» мемориалдық кешені бүгінгі таңда туристерге жоғары деңгейде қызмет көрсетіп тұрған орындардың бірі. Мемориалдық кешені Қобыланды батырдың сүйегі қайта жерленген мавзолейден, Даңқ залынан және белгі тастардан тұрады. Төбесінен қарағанда кешенің қалқанның үстіне қойылған батырдың дулығасына және жанында жатқан садаққа ұқсайды. Қабырғасы Ресейде жасалған күйдірілген қызыл кірпіштен салынған мавзолейдің жалпы биіктігі – 17,5 метр, ал диаметрі – 16,0 метр. Сыртқы жалпы диаметрі – 78,0 метр. Кешеннің екінші бөлігі, мавзолейдің батыс бөлігіндегі жалпы аумағы – 447,0 шаршы метр. Кешенде Қобыланды батырдың қайрақ тасы, сүйегі қайта жерленгенде орнатылған тас белгілер орналасқан. Кешен Жиренқопа ауылының шығысындағы Ұлы Қобда өзенінің бойындағы жалпы аумағы 2,06 гектар жерді алып жатыр. [2]

Өзге елден келген саяхатшыларды таңдай қақтырып, өз еліміздің патриоттық сана-сезімін нығайтуға өзіндік септігін тигізіп тұрған мемориалдық кешенде бүгінде 12 адам тұрақты жұмыспен қамтылған.

Саяхатшылар «Исатайға» соқпай кетпейді

Асқақ рухты ақын Махамбет аға тұтып, жырына қосқан батыр Исатай Тайманұлы Ақтөбе облысының Қобда ауданында мәңгілік тыныстаған. Тарихи деректерге сүйенген ғалымдар батырдың сүйегі Шейітсай деген жерде жерленген деген тоқтамға келіп, нәтижесінде 2014 жылы сегіз қырлы кесене тұрғызылған болатын.

Халықтың азаттығы мен еркіндігі жолында жанын құрбан еткен Исатайға бір уыс топырақтың батырлар мекені аталып кеткен Қобда жерінен бұйыруы киелі жердің ерлігін бекемдеп тастағаны рас. Биіктігі — 11, 5 метр, ал аумағы 68 шаршы метр болатын сегіз қырлы кесенені маңғыстаулық сәулетшілер тұрғызған.

Күмбезді ғимараттың құрылысына бірнеше жылдан бері мазар, кесене салумен айналысып жүрген маңғыстаулық сәулетші Нұрсұлтан Имашев жетекшілік жасаған. Кесене бұған дейінгі Исатай Тайманұлының аты жазылған құлпытасты бұзбай, оны ортаға қалдырып, бой көтерген. Ғимараттың маңдайына Исатай деп жазылыпты. Кесененің қабырғалары қазақи нақышта өрнектелген. Батырдың басына зиярат етем деушілер Қобда ауылын Орал қаласымен жалғайтын күре жолмен 80 шақырым шамасында, содан кейін солға қарай жайдақ жолмен 10 шақырым жер жүргеннен кейін алыстан мұнартақан кесенеге кезігеді.

Кесене ішінде Исатай Таймановтың суреті бейнеленіп, батыр мен оның ұлы Оспанның өмірі жазылған. Кесене қабырғаларындағы Махамбет өлеңдерінен үзінділер жазылған.

Әлияның ауылын көргісі келетіндер саны көбейді.

Қобда — қысқа ғана ғұмырында қайталанбас ерліктің үлгісін жасап, өшпес із қалдырып кеткен Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлованың туған жері.

Бүгінде батырдың кіндік қаны тамған Бұлақ ауылында және Әлия ауылында мерген қызға арналған арнайы ескерткіш бой көтерген. Бұдан өзге 2005 жылы Әлияның 80 жылдық мерейтойы қарсаңында «Әлия» патриоттық тәрбие беру облыстық орталығы ашылды. Ақтөбе қаласынан 70 шақырым жерде жатқан батыр қыздың елі Әлия ауылында орналасқан патриоттық орталықта мәдени-спорттық шаралар өткізуге және жастардың демалуына толық жағдай жасалған. Қобда өңіріне ат басын бұрған саяхатшылар міндетті

түрде соғатын тәрбие беру орнына өткен жылы 12 мыңнан астам саяхатшы келіпті.[3  
Орталық Ресей Федерациясындағы Ә.Молдағұлова атындағы Мәскеу, Санкт-Петербург қалаларындағы және Псков облысындағы мектептердегі музейлермен тығыз байланыста жұмыс жасайды.

«Атамекен» үйірмесінің мақсатына сай туған өлке тарихын Отан тарихының бір бөлігі ретінде оқыту, оқушыларға туған өлкесінің тарихын, ата-бабаларының асыл мұраларын құрметтеуге, туған жерінің тарихи тұлғаларын, тарихи мәдени ескерткіштерінің құндылығын қастерлеуге үйрету.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қобда энциклопедиясы Қ А Э редакциясы 2009 жыл
2. Қобда тарих пен тағылым мекені Ақтөбе 2009
3. Аңызға айналған ару Ғ.Байдербес 2019 жыл
4. Қобда энциклопедиясы 2020 жыл

**АШЫҚ ТӘРБИЕ САФАТЫ**



**Асауова Жаннат Жумабаевна**

Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы,  
Қарауылкелді ауылы,  
«Байғанин аудандық шығармашылық орталығы»  
МКҚК  
«Қолданбалы-декоративті өнер» үйірмесінің  
жетекшісі, қосымша білім беру педагогі,  
педагог-сарапшы

Ашық тәрбие сағаты

Тақырыбы: «Қарты бар үйдің - қазынасы бар».

Мақсаты:

а) Жас жеткіншектер үлкенді сыйлап тыңдау білуге, қадірлеуге және қазақ халқының салт-дәстүрінен нәр алуға. Инабаттылық пен мейірімділікке тәрбиелеу.

ә) Оқушылардың ой – санасын дамыту, танымын кеңейту.

б) Қарттар күнін аталып өту мақсаты неде екенін түсіндіру.

Сабақтың түрі: пікір алмасу

Сабақтың әдісіне: ой қозғау, әңгімелесу.

Сабақтың көрнекілігі: оқушылардың қолдарынан жасаған шығармашылық бұйымдары (қарттарға сыйға тарту)

Сабақтың барысы: 1. Ұйымдастыру бөлімі (сәлемдесу, қарт аналармызбен танысу).

2. Кіріспе бөлімі:

Мұғалім сөзі: Құрметті аяулы әжелер «Қарты бар үйдің қазынасы бар» атты 1-қазан Халықаралық қарттар күнінде ұйымдастырылған мерекелік тәрбие сағатымызда, сіздерді құттықтауға оқушыларымызбен бірге келіп тұрмыз Сіздердің мерекелік көңіл күйлеріңізді көтеруге арналған оқушылардың шағын сый – сиапатымен, жүрек жарды лебіздерін, өлең шумақтарын қабыл алыңыздар.

**1 – жүргізуші:**

Ардақтыда аяулы әжелер! Сіздерді 1 – қазан Халықаралық қарттар күнімен шын жүректен құттықтаймыз.

Дүниеге келер бір кісің

Дария кеуде, тау мүсін.

Құрыштай құйған құдірет  
Қарттарым аман – сауымысын

**2 – жүргізуші**

Бүгінгі күнді БҰҰ Бас ассамблеясы 1990 жылдың 15 – желтоқсанында Халықаралық қарттар күні деп қаулы шығарды. Содан бері 1- қазан кең көлемде тойланып келеді.

Жақсылық берер бізге көзі деп,  
Қазыналы қарияның өзі деп  
Пір тұтамыз ерекше жан сіздерді  
Себетұғын бойымызға нұры кеп  
«Ақ кемешек» Айбек Аяулым  
Әже, сен бірге жүрсің менімен,  
Өліге мен өзіңді тілемегем.

Ақ қимешек киген бір кемпір көрсем  
Ақ кемешек астынан сені көрем.  
Өңі түсі өзіңнен бір аумамайды.

Немересін ертпесе жүре алмайды  
Таныс дауыс, таныс сөз, таныс мәсі  
Көзіме оттай басылып алаулайды.

1 – жүргізуші

О, қарттарым...

Мен білмеймін.

Басыңа әлде орнап бақ,

Шәһар салып, жасадың ба жаннат бақ.

Әлдеқалай тасқа түскен таңбаға

Табынамын тарихымдай ардақтап» - дей Амантөре әжемізден еңбек жолы туралы және өмірінде болан қызықты оқиғаларын туралы сұрасақ

**2 – жүргізуші**

О, қарттарым....

Сыр ашпайды сенің құла түздерің,

Сыр ашпайды тау – тастағы іздерің.

Сенің бүкіл болмысыңның тағдырын

Домбыраның пернесінен іздедім.

Монолог : Оқитын Көшкінбай Жанерке

Кең құшағы саялы Қаратаудай

Алақаны аялы Алатаудай.

Әңгімесін тыңдасаң қарттарымның

Көңілің жай тауып бір қалатындай

Ақсақалдар сарқылмас дариялар,

Әр сөзінен көңілге бақ ұялар.

Сіздерді құрметтейміз, қадірлейміз

Сіздерсіздер бүгінгі ұлықпаңдар

Мың жасаған ұрпақпен ұлық жандар

Қарттар тарих, қазына, ел қазығы,

Ей, адамзат, осыны ұмытпаңдар.

Алдында ақыл берер қария ғой,

Жақсылар жақсылыққа жария ғой.

Жастарға ол парасатты кеңес берер,

Сөзге бай ағып тұрған дария ғой.

Қарттар күні ұмытылмас ешқашан  
Қадірлі де құрметті ғой әрқашан.  
Жүрсін адам қарт кісіні аялап,  
Жүрсін адам қарт кісіні мадақтап.

Ақиқатты айқындап жариялар,  
Бара жатыр азайып қариялар.  
Дауыл соқса бұл етіп толқымайтын,  
Бара жатыр сарқылып қариялар.

1 – жүргізуші

Құлақтан кіріп бойды алар

Жақсы ән мен тәтті күй

Көңілге түрлі ой салар,

Әнді сүйсең менше сүй –деп Абай атамыз жырлағандай көңіл сергіту мақсатында

келесі кезекте Ш Қалдаяқовтың әні «Әлемнің жарығы» орындайтын Сабыт Іңкәр

1 – жүргізуші: - Жарайсың, Іңкәр рахмет саған. Ендігі кезекте Ақілгек әжемізді сөзге тартсақ.

2 – жүргізуші

Ата-әже ауылымның асылдары,

Жинасын көңілдердің жасыл бағы.

Сіздер үшін ән мен күй,өлең мен би.

Сіздер үшін мереке шашулары.

«Ақ әжем» Ерболқызы Ақниет

Өзің мені өсірген,

Айналайын ақ әжем.

Тентек болсам кешірген

Шөлдедің бе, дана әжем?

Шай қайнатып келейін,

Шекер салып, жан әжем.

Өзім құйып берейін.

Балдай тәтті бал әжем.

1 – жүргізуші

Осы орайда Сұлушаш әжеміздің ақыл – кеңестерін тыңдап бата сұрасақ

1 – жүргізуші

Ортамызда жүрген қарияларымыздың бір кезде елі, халқы, келешек ұрпағы үшін жасаған игі істері ерекше орын алады. Қазіргі кезде біздің мемлекетімізде қарттарға үлкен мән беріп, көңіл аударып, жан- жақты үкімет тарапынан қамқорлық жасалуда. Қазақстанның өсіп- өркендеуіне, еліміздің бейбітшілік тыныш өмір кешуіне өз үлестерін қосқан осы ардақты да аяулы қарттарымыздың арқасы деп есептейміз. Олардың өмір жолдары бүгінгі ұрпаққа табылмас қазына.

2 - жүргізуші

Адамдар арасындағы қарым-қатынаста адамгершілік, әдеп, инабат үрдістерінің қаншалықты кең жайылып, терең тамырлануы, ең алдымен, олардың жекелеген отбасында өркен жаюына, яғни баланың ата-анасын жан-жүрек қалауымен, саналы түрде ардақтап, инабат тағылымымен үлкендерге деген қарым-қатынастарында оны мүлтіксіз жүзеге асырылуына байланысты

Адамның өмірінің мәні мен сұлулығы, адамның келешегіне сенімділігі – баланың ата-анасын ардақ тұтып, өзінің перзенттік қарызын бір сәтке де есінен шығармауында. Үлкендіктен ешкім құтыла алмаған. Бірақ кәріліктің өзінің сәні-мәні бар.Қарт кісіні құт-береке деп танысақ-ол ұрпақ көрегендігі. Ұрпағы құрметтеген ата-ана әр кезде де бақытты.

1 – жүргізуші

Ән «Асыл әжем» хормен орындалады. (Осы аралықта оқушылар өздерінің мерекелік

сыйлықтарын табыстайды)

3. Қорытынды:

Мұғалім:

(Бүгінгі қарттар күніне арналған мерекелік тәрбие сағатында әжелеріміздің айтқан әңгімелерінен қандай ой – түйгендерін сұрайды?)

Жұмбақ шешу:

Айтары мол ғұлама,

Көп жасаған бұл адам.

Әкесі ол әкеңнің,

Білер оны сұраған,

Ол кім? (Ата)

Аймалайды «Күнім»деп,

Мейірімді жүзі күлім деп.

«Тәтті-ақ» дейді немере,

Бал шырындай үнің деп.

Ол кім? (әже)

«Бабаларым, рахмет сендерге!

Балаларым болмасын деп бос кеуде,

Қобызыңмен қосып ән мен тіл бердің,

Өмірге мен мылқау болып енгенде

Бабаларым, рахмет сендерге!»,- деп Мұқағали Мақатаев атамиз айтқандай міне, балалар, біз өзіміздің ата-әжелеріміз алдында қарыздармыз. Ол қарызымызды тек жақсы тәрбие арқылы, адамгершілігі мол, мейірімді болу арқылы ғана, оларды көрген жерде құрметтеп сыйлау арқылы ғана қайтара аламыз.

Қарттарымызды ардақтап өтейік! Оларды сыйлаңдар, қадірлеңдер!

Ал, балалар, біз өзіміздің ата-әжелеріміздің алдында, аға ұрпақтың алдында үлкен қарыздармыз. Ол қарыздарымызды тек қана жақсы тәрбиеміз арқылы, адамгершілігі мол, мейірімді болу арқылы ғана, оларды көрген жерде құрметтеп сыйлау арқылы ғана қайтара аламыз. Бұл қасиеттер ешқандай да ақшаға сатып ала алмайтын байлық. Ол тек адамның жүрегінде орын алатын қасиет. Олай болса, алдағы өмірлеріңде жүрегі кең, адал, мейірімді, қайырымды азамат болып өсіңдер. Қарттардың алдында әрқашан да бас иіп тұрыңдар деп бүгінгі тәрбие сағатымызды аяқтаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. М. Мақатаев «Ақ кимешек»

2. М. Әуезов «Абай жолы»

3. О. Әбуәкіров «Ақ әжем»





## АШЫҚ ТӘРБИЕ САҒАТЫ «ОТБАСЫ – БАҚЫТ МЕКЕНІ»



**Бегжанова Шамшырак Досмуратовна**

**Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы,  
Қарауылкелді ауылы,  
«Байғанин аудандық шығармашылық  
орталығы» МКҚК  
«Ағылшын тілі» үйірмесінің жетекшісі,  
қосымша білім беру педагогі,  
педагог-модератор**

Тақырыбы: «Отбасы – бақыт мекені»

Мақсаты: Отбасы құндылықтарын дәріптеу, ата-ана мен баланың арасындағы қатынасты тәрбиелеу, оқушылардың бойында отбасына деген сүйіспеншілікті тудыру.

Міндеттері:

а) Оқушылардың сөздік қорын молайту, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Адамгершілікке тәрбиелеу;

б) Отбасының негізі өмірдің ұйытқысы, киелі қасиетке ие болу сыры, отбасы тәлімінің мәні туралы түсініктерді кеңейту;

в) Отбасы тәрбиесінің мән-маңызын ашып көрсете отырып, ұлттық салтты, дәстүрді түсініп, құрметтеуге баулу, алдағы өмірге даярлау.

Көрнекілігі: Қанатты сөздер, үлестірмелі қағаздар, слайд, плакаттар т.б

Барысы:

1. Ұйымдастыру бөлімі (Мұғалім сөзі, Шаттық шеңбері, топқа бөлу).

2. Серпілмелі сауал (сұрақ-жауап)

3. «Менің отбасым – менің мақтанышым»

4. Қызықты жұмбақтар

5. Шығармашылық жұмыстар: «Бақытты жанұя – бақытты ел» (топпен жұмыс)

6. Бейнеролик «Әке мен бала»

7. Қорытынды: Отбасыма ақ тілек. Жүректен – жүрекке тәсілін қолдану арқылы қорыту.

1. Мұғалім сөзі.

- Құрметті оқушылар, ұстаздар! Президенттің Жарлығымен қыркүйектің екінші жексенбісі Отбасы күніне арналғаны белгілі. Соған орай өткізілетін «Ағылшын тілі» үйірмесінің оқушыларымен «Отбасы – бақыт мекені» атты ашық тәрбие сағатына қош келдіңіздер!

Ашық тәрбие сағатын Елбасы, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың мына сөздерімен бастамақпын: Отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп, қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім – жақындарына, туған-туысқандарына деген сүйіспеншіліктен басталады.

Шаттық шеңбері. Барлығы қол ұстасып ортаға тұрады. Барлығы бірге:

Адамдардың барлығын,

Сыйлап, жақсы көремін.

Алақаным арқылы

Жылуымды беремін.

Балалар ары қарай ашық тәрбие сағатымызды топқа бөліну арқылы жалғастырамыз. Отбасы - осы сөздің түбінде терең мағына жатыр. Отбасы деген қасиетті ұғым. Отбасы әр адамның өміріне бастама болып табылады. Отбасын – кішігірім Отанға теңейміз. Отанның өзі отбасынан басталады дейміз. Ал отбасылық бақыт болса – ол бақыттың шыңында тұратын белгі. Бақытқа толы болған отбасы әрқашанда қоғамда ерекшеленіп, өзгелері үлгі тұтатындай санатқа жетеді. Ерекшелігі деп ол отбасылардың татулығын, айналаға деген сансыз махаббаттарын, барша адамға деген риясыз сыйластығын, қоғамға тигізген қажырлы үлесін айта аламыз.

Келесі кезең «Серпілмелі сауал» деп аталады. Отбасыларға отбасына байланысты сұрақтар таратылып беріледі, жауап алынады.

1-отбасы: 1. Балдан тәтті не? (бала)

2. Шаңырақ иесі кім? (кенже ұл)

3. Балаға кім сыншы? (ата-ана)

4. Әкеден балаға беріледі (мұра)

5. Үйдегі алтын қазық кім? (ана)

6. «Басы тасқа тиді» сөзінің мағынасы (өкінді)

7. Бес дұшпанды атаңдар? (өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ)

8. Қазақ халқының ұлттық ойындарын ата? (бәйге, көкпар, теңге алу, қыз қуу)

9. «Ұл атадан көрмейінше сапар шекпес» кімнің нақыл сөзі? (Қорқыт ата)

2-отбасы 1. Отбасы дегеніміз не? (Отбасы – бірлесіп күн көретін туыстық қатынаста тұратын адамдар тобы.

2. Тәрбие мен білімнің ордасы (мектеп)

3. Қазақстанда қандай білім алу міндетті. (орта білім)

4. Бес асылды атаңдар (талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым)

5. «Көзі ашық, көкірегі ояу» сөзінің мағынасы? (оқыған)

6. Жігіттің үш жұрты (өз жұрты, нағашы жұрты, қайын жұрты)

7. Отбасына кімдер жатады? (Ата, әже, әке, ана, аға, әпке, іні, қарындас, сіңлі)

8. Анаңның ағасы саған кім болады? (Нағашы)

9. Үйде кім, елде кім қадірлі (үйде қонақ, қарт, бала қадірлі; елде әкім, ұстаз қадірлі.)

Келесі кезекті оқушылардың жазып келген шығармасына береміз.

Шығарманың тақырыбы: «Менің отбасым – менің мақтанышым» деп аталады.

Ендеше балалар келесі кезекте жұмбаққа назар аударайық. Жауабын үш тілде аударамыз.

1. Айтары мол ғұлама,

Көп жасасын бұл адам,

Әкесі ол әкеңнің

Білер оны сұраған.

Ол кім? (ата)

2. Атаңның баласы,

Кей кезде таласып.

Қаласың әжеге

Білгенің асады кәдеге.

Ол кім? (әке)

3. Бала бала, бала деп,

Түнде шошып оянған

Түн ұйқысын төрт бөліп

Түнде бесік таянған.

Қолын қатты тигізбей,

Кірлі көйлек кигізбей.

Иісін жұпар аңқытқан.

Бұл кім? (ана)

4. Дегенімді жасайтын

Қалған тамағымды асайтын

Ертіп алып жетектеп  
«Немерем» – деп атайтын? (әже)  
Онда әкем-шешем тұрады,  
Ата-әже бауырым.  
Бәрі бірге қосылып,  
Бір ұғымды құрады. Отбасы  
5. Ақыр-сақыр сақасы,  
Ішіндегі бақасы.  
Екі торсық азығы,  
Діңкілдейді қазығы. (Бесіктегі бала)  
6. Басы «ш» мен басталып,  
Жалғанады «е» менен.  
Қайталасаң осыны,  
Болар сенің неменен? (Шеше)  
Аружан: «Ана» Қ. Мырза – Әлі  
Бәрі де, ана, бір өзіңнен басталды:  
Сен деп жаздым алғаш өлең – дастанды.  
Қуандым ба?  
Өзің бар деп қуандым,  
Жыладым ба?  
Өзің жоқ деп жас тамды.  
Бәрі де, ана, бір өзіңнен басталды:  
Жанарыңнан көрдім алғаш аспанды.  
Еркелесем,  
Бір өзіңе еркелеп,  
Жасқандым ба?  
Тек өзіңнен жасқандым.  
Алғашқы дәм - ол да сендік сүт еді.  
Ақ сүт берген қашанда үміт күтеді,  
Отанымның өзі сенен басталып,  
Жауларыма жеткен жерден бітеді!  
Ерасыл: «Әке» М. Мақатаев  
Әке, сенің жасыңнан асып барам,  
Кезі - кезі келгенде тасып та алам,  
Кезі - кезі келгенде жасып қалам,  
Мына өмірге, бәрібір, ғашық балаң.  
Өкінбе, әке, отың бар сөнбейтұғын,  
Ол мәңгілік жанады көрмей тыным.  
Ұрпағың бар, ел менен ер намысын,  
Тірі тұрса, қолынан бермейтұғын.  
Шығармашылық жұмыстар: «Бақытты жанұя – бақытты ел»

**Қорытынды:**

Қазақ отбасында әуелі әке, содан кейін – шеше, бұлар – жанұя мектебінің ұстаздары болады. Әке мен шешенің баласына қоятын ең бірінші басты талап-тілектері – баланың «әдепті бала» болып өсуі. Сондықтан қазақ жанұясы әрдайым: «Әдепті бол, тәрбиесіздік етпе, көргенсіз болма» деген сияқты сөздерді балаларының құлағына құйып өсірген. Қазақ отбасында өз баласын мейірімділікке, имандылыққа баулып өсірген. Үнемі жанұясында осылай тәрбие көрген бала ақырында, өздігінен тілалғыш, адал, тиянақты, ұқыпты болып шыға келеді. Отбасының екі тірегі әлпештеген әке мен аялаған ана. Әке мен шеше баланы әлеуметтендіретін басты тұлғалар. «Бала тәрбиесі – бір өнер, өнер болғанда да ауыр өнер, жеке бір ғылым иесі болуды тілейтін өнер. Баланы дұрыс тәрбиелеу үшін әркімнің өз тәжірибесі жетпейді. Басқа адамдардың тәжірибесімен танысуы керек. Әрбір отбасына бақыт, қуаныш, табыс тілейміз. Үміт еткен балаларыңыз үміттеріңізді ақтап тек биіктен көрініп, жемісін берсін.

Құрметті ата - аналар, ұстаздар, оқушылар осы ашық тәрбие сағатына

келіп-қатысқандарыңыз үшін алғыс айтамыз, қош-сау болыңыздар! Отбасларыңыз әрқашан аман болып, береке - бірліктеріңіз таймасын.

Ендігі кезекте «Отбасыма ақ тілек». Жүректен - жүрекке. Балалар қолдарыңыздағы қағазға отбасыңызға қандай тілек тілер едіңіздер? Бір ауыз сөзбен жазып, тақтадағы өз отбасы суреттеріңіздің қасына жапсыра қойыңыздар.



«Отбасы –бақыт мекені» ашық тәрбие сағатындағы сурет. Шаттық шеңбері.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Өнеге өрісі» кітабы, 2007 ж. А.Қ.Мамыт
2. «Аққудың қанатына жазылған жыр, 1999 ж.М.Мақатаев
3. «Алақан» 1977 ж., Қадыр Мырза Әлі.

## ҮЙ ҚҰСЫ «ТАУЫҚ» ЖАСАУ ТЕХНИКАСЫ



«Байғанин аудандық шығармашылық орталығы» МКҚК  
«Оригами» үйірмесінің жетекшісі, қосымша білім беру педагогі:

Сатыбалдина Оксана Айсакзы

I санатты педагог  
Орындаған: «Оригами» үйірмесінің оқушысы: Игілікова Ботагөз

Үй құсы «Тауық» жасау техникасы.

### Мақсаты:

Оқушының бос уақытын тиімді пайдалана отырып көркем еңбекке баулу. Бұйымды жасау арқылы оқушының саусақ бұлшық еттерінің жұмыс жасауына, ұқыптылыққа, нақтылыққа, жауапкершілікке икемдеу. Қауіпсіздік ережені ескеру.

Қажетті құрал-жабдықтар: Қолданыстан қалған ескі кітап, түрлі түсті қағаздар, ПВА немесе қандайда бір желім, қайшы, қағаз қыстырғыш әр түрінен.

Ең алғаш кітабымызды аламыз



Алдымен оңға керегінше кітаптың түбіне дейін қайыру



Алдымен оңға керегінше кітаптың түбіне дейін қайыру



Дайын бүктелген жұмысымызды әрі қарай қағаз қыстырғышпен безендіреміз.





Қиып алған бөлшектерін желіммен жапсырамыз.



Үй құсы тауықты толық жасап аяқтау.

Енді әрі қарай түрлі түсті қағаздармен айдарын, көзін, тұмсығын, аузын қиып аламыз.

## ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ – ШЕБЕРЛІК ШЫҒЫНЫҢ БАСПАЛДАҒЫ



**Умирзакова Сабира Боранкуловна**  
**Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы,**  
**Қарауылкелді ауылы,**  
**«Байғанин аудандық шығармашылық**  
**орталығы» МКҚК**  
**директордың тәрбие-ісі жөніндегі**  
**орынбасары**

«Шығармашылық орталығы» – балалар мен жасөспірімдердің өз еріктерімен белгілі бір мақсат қойып, білім дағдыларымен пайдалы істерді игеруге ұйымдық түрде арнайы топқа біріккен шығармашылық әрекеттерінің үрдісі болып табылады. Балалар ұйымдарының атқаратын қызметтері жас ұрпақтың жеке басын әлеуметтендіру, оның қабілетін іске асыру және қоғамдағы өз орнын анықтау, қарқынды дамып жатқан ортада өмір сүруге бейім, өз мүддесін, қоғам мүддесін қорғауға дайын тұлға қалыптастыратын маңызды институт болып табылады.

Қосымша білім беру мекемелерінде алған тәрбие балаға ересектер әлемінің заңдарын ұғынуға көмектеседі. Әр бала үшін болашақта мамандық атаулының барлығы бейімділікті, ептілікті, ерекше ой қызметін, мол шығармашылық мүмкіндікті, қоршаған ортаға тез бейімделіп қана қоймай, оларды керекті бағытына шығармашылықпен бұра білу қабілетін де қажет етеді. Қоғамның дарынды адамға мұқтаждығын қанағаттандыру талабы оқыту, білім беру жүйесінің алдына баланың жеке қабілеті мен әлеуметтік белсенділігінің дамуына жол ашу, шығармашылық тұлғаның қабілетін қалыптастыру міндетін қойып отыр. Ал шығармашылық тұлғаның қабілетін қалай қалыптастырамыз?

Шығармашылық қабілетті адам баласының бойына қалыптастыруда шығармашылық орталығының берері көп. Дегенмен, баланы балабақшадан бастап, мектеп бітіргенге дейін, үзбей жүйелі, сағылы түрде шығармашылыққа баулып, икемділігін дамытып отыру қажет.

Бүгінде біздің шығармашылық орталығының міндеті - балалар мен жасөспірімдерді қоғамдық жұмыстарға баулып, ой-өрісін дамытуда, адамгершілік пен кішіпейілділікке тәрбиелеп, оқушылардың шығармашылығын шыңдап, түрлі байқауларға қатыстырып, іс-шаралар ұйымдастырып, тәжірибелік дағдысын дамытып, кәсіпке бағдарлау, еңбекке баулу, ең бастысы жеке тұлғаны үлкен өмірге дайындау. Бала - келешек, бала - үміт, бала - өмірдің жалғасы. Сол себепті де, қазіргі таңдағы бала тәрбиесі, оның бос уақытын тиімді пайдалану өзекті мәселе. Біз өз оқушыларымызға әрдайым қолдау көрсетіп, салауатты өмір салтын насихаттап, көмек көрсетіп отырамыз. Шығармашылық орталығында «Робототехника», «Дизайн», «Оригами», «Бисермен теру», «Ағылшын тілі», «Өлкетану», «Балауса би», «Ағаш шебері», «Шебер», «Қолданбалы декоративті өнер», «Шебер қолдар», «Сурет және дизайн», «Жасталап», «Жас әдебиетші», «Қолданбалы өнер» үйірмелері жұмыс жасайды. Оқушыларды қызығушылықтарына және қабілетіне сай саралап, өзі қалаған үйірмелерге қабылдаймыз. Алғаш «Оқушылар үйі» болып ашылған кезде 4 үйірмеде 95 оқушыны қамтып жұмыс жасасақ, уақыт өте келе балалардың қызығушылығының арта түсуіне байланысты, қазір 16 түрлі үйірмеге 800-ге жуық бала тартылып, қосымша білім алууда.

Сонымен қатар, «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дегендей, ата-ананың күн сайын атқарып жүрген жұмысы балаға үлкен сабақ. Жас балалар үлкендер не айтса, соны айтатынын, не істесе соны істегісі келетінін бәрімізде білеміз. Осы себептен, ересектер тарапынан әрдайым үлгі тұрарлықтай игі істер жасағанымыз абзал. Адамның

әлеуметтендіру эстафетасын мектеп пен қосымша білім беру ұйымдары қабылдап алады. Қосымша білім беру ұйымдары мектеп жасындағы жеке тұлғаның даму процесін реттеу мен әлеуметтік ролдерін игеруге ықпал ететін, барлық қажетті жағдайларды орындап отыратын әлеуметтендіру институты. Әлеуметтендіру идеяларын іске асыру біртұтас педагогикалық процесте оқу және оқудан тыс уақытты толыққанды пайдалануды, сондай-ақ, отбасымен, қосымша білім беру ұйымдарымен тығыз ынтымақтастықты талап етеді.

Шығармашылық орталығының басқа білім беру орындарынан айырмашылығы онда бала басқаша білім жолын басып өтеді. Қосымша білім беру ұйымдарында балаға қосымша ақпарат беріп қана қойылмайды, ең бастысы бала шығармашылық жұмыс істеуге тартылады. Бала адамзат еңбегінің, білімінің бірін терең игереді, оған дағдыланады, өз шеберлігіне масаттанады, педагогына сенеді. Болашақ жас ұрпақтың қолында. Олай болса жас буынды жан-жақты тәрбиелеу, шеберлік шыңының баспалдағына жетелеу, біздің ең басты міндетіміз болып қала береді.

## «ПВХ МАТЕРИАЛЫМЕН ЖҰМЫС»



**Марат Марлен Маратұлы**  
**Көркемсурет мектебінің бейнелеу өнері**  
**пәнінің мұғалімі**

**Шеберлік сабағының тақырыбы:** «ПВХ материалынан кәдесый жасау».

**Сабақтың мақсаты:** оқушыларды ПВХ материалымен таныстыру.

а) білімділік: оқушыларға ПВХ материалынан кәдесый жасауды үйрету.  
ә) дамытушылық: оқушылардың ой-өрісін, ойлау қабілетін дамыту. Теория тұрғысынан алған білімдерін іс жүзінде қолдана білуге дағдыландыру.

б) тәрбиелік: оқушыларға ПВХ материалынан кәдесый жасауды үйрету.

Сабақтың түрі : аралас сабақ.

Сабақтың әдісі: түсіндіру, сұрақ-жауап, топпен жұмыс жасау.

Пән аралық байланыс: физика, тарих, сызу, математика, т.б

Сабақтың көрнекілігі: құралдар-саймандар, түрлі көлемдегі ПВХ материалы

Сабақ барысы:

Ұйымдастыру кезеңі. (2-3 мин)

Оқушылармен амандасу, сабаққа даярлығын тексеру.

Жаңа сабақ (15-20 мин)

ПВХ (поливинилхлорид) – түссіз, не ақ түсті пластмасса, винилхлоридтің термопластикалық полимері. ПВХ материалын алғаш рет 1985 жылдың соңында неміс ғалымы Регнальд ашқан.

ПВХ материалы минералды майларға төзімді. Ыстықта +70 градусқа дейін, ал суықта -15 градусқа дейін төзеді. ПВХ электр кабельдерін жасауда, құбырларды жасауда, термопластикалық есік-терезе жасауда қолданылады. ПВХ-ны тіпті киімге де, аксессуар жасауға да қолданады. ПВХ материалынсыз қазіргі таңда өндірісті елестете алмаймыз.

Кез-келген жерлерде ПВХ-дан жасалған материалдар табылады. Біз бүгінгі сабақта ПВХ материалынан кәдесый жасауды үйренеміз. Жұмыс жасау алдында оқушыларға мынадай қауіпсіздік ережелерін сақтау керектігі ескертіледі.

Техника қауіпсіздік ережелері:

1. Пышақтың жүзі өткір болуы тиіс.
2. Қию кезінде қайшының қысқа жүзі астында болуы керек.
3. Кесу кезінде пышақты дұрыс пайдалану қажет.
4. Пышақты берген кезде жабық жүзін өзіне қаратып беруі керек.
5. Пышақтың сынған бөлігін тастауға болмайды.
6. Желім тез жабысатын болғандықтан, оны абайлап пайдаланған жөн.
7. Желімді қатты қысып сығуға болмайды.
8. Кесу кезінде пышаққа саусақты тым қатты жақындатуға болмайды.
9. Пышақтың өткірлігін саусақпен тексеруге болмайды.

Жұмысты бастау үшін оқушыларға технологиялық карта таратылып беріледі.

ПВХ материалынан түрлі кәдесый жасау.

Сабақты бекіту (5-8 мин)

Сабақты бекіту бөлімінде оқушылар жасаған бұйымдарындағы суреттер бойынша өз ойларын ортаға салып, қорғап шығады.

Сабақты қорытындылау (3-4 мин)

Оқушыларды бағалау.

Үйге тапсырма: ПВХ материалының өндірісте қолданылуы туралы түсінік.

## ОСОБЕННОСТИ ОРГАНИЗАЦИИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ПРОЦЕССА В ОРГАНИЗАЦИЯХ ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

(НА ОСНОВЕ ИНСТРУКТИВНО-МЕТОДИЧЕСКОГО ПИСЬМА «ОБ ОСОБЕННОСТЯХ УЧЕБНО-ВОСПИТАТЕЛЬНОГО ПРОЦЕССА В ОРГАНИЗАЦИЯХ СРЕДНЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН В 2022-2023 УЧЕБНОМ ГОДУ»)



**МУСАБЕКОВА НУРГУЛЬ БИЛАСАРОВНА**  
Директор ГККП «Городской Дворец школьников»

Собраться вместе - это начало.  
Держаться вместе - это прогресс.  
Работать вместе - это успех!  
Генри Форд

В числе задач образовательной политики Республики Казахстан - создание соответствующих условий для формирования духовно-нравственной личности, воспитание патриотизма, толерантности, гражданского самосознания, развитие общечеловеческих ценностей, творческих способностей, креативного мышления и социализации подрастающего поколения.

Эффективным способом расширения творческих возможностей детей и молодежи,

привлечения их к успешной самореализации является дополнительное образование детей. Дополнительное образование - процесс воспитания и обучения, осуществляемый с целью удовлетворения всесторонних потребностей обучающихся и воспитанников (подпункт 39 статьи 1 Закона РК «Об образовании»).

Обладая открытостью, мобильностью и гибкостью, система дополнительного образования детей способна быстро и точно реагировать на «вызовы времени» в интересах ребенка, его семьи, общества, государства.

Ценность дополнительного образования детей состоит в том, что оно усиливает вариативную составляющую общего образования, помогает подросткам в профессиональном самоопределении, способствует реализации сил и знаний, которые дети получают в школе.

Дополнительное образование детей реализуется как во внешкольных организациях дополнительного образования детей, так и в школе, дошкольных организациях, колледжах и вузах, в организациях культуры, спорта, частных организациях за счет бюджетных средств и платных услуг.

Всесторонние потребности обучающихся в организациях образования, реализующих образовательные программы дополнительного образования детей, обеспечиваются по социально-педагогическому, научно-техническому, туристско-краеведческому, эколого-биологическому, художественно-эстетическому, музыкальному, военно-патриотическому, спортивно-оздоровительному и другим направлениям дополнительного образования детей.

Одним из достижений в создании условий для равного доступа всех детей, увеличении охвата детей внешкольной деятельностью стала норма о размещении госзаказа на дополнительное образование детей

Особенности дополнительного образования детей в 2022-2023 учебном году обусловлены необходимостью более тесной интеграции общего среднего и дополнительного образования.

Инновационный характер изменений содержания и технологий в современной школе в значительной степени может быть усилен за счёт дополнительного образования, характер которого предполагает свободу выбора видов деятельности, высокую мотивированность обучающихся, а, значит, и реальное творческое самовыражение личности.

Интеграция начального, основного, общего среднего образования и дополнительного образования детей позволяет сблизить процессы воспитания, обучения и развития, что является одной из наиболее сложных проблем современной педагогики. Необходимость развития данного направления основывается на идее сохранения единого образовательного пространства.

Таким образом, основное образование и дополнительное образование детей должны стать равноправными, взаимодополняющими друг друга компонентами и тем самым создать единое образовательное пространство, необходимое для полноценного личностного развития каждого ребенка. Этот подход становится возможным за счёт усиления интеграционных связей организаций разных типов и видов в выстраивании образовательных маршрутов учащихся в условиях образовательного пространства республики, области, города, посёлка, села, района.

С учётом возрастных, психологических особенностей учащихся на каждом этапе обучения меняются задачи дополнительного образования:  
начальная школа - расширение познавательных возможностей детей, диагностика уровня их общих и специальных способностей, создание условий для последующего выбора дополнительного образования;

основная школа - формирование теоретических знаний и практических навыков, раскрытие творческих способностей личности в избранной области деятельности;  
средняя школа - достижение повышенного уровня знаний, умений, навыков в избранной области, создание условий для самореализации, самоопределения личности, её профориентации.

Система дополнительного образования должна:

-отвечать потребностям детей различных возрастных категорий;

-помогать раскрывать личный потенциал, творческую жилку;  
-обеспечивать психологический и социальный комфорт учащихся;  
-побуждать к самостоятельному развитию навыков, воспитывать самодисциплину;  
-помогать реализовать потенциал общего образования в процессе углубления и практического применения знаний, которые были получены на уроках (функциональная грамотность).

Учебный год в блоке дополнительного образования начинается 15 сентября и заканчивается 25 мая.

Во время летних каникул образовательный процесс может продолжаться (если это предусмотрено образовательными программами) в форме походов, сборов, пленэров, экспедиций, лагерей разной направленности и др. Состав учащихся в этот период может быть переменным. При проведении многодневных походов разрешается увеличение нагрузки педагога.

Педагог самостоятелен в выборе системы оценок, периодичности и форм аттестации учащихся. В дополнительном образовании используются следующие формы аттестации: тесты, опросы, зачеты, собеседования, доклады, рефераты, олимпиады, смотры, конкурсы, выставки, конференции, концерты, публикации и др.

Необходимо проводить текущий контроль и регулярную коррекцию работы. Нужно определить отчетный период, по окончании которого собирать данные об учениках, посещаемости кружков и секций, успеваемости школьников. Все собранные данные анализируются и систематизируются.

В условиях реализации Национального проекта «Качественное образование «Образованная нация» работа учителей школы и педагогов дополнительного образования должна быть направлена на формирование человека образованного, обладающего развитыми лидерскими качествами, готового самостоятельно принимать решения в ситуации выбора, способного к сотрудничеству и межкультурному взаимодействию, обладающего чувством ответственности за судьбу своего народа.

Дамытушылығы: Көзбен елестетуге, ұқыптылыққа, әсемділікке тәрбиелеу. Живопись өнерінің пейзаж жанры туралы білімдерін тереңдету. Ағаштарды түрлі-түсті бояу арқылы бояп, шеберліктерін арттырып, табиғатты аялауға тәрбиелеу. Оқушылардың байқағыштық, есте сақтау

қабілеттерін дамыту.

**Тәрбиелігі:** Оқушыларды ұзақтылыққа дұрыс бейнелей білуге, эстетикалық қабылдауын, шығармашылыққа қабілеттерін арттыруға тәрбиелеу.

**Сабақтың әдісі:** сұрақ-жауап, практикалық жұмыс, жұмбақ шешу, венн диаграммасы, ойын.

**Сабақтың көрнекілігі:** Сабақтың тақырыбы, слайд, сурет үлгілері, сұрақ жасырылған конверт.

**Сабаққа қажетті құралдар:** холст, А3 формат, гуашь, акрил бояуы, қылқалам, қарындаш, т.б.

**Сабақтың барысы:**

**I. Ұйымдастыру бөлімі:** Оқушылармен амандасу, сабаққа дайындау, құрал-жабдықтарын дайындап, түгелдеу. Оқушылардың назарын жаңа сабаққа аудару.

**II. Жаңа сабаққа даярлық:**

Оқушылар біздің бүгінгі жаңа сабағымыз қыс көрінісі жайлы болмақ. Олай болса, қане бәріміз мына шыршаның қасында тұрған конвертке назар аударып, ішіндегі шартты оқып шығайық. Мұнда былай жазылған: «Жердегі жатқан ойыншықтарымен, жұмбақты шеше отырып шыршаны безендіру керек».

1. Шелек қалпақ басыңда, сәбіз екен танауы.

Қыста қардан туатын, тауып көрші сен оны. (Аққала)

2. Қолы менен қаламы жоқ, бірақ сурет салады көп. (Аяз)

3. Қоймасын қыс атқарып, жерді жапты ақ мамық. (Қар)

4. Зулап түсіп төменге, шықпас менсіз төбеге. (Шана)

5. Қыста шыны боп қатады, жылыда су боп жатады. (Мұз)

6. Әуеде ақ мамық қалбалақтап ұшады, қанаты талып жерді барып құшады. (Қар)

III. Жаңа сабақ.

Міне, оқушылар бәріміз жұмбақтың жауабын тауып, шыршаны безендірдік. Сонымен, балалар біздің бүгінгі тақырыбымыз Пейзаж «Қыс көрінісін бейнелеу» деп аталады.

**Пейзаж – табиғатты бейнелеу.** Пейзаж - француз сөзі, бұл қоршаған ортаны бейнелеу, табиғат көрінісін бейнелеу деген сөз. Пейзаж – қайсыбір жерлерде жай айнытпай бейнелей салу емес. Онда суретшінің сезімдері мен ойларын берудің үлкен мүмкіндіктері жатыр. Адам өмірімен салыстырып қарағанда табиғат өмірі мәңгілік сияқты болып көрінеді. Бұл торлаған аспан, теңіз толқындары, ормандар мен таулар жүздеген, мыңдаған жылдар бұрын қандай болса, сондай күйінде қалады. Бірақ, осы бір өзгермейтін табиғатты алуан дәуір суретшілері түрліше көріп, түрліше бейнелейді. Пейзаж негізінен табиғат көрінісіне арналаған бейнелеу өнерінің жеке бір жанры. Пейзажда құбылыс пен табиғат көрінісін, жарық пен әуені, кеңістікті бейнелеу - адамның табиғатқа қатынасы мен дүниетанымының, ой мен сезімінің сәтті көрініс беруіне тығыз байланысты.

«Композиция» латынның «ойлап шығару» немесе «құрастыру» деген сөзінен шыққан. Композиция суретшінің картинасын дұрыс әсерлі құруы, ондағы заттарды, кейіпкерлерді белгілі бір ретпен ыңғайластырып, орналастыру болып табылады. Зат бейнесінің орналасуын анықтау дегеніміз, мысалы қағаз бетіне дұрыс немесе жалпы нұсқасын қағаз бетіне дұрыс орындау, белгілі бір өлшемде ықшамдап түсіру. Композиция дегеніміз - латынның «Compositio», «ойлап табу», «құрастыру» деген сөзінен шыққан ұғым.

Композицияны бейнелеу өнеріне, кескіндеме, графикаға қатысты айтатын болсақ картинадағы айтайын деген ойды жеткізу үшін, жаңа ойды білдіретін көріністі айшықтап алып көрсете білу, көріністегі айтатын ойды аша түсу үшін, қосымша бейнелер беріледі, уақыт пен кеңістік көріністері жарық пен көлеңке мүмкіндіктері арқылы беріледі. Композицияның барлық заңдылықтары мен бейнелеу мүмкіндіктерінің негізгі идеялық түпкі ойға бағынуы - суретші туындысындағы ұғымның бүтіндігін, шығарманың айқындығын, идеялық мазмұндылығын, ондағы көркемдік шеберлікті байланыстырады. Композицияның маңызын ашатын мүмкіндіктер төртке бөлінеді: олар, ырғақ, композицияның сюжетті ортасы, симметрия және ассиметрия, басты тұлғаның екінші орынға орналасуы.

Табиғат көрінісін бейнелеуде ерекше көңіл аударып, жыл мезгіліне байланысты әр уақыттың өзінің ерекшеліктері болады. Мысалы: Қыс көрінісі далада күн суық, ағаштар ақ тон киіп мүлгіп тұр. Қыс кезінде ағаш бұтақтарына түскен қар немесе қырау оларды әдемі етіп көрсетеді. Қыста ағаштарды бейнелеу өте қызық әрі әдемі. Әр ағаш өзіндік ерекшеліктерімен көзге түседі. Бір ағаштың бұтақтары мың бұралған нәзік болса, енді бірінің бұтағы тік, әрі жуан, ал емен ағаштарының бұтақтары қисық болып келеді. Қыс кезінде ағаш бұтақтарына түскен қар немесе қырау оларды ерекше әдемі етіп көрсетеді.

Ағаш түрлерінің ерекшеліктерін қыс кезінде байқуға болады. Күн шығып тұрғанда қардың түсі анық, күлгін. Қардағы жарық түскен жерлер алтын түстес болып, түрлі түсті реңкке бөленеді. Пейзажды салу үшін біз ең алдымен перспектива заңдарына тоқталамыз. Перспектива-бейнелеу өнерінде кеңістіктегі нәрсенің біздің көру нүктемізден алыстаған сайын кішіреюіменен түсіндіріледі. Бұл табиғи заңдылық. Яғни, өзіміз күнделікті өмірде көріп жүрміз. Ал, бейнелеу кезінде өте ұқыптылықты қажет етеді. Үлкен жол алыстаған сайын жіңішке сызыққа айналады. Ағаштар алыстаған сайын ауа перспективасы көрінеді. Перспектива - сызықтық және ауалық деп бөлінеді. Сызықтық перспектива дегеніміз не? - Белгілі бір бұрышпен көкжиек сызығына қарай бағытталған параллель сызықтар бір нүктеге барып қосылады. Ауалық перспектива дегеніміз не? Көрушіге жақын орналасқан заттардың түстері ашық, айқын, ал алыстағылардың түстері солғын түрінде қабылданады. Мысалы: алыстағы таулар көгілдір немесе күлгін болып келеді. Көкжиек сызығы көзіміздің деңгейіне дейін көрінетін жердің жиегін көкжиек сызығы немесе горизонт сызығы дейді. Ол сызық аспанды жерден, судан бөліп тұрады. Нүкте қандай сызық сурет болмасын, қағаз бетіне түскенде нүктеден басталады. Мысалы: өзен ағып жатыр дейік. Сол кездегі бергі жағы толық көрініп, арғы беті нүкте болып қалады. Міне, өйтіп өзеннің ағуы нүктеден басталады. Бейнелеу өнерінің барлық жанрында да композиция басты роль атқарады. Себебі, біз суретті әдемі етіп бейнелеп, әдемі бояу түстерін бергенімізбен, картинадағы үйлестіру орталығы дұрыс болмаған жағдайда суретіміз дұрыс болмайды. Себебі, суреттің үйлестіру орталығы, компоновка дұрыс болу керек. Адам, тұтастай алғанда, ұлт өз бақытының ең биігін Тәуелсіздігінен көреді. Өзінің еркін ел, тәуелсіз мемлекет екенін сол арқылы дәлелдейді.

Осыған жеткен біз, әрине бақыттымыз. Жандүниеміздегі жаңғырып жатқан жасампаздықтың рухани қуатымен өркениетті өмірге бет алып бара жатырмыз. Ең басты мұраты - Тәуелсіздікке жеткен елдің ең басты сенімі - ертеңі. Өмірде болып жататын қат-қабат, қилы-қилы табиғи құбылыстардың қай-қайсысында да сол сенім арқылы абыроймен алға баса береміз. Биылғы 2021 жыл еліміздің Тәуелсіздігіне 30 жыл толады. Бұл біздің ата-бабамыз армандаған маңызды күн. Осы мерекеге орай жасырылған сұрақтарға жауап беру арқылы «Ғажайып ғимараттар» ойынын ойнасақ.

Жұмыс барысында сергіту сәті: «Ғажайып ғимараттар» ойыны.

**Шарты:** 6 түрлі ғимараттың артында сұрақ жасырылған, оқушы ғимаратты өзі таңдап алып, формат бетіне жапсырып, Тәуелсіздік күніне орай сурет шығарады.

1. Қыста қандай өзгерістер болады?
2. Қар ханшайымына киімнің қандай түсі қауіпті?
3. Жаңа жылда пайда болатын дорба, қай адамның дорбасы?
4. «Ақ киімді денелі, ақ сақалды. Соқыр мылқау танымас тірі жанды», - деген өлең шумағы кімнің шығармасы?
5. Қыс несімен ерекшеленеді?
6. Қыс мезгілін бейнелеу үшін қандай бояуларды көбірек пайдаланамыз?

Практикалық бөлім: Оқушылар бүгінгі жаңа сабақ түсінікті болса, бәріміз форматымызды алып, бейнелеуге кірісейік. Ол үшін, ең алдымен көмекші сызықтар арқылы ағаштарымызды белгілеп алып бейнелейміз. Көмекші сызықтар бізге суретіміздің дәл әрі нақты етіп көрсетуге керек болады.

Қағаз бетіне бейнені орналастыру, орнын белгілеу, көру нүктесін таңдау үйлесімділіктің бастапқы негізі болып табылады. Нұсқаның жеке бөліктері бір-бірімен байланысты болғанда ғана үйлесімділік шешім дұрыс болады. Композициядағы басты нәрсе: Пішіні, Өлшемі, Түсі, Орналастыру көмегі айқын болу керек.

Қыс табиғатын елестете отырып, ағаштарды ұқсатып, дұрыс бейнелеуді үйренейік. Форматымызды тігінен-көлденең қойып беттің 3/4 бөлігін қыстағы түнгі аспанның түсімен бояймыз да, төмендеген сайын ақшылдатамыз. Бояу кепкен соң тоғайды саламыз. Боялған бетке белгіленген жерге қылқаламның ұшымен ағашты діңінен бастап саламыз. Ағашты бейнелегенде бірнеше түсті араластырып барып салады. Ағашты салған кезде қылқаламды тік ұстап тұрып, төмендеген сайын астыға қарай салмақты түсіріп, жуандату арқылы ағаштың діңін саламыз. Бұтақтарды салғанда тура осы әдіс қайталанады, бірақ ол

көлбеу және кішірек салынады. Ағашты салып болғаннан кейін қылқаламның ұшымен жапалақтап жауып тұрған қарды саламыз.

Тапсырма: «Ватмандағы саяхат»

- Оқушылар, кішкене қолымызды демалтып, ойын ойнап, бойымызды жазып алайық. Ойынға ватман мен бояулар керек. Бұл ойынды топпен немесе жеке баламен ойнауға болады. Менің ұсынысым: «Біз бүгін ватманға саяхатқа шығамыз. Әрқайсымыз кезекпен ватманға жақындап суреттер саламыз. Ойынның талабы қылқаламды немесе маркерді ватманнан үзбей отырып сурет салу. Егер маркерді ватманнан үзсеңіз онда басқасы келіп, өз суретін сала бастайды. Берілетіні 10 сек қана. Әртүрлі сызықтарды салуға, түрлі-түсті бояуларды қолдануға рұқсат»

Сабақты қорытындылау: Оқушылар салған жұмыстарын ортаға салып, қателіктеріне қарап, келесіде қателеспегуге үйрету.

Білемін: Пейзаж деген не екендігін. Қыс мезгілінің қызықтарын.

Үйрендім: Пейзаж «Қыс көрінісін» кезең бойынша жазықтық бетінде бейнелеуді немесе суреттеуді. Әр түрлі түстерді пайдалануды.

Білгім келеді: Жыл мезгілдерінің басқа техникамен салыну жолдарын.

Венн диаграммасы: жақсы жағы жаман жағы

Бағалау: Балалар, қазір біз сендермен өзімізді бағалаймыз. Әр бала өзі сабаққа қалай қатысқаны туралы айтып мына суреттерді көрсетеді.

Күн – сабаққа жақсы қатысып отырдым

Бұлт – оңша қатыспадым

Жұлдыз – мүлдем қатысқан жоқпын.

## ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА БАЛАЛАРДЫҢ ДАРЫНДЫЛЫҒЫН ДИАГНОСТИКАЛАУ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ



Ердаулет Гульнар  
Ақтөбе қаласы  
«Шығармашылық Академиясы» МКҚК  
педагог -психологі

Бүкіл бір халықтың ұстазы ұлы Абай өзінің кара сөзінде «бала өмірге келгендегі қабілеттері әрі қарай дамытуды, шыңдауға қажет ететінін, сонда ғана олар пайдаға асатынын жазған. Ал, назардан тыс қалған қабілеттер бара- бара жойылып, жоқ болатынын айтқан». Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңына сәйкес «Әр баланың жеке қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы, жеке адамның дарындылығын, талантын, қабілетін дамыту» сияқты өзекті мәселелер өткізіліп отырғаны белгілі. Өйткені ғылым мен техниканы, өндірісті әлемдік деңгейде дамыту үшін елімізге шығармашылықпен жұмыс жасайтын білімді, жоғары дайындығы бар білікті маман қажет.

Дарындылық - қабілеттердің жоғары деңгейі. Дарындылық- ағыл- тегіл ақылдылық. Дарын- зеректілігімен, қабілеттілігімен дамып отыратын үздіксіз үрдіс. Дарындылық- адамның белгілі бір істі орындауға бейімділігі мен ыңғайлығын білдіретін дарындылық қасиет, психологиялық ерекшелік. Дарынды балаларды зерттеудегі ерекше орын алатын Н.С.Лейтестің еңбегін атап өтуге болады. Бала бойындағы дарындылық сияқты ерекше қасиетті зерттеген Н.С.Лейтес қабілеттілікке «іс-әрекеттің белгілі бір түрінде жетістіктерге жеткізетін психологиялық қасиет» - деген анықтама береді. Ақыл-ой қабілетінің алғы шарты

белсенділік және өзін-өзі реттеу деген қорытынды жасайды. Балалар дарындылығының дамуының психологиялық ерекшелігін зерттеу мәселесіне негіз берген ғалымдардың бірі, олар: А.В.Брушлинский, Я.А.Пономарев, Н.С.Лейтес, В.А. Крутецкий, В.Д.Небылицин, Е.Е.Кравцова, О.М.Дьяченко, В.Т.Кудрявцев, А.А.Нурагунова ж.т.б.

Дарындылық феномені қатынасындағы Ресей мен Қазақстан ғалым психолог-педагогтерінің көзқарастары келесі анықтамаға әкеледі:

«Дарындылық- адамға іс-әрекетінің бір немесе бірнеше түрлерінде басқа адамдармен салыстырғанда жоғары нәтижелерге жету мүмкіндігін анықтайтын, өмір бойы дамиды психиканың жүйелі сапасы»- дейді. Бұл көзқарастардың барлығы кейбір өзгешеліктерге қарамастан, бұл феноменнің негізінде қабілеттер жақындығында түйіседі. Қазіргі уақытта көптеген психологтар дарындылықтың дамуының сипатын көрсетеді, сапалы әртүрлілігі, деңгейі- бұл тұқымқуалаушылық және баланың іс-әрекетінің қатысымен әлеуметтік орта арасындағы күрделі әрекеттесуінің нәтижесі екендігін мойындайды.

Барлық қабілеттің дамуын қамтамасыз ететін ең негізгі фактор- іс- әрекет, олай болса балалардың негізгі іс-әрекеті- ойын әрекетін белсендіре отырып, шығармашылық қабілетін дамытуға болатындығы дәлелдене түседі. Баланың айнала қоршаған ортамен өзара әрекеттесуі көбінесе өзі үлгі тұтатын педагогтері мен ата-аналары болғандықтан, ересектердің бала қабілетінің дамуына әсері де ұшан- теңіз.

Дамудың жас кезеңдері барысында, әсіресе соның ішінде - жалпы қабілеттің алғышарттарының әртүрлі жақтары- әрбір балалық шақта- өзіне тән нақты жақтары болғандығына негіздеме болады. «Жалпы қабілеттің қалыптасуы үшін, тек ақыл- ой деңгейі ғана емес, сондай- ақ оқу- тәрбиелік әсердің де, жас кезеңдерінде де мәні зор», - деп көрсетеді Н.С.Лейтес.

Шығармашылығы жоғары, дарынды балаларға білім беруді, әр ғылымның бүгінгі даму дәрежесіне сәйкес жүргізу, бір жағынан қоғамға талантты мамандар даярлау тиімді болса, екінші жағынан, ерекше қабілетті балалардың жеке өзіндік интеллектуалдық дамуын қанағаттандыруды қамтамасыз етеді.

Ерекше зейінділік, күрделі де терең ақыл- ой жұмысына әрқашанда әзір тұру, еңбекке ұмтылудың табандылыққа ұласуы, демалыспен есептеспей, қажымай талмай еңбек ету- дарынды балалардың басты ерекшеліктері. Оларды баулып, қамқорлыққа алу баршамызға ортақ міндет. Өйткені таланттар қай кезде де, қандай қоғамның болса да іздесе таптырмайтын ұлттық рухани байлығы екендігі баршамызға мәлім. Дарынды балаларды анықтау, оқыту және қолдау, жетілдіру үшін қазіргі психологиялық-педагогикалық технологиялар, тиімді білім беру ортасын құру, осы категориядағы оқушыларға арнап бағдарламаларды төл тілімізде көптеп жасап шығару, әрі оны қосымша білім беру ұйымдарында қолданылу өзектілігі артып отыр.

Дарынды балалар мектеп бағдарламасын жылдам меңгереді. Зеректік, байқағыштық қасиеттері жоғары болады. Олардың көпшілігі өз уақыттарын шығармашылық жұмыстарға арнайды. Дарын өкілдерінің қуат-қабілетінің шарықтайтын шегі болады. Мұндайда олардың санасы барынша өткірленіп, мейлінше айқындалады, бақылампаздығы онан сайын арта түседі.

Дарынды балалармен жұмыс істеуде төмендегідей кезеңдерді жүзеге асырған абзал болып табылады:

1. Бала бойындағы қабілеттерді бақылау. Жалпы, дарындылықты анықтау, дамыту аса шеберлікті қажет етеді. Бақылауда асығыстық жасауға болмайды. Зерттелетін объектіні айқын белгілеу үшін белгілі педагогикалық –психологиялық әдістер қолданылады. Қай әдісті алсақ та бала табиғатын толық ашатындай болсын. Баланың табиғатын ұқпаған кісі, оны қанша әурелентенімен еш нәтиже шығара алмайды. Яғни, педагог үшін бала жанын түсіну үлкен өнер, ол дәрігердің адам денесін, ұстаның ағаш және темірді білгеніндей өте қажет.

2. Білім алушыны алдымен қабілетіне қарап топтан шартты түрде даралаймыз. Бұл даралауда құпиялық сақталады. Дарынды баланың топта тапсырмаларды орындауға белсенділігі, ұшқыр жауаптары, жаңа білімді жылдам меңгеруі, тапсырмаларды орындаудағы тиянақтылық, қайталау сұрақтарына мүдірмеу, т.с.с. есепке алынады. Зерттеу

жүйелі жүргізуді талап етеді.

3. Білім алушының потенциалдық мүмкіндіктерін анықтау.

4. Баланың таным процестерінің даму ерекшелігін де қарастыру, жан-жақты зерттеу. Олар: зейін, ойлау, қабылдау, есте сақтау, қиял, сөз. Сонымен бірге баланың жеке-дара ерекшеліктерін де қарастыру: темперамент, эмоционалдық жай- күйі.

5. Пікіріндегі дәлдік, толықтылық, жүйелілік. Сұраққа жауап беруінде немесе әңгімелесу кезінде әрбір сөйлемге мән беруі, орынды пайдалануы. Балалық шақтағы анықталған қабілеттері адамның болашақта жетістікке жетуіне толық негіз бола бермейді. Олар біртіндеп немесе тез арада жойылуы мүмкін немесе өркендеп дамуы мүмкін. Бұл жағдайды практикалық жұмысты ұйымдастыруда есепке алу өте маңызды.

Дарынды балаларды анықтау – баланың дамуын талдаумен байланысты ұзақ үдеріс. Дарындылықты қандай да бір әдіспен анықтау мүмкін емес (мысалы, сынақтан өткізу). Дарынды баланы тәрбие беру мен оқыту барысында біртіндеп, сатылап анықтау қажет. Баланың дарындылығын бағалағанда қателесу ықтималдылығын барынша төмендету қажет, өйткені ғалымдардың өзі дарындылық атты таңқаларлық құбылысқа тән белгілер күрделі, сан қырлы және көп деңгейлі болғандықтан нақты анықтама бере алмай отыр. Балалар бойындағы дарындылықты анықтау – ұлттық маңызды мүдделердің бірі. Дәл қазіргі уақытта баланы дарынды және дарыны жоқ бала деп бөле отырып, біз баланың келешек өміріне жасанды түрде қол сұғып отырмыз. Өйткені, баланың бойындағы қайталанбас ерекшелігі өсе келе баланың шын мәнінде талантты болатынына кепілдік бола алмайды.

Дарынды балаларды анықтау – арнайы бағдарлама мен білікті мамандардың қатысуын қажет ететін өте күрделі мәселе және дарынды балалармен жұмыс істеудегі қажетті кезең болып табылады. Жасырын дарыны бар балалар өз қабілеттерін ашық көрсете алмайды (түрлі психологиялық кедергілерге байланысты). Бірақ сәйкес ынталандыру шараларынан кейін (ойындар, байқаулар, жетістікке жететініне сендіру және т.б.) мұндай балалар өз қабілеттерін көрсете бастайды (белгілі бір оқу пәні, тәжірибе жұмыстарында, спорт және т.б.). Көп жағдайда (психофизиологиялық, арнайы сипаттағы себептерге байланысты) дарындылық кеш байқалуы мүмкін. Демек, орта деңгейлі дарынды білім алушылар түрлі сипатта болады, бұл балаларда жасырын мүмкіндіктер көп болады.

Жүсіпбек Аймауытовтың пікірінше, адам өмірге өзіндік табиғи қасиеттерімен, қабілеттерімен келеді. Ал баланың бойындағы туа біткен қасиеттерді дамытатын-оқыту мен тәрбие. «Неғұрлым баланың қабілеті мен талантын дамытуға ертерек көңіл бөлінсе, соғұрлым оны толық ашуға мүмкіндік туады. Бала бойындағы ерекше қасиеттерді оған жақын жасы үлкендер дұрыс, жеткілікті бағаламаса, оның «өзгелер сияқты» болып қалып қоюы мүмкін» дейді ғалымдар. Осы себепті де әр жерде оқта- текте кездесіп қалатын дарынды балаларды ұстаздық қамқорлықпен көре біліп, оны арнаулы оқу орындарында тәрбиелеу, баланың өміріне жол ашу үлкен жауапкершілікті қажет ететін іс деген түйінге келмекпіз.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Бекжанова М.Б. Дарынды балалармен жұмыс – заман талабы // Қазақстан орта мектебі, 2009.

2. Г.К. Айкинбаева. «Қосымша білім беру ұйымдарында балалардың дарындылығын диагностикалау және дамыту» (әдістемелік нұсқаулар) – «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК– Астана, 2014 ж.

3. Қоңырбаева К. Дарынды балаларды оқыту мәселелері: Дарынды, талантты балаларды оқыту мәселелері жайында/ Қоңырбаева К. // Қазақстан мектебі.- 2000.

4. Лейтес Н.С. Способность и одаренность в детские годы. Москва 1984г.

5. Матюшкин А.М, Сиск Д.А. Одаренные и талантливые дети. «Вопросы психологии», Москва, №4, 1988. 56. Матюшкин А.М. Концепция творческой одаренности. Москва. 6,1989.

6. Төлеубекова Р.К. «Ұлттық тәрбие және оның философиясы» \ Педагогика және Психология журналы №1, 2009

## «КӨКТЕМ КӨРІНІСІН БЕЙНЕЛЕУ» ПЕЙЗАЖ



### «Шалқар аудандық көркемсурет лицейі» МКҚК композиция және мүсін пәні мұғалім Тұрмағамбетова Кәмшат Амантайқызы

Сабақтың мақсаты:

Білімділік: Оқушыларға көктем мезгілінің көрінісін дұрыс бейнелеуге, бояу түстерін үйлестіріп әр бояудың түстерін ажырата білуге үйрету. Сурет салудың заңдылықтарын меңгерту.

Дамытушылық: Табиғат құбылыстарын бейнелеуде алуан құбылыстарды меңгеруге дағдыландыру. Оқушылардың байқағыштық, есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Тәрбиелік: Эстетикалық тәрбие беру, табиғат көрінісін бейнелеу арқылы өз елінің табиғатын сүйуге, құрметтеуге тәрбиелеу.

Сабақ түрі: аралас сабақ.

Сабақ типі: жаңа сабақты меңгерту.

Сабақ әдісі: түсіндіру, сұрақ-жауап, үйрету, практикалық жұмыс.

Сабақ көрнекілігі: көктем көрінісінің 4 кезеңі, көктем туралы суреттер.

Сабақ барысы:

#### I. Ұйымдастыру.

а) Оқушылармен амандасу,

ә) Оқушыларды түгендеу, құралдарын тексеру,

б) Оқушылардың назарын сабаққа аудару.

-Өткен сабақта қандай тақырыпқа сурет салғанымызды кім айтады?

-«Ұлттық мереке -Наурыз» тақырыбына композициялық жұмыс орындадық.

- Көктем деп отырғанымыз жылдың төрт мезгілінің бірі.

-жылдың төрт мезгілін ата.

-көктем, жаз, күз, қыс.

- Біздің бүгінгі жаңа сабағымыздың тақырыбы: «Көктемді қарсы алайық. Көктем гүлдерін бейнелеу».

-Ал, осы мезгілдерді, табиғат көріністерін суретшілердің бейнелеуін «Пейзаж» деп атайды екенбіз.

Пейзаж- табиғатты бейнелеу. Пейзаж- француз сөзі, бұл қоршаған ортаны, табиғат көрінісін бейнелеу деген сөз. Табиғат көрінісін бейнелеуде ерекше көңіл аударып, жыл мезгіліне байланысты әр уақыттың өзінің ерекшеліктеріне көңіл аударылады. Біз өткен тоқсанда «Қысқы пейзаж» тақырыбына да композициялық жұмыс орындағанбыз.

Ал, композиция дегеніміз не?

Композиция дегеніміз- Көркем шығарма бөліктерінің орналасуы және олардың бірлігі. Кез-келген суретті салу композициядан басталады.

Суретші айтпақ ойын әсерлі көрсету үшін көркем шығармада бейнелейтін кейіпкерлер мен қоршаған ортадағы нәрселерді белгілі бір тәртіппен орналастыруға көңіл бөледі. Үйлестіру заңдылығы деп осындай айрықша тәсілді атауға болады. Үйлестіру заңдылығының бейнелеу өнерінде атқаратын маңызы зор.

III. Жаңа сабақ.

- Олай болса бүгінгі сабағымыз «Көктемді қарсы алайық. Көктем гүлдерін бейнелеу» Оның 4 кезеңімен таныстырайын.

1- кезең: Сурет салуға кіріскенде ең алдымен форматты қалай орналастырған дұрыс екенін тігінен немесе көлденең, суреттің үлкендігі қандай болу керектігін ескереміз. Көкжиек сызығын кез- келген биіктікте белгілеуге болады. Қосымша сызықтар арқылы көкжиек және қыратты бейнелейміз. Көкжиектің жоғарғы жағы аспан, ал қыраттың төменгі бөлігі жазықтық жер беті болады.

2- кезең: Қыратта және жазықтықта орналасқан талды бейнелейміз. Жазықтықта орналасқан тал, бәйшешек, торғайымыз алдыңғы план болғандықтан ол анық, үлкен болып көрінеді, ал қыратта тұрған талымыз перспектива заңдылығына сәйкес алыстаған

сайын кішірейік көрінеді. Перспектива латынның сөзінен аударғанда «арғы бергі жақты айқын көру» деген мағынаны білдіреді.

3-кезең: Түстік шешімін табу. Жұмыс сапасына түстерді сауатты түрде қолдана білгенде ған әдемі суретке қол жеткізе аламыз. Көктем кезінде ағаш бұтақтарына түскен бүршік немесе жапырақтар оларды ерекше әдемі етіп көрсетеді. Ағаш түрлерінің ерекшеліктерін көктем кезінде байқауға болады. Күн шығып тұрғанда жердің беткі түсі анық, күлгін. Қырдағы жарық түскен жерлер жасыл түстес болып, түрлі- түсті реңкке бөлінеді.

4- кезең: жұмысты толық аяқтау.

-барлығымыз форматты тігінен қойып, жай карандашпен жұмысымызды бастаймыз.

IV. Көрнекілікпен жұмыс

-Менің оң жағымда өздерің сияқты оқушылардың көктем көрінісін бейнелеген жұмыстары.

-көктем мезгілі сендерге несімен қызық.

-Түрлі ойындарымен, асық, доп т.б. түрлі спорттық ойындар далада ойналады

Сонымен бірге қазақ, орыс суретшілерінің шығармаларымен танысып өтейік.

Мысалы: Ә. Қастеевтің «Көктем жаршысы», Молдахмет Кенебаевтың «Көктем», Р.Құлбатыровтың пейзаждық жанрға орындалған туындысы, орыс суретшісі И. Шишкиннің «Көктем көрінісі» туындыларын айтуға болады.

Сонымен қатар көктем көрінісінің келбетін, табиғаттың сұлулығын тек суретшілер суретпен ғана емес ақын-жазушылар да өлең, ән, жыр күйінде жеткізе білген. Соның бірі жылдың төрт тегіліне Абай атамыздың арнаған өлеңі бар екен.

Автор туралы мағлұмат. Абай Құнанбаев Ұлы ақын, ағартушы, философ. Ол Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданында Шыңғыс тауының бауырында дүниеге келген. Әжесі Зеренің бауырында өскен. Өте ақылды, зерек бала болған. Кейін ол Семей қаласында 3 жылдық медресе тәрбиесін алады. Абайдың көптеген шығармалары бар. Ол өз шығармаларында жастарды өнер-білімге, адал еңбек етуге, халыққа пайда келтіруге үндейді.

Жазғытұры қалмайды қыстың сызы,

Масатыдай құлпырар жердің жүзі.

Жан-жануар, адамзат анталаса,

Ата-анадай елжірер күннің көзі.

Жаздың көркі енеді жыл құсымен,

Жайраңдасып жас күлер құрбысымен.

Көрден жаңа тұрғандай кемпір мен шал,

Жалбаңдасар өзінің тұрғысымен.

Бәйшешек гүлі туралы мағлұмат.

Ү. Сергіту сәті.

Психологиялық тренинг.

ҮІІ. Қорытындылау.

Көктем айлары	Қанша күннен тұрады?	Мерекелік күндерді жаз	Әр айдан не күтесің?
Наурыз			
Сәуір			
Мамыр			

ҮІІІ. Бағалау.

Сабаққа жақсы, белсенді қатысқан оқушыларды атап айтып, жақсы салынған суреттерді көрсетіп, мадақтау арқылы бағалау.

**МӘРТЕБЕЛІ МАМАНДЫҒЫМ ЖАҰЫНДА...**

**Ақтөбе қаласы, Қазанғап атындағы балалар  
өнер мектебінің журналистика  
класының оқытушысы  
Тоқжанова Гүлнафис Сағындыққызы**

Кез-келген саналы адам өмірінің белгілі бір белесінде тоқтап, артына қарайлап, істеген ісін саралап, өткен өміріне көз жүгіртері анық. Одан кейін ол істеген істеріндегі азды-көпті қателігін жөндеп, кем-кетігін толықтырып, бұдан да жаңа өмірге қадам басу үшін жаңа мақсаттар қойып, алдыға ұмтылады. Ол адамды бұрыннан да биікке жетелейді, санасы жаңғырады, ойында тың мақсаттар, биік идеялар оянып, болашаққа одан да жарқын көңілмен аяқ басады.

Сол сияқты әр қоғамның да, мемлекеттің де жүріп өткен жолын саралап, өткенін екшеп, болашағын бағдарлап отыратыны белгілі. Осынау мақсаттарды жүзеге асыру жолында 2018 жылы Ақтөбе қаласындағы Қазанғап атындағы балалар өнер мектебінде журналистика саласы бойынша қызметке орналастым. Сол жылдары аталмыш класс бойынша 20 оқушымен алғашқы қызметімді бастаған болатынмын. Ал, бүгінгі күні оқушы саны 61-ге жетіп отыр. Олар киелі өнер ордасынан төрт жылдық білім алып шығады. Бұл дегеніміз жас ұрпақтың журналистика саласына деген қызығушылығының жоғары екендігін көрсетеді. Тіпті, кез-келген мамандықты меңгеруде әр адам ішкі рухани байлығын алдыңғы орынға қоюы тиіс. Руханиятты бәрінен биік қойып, алға ұмтылуға қадам басқанда ғана белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге болады. Осы орайда аталмыш төрт жылға жуық уақыт аралығында өскелең ұрпаққа білім берумен ғана шектелмей, олардың ішкі рухани байлықтарының өсуіне де себепкер болдым. Балаға үйретумен қатар, өзім де іштей рухани жаңғыра бастадым. Сабақ барысындағы әрбір жайтқа сын көзбен қарау және терең толғану мені шәкірттерімді биік белестерден көруге ұмтылдырды.

Осы орайда түрлі ізгі шаралар өткізумен қатар қалалық, республикалық, халықаралық байқауларға шәкірт дайындап, бәйгеге қостым. Әр шәкірттің бойындағы ұлттық-патриоттық сезімдерді оята отыра, осы бағытта көптеген шаралар атқарылды. Атап айтар болсам, үстіміздегі жылдың он сегізінші наурызында «Игі істер күні» мерекесіне орай мектепшілік қайырымдылық жәрмеңкесін өткіздік. Бұл күні әр адам өз мүмкіндігінше бір жақсы игі іс жасауы керек. Соған орай қайырымдылық жәрмеңкесінен түскен қаражатты мұқтаж жандардың қажеттіліктеріне жараттық. Айтпағым, осындай мәдени іс-шаралар біздің оқу орнымызда үнемі дерлік өтіп отырады. Әсіресе, өзім қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ берсем де, әр сабақ сайын тек теориялық мәлімет беріп қана қоймай, бала бойындағы ұлтжандылық, мейірімділік қасиетін оятуға күш салып, тәрбие бағытын қоса сiңiртуге тырысамын. Себебі әр бала- біздің болашағымыз, еліміздің ертеңгі тіректері.

«Әрбір бала-жарық жұлдыз, Жарқырауына жәрдем ет» деп, әйгілі ғұлама Жүсіп Хас Хаджип Баласағұнның сонау ғасырларда айтқан сөзі әлі күнге дейін өз маңызын жойған жоқ. Сол бағытта атқарылған іс-шаралардың маңыздылығы да осында.

Сонымен қатар 2021 жылы оқушым Құдайберген Аяулым Республикалық балалар мен жасөспірімдерге арналған «Ұлан» газетінің «Жас тілшісі» қуәлігінің иегері атанды;

- 2022 жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты бағдарламалық мақаласын білім алушылар арасында кеңінен насихаттау мақсатында өткен «ҚР ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ -АЛТЫН КІТАБЫ» атты республикалық байқауына Бүркіт Нұрсұлтан, Қайырханова Мерей, Төрежан Анеля сынды оқушыларым өз мақалаларын ұсынып, жүлделі I орынды иеленді. Оған қоса, оқушылардың жұмыстары баспа бетінде жарық көріп, ҚР дарынды оқушыларының «Алтын төсбелгішесімен» марапатталды. Адам баласы мақсатқа санасы ісінен озық

болғанда ғана жетеді. Елбасы атап көрсеткен «тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың» бағыттарын біз де үнемі қолданамыз. Қай кезде де біздің бабаларымыздың мақсаты- артына өнегелі, ибалы, саналы ұрпақ қалдыру болған. Мәселен, бірінші бағытта бәсекелестік қабілет туралы айтылады. Біздің білім беру орнында да аталмыш бағытпен оқушы даярлау жұмысы қарқынды дамуда. Себебі мектеп қабырғасында оқушыларды жақсы жаққа тәрбиелеудің маңызы зор. Мектепте берілетін білімнің нәтижесі ұшан-теңіз, үлкен идеологиялық құрал деуге болады. Себебі баланың жаны ақ парақ іспетті. Соған не жазылса, бала соны қабылдайды. ХХІ ғасырдың барлық талаптарына сай, заманауи біліммен қаруланған, өнер мен білімді ұштастырған бәсекеге қабілетті жастарымыздың қатарын көбейту біздің борышымыз. Біздің басты мақсатымыз да- әр балаға сапалы білім беру.

Әр сабақ сайын жаңаша ізденіп, түрлі тәсілдер арқылы сабағымды қызғылықты етіп өткізуге тырысамын. Журналистика саласы арқылы әр қазақ баласының өз тілін ұмытпауға, оны қастерлеуге жұмыстанудамын. Себебі, білім беруде тәрбиені қоса сiңiрудi әрбiр ұстаз өзiне мақсат етедi. Ұлтты сүйетiн, рухани байлығы мол, заманауи бiлiммен қаруланған жастарды дайындап шықсақ, Елбасының жазған мақаласының үдесiнен шығарымыз анық. Осы жолда барлық бiлiктiлiгiмдi салып, бiлiм берудемiн. Болашақта тәрбиелеген шәкірттеріміз жан-жақты білімді, тәрбиелі, заманауи, бастысы бәсекеге қабілетті маман болып шығатынына сенімім кәміл.



## «ОҰЛАН, ТАП!» ЖАРЫСЫ



Далахова Гульжан Кавидуллаевна  
Ақтөбе облысы, Хромтау қаласы  
«Мектептен тыс білім беру орталығы» МҚКК  
робототехника үйірмесінің жетекшісі

Мақсаты: Оқушылардың ой-санасын, логикалық ойлау қабілеттерін дамытып, алған білімдерін тиянақтау. Ұйымшылдыққа, өзінділікке, ізгілікке, ептілікке, оқушылар арасындағы жақсы қарым-қатынасқа тәрбиелеу.

Жарыстың барысы:

I. Ұйымдастыру:

- оқушылармен амандасу.
  - сайысқа дайындығын тексеру.
  - оқушыларды 2 топқа бөлу.
- «Ойшылдар» және «Тапқырлар»

II. Негізгі бөлім

Сайыстың кезеңдері (сайыс фигуралармен бағаланады)

I. Фигураларды жинау (тапсырма)

Шарты: Топтарға слайдта компьютердің құрылғыларының суреттері көрсетіледі, көрсетілген суретті қазақ, орыс, ағылшын тілінде атап айту керек.

1. Жүйелік блок, Системный блок, System unit.
2. Монитор, Монитор, Screen.
3. Құлақшын, Наушник, Headphones.
4. Камера, камера, chamber.
5. Мәтіндік, Сканер, Scanner.
6. Тінтуір, Мышка, Mouse.
7. Пернетақта, Клавиатура, Keyboard.
8. Басып шығарғыш, принтер, printer.

II. Жұмбақ.

1. Төртбұрышты әйнек,  
Тұнып тұрған әлек. (монитор)

2. Ұзынтұра Жалқаубек,  
Тұрмай ылғи жатады.  
Қозғала қалса артынан,  
Ешбір белгі қалмайды. (бос орынпернесі)
3. Бұтақ орнында мың бір инесі,

Компьютер жаны мекені (кактус)

4. Тетігін бассаң алаңсыз,  
Жазады қалам, қағазсыз (пернетақта)
5. Батырмасын басасың

Қажетті файлды ашасың (тышқан)

6. Жоқ өзінде бас та, қас та, мойын да,  
Ұзындығы жазулы тұр бойында. (сызғыш)
7. Қабат-қабат қаттама

Ақылың болса аттама. (кітап)

8. Жақтаулар арқылы шектеледі  
Бейне бете төртбұрыш болып бейнеленеді. (терезе)

III. Жасырын хат.

Шарты: Геометриялық фигуралардан «Үй» және «Автобус» жасау керек.

V. Ребусшешу.



АЛГОРИТМ

ПЕРНЕТАҚТА



VI. Қорытынды.

Жарыс соңында алған фигураларын санап, құттықтап және марапаттау.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жаңа информациялық технологиялар
2. Информатика - Kitar.kz
3. Мектеп оқулықтары



## «ҚОЛӨНЕР ЕЛІНЕ САЯХАТ»



**Жулдыбаева Салтанат Успановна**  
Ақтөбе облысы, Хромтау қаласы  
«Мектептен тыс білім беру орталығы» МКҚК  
қолөнер үйірмесінің жетекшісі

**Сабақтың мақсаты:** Білімділік: оқушыларға қолөнер туралы түсінік беру. Дамытушылық: олардың өнерге қызығушылығын арттыру.

**Тәрбиелік:** ұлттық қолөнерді құрметтеуге, бағалауға тәрбиелеу.

Сабақ түрі: аралас сабақ

**Көрнекіліктері:** қолөнер бұйымдары, оюлар түрлері, аялдамалар аттары (слайд), кітаптар, суреттер мен үлгілер. Қажетті құрал-жабдықтар: желім, карандаштар, түсті қағаздар, қайшы т.б.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру бөлімі

II. Негізгі бөлім

а/ қауіпсіздік ережелерін қайталау

ә/ аялдамалар

1. Оюлар аялдамасы

Білімдерін тексеру

• Қолөнер дегеніміз не?

• Оюлар дегеніміз не?

• Оюларды бұйымдарға не үшін салады?

Қазақ халқының қолөнері деп халық тұрмысында жиі қолданылатын өру, тоқу, мүсіндеу, құрастыру, бейнелеу сияқты өнер жиынтығын айтады. Ою-өрнек деген латынның әсемдеу, сәндеу деген сөзінен шыққан. Ою-өрнек үйлесімділікпен бір қалыпқа түскен элементтерден тұратын нақыштар, әр түрлі заттарды сәндеу үшін қолданылады. Қазақ ұлттық ою-өрнектерін кез келген қолданбалы өнерде кездестіруге болады. Мысалы, зергерлік бұйымдарда, ағаш ұқсатуда, киіз үй жабдықтарында, ұлттық киімдерде кездеседі.

Халықтың қолөнері мен ою-өрнек шығармашылығын ғылыми негізде арнайы жекелеп зерттеу ісі басталғалы 100 жылдан астам уақыт өтті. Бұл іс ең алдымен біздің отанымыздың ғалымдары, олармен қатар Батыс Еуропа мен Америка ғалымдары да кезінде қызыға кірісті. 19 ғасырдың басынан бастап-ақ халықтың қолөнері туралы байыпты зерттеулер мен кітаптар шығарылды. Қазақтың ою-өрнектерінің түрлері де, атаулары да көп. Қазақ ұлттық ою-өрнектері бейнелерінің ұқсастығына қарай төрт топқа бөлінеді.

Зооморфты (жануарлар, аңдар, құстарға байланысты)

Өсімдік тектес (өсімдік әлеміне байланысты)

Геометриялық (геометриялық фигураларға байланысты)

Космогониялық (аспан әлеміне байланысты)

Кесте бойынша ою-өрнектердің түрлері көрсетеледі. Оқушыларға карточкалар таратып, салынған оюлардың атын тауып жазулары қажет.

2. Кестелер аялдамасы

Келесі аялдамамыз «Кестелер» деп аталады. Бұл аялдамада балалар біз қазақтың кестелер түрлерімен танысамыз. Кестелер де ұлттық қолөнеріміздің бір түрі. Кесте және көркемдеп тігу ою-өрнекті әшекейлеудің ертеден келе жатқан элементтерінің басты түрі. Кестені бізбен және жай инемен әшекейлеп тігу барлық халықтарға ортақ өнер.

Біз кесте дөңгелек немесе төрт бұрышты етіліп кергіш ағашқа керіген материалдың

бетіне түсірілген ою-өрнек бойынша қармақты бізбен өткермелеп шалу арқылы кестеленеді.

Айқас тігу- мұнда өрнекке ізімен біркелкі төрт бұрышты етіп, бір жіптің үстінен екінші жіпті крест түрінде айқастыра бастырып отырады.

Орайпек кестені аппликацияны бастырумен қатар әсем тігіс түрі.

Балалар кестені тікпес бұрын алдымен оның эскизін жасап аламыз. Оқушылар кестелерге арнап эскиздер жасайды. Оқушыларға қағаздар таратылады, олар өздері кестеге арнап эскиздер жасайды. Жарайсыңдар, міне сіздер енді келесі аялдамаға жолдама алдыңыздар.

3. Құрақтар аялдамасы

-Балалар құрақтар дегенді қалай түсінесіңдер?

Құрақ - бұл ежелден келе жатқан қолөнердің бір түрі. Ол барлық қазақтың үйінде кездеседі деп айта аламыз. Құрақтап жасалған көрпелерді сыйлы қонақтардың астына жайған. Міне осыдан бұл өнердің бағаланатынын көреміз. Құрақты не үшін жасайды, ол көрпелерді әсемдеу үшін, сонымен бірге қалдық маталарды іске асыру үшін де жасалады. Яғни, жоқтан бар жасау адам фантазиясын, эстетикалық талғамын көтереді.

Халық арасында кең таралған құрақтар, олар: сегіз жапырақ, ши, шаршы үлгісіндегі және т.б. кездеседі. Бұл аялдамада балалар сіздер қазір құрақ құрайсыздар. Ол үшін екі топқа бөлінеміз. 1-топқа сегіз жапырақ, 2-топқа ши құрақтары беріледі. Ал қай топ тезірек екен, іске сәт. Алдын ала дайындалған қиындылары бар конвертті оқушыларға таратамыз. Жарайсыңдар екі топтың оқушылары тырысып, өздерінің жылдамдығы мен тапқырлығын көрсетті.

Ендеше келесі аялдама Ұлттық киімдер аялдамасы.

4. Ұлттық киімдер аялдамасы.

Халықтың ою-өрнек әшекейінің көп кездесетіні ұлттық киімдер. Қазақ киімдері әйелдер, ерлер мен балалар болып бөлінеді. Ерлер киімінің ең қымбаттысы аң терісінен жасалған ішпектер. Олар аң терілеріне байланысты бұлғын ішпек, қасқыр ішпек, түлкі ішпек, күзен ішпек деп бөлінген. Сонымен қатар шапан, жарғақ шалбар, айырқалпақ, тымақ, ішпек, тақия, тон сияқты киімдер де ерлерге арналған. Әйел киімдерінің де көптеген атаулары бар. Олар: көйлек, кимешек, жайлық, сәукеле, желек, тақия, камзол, кәжекей, кебіс-мәсі, көкірекше және т.б. Бұл аялдамада балалар ұлттық киімді құрастырамыз. Оқушылар қолөнер, шеберлік туралы мақал-мәтелдер айтып, тақтада тұрған силуэтке қажетті бөлікті қағаздан жапсырады. Осылайша қазақ қызының ұлттық киіммен тұрған суреті шығуы тиіс.

III. Қорытынды

а \ бекіту

• Міне, балалар сіздер бүгін қайда саяхат жасадыңыздар?

• Нені үйрендіңіздер?

• Қолөнердің қандай түрлерін білесіңдер?

ә \ бағалау

Белсене қатысқан оқушыларды мадақтау.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. «Бейнелеу өнерінің негіздері» Т.Мүсәлімов, М.Самылтыров Алматы, 1996

2. «Қазақ халқының қолөнері» С.Қасиманов Алматы, 1995

3. «Қазақтың ұлттық ою-өрнектері» Ұ.М.Әбдіғапбарова Алматы, 1999

## ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫ ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП ҰЛТТЫҚ ҚОЛӨНЕРДІ ЖАС ҰРПАҚҚА ЗАМАН ТАЛАБЫНА САҰ НАСИХАТТАУ



**Дуйсенова Айнаш Есентугеловна**  
Ақтөбе облысы, Хромтау қаласы  
«Мектептен тыс білім беру орталығы» МКҚК  
сурет үйірмесінің жетекшісі

Қазіргі ұрпақтың, ХХІ ғасырдағы қазақ ұрпағының міндеті – экономикамызды дамыта отырып, ұлттық құндылығымызды қорғап, дамытып, сақтай отырып әлемдік қауымдастыққа кірігу. Егер ұлттық құндылығымызды сақтай алмасақ жаһандануға жұтылып кетеміз. Жаһандануға жұтылып кетпей, президентіміздің алдыға қойған мақсаты «Мәңгілік Ел» болып қалу үшін ұлттық құндылықтарымызды сақтап, қорғай білуіміз керек. Себебі, ұлттық құндылық – ұлттың тірегі!

Қолөнер халық өмірімен, тұрмысымен бірге жетіліп, біте қайнасып келе жатыр. Сан алуан түрлі қолөнер бұйымдарының әсемділігі, өрнегі тұрмысқа сән берумен адамдарға рухани ляззат әкелген. Көз салып, байыппен қараған адамдарға бұйымдардағы түрлі-түсті өрнек, оның орналасуы адамзат дүниесінің табиғатпен біте қайнасқан сонау заманнан келе жатқан қарым-қатынасын, көңіл-күйін жан дүниесіндегі тылсым күштердің бірлігін аңғаруға болады. Қолөнер шеберлері табиғат сұлулығын өнер туындыларына арқау еткен. Өнер туындыларының бет бедеріне ширатыла түскен ғажайып өрнектер өзгеше бір тілмен ақтарыла сыр шерткендей. Қазақ қолөнерінің түрі, сапасы өрнегі, бояуының өмірге келуі көшпелі өмірмен тығыз байланысты.

Халықтың мәдениеті өскен сайын қолөнері дамып отырған. Шығармашылық ізденіс үстіндегі халық шеберлері тұрмысқа қажетті қолөнердің алуан түрлерін ойлап тапты. Өз ұрпағының «сегіз қырлы, бір сырлы» өнегелі, өнерлі болып өсуін мақсат еткен халқымыз өз бойындағы бар асыл қасиеттерін әлденеше ғасырлар бойы ұрпақтан - ұрпаққа жалғастырып, насихаттап, үйретіп келген.

Шеберлердің қолынан шыққан бұйымдар күнделікті тіршілікпен қатар, сол заманның қолөнер мәдениетінің баға жетпес үлгісі. Шебер, ұста, зергердің суреткерлік қасиеттерімен қатар, жетілдіру дарыны да дамыған. Соның арқасында үй мүліктері, жиһаздар жаңа түрге еніп, жетілдіріп, асыл дүниелерге айналып отыр. Оқушыларға ұлттық киім үлгілерімен таныстыра отырып сарамандық жұмыс орындау арқылы, пішімдерді дұрыс қыйып, оларды бір-бірімен құрастыра білу дағдыларын дамытуды, өнерді сүйеге, құрметтеуге, үйренуге тәрбиелеуді мақсат еткен жаңа білім беру сабағында көрнекілік пен құрал жабдықтардан: суреттер, үлгі-нұсқау карталар, экономикалық есеп, бор, тақта, ине, жіп, қайшы пайдаланылады.

Қазақ халқының қолөнерінің ең көп тараған түріннің бірі-ұлттық киімдер. Қазақ халқының ұлттық киімдері, сән-салтанатты - халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан тұрмыс тіршілігіне, табиғат жағдайына байланысты бірнеше үлгіге бөлінеді. Солтүстік, Оңтүстік, Шығыс, Батыс Қазақстан жерінде қолөнері мен киімдерінде өзіндік айырмашылығы бар. Мыс: қыз-келіншектерінің үлгілерінде кейбір ерекшеліктері: жаулықты орау, қамзол жеңсіз сияқты киімдердің әшекейлерінен, сырт киім-шапан, желбегейдің пішінінен, бояу нақыштарынан ажыратуға болады. Сондықтанда әр өлке өзінің қолөнері - ұлттық киімдерінің үлгісін оқушыларға жете меңгеруге баулайды.

«Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Біреуі білсем екен демекшілік. Не көрсе соған талпынып, “ол немене?”, “бұл немене?” деп, “ол неге үйтеді?”, “бұл неге бүйтеді?” деп, көзі көрген, құлағы естігеннің

бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен дегені.»

(АБАЙ. Жетінші сөз)

Қазіргі ғылым мен техниканың қарыштап дамыған заманында оқушылардың жалпы білімін көтеру, біліктілігі мен дағдыларын қалыптастырып, бүгінгі оқушы, ертеңгі жас маман екенін ескере отырып, оларға кәсіби білім беріп, қабілетін, дарынын аша білу, шығармашылыққа бағыт - бағдар беру әр мұғалімнің мақсаты болып табылады. Әр оқу пәні оқушы алдында мүмкіндігінше еңбек пен мамандықтар әлемін ашады. Сондай пәндердің бірі - ТЕХНОЛОГИЯ. Технология - шеберлік, іскерлік, білгірлік мектебі. Технология сабақтарында оқушылар жан - жақты дүниетанымын қалыптастыра отырып, болашақта өмірге, өндіріске қажетті мамандық алып шығады, саналы, сұлулық сезімін түсінетін, шебер, заман талабына сай өмірге бейімделген, еңбекті бағалайтын, үнемшіл ұрпақ тәрбиеленеді. Еңбек сабағында іс жүзінде нақты жұмыс жүргізіледі.

Шығармашылық - бұл жекелеген мотивациялық құрылым арқылы берілетін ақыл - ой жемісі, ол жеке тұлғаның бойында білім мен ептілік, қажырлы еңбектену мен қызығушылық қабілеттерінің әсерімен қоғамдық маңызды нәтиже. Жазушы Л. Н. Толстой, суретші Репин, композитор Глинка өздерінің ұлы шығармаларын «1% талант, 99% еңбектің күшімен жасадық» деген екен. Сондықтан оқушының шығармашылық қабілетін дамыту да үлкен қажырлы еңбекті талап етеді. Осы шығармашылық қасиеттерді дамытудың негізгі тәсілдері:

- Оқушы білімінің өмірмен байланысы
- Ғылыми негіздердің зертханалық - сарамандық жұмыстармен байланысы
- Алған білімін сапалы, жүйелі меңгеру
- Теория мен сарамандық әдістердің өзара байланысы
- Іздену жұмыстарының ғылыми тұрғыда орындалуы
- Нәтижеге жету ынтасын қалыптастыру

Қолөнерге ұштастыра білім мен тәрбие берудің түрі - шығармашылыққа баулу. Ал қолөнерге қызықтыру үшін кез келген бұйымның, туындының жасалу құпиясын, тарихын ашып көрсетсек, қосымша әдебиеттерден мағлұматтар берсек, қайталанбас ерекшеліктерге толы жасалу технологиясымен таныстырсақ, оқушы шығармашылықпен іске кіріседі. Еңбек үстінде шығармашылық ізденудің нәтижесінде алуан қолөнер туындылары дүниеге келеді.

Халық қолөнерінің түп тамыры халықтың өмір сүру салтымен, шаруашылық дәстүрімен тығыз байланысты. Қолөнердің тәрбиелік мәні арқылы оқыту кезеңінде өнерге, өзіне деген көзқарасын, білімін, біліктілігін арттырып, шығармашылыққа баулимыз. Ұлттық қолөнер бабалардан қалған мәдени мұраның ең асыл құнды қазынасы. Қолөнер - өресі биік, өрісі кең өнер. Қазақ халқы – кең байтақ елімізде қалыптасқан көне мәдениеттің тікелей мұрагері және сол дәстүрді дамытушы, жаңғыртып байытушы, ұлттық қолөнердің үздік үлгілерін атадан балаға мұра етуші. Ысырапқорлық – қазақтарға жат қылық. Ежелден - ақ ата - бабаларымыз үнемшіл болып, қолдағы темір, сүйек, ағаш, тері тәрізді заттардың да кесінділерін қажетіне ұқсатып, аяқ асты тастамаған. Олай болса, ізденімпаздықпен атқарған әр жұмыс ысырапқорлықтан тыйып, үнемділікке үйретеді.

Әр ұлттың өзінің ұлттық құндылықтары болады. Бір ұлтты екіншілерінен ерекшелендіріп тұратыны оның: тілі, ертегілері, мақал-мәтелдері, лиро-эпостық және батырлар жырлары, әдет- ғұрпы, салт-санасы, менталитеті, мәдениеті, өнері, тағамдары, ұлттық қолөнері, тұрмыстық бұйымдары, ұлттық ойындары, т.б. өзгелерге ұқсамайтын қасиеттері. Осылардың бәрі – ұлттық құндылықтарға жатады.

### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ халқының қолөнері- С.Қасиманов
2. Мәңгілік өнер: ою-өрнек тарихы Г.Солтанбаева
3. Казахское народное прикладное искусство А.Маргулан

## ЭСТРАДАЛЫҚ ВОКАЛ ЖАНРЫ, АҒЫМДАРЫ ЖӘНЕ СОЛ ЖАНР ВОКАЛИСТЕРІ



Кудайбергенов Ербулат Нурадинович –  
Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы  
«Жем қалалық мектептен тыс  
№ 3 Ауда клубы» КММ

Эстрадалық вокал-эстрадалық ән көптеген ән бағыттарын біріктіреді, вокалды өнердің барлық палитрасын біріктіреді. Эстрадалық вокал эстрадалық ән айтуды білдіреді, бірақ Эстрадалық вокал ұғымы, әдетте, жеңіл және түсінікті музыкамен байланысты. Эстрадалық вокалда сіз халықтық мотивтерді де, джаз элементтерін де ести аласыз, бұл авторлық ән мен рок музыкасының элементтері.

Эстрадалық вокал академиялық вокалдан ашық және табиғи дыбыспен ерекшеленеді. Алайда, ән айту дағдылары, дұрыс позиция және дыбыстық қолдау академиялық сияқты эстрадалық вокалда да қажет.

Вокал-бұл музыкалық орындаудың бір түрі, әншілік дауысты меңгеру шеберлігі.



Қазіргі эстрадалық вокал музыкасының бағыттары

Поп-музыка, Фолк-музыка

Поп-музыка (ағылш. поп-музыка (popular music-тен pop-music) - қазіргі заманғы музыканың бағыты, қазіргі заманғы танымал мәдениеттің бір түрі. Ән схемасы: куплет+қайырмасы. Эстрадалық музыканың негізгі құралы - адамның дауысы. Эстрадалық музыкада ритмикалық құрылым маңызды рөл атқарады. Эстрадалық әндердегі мәтіндер, әдетте, жеке тәжірибелерге, эмоцияларға арналған: Махаббат, қайғы, қуаныш. Әндерді көрнекі түрде ұсыну үлкен маңызға ие: концерттік шоу және бейнеклиптер. Негізгі ерекшеліктері – қарапайымдылық, әуезділік, вокал мен ырғаққа сүйену, аспаптық бөлікке аз көңіл бөлу.

Фолк - (ағылш. - халықтық). Халық музыкасы-танымал халық музыкасы. Қазіргі Халық

музыкасы халықтық және танымал музыканың қоспасына көбірек жатады. Бұл интонация әндері орыс халқына жақын немесе қазіргі заманғы өңдеуде ежелгі әндер орындалады. Фолк - Бұл өлуге болмайтын ерекше мәдениет. Әдетте, барлық фольклорлық әндер ежелгі халықтық салт-дәстүрлермен, табиғи құбылыстармен, пұтқа табынушылық дәстүрлермен (фольклорда сақталған), адамның психикалық жағдайымен байланысты.

Қазіргі вокалды музыкада (Эстрадалық вокал) Ритм-н-блюз, Рок-музыка, Рок-н-ролл сынды жанрлары бар.

Қазіргі ритм-н-блюз (ағылш. «R&B» аббревиатурасы ритм және блюз стиліндегі дәстүрлі музыкамен байланысты тудыратынына қарамастан, бүгінде бұл аббревиатура 80 — ші жылдары дискотекадан кейін пайда болған африкалық американдық музыканың стилін анықтау үшін жиі қолданылады. Бұл жаңа стиль жан, фанк, би музыкасының элементтерін біріктіреді және 1980 жылдардың аяғында жаңа джек свинг ағымының пайда болуы нәтижесінде пайда болды.

Хип-хоп – қазіргі заманғы ритм мен блюз барабан машинасының ырғағымен тегіс, электронды дыбыс стиліне және жұмсақ, «шырынды» вокалға ие. Хип-хоп ырғақтарын қолдану әдеттегідей, бірақ хип-хопқа тән айқындық пен қаттылық та тегістеледі.

Рок немесе рок — рола Рок-рок - «рок-ролл» - 1950 жылдардың ортасында АҚШ пен Батыс Еуропада таралған танымал музыка жанры. Рок-н рола королі-Элвис Пресли.

Айырықша белгілері - бұл 1920-30 жылдардағы негрлер қалалық фольклорының ән-би жанрларынан шыққан айқын ырғақ, би қарқыны, еркін орындау, R & B және Rock-n-roll. Біздің елде рок музыкасының элементтері вокалды-аспаптық ансамбльдердің (via) жұмысында көрініс тапты. Біздің Ресейде Кино тобы ең танымал болды.

Қазіргі вокалды музыка(Эстрадалық вокал) жанрларына Джаз, Поп-рок жатады. Джаз-бұл АҚШ-та ең танымал болған музыканың ерекше түрі. Джаз 19 ғасырдың соңында АҚШ-та африкалық ырғақтар мен Еуропалық үйлесімділіктің бірігуі нәтижесінде пайда болды. Джаз композицияларын орындау үшін импровизация мүмкіндігі қажет. Джаз королі-Луи Армстронг. Джаз вокалының техникасы барлық түстер мен дауыс мүмкіндіктерін барынша пайдалануды қамтиды (әртүрлі аспаптардың тембрлеріне еліктеуге дейін). Джаз вокалистері әріптестерінің фондында үлкен жұмыс ауқымы бар күшті дауыспен ерекшеленеді, гармоникалық және әуезді есту қабілеті жақсы дамыған. Сонымен қатар, осындай вокалды мамандандыруды таңдаған орындаушылар вокалды импровизация өнеріне ие. (Лариса Долина.)

Поп-рок (ағылш. Pop rock, Pop N' Rock) — рок музыкасының поп-музыкасының элементтерін біріктіретін музыка жанры. Әндер қарапайым құрылыммен, есте қаларлық әуендермен, музыкалық тіркестердің қайталануымен (діни қызметкерден), электрлік гитараның негізгі құралы ретінде соққы агрессивті көңіл-күймен (роктан) сипатталады. Ауырлығы әр түрлі болуы мүмкін, іс жүзінде аспаптық діни қызметкерден өте «ауыр» композицияларға дейін, бірақ поп-әуендермен сұйылтылған. Рок бағыттарының ішінде көптеген топтар 90-шы жылдардағы орыс аудиториясында үлкен танымалдылыққа ие болды : ДДТ, Любэ, СекторГаза. Ресейде және басқа посткеңестік елдерде поп-рок музыкасы басқа рок жанрларымен салыстырғанда музыкалық радиостанциялар мен телеарналарда жиі жарық көретіндіктен кең таралған. Белгілі топтардың ішінде — «Мумий Троль», «Земфира», «Сплин», «Вельвет», «Звери», «312 қала», «Братья Грим» және т.б. Мумий Троль тобының жетекшісі «поп-рок» терминінің орыс аналогын (ішінара ирониялық) ойлап тапты — «рокапопс».

Қазіргі замандағы музыкалық стильдер Соул, Хип-хоп, Рэп, Ритм-н-блюз.

Soul стилі Анг.- «жан»)-АҚШ-тың қара тұрғындарының танымал музыкасының ең эмоционалды және сезімтал, «эмоционалды» бағыты (1950 жылдардың аяғында АҚШ-тың оңтүстік штаттарында джаз вокалды импровизациясы мен спиричуэлалардың әсерінен қалыптасқан.

«Хип-хоп» стилі екі сөздің тіркесімі ретінде анықталады — «хип» (ура) және «хоп» (секіру). Оңтүстік Бронксте 1967 жылы пайда болды.Хип-хоптың қалыптасуына ритм — энд-блюз, джаз , рок-музыка жанрлары әсер етті.

«Рэп» стилі - (ағылшын тілінен-ырғақ, ырғақ) - әдетте музыкамен оқылатын ырғақты

қайталау. Рэп алғаш рет 1970 жылы пайда болды біздің елімізде Рэп стиліндегі орындаушыларды танымал орындаушы деп санауға болады. Олар: «Баста «Тимоти». Қазіргі ритм-н-блюз немесе қазіргі заманғы арт-Би, бұл стиль АҚШ-та 30 жылдардың соңында пайда болды, джаз, блюз, хип-хоп элементтері бар. Бұл бағыттың жарқын өкілі-энші Beounse.

Экстремалды музыкалық бағыттарда қолданылатын дыбыс шығарудың вокалдық тәсілдері (вокалдық техникалар).

Гроулинг немесе гроул (ағылш. growling — «рычание») - көбінесе экстремалды музыкалық стильдерде (дэт-, блэк-, грэш-и дум-металл, грайдкор, дэткор) пайдаланылатын вокалдық әдіс. Қазіргі кәсіби музыкалық мәдениетте гроулингті ХХ ғасырдың 30-шы жылдарында джаз әншілері қолданған Дыбыс жануарлардың өсуіне еліктейді. Бұл вокалистің іш аймағынан шыққан құрсақтың бір түрі. Гроулинг жиі ұштастыра отырып пайдаланылады басқа да төтенше тәсілдерін звукоизвлечения (scream, guttural, pigscream, squeal). Гроулинг үшін тіректе ән айта білу (диафрагматикалық тыныс алу) және ән айту кезінде жалған байламдарды қолдану қажет. Гроулингті төмен және жоғары деп бөлуге болады, сонымен қатар «қатал» (іштің ең төменгі дыбысы), көмей (дыбыстың қалыптасуы жоғарырақ болады) және жұлдыру (таза дауыстың айқай-шу, ысылдау)...

Скриминг немесе скрим (ағылш. screaming - «айқай») - ән айту әдісі, оны айқайлау немесе айқайлау деп сипаттауға болады. Ол қара металл, грейндкор, өлім металы, металкор, дэткор, спид-металл, скримо, эмокор сияқты музыкалық стильдерде қолданылады. Әдетте скримингті ер вокалистер орындайды, ол өте жоғары тесситурамен ерекшеленеді

#### Скриминг түрлері:

Грим (ағылш. grim – «мрачный», «зловещий») - қарапайым скримингтен гөрі тыныш, гроулға жақын естіледі, негізінен қара және қара металлда қолданылады. Шрай (к) (одан. Schrei — «вопл») - деп аталады истеричный протяжный вой еске түсіретін вой волка. Депрессиялық қара металлда қолданылады. Скрим-Швед мелодиялық металының мектебіне тән хардкорлық ән мен жоғары соққылардың араласуы нәтижесінде пайда болды, металкор және эмокор сияқты музыкалық стильдерде қолданылады, өте агрессивті айқай сияқты естіледі. Харш (ағылш. harsh — «қырқылдақ») - мелодиялық металлда, модерн-металда қолданылады.

Эстрадалық-джаз әні жеке жанрды да, жанрлардың синтезін де білдіретін сахна өнерінің бір түрі: ән айту, би, ерекше қойылым, цирк өнері, елестер. Спектакльге дайындық кезінде вокалистің өзі өз нөмірінің режиссері болып табылады. Суретшінің жеке ерекшелігіне, оның тембріне, психотипіне, актерлік және музыкалық дарындылығына, сыртқы және эмоционалды келбетіне сәйкес келетін әнді табу, сонымен қатар жанрға ,оның уақытша (Тарихи) құрамына, стиліне, мәтіннің семантикалық жүктемесіне, негізгі идеясына терең талдау жүргізу маңызды. Эстрадалық әндерде халықтық және джаз мотивтерін байқауға болады.

#### Эстрадалық әндердің түрлері:

Дәстүрлі романс, заманауи лирикалық ән, дамыған аспаптық сүйемелдеуімен би ырғағындағы ән. Эстрадалық әннің көптеген түрлерін біріктіретін басты айырмашылық-форманың қарапайымдылығы, олардың авторларының көпшілікті түсінуге, әуеннің есте қалуына деген ұмтылысы. Мұндай демократияның тамыры ежелгі романста және қазіргі қалалық фольклорда. Джаз композицияларын орындау үшін импровизация мүмкіндігі қажет. Джаз вокалының техникасы барлық түстер мен дауыс мүмкіндіктерін барынша пайдалануды қамтиды (әртүрлі аспаптардың тембрлеріне еліктеуге дейін). Дыбыс шығару тәсілі эстрадалық, және, әрине, күшті қолдауға қойылған дауыс.

Эстрадалық вокал бойынша белгілі вокалистер Дос Мұқасан

(Вокалды-инструменталдық ансамбль 1969 жылы Алматыда құрылған жанр: поп-музыка); Майкл Джексон, Хип-хоп; r&B Motog-Roller (г. Алматы) рок стилі; Жанна Саттарова Jazz Rock; Ерболат Құдайбергенов Хип-хоп, r&B.

«Музыка ұлтқа бөлінбейді» дейміз. Иә, біз кез келген елдің музыкасына құдды бір ана тілімізде тыңдап отырғандай құмарта құлақ тосамыз. Ондағы тылсам күш жүрек түкпіріне терең бойлап, саз сиқырына қалай арбалып қалғаныңды сезбей қаласың. Музыка

жан-дүниемізді өзге бір әлемге жетелеп, сезім пернелерін дәл басады. Әсем әуен ой-қиялымызға қанат бітіріп, көңіл сарайына нұрын төгеді. Эстрадалық музыка– белгілі биіктіктегі дыбыстардан тұратын, адамға сазды әуенімен әсер ететін, дыбыстық көркем бейнеге негізделген өнер түрі.

Өзінің эмоциялық әсері арқылы музыка адамзат тарихында қоғамдық-идеялық, мәдени-тәрбиелік және эстетикалық рөл атқарады. Музыка адам сезімін, ойын, оның ерік-күшін дыбыстық формада суреттейтін қатынас құралы ретінде қызмет етеді.

Музыканы халық тудырады, ал біз, суреткерлер оны тек музыкалық аспаптармен орындауға бейімдейміз – деп М.И.Глинка айтқандай керемет жан тебіренерлік әніміз көп болғай!

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Молдагаинов А., Рахимова Ж. «Уроки музыки и пения» (Постановка голоса) – Алматы 2003г
2. Вокал класы. Оқу құралы. Шымкент 2020 жыл. Ж.А.Утешева
3. «Эстрадно-джазовый вокал». Учебно-методическое пособие. Владимир: ВлГУ 2015, Л.Р. Семина, Д.Д. Семина
4. Жеке ән салу. Оқулық,. –Алматы, «Полиграфия-Сервис и К» 2019 жыл Г.Г.Сапарғалиева.

## «ДОМБЫРА – ХАЛЫҚ МҰРАСЫ»



### Ысқақ Самат Болатұлы Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық балалар саз мектебінің домбыра класының оқытушысы

«Екі ішектің бірін қатты, бірін сәл сәл кем бұра нағыз қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» деп Қадыр Мырза Әлі айтқанындай, қазақ халқы десе, ең алдымен еске түсетін атрибуттың бірі домбыра екені анық. Қырғыз үшін қомудың, саха үшін хомустың, башқұрт үшін қурайдың орны қандай болса, қазақ үшін де домбыраның қадір-құрметі дәл сондай. Домбыра қазақ халқының күдіретті ұлттық аспабы. Домбыра жай ғана аспап емес, қазақтың ұлттық аспабы.

Домбыра – қазақ қазақ болғалы бірге жасасып келе жатқан көне саз аспабы. Даламыздағы петроглифтерде домбыра тәрізді музыкалық аспапта ойнап тұрған адамдар –

біздің бағзы домбырашы бабаларымыз. Біздің заманымыздан бұрынғы бес жүз жыл бұрын Ұлы Далаға табан тіреген әйгілі грек тарихшы Геродоттың сақтар жайлы сипаттауындағы: «Сақтар хаома атты сусынын ішіп, отты айнала отырып, екі шекті аспаптарында ойнап ән салады», - деген жолдар қазіргі қазақтың қымызы мен домбырасы емес деп кім айтар?

Ұлы Далада өмір сүрген бағзы бабаларымыз әр дәуірде әр түрлі атпен үлкенді-кішілі мемлекет құрып, тарих сахнасына бірінің соңынан бірі келіп кетіп жатты. Бірақ олардың аты өзгергенімен, заты өзгерген жоқ деуімізге болады.

Қазақтың күйшілік өнеріндегі көне күйлер өте көп, соның бірі халық күйі «Ақсақ құлан» деп аталады. Бұл күйдің құдыреттілігі соншалық, Ханның баласының қазасын (өлімін) домбыра аспабы арқылы, күйдің күмбірі арқылы жеткізеді. Сонымен қатар осы тарихи оқиғада баяндалғандай, қазақ халқының ұлттық аспабы-домбыраның орны ерекше, сан ғасырлар бойы, атадан балаға мұра болып қалған, ұлттық аспабымызды

дәріптеу, насихаттау біздің міндетіміз десек қателеспеспіз. Ұлттық өнерді өскелең жас ұрпақ, ғасырдан-ғасырға жалғаса, біздің тарихымыз, мәдениетіміз мәңгі өшпек емес.

Домбыра – қазақтың жаны, бол-мысы, ұлттық ырғағы. Оның жоғалуы, өшуі, ұмытылуы әсте мүмкін емес. «Ұлытау» тобының орындауындағы қазақ күйінің ғажайып үнін естіген еуропа жұрт-тының Ұлы даланың аспабы мен өнерін ұлықтай қол соғып, орындарынан өре түрегеліп, қошемет көрсетуі тегіннен-тегін емес екені айдан анық.

Ықылым заманнан үзілмей ұстаздан шәкіртке, атадан балаға мұра болып келе жатқан күй әлі күнге жалғасын тауып келеді. Әлемнің бір мем-лекетінде жоқ бұл өнермен қазақ қана мақтана алады. Себебі күй өнері қазақ халқына тән өнер. Қорқыты, Кетбұғасы, Құрманғазысы, Диңгасы, Дәулеткерейі, Қазанғапы, Нұрғисасы мен Секені бар елдің жоғалмас бай дәстүрі бар. Және ол бола да бермек. Ендеше, домбыра бар да, ұлтымыз мәңгілік.

Қазақстан тәуелсіздік алуымен бірге домбыраның да күні туғаны анық. Шілде айының алғашқы жексенбісін Домбыра күні деп белгілеп, ел болып кең көлемде атап өту – елдігіміздің белгісі. Домбыра бұған әбден лайық. Домбыра, онымен күй тартып, ән салатын адамдарды осы күні төрге шығарайық. Тек осы күні ғана емес, жылдың үш жүз алпыс бес күні домбыра ұлтымыздың жүрегінде болғай.

Домбыраның қоңыр үнін жақсы көретін, халықтың да мәртебесі жоғары болмақ. Еліміздің өркендеуіне, мәдениетіміздің жаңдануына, атсалысып жатқан күйші композиторлар аз емес, солардың өнеріне тәнті болып жүрген халқымыздың еңсесі биік. Күй өнерін қастерлейтін, өскелең жас ұрпақтың саны көп болса, біздің күй өнеріндегі қадіріміз, мәртебеміз де жоғары болмақ!

## «ДОМБЫРА ҮЙРЕТУДІҢ ӘДІС – ТӘСІЛДЕРІ»



**Әбдір Бисара Алтайқызы**  
Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы  
балалар саз мектебінің домбыра класы  
оқытушысы

Қазақ пен домбыра егіз ұғым. Сан ғасырлар бойы ұлттық мұрамызға айналған, күмбірлеген үнімен көңілдің күйін шертетін аспап расымен ерекше құнды. Қос ішекке жан бітіріп, құйқылжыта ән өрнегімен әсемдеп, жүректі шымырлататын әуезді үн арқаны қоздырып, бір серпілтіп тастайды. Домбыраны қазақ халқы қастерлеп төріне іліп, биікке көтерген. Осыдан – ақ оның қаншалықты маңызға ие екендігін аңғарып, баға беруге болады. Атадан балаға мирас болып келе жатқан аспапты бала кезден бойға

дарыту, өнерге баулу әр отбасының басты қағидасы болуға тиіс. Осы орайда, домбыра пәнінің мұғалімі ретінде мен бірнеше талаптарды ескеру қажеттігін алға тартқым келеді. Ең алдымен баланың бойында аспапқа деген қызығушылық, мол түсінік қалыптасуы керек. Жалпы, домбыра пәнінен сабақ беру барысында бірнеше басты қағиданы есте сақтаған жөн. Шыңдалған шәкірттерді тәрбиелеу барысында мына ережелер өзінің көп көмегін тиігізеді.

1. Домбыраны сан жүйесі арқылы үйрету.

Домбыра үйренуге бет бұрған бүлдіршіндер үшін сан өзінің тиімділігін байқатпақ.

Себебі олар нотаны әлі толық меңгермеген, есте сақтау қабілеті толық қалыптаспаған. Сан көмегімен дыбыстарды дұрыс қоя білуге үйреніп, алғашқы жетістігіне қуанып, алға қарай ұмтылысы артатыны анық.

2. Құйма құлақ әдісі.

Бұл әрине тума талант, өнердің қаны бойында тараған, музыканы құлақпен естіп, жанымен тыңдайтын, кез – келген жаңашылдықты меңгеріп әкететін жандарға арналған. Яғни, естіген әуезді ешбір көмексіз өздігінен қайталап, бірден қағып алу. Бұл әрине, барлығына бірдей әсер ете алмайды. Себебі, ол үшін домбыраны туғаннан тыңдап, құлақ құрышын қандырып, ішектегі қимыл – қозғалысты үнемі байқап жүруі қажет. Бір – екі композиция орындап, қайталауын өтіну әрине өз жемісін бермейді. Сондықтан, өнерлі отбасында тәрбиеленетін балалардың бұл қабілеті бар болуы ықтимал. Мұны сабақ барысында аңғарып жүзеге асыруға болады.

3. Кәсіби нота сауаты.

Домбыраны үйренуге деген құлшынысы басым түсіп, бастапқы кезеңдерден сәтті өткен оқушылар үшін нотамен жалғастыру аса маңызды. Себебі олар тек әуезді ән мен ішектегі қол қимылының орынын ғана біліп қоймай, нақты ережелерді үйренуі шарт. Әрине, бұл кезең – кезеңмен жүргізілетін шара. Нақты музыкалық мақсатты айқындап, кәсіби түрде нотаны жан – жақты білгені абзал. Әрине, бұл кезең оқушылар үшін өзіндік қиындықтарға толы болатыны жасырын емес. Кейбіреулері тіпті сабаққа деген ынтасын жоғалтып, өз бейімдеріне күмәнмен қарай бастайды. Сол сәтте маманның психологиялық қолдауы аса маңызды.

Домбыра сабағы біртекті болғаны дұрыс емес. Үнемі әдіс – тәсілдерді жаңғыртып оқушыны жалықтырып алмайтындай деңгейде ұйымдастырылуы керек. Жаттау әдісі, қайталау барысы, орындау тәсілі алма – кезек ауысып, әр жаңа дүниені орындағанда шәкірттер құлшына кірісетіндей деңгейде болуы керек.

Практикалық кезең сабақтың ең маңызды бөлшегі. Барлық элементтерді бір арнаға тоғыстырып, күмбірлеген күйді, әуезді үнді қалыптастыру арқылы оқушылардың қаншалықты сабақты игертіндігін айқын аңғаруға болады. Әрине, қателіктер орын алуы заңды құбылыс. Онсыз жетістік те болмайды. Оқушының мұлт кетуіне мүмкіндік беріп, бірден жоғары нәтиже күткен дұрыс емес. Ұстаздың бойындағы ұстамдылық пен сабарлылық, қайта түсіндіру, қатемен жұмыс жасау секілді дүниелер негізінде олқы болған тұстарды қайта қалыпқа келтіріп, жақсы жұмыстың рындалуына қол жеткізуге болады. Әрине, домбыраны үйрену мен үйретудің өзіндік машақаты мен қиындықтары да жоқ емес. Дегенмен, бойда білімге деген ұмтылыс болса, діттеген мақсатқа жетіп, дарыны бойда тасыған, өнері өрге жүзген өрендер қатарын көбейтуге болады. Соңғы уақытта ұлттық өнерімізге қызығушылық білдіріп, балаларын домбыра үйретуге ұмтылатын отбасылар қатары артқан. Бұл әрине көңіл қуантарлық жайт. Құнды қазынамыздың қайта тіріліп, жас ұрпақ бойынан көрініс табуы керемет сезім.

Өз кезегінде мен де ұлттық өнеріміздің өресі кеңеюіне бар жанымды салып еңбек етіп, озат оқушылар қатарын арттыруға еңбек ете бермекпін. Қазақтың бас аспабы – домбыра мәңгі жасай берсін!

## «АНСАМБЛЬМЕН ОРЫНДАУ – ШЕБЕРЛІК БАСТАУЫ»



**Ихласова Жанар Омаровна**  
**Шұбарқұдық балалар музыка мектебі**  
**директорының оқу ісі жөніндегі**  
**орынбасары**

Балаларды халықтық музыкалық дәстүрге тәрбиелеу жас ұрпақты адамгершілік және эстетикалық тәрбиелеудің маңызды құралдарының бірі болып табылады. Ансамбль балалар музыка мектебінің пәндер цикліне кіретін пәндердің бірі болып табылады, оның мақсаты – оқушылардың дайындық сапасын арттыру және оларды музыкалық мәдениетті дамытуда пайдалану мүмкіндіктерін кеңейту.

«Ансамбль» пәнінің оқу бағдарламасына енгізілуі оқушылардың кәсіби және орындаушылық дамуындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, оқушының

таза музыкалық дамуымен қатар оның тұлғалық дамуына ықпал етеді: ұжым алдындағы жауапкершілік сезімі, тәртіптілік, ұқыптылық, сонымен қатар басқа адамдардың эмоционалдық күйлерін түсіну және оған жауап беру қабілеті тәрбиеленеді. Сонымен қатар, ұжымдық шығармашылық процесінде бала мәдениет пен өнер аясында қоғамда коммуникативті дағдыларды меңгереді, бұл оның дүниетанымының қалыптасуына әсер етіп, құрдастарымен қарым-қатынаста басымдықтарды дамытады. Оқушыға арналған оқытудың жеке формасы - ансамбль мүшесіне және партияларды жеке оқуға жеке көзқарасты көздейді, ал топтық форма ансамбль мүшелерінің музыкалық өзара әрекетіне жетікшілік етуден тұратын процесс. Нәтижесінде оқушылар ансамбльдердің түрлерін есту арқылы түсінуі, орындау үлгілерін білуі, өз мүмкіндіктерін ансамбльдің басқа мүшелерінің мүмкіндіктерімен, сондай-ақ музыкалық және эмоционалдық мүмкіндіктерімен теңестіре алады.

Ансамбль мүшелерін музыкалық дайындық деңгейіне және аспапты меңгеру деңгейіне қарай, тұлғааралық қарым-қатынасын ескере отырып іріктеу дұрыс, бірақ балалар музыка мектебі жағдайында ол әрқашан мүмкін емес. Сонымен қатар, ансамбльде өнер көрсету жағынан дайындығы төмен оқушыларды қоса алғанда, олардың сабаққа деген ынтасын, өзін-өзі бағалауын, сонымен қатар музыкалық даму деңгейін айтарлықтай арттыруға болады. Ұжымдық сабақтар әртүрлі музыкалық қабілеттері бар балаларға сахнада сенімді ойнауға мүмкіндік береді, олардың қабілеттерін сенімдірек етеді (ансамбльде сәтті өнер көрсетудің қуанышын сезінгеннен кейін оқушы солист ретінде өзін жайлы сезіне бастайды). Бұл жағдайда дайындығы төмен оқушының мүмкіндігіне қарай репертуар таңдау қажет (қажет болса, авторлық аранжировка жасауға болады).

Оқушылар арасында өзара қарым-қатынасты қалыптастыру білім беру мақсатында және ұжымда бірін-бірі құрметтеуге үйретеді. Сонымен, «Ансамбль» пәні бойынша сабақта оқушыларды дамытуда екі негізгі бағытты бөліп көрсетуге болады:

- 1 – кәсіби және орындаушылық даму;
- 2 – жеке тұлғаны дамыту.

Кәсіби орындаушылық дамыту музыкалық қабілеттерді дамытуды қамтиды, мысалы: ырғақ сезімі, гармоникалық, әуезді, көп дыбыстық есту(гармония), ұжымдастық сезімі (бірлесіп музыка тыңдау, есту қабілетін дамыту), көзбен оқу, әркім өз партиясын дұрыс нюанспен, штрихтармен, фразамен, формамен орындау. Осы орайда ұжымдық орындаудың маңызы зор. Себебі ансамбльдік шығармаларда полифония түрлері көп кездеседі. Ансамбльде өз партиясын, серіктесін тыңдай білу, партияны еркін орындау,



дыбысты, жалпы тапсырмаларға сәйкес орындау, ұжыммен біртұтас музыка туындысын жасау шарт. Ансамбльде орындау нюанстарға немқұрайлылықпен қарауға, қиын ноталарды өткізіп жіберу және штрих сызығына уақтылы, дәл түспеуге, үзілістерде «секіріп кетпеуге», ноталармен бірге нюанстардың белгілеулерін бірден оқымауға жол бермейді, динамиканы шебер қолдануда ерекше назар аударуды талап етеді.

Әдетте, ансамбльдегі штрихтар мен динамикалық белгілерді дәл орындауды игерген оқушы өзінің жеке сабағында да осы орындау сапасын пайдалана алады. Ансамбльдік сабақтар оқушының аспапқа, мамандық бойынша сабақтарға қызығушылығын оятып, ұжымдық шығармашылыққа деген сүйіспеншілікті оятады; ортақ жұмыстың нәтижесі үшін ұжым алдындағы жауапкершілік сезімін, көпшілік алдында орындау сапасын дамытады, ұжымшылдық, жауапкершілік, коммуникативті дағдылар дамиды. Ұжымдық музыка шығару көптеген психологиялық мәселелерді шешуге ықпал ететін қарым-қатынас түрлерінің бірі болып табылады. Мысалы; ұялшақтық, мазасыздық, өзімшілдік, өзіне деген сенімсіздік, жауапсыздық және т.б. жеңуге көмектеседі. Сонымен қатар, ансамбльде ойнау балаларды біріктіреді, ерік-жігерді, жетістіктерге жетудегі табандылықты, байсалдылыққа, жинақылыққа, қарым-қатынас дағдыларын дамытуға, өзінің қоршаған ортаға қажетті екенін түсінуге тәрбиелейді. Музыкалық мектептердің міндеті – оқушыларды кәсіби музыкалық оқу орындарына түсуге дайындау ғана емес, сауатты, музыканы жан дүниесімен түсіне білетін қабілеті тұлға тәрбиелеу.



Сондықтан мектепте оқушылар ансамблімен жұмыс істеу оқушыларды музыкалық тәрбиелеу мен дамытудың тиімді түрлерінің бірден - бірі деп атауға болады. Осы орайда жас музыканттарымызға қолдау көрсету мақсатында Шұбарқұдық балалар музыка мектебінде «аспаптық», «вокалды», «дәстүрлі ән» жанрлары бойынша «Ансамбльмен орындау – шеберлік бастауы» жобасы негізінде фестиваль конкурс ұйымдастырылды.

Конкурсқа кіші, орта, аралас топтардан құрылған ансамбльдер қатысып, жоғары деңгейде конкурс талабына сай өнер көрсетті. Нәтижесінде бұл жоба жыл сайын дәстүрлі түрде тұрақты өткізілетін болып енгізілді. Бұл жоба оқушылардың шығармашылығын дамытып, аспапта шебер ойнауына үлкен әсер ететіндігіне сеніміміз мол.

## «СӘУЛЕТ ӨНЕРІ»



**Ақтөбе облысы, Темір ауданы  
Чирков Максим Николаевич  
Темір аудандық көркемсурет мектебінің  
қосымша білім беру педагогы**

**Сабақтың түрі:** Дәстүрлі емес.  
**Сабақтың мақсаты:**

- Оқушыларды Қазақстанның ежелгі сәулет өнері және 6-18 ғасыр аралығында тұрғызылған сәулет өнері ескерткіштерімен таныстыру. Сәулет өнеріне түсінік беру.
- Оқушылардың ой-өрісін, елестету қабілеттерін дамыту. Қолдарын жаттықтырып, сәулет өнері композицияларын құруды үйрету.

- Оқушыларды топпен жұмыс істеуге баулу. Жұмыстарын эстетикалық тұрғыдан ұқыпты орындауларына тәрбиелеу.

Сабақтың әдісі: сұрақ-жауап, сайыс, ойын.

Пәнаралық байланыс: әдебиет, тарих.

Сабақтың көрнекілігі: Слайд, оқушылардың салған жұмыстары, тұрғын үйлердің макеттері, плакаттар, мозайка, т.б.

**Сабақтың барысы:**

**I. Ұйымдастыру бөлімі**

Оқушылармен сәлемдесіп, кезекшіні анықтау. Жоқ оқушыларды түгендеу.

**II. Үй тапсырмасын тексеру, бағалау.**

Үй тапсырмасын тексермес бұрын оқушыларды үш топқа бөліп, үш бөлек отырғызу.

Әр топ өз топтарының атауларына анықтама беріп өздерін таныстырып өтеді. Топтарының аты: 1-ші акварель тобы.

2-ші гуашь тобы.

3-ші майлы бояу тобы.

Үй тапсырмасының тақырыбы: Мүсін өнері.

Үй жұмысы билет арқылы сұралады. Үш топқа бір билеттен беріледі.

Билет сұрақтары:

1. Қазақстан Республикасының мүсіншілерін ата?

2. Ақтөбелік мүсіншілерді ата?

1. Мүсін түрлерін ата?

2. Мүсінді латынша не деп атайды және қазақшасы?

1. Мүсіншілердің ең алғашқы мүсін жасаушы материалы

1. Ғабдрахманов Мараттың мүсін туындыларын ата

Слайдпен сұрақ арқылы үй тапсырмасын бекіту.

1. Мүсінді қандай материалдардан жасайды?

2. Жұмыр және рельеф мүсіннің айырмашылығын ата

3. Монументтік мүсін дегеніміз не?

4. Ансамбль – қандай мүсіндер?

5. Станоктік мүсін – қандай болады?

6. Бюст – қандай мүсін?

7. Статуя – қандай мүсін?

**III. Жаңа сабақ**

Жаңа сабақтың тақырыбын ашу үшін үш топқа оқушыларға мозайка таратылады.

Мұғалім оқушыларға сұрақ қояды: Сурет салуды меңгеру үшін нені білу керек? деген сұраққа әр топтан бір оқушыдан тақтаға шығып, сұраққа жауап беру арқылы мозайкаларын құрады және жаңа сабақтың тақырыбын ашады. Құрылған мозайканың

суреті Қазақстанның сәулеттік құрылыстарының суреттері.

Жаңа сабақты бастамас бұрын Ыбырай Алтынсариннің өлеңі оқылады.

Өнер-білім бар жұртта

Тастан сарай салғызды.

Айшылық алыс жерлерден,

Көзінді ашып-жұмғанша,

Жылдам хабар алғызды.

Жаңа сабақтың тақырыбы: Сәулет өнері.

Сабақты түсіндіру барысында көрнекіліктерді көрсетіп, талдап отыру.

Сабақты түсіндіру: Сәулет өнері дегеніміз – адамдардың өмірі мен қызметіне қажетті ортаны құрайтын сәулеттік құрылыстар.

Сәулет өнерін - орысша архитектура, гректің “архитектон” құрылысшы деген сөзінен шыққан. Сәулеттік құрылыстың жобасын сызып, қағазға түсіретін адамды сәулетші (архитектор) деп атайды. Қазақстанда 6-18 ғ аралығында қалалар тұрғызыла бастады. Олар: Сауран, Отырар, Тараз, Баласағұн, т.б. Осы қалаларда көптеген сәулет өнері құрылыстары сақталған. Солардың бірі 12 ғасырда Тараз қаласында тұрғызылған Айша Бибі кесенесі қазақ халқының маржаны болып табылады. Осы Тараз қаласында 11 ғасырда тұрғызылған Бабаджа хатун кесенесі де сақталған. Құрылысы өте қарапайым, күйдірілген кірпіштерден қаланған. Төбесі сан қырлы күнбезден жасалған.

Түркістан қаласы қазақ хандығының орталығы болған. Ахмет Иассауи кесенесі осында орналасқан. Ғимататтың ішкі-сыртқы беті жылтыр, түрлі түсті мозайкалар өрнектерімен әшекейленген. Қазақ сәулет өнерінің дүние жүзіне танымал, классикалық көне ескерткіші. Осы Түркістан қаласынан үш шақырым жерде Арыстан баб кесенесі орналасқан. Кесененің құрылысы күйдірілген пірпіштерден салынған.

Енді қазіргі 20-21 ғасырлардағы сәулет өнері ғимараттарын атап көрейік. Олар: Ақтөбе қаласындағы – Мега ойын-сауық орталығы. Нұрдәулет мешіті, Ақтөбе теміржол вокзалы, Астана қаласындағы – Бәйтерек, Хан Шатыры, т.б.

Практикалық жұмыс: Үш топқа үш бөлек тапсырма:

Акварель тобы 1. Болашақта қандай сәулетті үйде тұрғыларын келеді? сол үйдің көрінісін жобамен бейнелендер.

Майлы бояу тобы 2. Аяқталмаған сәулеттік құрылыстың суретін өз бетімен өзгертіп, аяқтау.

Гуашь тобы 3. Геометриялық фигуралардан кез-келген сәулеттік құрылыстың жобасын дайындау.

Сергіту сәті:

Мына суретшілерді ата. Слайд арқылы суретшілердің фотосуреттері көрсетіледі де, ал оқушылар кім суретші екенін атайды.

А.Ғалымбаева, Ғ.Ысмайылова, Ә.Қастеев, С.Романов, М.Кенбаев, Қ.Телжанов.

Мозайка құру. Үш топқа мозайка беріледі, ал оқушылар кімнің шығармасы және шығармасы не деп аталатынын табуы керек.

Жауабы: Құбай Ахмет “Нұр Ғасыр”, Еспаев Айдар “Филармония”, Баяндин Әділғали “Кешкі Ақтөбе”

Қосымша түстерді табу. Интерактивті тақта арқылы екі түс қосындысы көрсетіледі, ал оқушылар қандай түс шығатынын табуы тиіс.

Жауабы: қызыл+сары=қызыл сары, сары+жасыл=сарғыш жасыл, қызыл+қара=қоңыр, көк+қызыл=сия көк, қызыл+ақ=алқызыл

IV. Жаңа сабақты бекіту Слайд арқылы сұрақтар қою.

1. Сәулет өнері дегеніміз не?

2. Ежелгі құрылыстарды ата?

3. Қазақстанда қай ғасырларда қалалар тұрғызылды?

4. Архитектор дегеніміз кім?

5. Қожа Ахмет Иассауи кесенесі қай қалада орналасқан?

6. Бабаджа хатун кесенесі қай қалада орналасқан?

Дискуссиялық өрнек

Ежелгі адамдар тұрғын үйлерде өмер сүрген Келіспеймін  
Айша бибі кесенесі Таразда орналасқан Келісемін  
Архитектура гректін сөзінен шыққан Келісемін  
Қазақстанда 3-15ғ қалалар тұрғызылды Келіспеймін  
Арыстан баб кесенесі Сауранда орналасқан Келіспеймін  
Архитектор – құрылыстар жобасын сызушы Келісемін  
Лашық - ежелгі үйшік Келісемін

V. Қорытынды

Сабаққа белсене қатысып отырған оқушыларды марапаттау, бағалау.

VI. Үйге тапсырма

Суретті аяқтап келу.

Жаңа сабақты қайталау

## ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ – БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕНІҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН ТҮРІ



**Сенғалиев Орал Таупықұлы**  
**Ақтөбе қалалық жас натуралистер**  
**стансасының директоры**

«Бүгінгі таңда біз экологиялық білім мен тәрбиені дамыту керек деген пікірмен қоғамның бірауызды екенін көріп отырмыз және бұл мектеп қабырғасынан, мүмкін одан да ертерек - балабақшадан болуы керек.... экологиялық тәрбие біртұтас тәрбие жұмысының бір бөлігі болуы керек»

А.Аймағамбетов ҚР Оқу-ағарту министрі

Қосымша білім беру – бұл бала өміріндегі бос уақыттың дұрыс ұйымдастырылған жағдайындағы білім беру мен тәрбиенің кеңейтілген түрі. Қосымша білім мекемелеріне

мемлекеттік білім стандарттарымен қатаң шектеу қойылмаған. Өскелең ұрпақтың ерікті түрде өзін-өзі анықтауына, қызмет түрлері мен бағыттарын нақты таңдау еркіндігіне бағытталған.

Еліміздің даму саясатына сәйкес біз үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу үшін өскелең ұрпақты отансүйгіштікке баулуға, балаларға табиғаттың көптомды жазбаларының алғашқы беттерін ашып көруге тамаша мүмкіндік ұсынуға, өсімдік пен жануарлар әлемінің құпияларын ашуға, туған өлке табиғатын оқып-үйренуге ұмтылу және биология тараулары бойынша терең білім алуға, ғылыми зерттеулермен шындап айналысуға бар күшімізді салуымыз керек.

Ақтөбе қалалық жас натуралистер стансасы қызметінің басты мақсаты:

- балалар мен жасөспірімдерді қоршаған ортаны қорғау ісіндегі тәжірибелік қызметке тарту;
- балаларды табиғатқа жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу;
- балалар мен жастардың бос уақыттарын тиімді өткізуін ұйымдастыру; -
- балалардың дарындылықтары мен қабілеттіктерін ерте танып, дамыта білу.

Стансада 3 бағыт жұмыс жасайды:

- экология әлемі,
- өсімдіктер әлемі,
- жануарлар әлемі.

Осы бағыттағы 24 үйірмеде, 630 үйірме мүшесі қамтылып отыр.

Бүгінде қалалық жас натуралистер стансасы бөлме өсімдіктерінің 60 нен астам түрі, дәрілік өсімдіктердің 20 түрі, ағаштар мен бұтақтардың 140 түрі, декоративті гүлдердің

35 түрі және мәдени өсімдіктердің 20 түрі, жануарлар мен құстардың 32-ден астам түрі кездеседі.

Стансада 2010 жылдан бастап жануарлардың «Тірі бұрышы» жасақталды. Тірі бұрышта кеміргіштер, сүтқоректілер, құстар отрядтарының өкілдері кездеседі. Осы уақыттар аралығында Ақтөбе қаласы бойынша 7000 бала жануарлар тірі бұрышына экскурсия жасады. Экскурсия барысында балалар тірі бұрыш жануарларын тамашалап қана қоймай, өз қолдарымен жануарларды азықтандырып, әр түрлі «терапиядан» өтеді.

Станса 2013 жылдан бастап РФ Самара облыстық экологиялық –биологиялық орталығы және Самара зоопаркімен келісім шарт негізінде бірігіп жұмыс жасайды. Халықаралық деңгейдегі ұйымдастырылған «Табиғат айнасы», «Суды қорғайық», «Флористика» тақырыптарындағы Бүкілресейлік сырттай байқауларына қатысып, жүлделі орындарға ие болып жүр.

Сондай – ақ, 2014-2019 жылдар аралығында Ақтөбе қаласы бойынша үздік натуралистер РФ Самара қаласы, Зольное ауылы, Волга өзені жағасындағы «Жигули» балалар сауықтыру лагерінде демалады. Лагерь кезінде демалушылар 5 бағытта жұмыстанады: фауна, флора, орнитология, гидрология, топырақтану. Әр бағыт бойынша лагерь демалушылары зерттеу, бақылау жұмыстарын жүргізіп, қортынды сынақ тапсырады.

Демалыс барысында натуралистер Самара облысының ең керемет жерлері И.Ширяево атындағы тарихи-мұражай кешеніне, И.Е.Репиннің галереясында, соның ішінде «Бурлаки на Волге» туындысының шығу тарихымен танысты. И.И.Спрыгин атындағы Жигули мемлекеттік табиғи биосфералық қорығына саяхат жасады. Сонымен қатар лагерь барысында «Экоторопа», «ЭХО» КТК фестивалі, «Биатлон» музыкалық байқаулары ұйымдастырылып, демалушылар белсене қатысты. Үздік топтар мақтау қағаздарымен, естелік сыйлықтармен марапатталды.

Келісімшарт бойынша Ақтөбе қалалық жас натуралистер стансасы әдіскерлері, қосымша білім беру педагогтары Самара облыстық экологиялық- биологиялық орталығының ұйымдастыруымен өткен «Цветоводство, флористика, основы ландшафтного дизайна», «Межрегиональный фестиваль юных флористов» тақырыптарындағы семинарларда өз тәжірибелерімен бөлісіп, шебер кластар көрсетіп қайтты.

Станция мамандары 2013 жылдан бері Ресей Федерациясы, Самара қаласы «Балалар зоопаркімен» тығыз байланыста. Байланыс нәтижесінде Самара зообағы ветеринар мамандарынан жыртқыш құстарды күту, кеміргіштерді азықтандыру, сүтқоректілердің аурулары т.с.с. сұрақтарға кеңестер алынып, өз тәжірибемізде пайдаланып келеміз. Станса педагогтары Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастырылуымен өтетін курстардан үнемі өз біліктілітерін арттырып отырады. Біздің мемлекетіміздің саясатының басты маңызды бағыттарының бірі – білім беру жүйесін одан әрі жетілдіру, жоғары рухани құндылықтарды қалыптастыру, өскелең ұрпақтарды азаматтыққа және патриоттыққа тәрбиелеу болып табылады.

Балаларға арналған қосымша білім – қосымша білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыру арқылы оқыту және тұлғаны дамыту мен тәрбиелеу процесі, негізгі білім беру бағдарламаларынан тыс қосымша білім беру және ақпараттық - білім беру қызметін көрсету.

Халықаралық байланыс







Ресей Федерациясы, Самара облыстық экологиялық- биологиялық орталығы директоры В.Козлов пен Ақтөбе қалалық жас натуралистер станциясы директоры О.Сенгалиевтің қызметтік келісім шартқа отыру сәтінен. 2013 ж Самара қаласы



РФ, Самара облысы, Самара қаласы, «Зольное» аулындағы «Жигули» жазғы балалар лагерінің экологиялық тобы



Командалар орнитология бағыты бойынша «Сәйкестендір» тапсырмасын орындауда



РФ, Самара облысы, Самара қаласы, «Зольное» аулындағы «Жигули» жазғы балалар лагерінің экологиялық тобы, 2019жыл



Волга өзенінің жағалауындағы «Жигули» жазғы балалар лагерінің экологиялық тобының ашылу салтанаты



Ресей Федерациясы, Самара биологиялық -экологиялық орталығы, «Цветоводство, флористика, основы ландшафтного дизайна» тақырыбындағы семинары 2018 ж

Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қалалық жас натуралистер станциясы делегация мүшелері:

1. О. Сенгалиев
2. А. Ахметова
3. Д. Есенгалиева



Семинарға қатысушылар табиғи материалдардан композицилар жасауда



қураған үйеңкі ағашынан кесіліп, лакталып дайындалған ағаш бөлшегі, гипсофила, хризантема, аспарагус гүлдері пайдаланылды

Ақтөбе қалалық жас натуралистер станциясы 2014 жылдан бері Ресей Федерациясы, Самара қаласы «Балалар зоопаркімен» тығыз байланыста. Байланыс нәтижесінде Самара зообағы мамандарынан жыртқыш құстарды күту, кеміргіштерді азықтандыру, сүтқоректілердің аурулары т.с.с. сұрақтарға кеңестер алынды және өз тәжірибемізде пайдаланылды.



Корольдік питон - улы емес жыландар тұқымдасының өкілі. Самара зоопаркіндегі питонның салмағы 45 кг, ұзындығы 7-8 м, орташа өмір сүру ұзақтығы 30 жыл



Самара зоопаркінде жалпы жануарлардың 300-ден астам түрлері бар. Оның ішінде жыртқыштардан аю, қасқыр, түлкі, барс, тигр, түлкі, қолтырауын, сәндік құстар, жыртқыш құстар, жорғалаушылар, кеміргіштердің түрлері көптеп кездеседі.



Аквариум балықтарының су астындағы тыныс-тіршілігін бақылаудың өзі бір ерекше ләззат сыйлайды



## ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ӘЛЕУЕТІ

**Избасарова Зульфия Жанбрбаевна**  
Ақтөбе облысы, Қобда ауданы  
Қобда аудандық білім бөлімінің әдіскері



Ауылдық жерде қосымша білім беру ұйымының отбасымен жұмысын ұйымдастыру.

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі - мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау - әр мұғалімнің борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін - өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толыққан шығармашыл тұлға құзыреті. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі.

Қобда ауданында балаларды қосымша біліммен қамту 48,7 пайызды құрайды (барлығы 1260 бала).

Бүгінгі таңда Қобда ауданында 2 мемлекеттік қосымша білім беру ұйымдары жұмыс жасайды, олардың ішінде аудандық Оқушылар үйі мен өнер мектебінде 41 үйірмеде 1100 бала қамтылған.

Жалпы білім беретін мектептердің базасында 99 үйірмеде 1937 бала үйірме қызметімен қамтылды. (барлық үйірмелер тегін).

1838 бала 140 спорт секциясына қатысады (барлық секциялар тегін), бұл аудандағы мектеп жасындағы балалардың жалпы санының 70 пайызын құрайды.

Сонымен қатар ауданда мемлекеттік тапсырыс арқылы қосымша білім берумен 4 бағыт бойынша 160 бала қамтылған. Қосымша білім беру жүйесінде әр оқу бағдарламасын меңгеру нәтижесі – баланың өзі таңдаған бағытына қызығып, бейімделуі, сондықтан қосымша білім беру жүйесінде оқу бағдарламасы әр балаға лайықты құрылады.

Аудандық Оқушылар үйінің жұмыс жоспары негізінде барлығы 34 үйірме, 31 мұғалім еңбек етеді. Оқушылар үйінде сәндік-қолданбалы, көркемөнер-эстетикалық, робототехника, туристік, қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану-математикалық, тілдік және т.б. бағыттары бойынша жұмыс жүргізіледі. Оқушылар мен мұғалімдер әртүрлі байқауларға қатысып, жүлделі орындарды иеленуде. «Туған өлкеге саяхат» атты облыстық танымдық байқаудан оқушылар 3-орын және мақтау қағаздарымен, «Ғасырлар куәсі-музейдің ғажайып әлемі» атты республикалық онлайн байқауынан 3-орын, Әл-Фараби атындағы оқушылар сарайының ұйымдастыруымен өткізілген «Ұлы даланың жеті қыры» атты республикалық балалар бейнелеу өнері және сәндік-қолданбалы өнері байқауынан оқушылар дарынды суретші номинациясымен, облыстық «Экоарт: суреттер мен көркемөнер шеберлер» байқауынан 1-орынға иеленді. Педагогтар арасында өткен облыстық педагогикалық олимпиададан мұғалімдер 1,2,3 орындармен марапатталды.

Қобда аудандық балалар музыка мектебінде 34 мұғалім, 7 домбыра, 4 баян, 1 қобыз, 1 фортепиано, 3 халық әні, 5 вокал, 3 көркемсурет, 1 мектеп алды даярлық тобы кластары бойынша музыкалық біліммен қамтылып отыр. Қосымша хор, қазақ музыка әдебиет, сольфеджио, әлем музыка әдебиеті топтық сабақтар өткізіледі. Оқушылар республикалық

«ONER ONLINE» шығармашылық байқауынан 2-орын, «ALASH star» VII халықаралық өнер додасынан Бас жүлде, Елбасының сүйікті әндері байқауынан 2-орын, облыстық «Бақыт болып қоншы деп» байқауынан 2-орындар алды.

Аудандағы екі қосымша білім беру ұйымдарының жұмыс жүргізу бағыттары әртүрлі. Сондай-ақ бірі-ақылы, бірі – ақысыз қосымша білім беру ұйымдарының жұмыс жасауы баланың үйірмені таңдауына да мүмкіндік береді. Оқушылар үйіндегі үйірмелері тегін, Өнер мектебінде үйірмелер ақылы түрде өтеді, алайда жетім, көп балалы, қамқорлығынсыз қалған, қорғаншылықтағы балаларға тегін және жартылай төлем жасау жеңілдіктері бар.

Балаларға арналған қосымша білім беру мекемесіндегі жұмыста қазіргі кезеңдегі технологиялар балалар қызметін ұйымдастыруда нәтижелі тәсілдер және әдістерді таңдауға, олардың белсенділігіне, өзін – өзі дамытуға мүмкіншілік береді.

## ИСПОЛЬЗОВАНИЕ СОВРЕМЕННЫХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ДЕТСКОЙ ШКОЛЕ ИСКУССТВ

**Али Алина Алиевна –преподаватель класса скрипки**  
Детская школа искусств имени Казангапа  
г.Актобе, магистр педагогических наук



Аннотация. Сегодня во время инновации и технологического развития в сфере образования, происходят изменения в музыкальном образовании, совершенствовании методов и средств обучения, направленные на развитие творчества и музыкальной культуры учащихся. Образовательные технологии помогают правильно выстроить учебный процесс, улучшить уровень и качество педагогического процесса, расширяют использование средств передачи информации (зрительная, слуховая, тактильная). Результатом использования образовательных технологий в дошкольном образовании стимулирует повышения интереса к занятиям и к творческой деятельности.

Ключевые слова: образовательные технологии, музыкальное образование, ученик, педагогический процесс.

Дошкольный возраст считается ответственным этапом, становления и формирования личности ребенка, как физического, так и интеллектуального и творческого. В этом возрасте дети быстро усваивают полученную информацию, буквально «впитывают», что благоприятно для нравственного и эстетического воспитания. Этот период связан с формированием эмоций, поведения в социуме, отношений к семье и труду, развития навыков и способностей.

Современные образовательные технологии создают огромную платформу реализации педагогических принципов, это возможности развития и совершенствования различных подходов в образовании.

Образовательные технологии, прежде всего направлены на реализацию государственных стандартов дошкольного образования.

Важным в системе дошкольного воспитания является позиция ребенка, отношение к

ребенку со стороны взрослых. Здесь роль взрослого не значима, его цель содействовать, сотрудничать и наблюдать.

Технология - это совокупность приемов используемых в любой деятельности (искусстве, мастерстве). Образовательная технология - это совокупность психолого-педагогических установок, определяющих специальный набор и компоновку форм и методов, способов, приемов обучения, воспитательных средств. Впервые термин «технология», появился несколько столетий назад и широко использовался в строительной промышленности, и представлял собой способ производства продукта, основанный на использовании технических или других средств, производства под руководством человека. В педагогике «технология» означает способ обучения, в котором основную нагрузку по реализации функции обучения выполняет средство обучения под управлением учителя. Педагогический процесс с использованием педагогических технологий направлен на средства обучения, и функции координации и стимулирования деятельности учащихся. Технологии создают условия для получения эффективного результата с применением интегративных средств обучения: компьютера, интернета, мультимедиа средств, инновационных методов и форм обучения, отвечающим современным требованиям общества [7].

Таким образом, преподаватель перестает быть только одним из основных источников информации, он сохраняет свои функции воспитателя, становится организатором и творцом новых по своей сущности условий успешного приобретения знаний, умений и навыков.

Образовательные технологии направлены на развитие творческих способностей детей дошкольного возраста, и создают условия для самостоятельной деятельности ребенка и опережающего развития. Данная технология подразумевает использование развивающих игр, организованной деятельности педагога направленной на создания и определенной последовательности и целостности воспитательного процесса. Достижение определенного результата путем использования игровых технологий, ориентированно на развитие способностей, навыков, компетентных умений и знаний детей дошкольного возраста [3, С.42-48].

Целевой ориентацией образовательных технологий, является формирование у ребенка к общественным, самостоятельным, творческим видам деятельности.

Цель: творческого развития, формирования мышления, логики, внимания, а также воображения, как одного из функции сознания, позволяющего переносить свойства одних вещей на другие.

Сегодня информацию можно получить из различных источников (интернет, презентация, семинары, проекты и т.д.), в результате изменяется восприятие учебного материала, основанное на реализации учебных планов и утвержденных программ. Большая платформа знаний, раскрывает полную и обширную картину знаний для учащихся.

Современные образовательные технологии в дошкольном образовании ориентированы: оформление учебного материала значительно лучше воспринимается на ярком экране, с цветным изображением, чем на доске, с использованием мела;

преподносимый материал, с использованием звуковых и зрительных контактов повышает познавательную деятельность;

с применением презентаций, видео-уроков, документальных фильмов повышается производительность урока, наглядность, а также активность учащихся;

в связи с разными способами подачи информации, применением технологий, преподаватель моделирует и структурирует учебный процесс, сохраняя логику и основное содержание учебного материала, что положительно влияет на уровень знаний учащихся;

благодаря использованию мультимедиа средств, возможно установление интегративных связей между дисциплинами;

компьютер выполняет роль универсального инструмента для работы.

Применение современных технологий на уроках музыки, решает множество задач,

ориентированных к учебно-познавательной, исследовательской деятельности учащихся, которая способствует развитию творческой деятельности, активизации коммуникативных функции.

Также одним их эффективным средством в образовательных технологиях выступает игра. Игровые технологии построены на моделировании творческого процесса, созданий условий и климата для развития творческой стороны ребенка. Данный процесс осуществим в ходе развивающей игры. Каждая игра направлена на осуществление ряда задач, которые дошкольник осуществляет с помощью игрушек, картинок, кубиков, пазлов. Задачи представлены в различной форме: в виде сказки, чертежей, инструкции, рисунка и др., таким образом ребенок знакомится с разными способами подачи информации и требованиями заданий [2].

Игровые технологии обеспечивают решение нескольких проблем:

это своего рода «мозговой штурм», «пицца» для мозга, для всестороннего развития дошкольника;

все задания направлены на опережающее развитие, и действуют по принципу от «простого к сложному», что создает питательную платформу для развития способностей;

формирование самостоятельности при выполнении заданий, развития и мотивации игровой деятельности ребенка, делает его более успешным;

развивающие игры имеют вариативный характер, могут быть разнообразными по содержанию [5].

Любая образовательная технология обладает средствами, активизирующими и интенсифицирующими деятельность детей.

Виды педагогических игр очень разнообразны. Они могут различаться:

по виду деятельности – подвижные, интеллектуальные, исследовательские, речевые и т.д.;

по характеру – познавательные, воспитательные, обучающие, тренировочные и т.д.;

игровая методика делится на игры с правилами, игры с правилами, устанавливаемыми по ходу игры;

по содержанию – логические, музыкальные, дидактические, социализирующие, логические и т.д.

по игровому оборудованию – театральные, настольные, компьютерные, режиссерские, сюжетно-ролевые и т.д [1].

Основой в использовании игровых технологий считают взаимодействие между педагогом и детьми, непосредственным и систематическим общением, значение которого позволяет:

повышать интерес дошкольников к игровой деятельности;

активное участие в играх;

познавание эмоции и ощущений;

развитие творческого потенциала;

умение концентрировать внимание в играх, соблюдения правил и инструкции игры;

использовать различные вариации игровых последовательностей в ходе игры, за счёт усложнения или упрощения игровых задач в зависимости от уровня освоения материала.

Важными и необходимыми в наше время стали здоровьесберегающие технологии. Психическое и физическое здоровье ребенка, адаптация в социуме, здоровье – те условия, которые определяют его личностное развитие, жизнь в социуме.

Цель данных технологий создать условия школьникам, сохранения здоровья во время обучения в школе, ознакомить с правилами здорового образа жизни, научить применять полученные знания в практике. А музыкальная терапия выступает одним их методов здоровья школьников.

Большое значение для сохранения физического и психологического здоровья детей имеет активизация их творческого потенциала, создание атмосферы поиска, радости, удовольствия, развитие детской индивидуальности, удовлетворение индивидуальных потребностей и интересов.

Сегодня система образования реализует формирование новой системы образования, направленного мировое образовательное пространство. Данный процесс ориентирован на изменения в практической и педагогической деятельности воспитательного процесса. Изменения в образовательной парадигме в корне меняют содержание, подходы, методы,

отношения педагогического процесса и взаимоотношений между детьми и педагогом [4]. При этом важна организация своего рода диалога различных педагогических систем и технологий. В этих условиях любому педагогу необходимо ориентироваться в широком спектре современных традиционных и инновационных педагогических технологий. Ведь эффективность использования педагогических технологий зависит не только от различий исходного уровня специальных знаний и умений разработки и реализации технологий, но и от уровня сформированности общепедагогических умений, методологической культуры, профессионального развития педагогов в целом.

#### Список используемой литературы:

1. Бабанский Ю.К. Методы обучения в современной общеобразовательной школе / Ю.К. Бабанский. - М.: Просвещение, 2015 г.-208с.
2. Ермекбаев А.А. Применение информационных технологий в современном образовании / А.А. Ермекбаев // Материалы Республиканской научно-практической конференции «Молодежь и современные информационные технологии» - Уралск: ЗКТУ им.М. Утемисова, 2016.- С.336-339.
3. Кротова Н.В. Новые образовательные технологии в формировании интеллектуального человеческого капитала культуры / Н.В. Кротова. - М., 2000 г.- С.10-18.
4. Ксенофонтова, Д. В. Музыкальные технологии XXI века / Д. В. Ксенофонтова. // Проблемы и перспективы развития образования: материалы II Междунар. науч. конф. (г. Пермь, май 2012 г.). — Пермь: Меркурий, 2012. — С. 14-16.
5. Лазарев, М. Музыкальный интеллект до и после рождения [Текст] / М. Лазарев. // Искусство в школе. - 2012. - № 2. - С. 6-7.
6. Рачина, Б. С. Технологии и методика обучения музыке в общеобразовательной школе [Текст] / Б. С. Рачина. - СПб.: Композитор, 2007.- С.22-36.
7. Смирнова Е.С. [Электронный ресурс] Использование современных образовательных технологий на уроках музыки. - Е.С. Смирнова. - <https://urok.1sept.ru/articles/676656>. - Москва: Открытый урок 2017.



### «МУЗЫКАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТІ ҰҒЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖАБДЫҚТАУ»

**Баймұхан Жомарт Батиханұлы**  
Қарғалы адундық балалар өнер мектебінің  
домбыра класының оқытушысы

Қазіргі таңда қосымша білім беру оның ішінде домбыра аспабын үйретудің жолдары көп. Әр кім әр түрлі жолмен берілген тапсырманы оқушының бойына сіңіреді. Ең бастысы оқушы тез әрі сапалы түрде сол аспапты меңгеруі музыкалық сауат ашуы. Менің домбыра сабағындағы аз жылдағы жеткен жетістігім немен байланысты қандай методика пайдаландым осы жағынан сіздерге азғантай мәлімет бере кетсем. Менің ең алғаш мұғалім болып келген кезде оқушыға шығарманы ойнатпас бұрын әбден

құлақтарына сіңіріп тыңдатып алу арқылы үйреттім. Ол әдісім нәтиже берді. Балаларға берілген шығарманы тез әрі сапалы меңгерту үшін шығарманы тыңдау арқылы санасына сіңіріп алу керек. Яғни шығармамен таныстық тыңдаудан басталуы керек. Егер шығарма жалпыға бірдей таныс болса, бала оны күнделікті теледидардан, әлеуметтік желілерден тыңдап жүрген болса құлағына сіңісті шығарма болса онда ол балаға

шығарманы меңгеруде біраз жеңілдіктер әкеледі. Ал кейбір күрделі шығармалар бала бұрын естімеген таныс емес шығармалар ондайда шығарманы жақсылап тыңдау өте маңызды.

Көпшілік қауым күрделі музыкалық шығармаларды дұрыс түсінбегендіктен оны тыңдай алмайды, себебі ондай адамдардың музыкалық түсінігі, білімі таяз. Жалпы шығарманы тыңдаудағы алғашқы міндет баланың сол шығарманы меңгеруде деген ынтасын арттыру болып табылады. Ынтасы оянған бала еңбектенеді. Діттеген мақсатына тез жетеді.

Тыңдау оның шығарманы тез меңгеруіне жол ашып қана қоймайды, баланың көркемдік талғамын арттырады. Ой – өрісі кеңейеді. Жалпы музыкаға деген сүйіспеншілігі мен мәденеті қалыптасады.

Ш.Б. Шостакович өзінің бір сөзінде: «Музыканы сүю, білу сезімі адамға туа бітпейді, жүре пайда болады. Музыканы сүю үшін, оны ең алдымен тыңдау керек»-деген болатын. Музыкалық шығармаларды тыңдатқанда:

- баланың ішкі сезімімен қоса, музыкалық есту қабілеті дамиды;
- көркем-эстетикалық талғамы қалыптасады;
- ой-өрісінің, сана-сезімінің жетілуіне ықпал етеді;

Музыканы тыңдау неден басталады десек, ол тыныштықтан басталады дер едік; өйткені музыканы қабылдай білу алдымен ұқыптылықты, зейінділікті, тыныш тыңдай білуді талап етеді. Сонда ғана әуен-саз көңілге жайлы, ақылға қонымды, адам сезімін жылытатын жүрек қылын шертетін әсер берері сөзсіз. Бала шығарманы қабылдау керек. Музыкалық шығарма әр класс оқушыларының жас ерекшеліктеріне сай іріктелуі керек. 1-2 класс оқушыларына тыңдатылатын музыкалық шығарма шағын, жеңіл, ойналу ұзақтығы 1-1,5 минуттан аспайтын, 3-4 класс оқушыларына 3 минуттай болуы керек.

Музыкалық шығармаларды қабылдау кезеңінде оларды тыңдау арқылы игеруді мынадай төрт кезеңге бөлуге болады:

1. Мұғалімнің кіріспе сөзі.
2. Алғашқы тыңдау.
3. Шығарманы талдау.
4. Шығарманы қайталап тыңдау.

1. Мұғалімнің кіріспе сөзі оқушылардың зейінін орындалатын шығармаға аудару мақсатында болуы керек. Тыңдатылатын шығарманың шығу тарихын, автордың қысқа өмірбаянымен таныстырған жөн.

2. Алғашқы тыңдау барысында сыныпта тыныштықты сақтауды қалыптастыру керек. Бұл арада мұғалімнің алғашқы кіріспе сөзі әсер етеді. Егер кіріспе сөз балаға қызықты түсінікті ашық болса алғашқы тыңдау балаға әсер етеді. Шығарманы тыңда отырып кіріспедегі айтылған мәліметтерді оқиғаларды көз алдына елестетіп отырады.

3. Шығарманы талқылау кезінде алғашқы тыңдаған шығарманы мұғалімнің орындауында бір екі рет тыңдап алған дұрыс. Мұғалім өзі орындай отырып шығарманы үзіп үзіп ойнап әр бөлімге жеке жеке талдау жүргізу керек. Жалпы шығарманың характерін ашуы керек. Одан кейін барып оқушыға бастапқы буыннан бастап соңына дейін бір ойнатып шығуы керек. Алдында тыңдағаны бар мұғалімнің ойнап бергені бар баланың құлағына сіңе бастаған шығарманы өзі де ойнап көруі керек.

4. Шығарманы қайталап тыңдау. Өзі бір рет ойнап көрген шығарманы әр буынға бөліп жеке жеке меңгеру. Неғұрлым музыкалық шығарманы көбірек тыңдаса соғұрлым балалардың естерінде сақтау мүмкіндігі нақты болады.

Сабақтағы алынған шығарманы меңгерудегі – негізгі көрнекілік сол шығарманың өзі болып табылады. Ал музыкалық шығарманы сапалы түрде тыңдату үшін техникалық құралдарды пайдалану керек ақ. Магнитофон, шағын калонкалар арқылы тыңдату. Бұл жер ұстаздың шеберлік деңгейі де оқушыға өатты әсер етеді. Сонықтан алынған шығарманы ең алдымен мұғалім өзі терең меңгеруі шарт. Көрнекі құралдарды орынды қолдана білу арқылы оқушылардың музыкалық шығармаларды терең түсініп, қабылдау, талдай білу қабілеттерін дамытамыз, музыкалық бейнелерді қабылдау дағдыларын қалыптастыра

отырып, музыкалық білім деңгейлерін, ойлау, түсіну сезімдерін бойларындағы шығармашылық қабілеттерін жетілдіру мүмкіндігін дамытамыз.

Осылайша музыкаға қызығушылығынан, оған деген эмоциялық көзқарасы қалыптасады. Әр шығарманың мәнерлі құралдары болатынын ажырата алатын болады. Балалармен тікелей жұмыс істеген музыкант-ғалымдар, ұстаздар, зерттеушілер музыканы қабылдаудың әртүрлі жақтарын жанжақты дамыту керектігіне айрықша назар аударды. Ең негізгісі-оларды қызықтыра білу. Музыка сабағындағы болып жатқан әрекеттерге эмоциялық қарым- қатынасын дамыту.

Орыстың ұлы жазушысы Д.Кабалевский былай деп жазған болатын. «Музыка деген қызығушылық, музыкамен әуестену, ұнату- оның ғажайып сұлулығын түсіну үшін қажетті шарт. Сонда ғана ол өзінің тәрбиелік және танымдық ролін атқара алатын болады. Ал музыкаға қызықпаған, онымен айналыспаған адамға білім және тәрбие беремдеу сәтсіздікке ұшшыратпай қоймайды. Бұдан шығатын қорытынды: балалардың музыкаға деген қызығу сезімін оятпай, олармен музыкалық сабақ өткіземін деу- бос әурелік. Ал, музыканы ұнату, оған қызығу сезімдері балалар музыкалық өнердің нағыз көркем, үлгілерін сезінгенде ғана пайда болмақ» – деп жазды. Демек біз бала – болашақ десек оған жақсы тәрбие берудегі музыканың соның ішінде ұлттық музыканың алатын орны ерекше ірі маңызды болмақ.

## АСПАПТА ОЙНАУДЫ ЖЕТІЛДІРУ



**Тапанова Арайлым Ержановна**  
Ақтөбе облысы Қобда ауданы  
Қобда аудандық балалар өнер мектебінің  
қосымша білім беру педагогі

**Мақсаты:** Оқушыға шығармадағы кездесетін қиын тұстарды меңгертіп, ойнау шеберлігін арттыру.

-Аспапта еркін игеруге, музыкалық сауатын ашу және аспапта ойнауды жетілдіру.

- Оқушының қызығушылығын арттыру.

- Оқушының ой-өрісін дамыту.

-Оқушылардың сана сезімін, ақыл ойын кеңейту.

Әнді сезініп орындауға дағдыландыру.

**Сабақтың түрі:** Ашық саяхат сабақ.

Көрнекілігі: Интерактивті тақта,ноутбук, кітаптар,

аспаптар.

**Сабақтың барысы:**

Ұйымдастыру кезеңі:

а) Үй тапсырмасы

Ә) Сергіту сәті

Б) Жаңа сабақ

Г) Үйге тапсырма беру

Д) Бағалау

Мұғалім: (психологиялық дайындық жасайды) Салеметсіздерме оқушылар! Бүгін бізде ашық саяхат сабағы. Алдымен саяхаттамас бұрын үй тапсырамсын еске түсіріп, қайталап шығайық! Сонымен үйге не берді? (Оқушылар үй тапсырмасын орындайды)

Мұғалім: Жақсы балалар енді сәл- пәл сергіту сәтіне кезек берейік. Сергіту үшін біз саяхаттауға теңізге шығамыз.Ол үшін бізге яғни теңізге шығуға, аралдан аралға жетуге сабағымызға қандай көлік қажет? Қане қайсың айтасыз?

Балалар: (Кеме)

Мұғалім:Дұрыс айтасыздар балалар. Кемені басқару үшін кеменің капитаны болуы керек. Олай болса кім капитан болады? (оқушылардың ішінен капитан сайланады) Капитан оқушыларды ертіп теңізге саяхатқа шығады. Олар түрлі аралдарға соғып,сондағы тапсырмаларды орындайды.

**Жаттығулар аралы:**

Каспий теңізі: «Халық әні » дегеніміз не?

Оқушылар жауап береді.

Кіші арал: Қандай халық әнін білесіз? (оқушылар жауабы)

Есіл өзені: Қандай серілерді білесің? Әндерін орындап бер.

Жайық өзені: Қандай композиторларды білесіз?

Жақсы балалар саяхат жүріп, біраз мағлұмат жинағандай болдық. Енді соңғы тоқтаған өзенімізге тоқталып кетейік.Қандай композиторларды білесіздер деген сұраққа жауап іздедік. Енді сол сұраққа толық беріп көрейік.

Жаңа сабақ: Балалар бүгінге өтетін сабағымыз «аспапта ойнауды жетілдіру.» Жалпы аспапта ойнауды жетілдіру деп берілген әнді нақышына келтіре орындауды, қағыстарды таза ойнауды айтамыз.Яғни орындаған әніміз тыңдаған құлаққа жағымды естілуі керек. Мысалыға Бәкір Тәжібаевтың «Ақ бұлақ» әні. Қазір ноутбук арқылы тыңдаймыз.

Қазір сіздер сияқты оқушылардың орындауындағы әнді мұқият зер салып тыңдаймыз. ( ноутбуктен Б.Тәжібаевтың әні тыңдалады.)

Тыңдалған әннен қандай әсер алдыңыздар?

- **Оқушылар:** (жауап береді)

- Мұғалім: Олай болса домбырамызды қолға алып, асықпай баппен орындаймыз.

Күндіз түні бір тынбай, дала кезген шапқылап,

Құмар едім өзіңе бала кезден Ақбұлақ

Әнге бөлеп маңайды, асып-тасып жатасың

Ақ моншақтан аспанға, шашу шашып жатасың

Қайырмасы:

Сенің келіп жағаңнан, анам талай талай су алған,

Сенің келіп жағаңнан, әкем атын суарған,

Айналайын Ақбұлақ, асыл салғам жағаңда,

Сеннен басқа өлкені бұл әлемнен табамба

(Мұғалім оқушымен бірге қосылып орындап көрсетеді, кейін оқушының өзі орындайды.)

Сабақты қортындылайық: Сонымен балалар бүгінгі ашық саяхат сабақтан қандай ісер алдыңыздар? Кемеге мініп әртүрлі жауаптарын іздеген сұрақтар ұнады ма?

**Оқушылар:** ( жауап береді)

**Бағалау.** ( оқушылардың сұрақтың жауабына қарай бағаланады)

Үйге тапсырма: Б.Тәжібаевтың «Ақбұлақ» әні.Әнді нақышшына келтіре орындап келу.

## ФОРМИРОВАНИИ ИСПОЛНИТЕЛЬСКИХ НАВЫКОВ НАЧИНАЮЩЕГО АККОРДЕОНИСТА



**Целикова Людмила Сергеевна**  
Педагог дополнительного образования  
ГККП «Каргалинская районная детская школа искусств»

В настоящее время обучение детей в музыкальных школах не теряет своей популярности, несмотря на спад интереса к классической музыке среди населения. Музыкальное образование детей и подростков является не только одним из самых востребованных направлений в системе дополнительного образования, но и самым ответственным. Столкнувшись с первыми трудностями, далеко не все дети проходят полный курс обучения в детской музыкальной школе. Вышеперечисленные обстоятельства

ставят перед преподавателем довольно ответственную задачу – выбрать соответствующую методику преподавания. Важно увлечь ученика, научить любить сам процесс работы над музыкальным произведением, научить его дорожить музыкой. Это требует от преподавателя обладать терпением, умением ждать, быть тонким и чутким человеком, хорошим психологом, который может услышать каждого учащегося.

Игра – одно из педагогических средств обучения переживает период своеобразного расцвета. Игровые технологии относятся к инновационным и являются составной частью педагогического процесса. Именно игра, как никакой иной вид деятельности, вызывает качественные изменения в психике ребенка. В музыкальной школе занятия по специальности с использованием игровых технологий вызывают у детей приятное настроение, формируют устойчивое заинтересованное отношение к занятиям. Именно в игровой форме легче следить за интенсивностью физической нагрузки, за точностью исполнения движений. Кроме того, игровые занятия вызывают активную работу мысли у ребенка и, как показывает практика, избавляют их от скучного, изучения репертуара. Игровые технологии в музыкальной школе могут быть направлены на развитие внимания, памяти, мышления, формирования творческих способностей. В классе по специальности игровые технологии дают простор для фантазии преподавателя. Ведь и музыка, и игра являются образными представлениями действительности, что позволяет музыкальный образ легко перевоплощать в игровой. Можно использовать дидактические материалы, музыкальные игры, задачки, стараться создать радостную, доброжелательную атмосферу, поощряя любую выдумку и фантазию ребенка. Только в этом случае можно достичь максимальной эффективности процесса.

Современная система образования все чаще используют методы обучения, которые ориентированы на учет индивидуальных особенностей учащихся. В последнее время достаточно пристальное внимание уделяется исследованиям инновационных методик школьного образования, в том числе и нейролингвистическому программированию. Ее главной задачей является установление эффективной коммуникации между людьми. Создатели этой технологии утверждают, что любой вид занятия можно сделать гораздо быстрее и эффективнее, не создавая школьных фобий и развивая способности учащихся. В нейролингвистическом программировании в зависимости от модели восприятия выделяются следующие типы учащихся: а) учащийся – аудиал. Он мыслит слуховыми образами и звуками, интонациями. В разговорной речи использует слова «мелодичный», «громкий», «шумный» и др.; б) учащийся – визуал. Для него важны зрительные образы, размеры, картины, цвета. В разговорной речи использует слова «яркий», «темный», «видеть» и др. Учащемуся – визуалу необходимо предоставлять информацию с

использованием слов, которые описывают форму, цвет, размер; в) учащийся – кинестетик. Он обучается посредством мышечной памяти. Часто использует слова «чувствовать», «трогать», «мягкий» и др. Информацию ему необходимо представлять с помощью жестов, с определенной скоростью, через прикосновения, кожное и мышечное чувство, переживания.

Практика показывает, что на первых занятиях в классе аккордеона много времени тратится на кинестетическое обучение учащихся. Дети с любопытством изучают аккордеон, приходят в восторг от воздушного клапана, делают различные попытки увидеть левую клавиатуру аккордеона, отрегулировать с помощью колесика левый ремень и др. С первых уроков преподавателю довольно сложно выявить к какому типу восприятия относится учащийся. Поэтому на начальном этапе обучения всю информацию учащемуся необходимо предоставлять системно, т. е. ребенок должен ее слышать, видеть и ощущать. Системный подход в передаче информации дополнительно усиливает восприятие у учащихся, подкрепляет запоминание, развивает внимание.

Организация урока играет важное значение в процессе начального обучения. В первые несколько месяцев следует придерживаться игровых методов в построении урока и по возможности избегать заучивания какого-либо теоретического материала, что облегчает учащемуся освоение инструмента и стимулирует интерес к занятиям музыкой. Педагогу важно вести урок живо, увлекательно, чередовать более трудные с более легкими заданиями. С первых шагов обучения следует уделить должное внимание развитию навыков самостоятельной работы. Преподаватель должен поощрять любое проявление самостоятельности ребенка, и не давать «готовых рецептов».


В нашем обществе приобщение детей к музыкальному искусству требует от преподавателя знаний в области современных педагогических технологий. Использование инновационных игровых технологий в классе специального инструмента с детьми младшего школьного возраста направлено на снятие отрицательных эмоций, которые возникают в процессе достижения необходимого результата, и на повышение эффективности обучения детей игре на музыкальном инструменте.

Первые годы обучения аккордеонистов являются ответственным периодом, поскольку в это время создается творческий фундамент, на базе которого формируется отношение к музыке как к искусству. Обучение является эффективным в том случае, если направлено на активизацию мыслительной деятельности учащегося в соответствии с его типом восприятия информации и на формирование самостоятельности в процессе обучения.

Основным результатом начального этапа обучения игре на аккордеоне являются навык слухового контроля, грамотного прочтения нотного текста, свобода игрового аппарата. Через несколько месяцев после начала освоения инструмента учащийся может исполнить выученную пьесу на классном концерте своего преподавателя. Это является не только хорошим стимулом к продолжению занятий на инструменте, но и важным этапом в творческом развитии учащегося.



## ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ



**Маханбетова Бақытжан Амантурдыевна**  
Ақтөбе облысы, Алға қаласы  
«Жастық жігер» мектептен тыс аула клубы  
қосымша білім беру педагогі

Қазіргі кезеңде Республикамызда қосымша білім берудің жаңа жүйесі жасалып, Қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Білім беру саласы қызметкерлерінің алдында қойылып отырған басты міндеттердің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық

технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами қелбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Қазіргі таңда білім беру жүйесінде қосымша білім беру мектептен тыс ұйымдардың бірегей жүйесін сақтау және дамыту, жеке тұлғаны тәрбиелеу, оқыту және шығармашылық дамытуда олардың ролін арттыру мақсатында ұйымдастырылады. Балаларға қосымша білім беру мазмұны, оны ұйымдастыру түрі, әдістері мен технологиялары сапасын көтеру, педагогикалық шығармашылық жұмысты бағдарлы түрде ұйымдастыру көзделген. Қазақстандағы қосымша білім беру жүйесі білім беру кеңістігінің ең динамикалық және дамушы құрамды бөлігі болып табылады, ол стандартты жүйеге қарағанда ерекше ашық және еркін дамуды қалыптастырады. Балаларға қосымша білім беру – білім алушылардың білім алу қажеттіліктерін жан-жақты қанағаттандыру мақсатында жүзеге асырылатын тәрбиелеу мен оқыту процесі, үздіксіз білім жүйесінің ажырамас бөлігі. Балалардың қосымша білім беру жүйесі – салауатты өмір салтын қалыптастыру, жеке тұлғаны өздігінен дамыту, шығармашыл дарынды балаларды іздеу, қолдау көрсету және дамыту, өскелең ұрпақ тәрбиесіне және олардың дарындылығын дамытуға, балалардың құқықтарын қорғауға назар аударуды күшейтуге бағыттауға негізделген.

Мұғалім компьютерлік технологияларды кез келген сабақта және оның түрлі кезеңдерінде қолдануына болады. Ақпараттық технологияны пайдаланып оқыту төмендегідей мақсаттарды көздейді:

1. Ақпараттық технологияны білім деңгейін тексеру бағытында қолдану;
2. Мұғалімнің оқытушылық мақсатында қолдануы;
3. Компьютерді мультимедиялық мүмкіндіктер арқылы көрнекі құрал ретінде пайдалану;
4. Электрондық оқулықтармен интернетті пайдалану.

Оқу үрдісінде компьютерді пайдалану оқушылардың өзіндік жұмыстарын ақпараттық – әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етуге, елеулі өзгерістер енгізуге мүмкіндік береді. Олардың баяндама, реферат жазғанынан презентация жасағаны тиімді, себебі, презентация жасау барысында олар алған материалдарын жүйелеп, негізгісін, тақырыптың өзекті жерлерін бөліп алады. Бұл дағды оқушының логикалық ойлауын, шығармашылықпен, ақпаратпен жұмыс жасауын қалыптастырады. Оқушылардың

шығармашылық жоба жазуына да ақпаратпен жұмыс жасауына көмегін тигізеді.

Әр адам бос уақытын өзінше бір нәрсеге арнайды. Бірақ, бос уақытты ұтымды етіп өткізу әлдеқайда тиімді. Дұрыс тиімді ұйымдастырылған бос уақыт – олардың рухани өмірін, көзқарасын толықтырылуын қамтамасыз етеді. Баланың бос уақытын оның өз қалауымен өткізуге ат салысу, оған аса мән беру – қазіргі таңның басты мақсаты саналуы тиіс. Бүгінгі таңда жаңа білімді адамды қалыптастыру барысында қосымша білім беру мекемелеріндегі үйірме жұмыстары күннен-күнге ұлғая түсуде. Мектептен тыс орталықтарда жүргізілетін тәрбие жұмыстары, сабақ үстінде жүзеге асыратын тәрбие жұмысын толықтыра және тереңдете отырып, ең алдымен балалардың таланттары мен қабілеттерін неғұрлым толық ашудың, олардың бір нәрсеге қызығушылығы мен ынтасын оятудың құралы ретінде қызмет атқарады, ол оқушылардың бос уақытын ұйымдастырудың және олардың адамгершілік мінез құлыққа жаттығуын ұйымдастырудың формасы болып табылады.

Біріншіден, оқудан тыс әр тарапты әрекет баланың сабақта мүмкін болмайтын жан – жақты дара қабілетін ашуға ықпал етеді.

Екіншіден, сыныптан тыс әр түрлі үйірме жұмысының түрімен айналысу баланың жеке әлеуметтік тәжірибесін жандандырып, жетілдіреді, оның адамзат құндылықтарына негізделген білімдерін байытып, қажетті практикалық іскерлігі мен дағдысын қалыптастырады.

Үшіншіден, сыныптан тыс түрлі тәрбие жұмысы оқушыларда әрекеттің әртүріне қатысты қызығушылығының дамуына, оған белсенді қатысуға деген құлшынысын тәрбиелеуге нәтижелі ықпал етеді. Егерде балада еңбекке деген тұрақты қызығушылық және белгілі бір практикалық дағды қалыптасқан болса, онда ол өз бетінше тапсырманы нәтижелі орындауды қамтамасыз ете алады.

Қосымша білім беру ұйымдары қызметінің басты ерекшелігі мынада:

Балалар мен жасөспірімдерді өз еркіне қояды және мұнда адамның өзін-өзі жан-жақты көрсетуіне толық мүмкіндік беріледі, сонымен қатар балалар білім алу бағытын, жүйесін, деңгейін және соңғы нәтижені өздері таңдайды. Бұл ерекшелік қосымша білім беру ұйымдарының білім беру жүйесіндегі шығармашылық қарым-қатынасты, педагог пен баланың немесе педагогпен қосымша білім беру ұйымдарының бірлескен іс-әрекетін белсенді және қарқынды жаңа педагогикалық технологиялық оқыту әдістемесін үнемі үйлестіріп отырудың қажеттілік екенін айқын көрсетеді;

Педагогпен бірлесе отырып жасаған шығармашылық тапсырмаларды шешу білім алу процесіндегі психологиялық құрылымды өзгертеді немесе екі жақтың әрекеттесуі, қарым-қатынас жасауы, барлық қатысушылардың бір-бірімен тығыз байланысты болуы әр баланың ішкі стимуляциясының оянуына әкеледі;

Балаларға қосымша білім беру мекемелерінің бағдарламасы білім беретін сонымен қатар қызметпен (іс-әрекетпен) қамтамасыз ететін және мекеменің дамуы болып екіге бөлінеді.

Қосымша білім беру ұйымдары өзі қызмет көрсететін жердегі тұрғындардың мәдени-ағарту жұмыстарындағы өзара әрекеттік сипатын ашуға да септігін тизізеді. Қосымша білім беру ұйымдарға тән өзіндік ерекшеліктер мұндағы жұмыстарға балалар мен жасөспірімдердің өз еркі және талғамы бойынша қатысуын қамтамасыз ете алады. Мұндағы педагогикалық әсерге әртүрлі кәсіп және жас деңгейіндегі адамдар тобы мүдделерінің бірлігінің қалануы мен жұмыс мазмұндарының алуан түрлілігін, оның формаларымен түрлерінің көптігін де жатқызуға болады.

Сонымен елімізде білім беру жүйесінде болып жатқан оң өзгерістер қосымша білім берудің, оның негізгі субъектісі мектептен тыс ұйымдар қызметінің өзектілігін арттыра бермек. Өйткені қосымша білім беру ұйымдары жалпы білім беретін мектептермен, басқада білім беру орындарымен бірлесе бірін-бірі үздіксіз білім беру жүйесін құра отырып:

балалар мен жасөспірімдерді шығармашылық белсенділікке, өз бетінше білімін жетілдіруге ынталандырады;

білім мазмұнын белсенді және іскерлікпен меңгеруге үйретеді;

балаға өзіндік өмірлік тәжірибесін талдап қорытып, оның қалыптасқан құндылық

жүйелерімен ара қатынасын ажырата білуге үйретеді;  
өз ісіне баға беруге, сөйтіп өз мінез-құлқын қалыптастыруға үйретеді;  
жаңа ғылыми білімдерді және олардың айқын тенденцияларын ажырата білуге үйретеді;

баланың дамуы мен дербес сана- сезімінің даму эволюциясын ескере отырып, білім берудің барлық түрлеріндегі мазмұн сабақтастығын сақтайтын мекеме ретінде бейімделу іс-бағыттары бойынша атқарылатын жұмыстардың жүйелі, үздіксіз жүргізілуін басшылыққа алады.

Балаларға қосымша білім беру ұйымдарының басқа білім беру орындарынан айырмашылығы онда бала басқаша білім жолын басып өтеді. Мұнда балаға қосымша ақпарат беріп қана қойылмайды, ең бастысы бала шығармашылық жұмыс істеуге тартылады. Бала адамзат еңбегінің, білімінің бірін терең игереді, оған дағдыланады. Жас ұрпақтың дара ерекшелігін ескере отырып ойлау, шешім қабылдау, қорытынды ой-пікірін білдіруін, белсенділігін, танымдық қабілетін дамытуын, өзінің шығармашылық әрекетін жүзеге асыруын қалыптастыруына мүмкіндік туғызған дұрыс. Оқушылардың қабілетін ашып, дамытуға жан-жақты жағдай жасағанда ғана мақсатқа қол жеткізуге болады. Уақыт талабына сай оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту үшін оқытудың жаңа ақпараттық технологиясын пайдаланған жөн деп есептейміз.

## «БҮГІНГІ ЗАМАН – БӘСЕКЕЛЕСТІК ПЕН ЖОҒАРЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЗАМАНЫ, ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМ ЗАМАНЫ»



**Султанова Айшат Акбергеновна**  
Ақтөбе облысы, Алға қаласы  
«Жастық жігер» мектептен тыс аула клубы  
Қосымша білім беру педагогі

Қолынан келетін, істеуге тиісті ісін  
істей алатын адам бақытты,  
әрі тамаша адам деуге болады.

**Леонардо да Винчи**

Бүгінгі заман – бәсекелестік пен жоғары технологиялар заманы, ғылым мен білім заманы. Сондықтан адамзат қиял жетпес ғажаптарға қол созады.

Қоғамымыздағы барлық азаматтардың адам баласының қол жеткізген жетістіктерін пайдалануға құқы бар. Жеке тұлғаның жан-жақты дамуына қажетті, бұл объективті жағдай біздің еліміздегі эстетикалық тәрбиенің әлеуметтік факторы болып табылады.

Біздің елімізде эстетикалық тәрбиеге деген ықылас жылдан жылға артып келеді. Ересектер мен балалар эстетикалық құбылыстармен үнемі бетпе-бет кездеседі. Адамның рухани өмірінде, күнделікті еңбегінде, көркемөнермен қарым-қатынастарда әдемілікпен пен сыйсыздық елеулі рөл атқарады.

Эстетикалық тәрбие мәселесі ерте заманнан бастау алады.

Қазіргі заманда эстетикалық тәрбие мәселесі жеке тұлғаның дамуында, оның эстетикалық мәдениетінің қалыптасуында тәрбие алдындағы өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

«Эстетикалық тәрбие» ұғымына әр-түрлі анықтама берілген, соның бірнешеуін

алып қарасақ, атының өзінен –ақ мәнін аңғартатын негізгі қағидаларды бөліп айтуға болатынын аңғаруға болады.

Біріншіден, бұл-тікелей әсер етуге бағытталған үрдіс.

Екіншіден, бұл-өмір мен өнердегі әдемілікті сезіну мен көре білуді, бағалай білу қабілеттерін қалыптастыру.

Үшіншіден, эстетикалық тәрбиенің міндеті: жеке тұлғаның эстетикалық талғамы мен арман мұраттарын қалыптастыру.

Төртіншіден, әдемілікті жасауға және жеке дара шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Сәндік-қолданбалы өнер оқушылардың эстетикалық және еңбектегі рухани дамуында ерекше рөл атқарады.

Қолданбалы өнермен айналысу халықтық өнер туындылармен таныстырып, оқушылардың эстетикалық талғамын қалыптастырып қана қоймай, оларға қажетті техникалық білім беріп, еңбек, білік дағдыларын жетілдіреді, яғни еңбекке, мамандық таңдауға психологиялық және практикалық дайындық жасайды.

Оқушыларды көркемөнерге бейімділігін дұрыс пайдалана білуге үйретіп, үнемі сәндік- қолданбалы өнер туындыларының эстетикалық маңыздылығын ашып отыру бағытында үйірме жетекшілері жұмыс істейді.

Оқушылардың халық шеберлерінің шығармашылығымен танысуы олардың эстетикалық қарым-қатынастарын дамытуға жағдай жасайды.

Адамның эстетикалық тәрбиелілігі табиғи күштер дамуы, қабылдау қабілеті эмоциялық күйзеліс, ойлау және көркемдік эстетикалық білімділігі бірлігіне негізделеді. Бұл бағытта үйірме жетекшілері үнемі жұмыс атқаруы керек.

Оқушыларды дәстүрлі халықтық көркемөнерге тартуда үйірме жұмысы маңызды рөл атқарады. Осы үйірме жұмыстарында оқушылардың шығармашылық белсенділіктері мен дербестіктерін дамытуға жағдай жасалып, оқушылардың бейімділігі мен қабілеттерінің қалыптасуының кепілі бола алады. Үйірме жұмысының нәтижелерін өткізілетін көрмелерден байқауға болады.

Үйірмеде балаларды халықтық өнерге баулуда, көркемдік шеберліктің тәсілдеріне үйретуде қолданбалы өнер, ісмерлік үйірмесі үлкен еңбек етуде. Үйірмелерде оқушылар өз шеберліктерін іс жүзінде қолдана алады. Асқан шеберлер көркемқолөнеріне басқаша шығармашылық көзбен қарап әдемі және де пайдалы заттарды жасай алады.

Осы үйірмелер арқылы, оқушыларды өнерге баулып, эстетикалық талғамын дамытып, қабілеттерін арттырып, іскерлік дағдыларын қалыптастыру жолында жұмыс жүргізіп жатырмыз. Осы мақсаттарды жүзеге асыруда «Тұмар» қолөнер үйірмесінің жетекшісі ретінде оқушылардың білімі мен шеберлігін қалыптастырамын.

Менің ізденістерім – жаңа технологиялар. Соның бірі жүннен жұмыс жасау, арнайы инемен жасанды киізге сурет салып, әр түрлі түсті жүнмен ине арқылы картина жасау.

Әрбір сабақты тиімді ұйымдастырып, оны оқушылар зерікпейтіндей етіп өткізу керек. Оқушының сол уақытта ғана пәнге деген қызығушылығы артады. Өз әдістерімде қосымша әдебиеттерді, жаңа ақпараттық технологияларды, әлем журналдарын, интернет ақпараттарын кең пайдаланамын. «Еңбектен аянбасаң, еңбегің жанады» деп ата-бабаларымыздың нақыл сөздерін жерге тастамай, бағалауға оқушылардың сезіміне сіңіру, оқушыны табысқа жеткізу жетекшінің еңбегі.

Соңғы кезде жие қолданалатын қолөнердің бір түрі-талшықтарын қатайтылған болаттан жасалған арнайы инелерді қолдана отырып, әртүрлі әдістермен біріктіру және тоқу арқылы иірілмеген жүннен әртүрлі бұйымдар жасау процесі.

Үйірме жұмысында жүргізілген жасанды киізбен, жүнмен жұмыс жасау оқушыларды қызықтырады. Уақыт талабына қолданатын материалдар арқылы картиналар жасалады.

Шығармашылық жұмыстардың білік деңгейіне көтерілуіне үйірме жұмыстарының қосар үлесі мол. Үйірмеде оқушылар өздері құрастырып жасалған еңбектері бағаланады. Бұдан әр тұлғаның өз жетістіктері көрінеді. Жұмыстар ай сайын өтетін сайыстарға ұсынылып, көрмелерге қойылады. Бұл жас таланттың әрі қарай қанат жаюына үлкен жол ашады.

**ВОЛЕЙБОЛ ҮЙІРМЕСІНІҢ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕРІ**

**Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы  
Ембі қалалық  
№2 Ауда клубы КММ. Волейбол  
үйірмесінің жетекшісі  
Нұғманов Ізбасқан**

Волейбол ойыны «ойлап табылғаннан» бері қарқынды дамып келеді. Бұл волейболшылардың көбеюінен де, Халықаралық волейбол федерациясына мүше елдердің санының өсуінен де көрінеді. Өзінің таралуы бойынша бұл ойын әлемдік спорт аренасында жетекші орын алады.

Волейбол ойыны таза спорт түрі ғана емес, волейбол ойыны демалу ойыны ретінде дамып келеді, волейбол ойыны бос уақытты ұйымдастырудың, денсаулықты сақтаудың және еңбекке қабілеттілікті қалпына келтірудің құралына айналды.

Мен өз әсемде волейболдың әлемдегі және еліміздегі дамуы, бұл ойынның ережелері, оның техникасы мен тактикасы туралы айтатын боламын.

Волейбол ойынының ерекшелігі ішінара оның атында да бар: «волейбол» – үшқанда, «доп» – доп.

Волейболдағы маңызды міндеттердің бірі - доптың траекториясы мен жылдамдығын анықтау және «допқа бару» мүмкіндігін дер кезінде анықтау - пас алу, шабуыл соққысын алу, тосқауыл қою үшін ыңғайлы бастапқы позицияны алу. Мұндай мәселелерді тез шешу қабілетін арнайы жаттығулар арқылы дамытуға болады. Жетекші рөлді белгілі бір комбинацияларда жылдамдық пен күш атқарады. Бұл жағдайда бұлшықеттердің жиырылуының жылдамдығы және қозғалыс жылдамдығын реттеу маңызды болып табылады. Қозғалыстардың кеңістіктік дәлдігіне ерекше мән беріледі, бұл доптың бірінші және екінші пастары, иннингтер, шабуыл соққылары үшін өте маңызды. Қозғалтқыш реакциясының жылдамдығы және қозғалыстардың уақытын бақылау мүмкіндігі маңызды.

Волейбол ойынының тағы бір ерекшелігі – ойын жағдайындағы қозғалыс есептерін шешудің күрделілігі мен жылдамдығы. Волейбол ойыны алаңдағы ойыншылардың орналасуын ескеріп, серіктестердің әрекетін болжап, жаудың ниетін ашып, ағымдағы жағдайды тез талдап, ең дұрыс әрекет туралы шешім қабылдап, осы әрекетті тиімді орындауы керек. Жоғары жылдамдықты ойын кезінде ойыншылардың әрекеттерінің жылдамдығына байланысты мәселелерді шешудің дәрежесі мен өзектілігі айтарлықтай артады.

Волейбол ойыны аумағы 9\*18м алаңда өткізіледі. Ортаңғы сызық алаңды екіге бөліп тұрады. Ортаңғы сызықтың үстіне екі бағанға керілген волейбол торы орнатылады. Жасөспірім ер балаларға арналған тордың биіктігі – 220 см. қыздар үшін 210 см. болады. Ойынға әрқайсысына 6 ойыншыдан болады. Ойынға диаметрі 65 – 68 см. салмағы 250 г – дық доп пайдаланылады. Бір команданың ойыншылары үштен артық қол тигізуіне болмайды. Бір ойыншы допқа екі рет қол тигізуі рұқсат етілмейді. Ойын барысында доп қай алаңға түссе, сол команда осы жолы ұпайдан ұтылған болып есептеледі. Жасөспірімдер ойыны 3 немесе 5 кезеңнен тұрады.

Жасөспірімдер 13-14 жастағылар

үшін 15-16 жастағылар үшін 17-18 жастағылар үшін

Ер балалар Қыздар 2 м 20 см

2 м 10 см 2 м 35 см

2 м 20 см 2 м 43 см

2 м 24 см Ережелері:

1. Доп жерге тисе;

2. Команда допқа үш реттен артық қол тигізсе;

3. Доплақтырылса немесе қолда кідіріп (ұсталынып) қалса;

4. Доп дененің белден төмен кез – келген жеріне тисе;

5. Ойыншы допқа қатарынан екі рет қол тигізсе;

6. Ойыншы торға тиіп кетсе;

7. Қарсы жақтағы допқа ойыншының қолы тиіп кетсе;

8. Доп кезексіз ойынға қосылса;

9. Допты арнаулы орыннан ойынға қоспаса;

10. Допты ойынға қосқан кезде сол ойыншы алаңның сызығын басып тұрса немесе ішке еніп кетсе;

11. Ойынға қосылған доп бағанға, торға т.б. тиіп немесе алаңнан шығып кетсе.

Волейболда допты берудің тәсілдері

Волейбол ойынының ереже – талабы мынадай айла – тәсілдерден тұрады: оқушылардың орын ауыстыруы, допты бір – біріне беруі, допты ойынға қосу, шабуыл соққысы және оған тосқауыл қою. Волейболдағы орын ауыстыру тәсілдерін тіркемелі адыммен, қосарланған адыммен, жүгірумен, секірумен, бағытты кенеттен өзгертумен және допты құлап бара жатып алумен орындайды.

Волейболда допты берудің екі тәсілі болады.

1. Допты жоғарыдан беру.

Ол үшін волейболшының тұрысынан ойыншы бір аяғын екіншісінің жанына әкеліп доп бағытына сәйкес қозғалыс жасап, ілгері қарай бүгіліңкіреген күйде допты қолдарын жоғары көтеріп қарсы алады. Доп қолына тиісімен жазылып, серпіле бере оны тиісті жаққа бағыттап жібереді.

2. Допты төменнен беру.

Бұл жағдайда қол алда, алақандар біріктіріліп ұсталады. Қолдың қозғалысын қиындатпау үшін оны еркін ұстайды. Соққыны жұмсарту үшін, допты қабылдау кезінде екі шынтақты жақындатады, қолдың қарын (тоқпақ жілікті) көтеріп, бұрады.

Ойын алаңында тұру және орын ауыстыру.

Дұрыс тұра білу - жаңа бастаған волейболшы үшін басты шарт. Ойыншының дұрыс қалпы аяғы иық кеңдігінде тізеден бүгілген күйде кеуде ілгері еңкейтіледі, аяқтың біреуі шамалы ғана ілгері шығарылады. Қол шынтақтан бүгіліп, бір-біріне қаратылады. Бұл қалып тұрақты болып қалмауы керек, ол ойын кезіндегі жағдайға байланысты үнемі өзгеріп отырады. Егер тордан шоршыған допты қабылдау керек болса, онда ойыншы біршама бүгіледі де, секіре жазылып, допты соғу арқылы ойынды жалғастырады. Волейболшылар алаңда қосарланған адыммен жүгіру және секіру арқылы орын ауыстырады.

Допты төменнен тіке ойынға қосу

Допты ойынға қосу торға қарап тұрғанда орындалады. Шынтақ буыннан бүгілген бір қолмен белдің деңгейінде допты алда ұстап тұрады. Екінші қол сермеу үшін артқа қарай созылады. Саусақтар шамалы ғана алақанға қарай бүгіледі. Ойыншы допты жоғары қарай сәл лақтырып қалып, созылған қолмен допты ұру арқылы ойынға қосады.

Допты соғумен қатар ойыншы бір мезгілде артта тұрған аяғын жазып, алда тұрған аяғына дененің салмағын түсіреді.

Допты ойынға қосқаннан кейінгі ойыншының қалпы доптың соңынан ұмтылғандай ыңғайда болады.

Тіке шабуылдау соққысы

Шабуылдау соққысы екпін алудан, секіруден және жеке соққы жасаудан тұрады. Ұшып келе жатқан допты көргеннен кейін, қолдарын алға әрі жоғары көтере серпіле секіру

керек. Ұратын қол допты соғу үшін сермеледі. Кеуде шамалы ғана артқа шалқайтылады. Соғу кезінде кеуде соғатын қолмен бір мезгілде ілгері қарай ұмсынады.

Соққы допқа күшті тиюі үшін қолдың ұшы бос ұсталуы керек. Соққы дәл болуы үшін саусақтар жинақы болғаны дұрыс.

Шабуыл соққыларын жасауды бірден үйрену қиын. Сол себепті сабақта болмаса жеке жаттығу кезінде мына қимыл-қозғалыстарды орындап машықтанған жөн:

- Бір не екі қадаммен секірген кездегі аяқ пен қол қимылдарының үйлесімділігін орындап көру;

- Шабуыл соққысын жасау;
- Екпін алып, тор арқылы теннис добын лақтыру (бұл жаттығуды орындағанда шабуылдап доп соғуға тән қимыл-қозғалыстардың ырғағын сақтай білу);

- Резеңке серіппедегі (амортизатордағы) допты ұру;

- Екпін алып секіріп, теннис добын қағып алу;

- Теннис добын жоғары лақтырып, тор арқылы

«шабуыл соққысын» жасау (әуелі тек жай секірістен және жұппен орындау);

- Тордың маңындағы ұстағышқа (держатель) бекітілген допты соғу;

Серігінің көтере лақтырып берген добын тор арқылы соғу.

Дене шынықтыру сабағында волейбол тәсілдерін меңгеру мақсатында орындалатын Арнайы жаттығулар

1. Алаңда орын ауыстыра білу

Алғашқыда асықпай орында ауыстыра білуге дағдылану. Мұғалімнің ысқырығы арқылы бір мезгілде алаңда орында тез ауыстыра білуіне көңіл бөлу.

2. Волейболшының тұрысын қайталау. Допты солдан, оңнан, алдан, арттан қабылдау, алға, артқа, оңға, солға жүру. Волейболшының тұрысымен допты астынан қабылдау кезіндегі қолдың және аяқтың қалпы. Допты солдан, оңнан, ортадан арттан қабылдау, алға, артқа, оңға, солға жүру.

3. Допты астынан беру.

Допты солдан, оңнан солдан, оңнан, арттан, ортадан қабылдау, алға, артқа, оңға, солға жүру.

1. Бір орында доппен жаттығу: допты астынан қабылдауға арналған жаттығу: допты жоғары лақтыру, оны қабылдау.

Допты жоғары лақтырып, оңға – солға бұрылып астынан қабылдау.

Допты астынан қабылдауда алға артқа секіру. Допты алға жоғары лақтырып, биіктен беру. Допты жоғары лақтырып, оңға-солға бұрылып, биіктен беру.

4. Доппен жүру жаттығулары:

Шеңбер бойы жүріп, допты жоғары лақтырып, оны астынан қабылдау.

Допты жоғары лақтыру, оны оңға-солға бұрылып, астынан қабылдау.

Оңға – солға секіру.

Шеңбер бойы жүруде допты жоғары лақтырып, биікке беру.

Шеңбер бойы жүруде допты жоғары лақтырып, оңға-солға бұрылып, биікке беру.

Допты беруде оңға-солға секіру.

Допты жоғары және төменнен екі қолмен қабылдауды меңгерту.

1. Оқушылар бір-біріне бетпе-бет қарап арақашықтық 6-7 м, допты жоғары лақтырып, қайтадан қабылдап, ары қарай қарсыласына көтеріп беру.

2. Бір оқушы допты жоғары көтеріп, қарама-қарсы құрбысына береді. Құрбысы допты қолын көтеріп қабылдап, қайта береді. Арақашықтық 7-8м. Допты қарсыласының қолына дәл беру керек.

3. Оқушы допты еденге ұрып құрбысына береді, құрбысы допты жоғарыдан қабылдап, ұстап қайта береді.

Допты төменнен қабылдауды меңгерту.

4. Ойыншының екі қолмен төменнен допты қабылдау тұрысын үйрету. Қол түзу тізені бүге сол немесе оң аяқты жарты қадам алға.

5. Бір оқушы құрбысының қолына береді, ол допты төменнен екі қолмен қабылдап, қайта береді. Допты дұрыс қабылдауын қадағалау.

6. Арақашықтық 8-10 м. оқушылар қарама-қарсы тұрып, бірінші номерлі оқушылар допты жоғарыдан қабылдап, екінші номерлі оқушылар допты төменнен қабылдау.

Допты төменнен қабылдауды меңгерту Ойыншының екі қолмен төменнен допты қабылдау тұрысын үйрету.

Бір оқушы құрбысының қолына береді, ол допты төменнен екі қолмен қабылдап, қайта береді.

Арақашықтық 8-10 м. оқушылар қарама-қарсы тұрып, бірінші номерлі оқушылар допты жоғарыдан қабылдап, екінші номерлі оқушылар допты төменнен қабылдау.

Волейбол ойынына қатысты арнайы жаттығулар жасату.

Әр оқушыға доп беріп жаттығу жұмыстарын жасату

Әр екі оқушыға бір доп беріп, өзара доппен ойнауын қадағалап үйрету.

Допты кеудемен зырғанап алу тәсілін үйрету Допты бір-біріне жоғардан беру тәсілін үйрету Допты бір-біріне төменнен беру тәсілін үйрету. Допты жанынан беру тәсілін үйрету.

Тордан доп ұру тәсілдерін үйрету.

Торда қарсылас ойыншыға тосқауыл қою тәсілін үйрету.

Ойынның техникасында тіректер мен қозғалыстар ерекше орын алады.

Шабуыл техникасында бір стенд бар - басты. Бұл позицияда аяқтар иықтың енінде, тізеді бүгілген, дене тік күйде, қолдар шынтақтарда бүгіліп, кеуде алдында.

Шабуыл әдістерін орындау кезінде ойыншы қозғалуы керек. Қозғалыстарды әртүрлі бағытта жүру немесе жүгіру арқылы жасауға болады.

Шабуыл соққыларын орындау кезінде секіру екі аяқпен немесе бір аяқпен, жерден немесе жүгірумен итеру арқылы қолданылады. Ойыншы уақытында қозғалып, негізгі позицияны ұстанған жағдайда ғана әдісті дұрыс орындауға болады.

Доп беру волейболдағы негізгі әдістердің бірі. Берілістерді орындау кезінде қолдардың орнына байланысты жоғарғы және төменгі берілістер екі және бір қолмен ажыратылады. Доптың астынан дер кезінде қозғалу және негізгі позицияны қабылдау пастың дұрыс орындалуының негізі болып табылады. Беріліс қашықтығы мен биіктігі бойынша әртүрлі болуы мүмкін. Қашықтық бойынша қысқа және ұзақ асулар, ал биіктігі бойынша – төмен, орташа, жоғары болып ажыратылады. Ұзақ және жоғары пастардың ерекшелігі - аяқтың белсенді жұмысы. Үстеме пастарды орындау кезінде ойыншының иық сызығы пас берілген бағытқа перпендикуляр болуына назар аудару керек.

Жоғарғы берілістің вариациясы - секіру. Бұл ең қиын, өйткені ол қолдаусыз күйде орындалады. Доптың астынан қозғалғаннан кейін ойыншы жоғары секіреді және бүгілген қолдарын басынан жоғары шығарады. Тасымалдау шынтақ пен білезік буындарында қолдардың белсенді түрде түзетілуіне байланысты секірудің ең жоғары нүктесінде орындалады. Шабуыл соққысына еліктеп секіру пас «кері соққы» деп аталады.

Серв – допты ойынға енгізу тәсілі. Қазіргі волейболда серв ойынды бастау үшін ғана емес, сонымен қатар күшті шабуыл құралы ретінде де қолданылады. Төменгі түзу, төменгі жағы, жоғарғы түзу және үстіңгі жағы болып қызмет етеді.

Барлық қызмет көрсету ережелерде көрсетілген талаптарға сәйкес жүзеге асырылады: қызмет көрсетуші ойыншы жеткізу орнында алаңның сыртында тұрып, міндетті түрде допты лақтырып, бір қолмен соққымен тор арқылы қарсыластың жағына бағыттайды.

Кез келген ұсынудың дұрыс орындалуы үшін мыналар қажет:

1. Дұрыс бастапқы позицияны алыңыз

2. Допты дұрыс лақтыру

3. Белгілі бір күшпен доптың түбіне соғу

4. Соққы радиалды қосылыста бекітілген қатты щеткамен жасалуы керек.

5. Соққыдан кейін қол қызмет көрсету бағытында қозғалуды жалғастырады. Шабуыл соққысы – жүгірудің, секірудің және допты тебудің уақыттық және кеңістіктік параметрлерін біріктіретін күрделі техникалық әдістердің бірі. Шабуылдаушы ойыншы тасымалдауды жүзеге асыратын серіктеспен тығыз ынтымақтасады және бұл жерде олардың екеуі де барлық қабылдау параметрлерін бірдей түсіндіруі және шартты сигналдарды өзара түсінуі өте маңызды. Оң және сол қолмен шабуылдаушы соққылар беру мүмкіндігі ойыншының техникалық арсеналын байытады және оның тактикалық мүмкіндіктерін айтарлықтай кеңейтеді.

Ойыншы допты ұшып көтерілудің ең биік нүктесінде, «өлі нүктеде» соғуды мақсат етуі керек. Онда ол қызмет көрсету сипатына қарамастан допты соғуы керек. Доп әрқашан ойыншыдан сәл алда болуы керек. Бұл позиция ереуілдер кезінде шешуші мәнге ие. Төмен және ату берілістерінен ол шабуылдаушыға блокқа қатысты бағдарлануға көмектеседі. Торға қатысты тік бұрышқа жақын траектория бойынша жүгіру тор бойымен жүгіруден гөрі шабуылдаушы ойыншыға көбірек тактикалық мүмкіндіктер жасайды. Шабуыл соққыларын жақсарту блоктың қарсы әрекетінсіз де, блокаторлардың пассивті немесе белсенді қарсылығымен де жүзеге асырылады.

Ойыншыларға бұлшық ет сезімін дамыту пайдалы, мен допты «өз» биіктікте соғу үшін мүмкіндігінше жоғары жаттығулар жасаймын.

Блок – негізгі қорғаныс техникасы. Бұғаттау техникасы қарапайым: секіру және тордың үстінен жету. Бірақ соңғы рөлді ойыншының блок қойылған жерге қозғалысы ойнамайды.

Ойыншы тор бойымен бүйірлік немесе айқас қадамдармен, жүгірумен немесе жүрумен, қолдарын бүгіп, қолдарын бет деңгейінде ұстайды. Қозғалыс және секіру кезінде блокатордың көзқарасы шабуыл жасамайтын қарсылас ойыншыға бағытталған. Сервистік немесе шабуыл соққысын алу арқылы, сондай-ақ беруден кейінгі доптың бастапқы траекториясы бойынша блокатор шабуылшыға берілу бағыты мен сипатын анықтайды.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. <https://ru.wikipedia.org/wiki/Волейбол>
2. <http://womanadvice.ru/pravila-igry-v-volleybol>
3. <http://ru.sport-wiki.org/vidy-sporta/volleybol/>

**ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ЖҰМЫСТАРЫН  
ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ, ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**



**Лукпанова Гулмира Едигеевна**  
**Ақтөбе қаласы «Балалар шығармашылық үйі» МКҚК**  
**әдістемелік бөлім меңгерушісі**

Қосымша білім берудің мән-мағанасының артуы оның балалар мен жасөспірімдердің қол бос жағдайында еріктілік негізде шығармашылық және танымдық мотивациясын дамыту дербес талаптарын қанағаттандыру, өз еркіне сай мақсатты айналысуына әсіресе кәсіп таңдауына жәрдемдесу, сөйтіп өмірге бейімдеу, салауатты өмір салтына тарту, сайып келгенде бос уақытты мазмұнды өткізуді ұйымдастыруға қажетті жағдай жасауында. Дәстүрлі педагогика ілімі балаларға қарым-қатынас ортасы мен істің кең өрісі арқылы жасалған

дамудың әлеуметтік жағдайын қандай да бір болмасын аса қызықты деген сабақтың өзімен де ауыстыру мүмкін еместігін терістемейді. Шындығында да, қосымша білім беру ұйымдары білімнің адам өмірі мен қоғамдағы рөлін балаларға түсіндіру арқылы олардың білімге, өнерге, мәдениетке деген қызығушылығын, ынтымақтасып, жеке қажеттіліктерін қанағаттандырады. Бұл жағдайда жұмыс субъект, объектілер, яғни бала мен қосымша білім беру мекемесінің өзара ынтымастығы мен шығармашылық қарым-қатынасы арқылы іске асырылады. Мектептен тыс ұйымдағы жұмыс педагог пен оқушының ортақ іске деген әуестігіне негізделгендіктен, бала ортақ іс-шараның тұтынушысы ғана емес, жасаушысы да болып табылады. Осындай ерекшелікке сәйкес мектептен тыс ұйымдарда (қосымша білім беру ұйымдары) жалпы білім беретін мектептерде кездесетін детерминдендірушілікке жол берілмейді. Сондықтан да қосымша білім беру ұйымдарына оқытушы- педагогтарды іріктеу табиғи сипатта жүргізіледі, яғни оның балаға деген сүйіспеншілігіне, тәрбие ісіне деген ынтымақтасына баса назар аударылады. Ендеше, мұнан қосымша білім беру ұйымдарының педагогикалық әлеуметінің айтарлықтай жоғары болуы керек екендігі де аңғарылады.

Қосымша білім беру ұйымдары қызметінің басты ерекшелігі мынада:

- Балалар мен жасөспірімдерді өз еркіне қояды және мұнда адамның өзін-өзі жан-жақты көрсетуіне толық мүмкіндік беріледі, сонымен қатар балалар білім алу бағытын, жүйесін, деңгейін және соңғы нәтижені өздері таңдайды. Бұл ерекшелік қосымша білім беру ұйымдарының білім беру жүйесіндегі шығармашылық қарым-қатынасты, педагог пен баланың немесе педагогпен қосымша білім беру ұйымдарының бірлескен іс-әрекетін белсенді және қарқынды жаңа педагогикалық технологиялық оқыту әдістемесін үнемі үйлестіріп отрудың қажеттілік екенін айқын көрсетеді;

- Педагогпен бірлесе отырып жасаған шығармашылық тапсырмаларды шешу білім алу процесіндегі психологиялық құрылымды өзгертеді немесе екі жақтың әрекеттесуі, қарым- қатынас жасуы, барлық қатысушылардың бір-бірімен тығыз байланысты болуы әр баланың ішкі стимуляциясының оянуына әкеледі;

- Балаларға қосымша білім беру мекемелерінің бағдарламасы білім беретін сонымен қатар қызметпен (іс-әрекетпен) қамтамасыз ететін және мекеменің дамуы болып екіге бөлінеді.

Қосымша білім беру ұйымдарының қазіргі даму жүйесі барлық білім беретін мекемелердегі педагогикалық үрдістің ұйымдастырылуы мен бағдарламаларының талаптарына сай келуі үшін олар белгілі бір үлгіге (стандартқа) түсуді қажет етеді. Шындығында да білім беру орындарының басты міндеті оқушыларды оқыту, үйрету болса және олар алдын-ала белгіленген нормативті (типтік оқу бағдарламасы, оқу жоспары, күнтізбелік және сабақ жоспары т.с.с.) тәртіп бойынша қанағаттандырылса, қосымша білім беру ұйымдары білімнің адам өмірі мен қоғамдағы орнын рөлін балаларға түсіндіру арқылы олардың сол білімге, өнерге т.б. деген қызығушылығын, ынтымақтасып оларды жеке тапсырыс іске асыру амалдарымен қанағаттандырды. Бұл жағдайдағы педагогикалық процесс объект- субъекттердің өзара ынтымақтастық пен шығармашылық қарым-қатынас принципіне, яғни тұлғалық даму педагогикасы идеясына құрылады.

Қосымша білім беру ұйымдары өзі қызмет көрсететін жердегі тұрғындардың мәдени-ағарту жұмыстарындағы өзара әрекеттік сипатын ашуға да септігін тизізеді. Қосымша білім беру ұйымдарға тән өзіндік ерекшеліктер мұндағы жұмыстарға балалар мен жасөспірімдердің өз еркі және талғамы бойынша қатысуын қамтамасыз ете алады. Мұндағы педагогикалық әсерге әртүрлі кәсіп және жас деңгейіндегі адамдар тобы мүдделерінің бірлігінің қалануы мен жұмыс мазмұндарының алуан түрлілігін, оның формаларымен түрлерінің көптігін де жатқызуға болады.

Сонымен елімізде білім беру жүйесінде болып жатқан оң өзгерістер қосымша білім берудің, оның негізгі субъектісі мектептен тыс ұйымдар қызметінің өзектілігін арттыра бермек. Өйткені қосымша білім беру ұйымдары жалпы білім беретін мектептермен, басқада білім беру орындарымен бірлесе бірінғай үздіксіз білім беру жүйесін құра отырып:

- балалар мен жасөспірімдерді шығармашылық белсенділікке, өз бетінше білімін жетілдіруге ынтылдандыратын;

- білім мазмұнын белсенді және іскерлікпен меңгеруге үйрететін;
- балаға өзіндік өмірлік тәжірибесін талдап қорытып, оның қалыптасқан құндылық жүйелерімен ара қатынасын ажырата білуге үйрететін;
- өз ісіне баға беруге, сөйтіп өз мінез-құлқын қалыптастыруға үйрететін;
- жаңа ғылыми білімдерді және олардың айқын тенденцияларын ажырата білуге үйрететін;

• баланың дамуы мен дербес сана- сезімінің даму эволюциясын ескере отырып, білім берудің барлық түрлеріндегі мазмұн сабақтастығын сақтайтын мекеме ретінде бейімделу іс-бағыттары бойынша атқарылатын жұмыстардың жүйелі, үздіксіз жүргізілуін басшылыққа алады.

Қосымша білім беру бағдарламасының қазіргі таңдағы басым түрі (кейбір деректерге қарағанда 70-80%) практикалық бағыттылық сипат алуымен даралануда. Мұндай жағдай қосымша білім беру ұйымдары объектілері әлеуметтік – мәдени қызмет пен құндылықтардың мехенизмін (тетігін) игерген тұлға, яғни жеке тұлға болуға қабілетті адам болып қалыптаса алатынын көрсетеді. Сонымен бірге, біз балаларды қосымша білім беру бағдарламасы мен тәрбиеленген тұлғаның жеткілікті нәтижесі ретінде емес, қазіргі мектеп білімінің сапасын арттыруға қызмет жасайтын үлес деп қарауды да дұрыс деп есептейміз.

Қорыта айтқанда балаларға қосымша білім беру ұйымдарының басқа білім беру орындарынан айырмашылығы онда бала басқаша білім жолын басып өтеді. Мұнда балаға қосымша ақпарат беріп қана қойылмайды, ең бастысы бала шығармашылық жұмыс істеуге тартылады. Бала адамзат еңбегінің, білімінің бірін терең игереді, оған дағдыланады, өз шеберлігіне масаттанады, педагогына сенеді. Ендігі басты міндет қосымша білім берудің ерекшеліктерін ескере отырып қосымша білім берудің өз нәтижесі мен оны анықтаудың өз әдістемелерін жетілдіре, дамыта түсу қажет.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <http://www.akorda.kz/>
2. Әбілқасымова А.Е., Омарова Р.С. Мұғалімдердің танымдық іздемпаздығын қалыптастыру негіздері. Алматы, 2018ж.
3. Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар журналы.

## БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ТӘРБИЕ ҮРДІСІ АРҚЫЛЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ БОҰЫНА СІҢІРГЕН ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ»



Сағындықова Әсемкүл Нағашыбайқызы  
Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы  
№1 қазақ орта мектебінің бастауыш  
сынып мұғалімі

Егеменді еліміздің бүгінгі таңдағы ең басты мақсаты жан – жақты әлемдік білім кеңестігінен орын алу болып табылады. Бүгінгі жас ұрпақ – егемен еліміздің болашағы, халық тағдырын жетелейтін азамат. Ал сол ұрпаққа әлемдік деңгейде өркениетті негізде білім мен тәрбие беру, ұлттық құндылықтарды жас ұрпақ бойына сіңіру ғаламдық мәні бар мәселеге айналып отыр. Ғаламдану үрдісінде ұлттық құндылықтарды сақтау мен өзінің бет – бейнесін, ізгі дәстүрін сақтау жолындағы күрес ұлттың сананы сақтау күресі екенін түсіну, яғни, ұлттық сана – сезімімен мінез құлқының ана тілінде, ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салт – дәстүрді меңгеруі негізінде қалыптасқан жеке тұлғаны тәрбиелеу міндетін айтамыз.

Тұңғыш Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан 2030» бағдарламасында «Біздің жас мемлекетіміз өсіп – жетіліп кемелденеді. Біздің балаларымыз бен немерелеріміз онымен бірге ер жетеді. Олар өз заманының жауапты да жігерлі, білім өрісі биік, денсаулығы мықты өкілдері болмақ. Олар бабаларымыздың игі дәстүрін сақтай отырып, қазіргі заманғы жағдайда жұмыс істеуге даяр болады» - деген болатын.

Бүгінгі оқушы – Егеменді еліміздің ертеңгі ұрпағы. Ұрпақтың рухани байлығы, мәдениеті саналы ұлттың ойлау қабілетімен білімі болуы керек...

Құндылықтар – тәрбие мен оқытудағы адамгершілікке бағытталған мұраттар, ол шынайы болады, ол адамға тәуелді емес, дегенмен ол адам санасында орын алады. Құндылықтар сезім арқылы қабылданады, ал сана арқылы оны түсінуге болады, соның нәтижесінде тұлға құндылықты игереді, соған сай әрекет етеді. Нақтырақ айтатын болсақ, ана тілі мен ұлттық дәстүрді құрметтейтін, дүниетанымы, ақыл ой парасаттылығы қалыптасқан, мақсат қоя алатын, сол мақсатқа жету жолында жауапкершілігі мол, мінез құлқы, айналадағы адамдарға қарым – қатынас мәдениеті жоғары, Отанын сүйетін, күрделі жағдайда нақты шешім қабылдай алатын, салауатты тұлға.

Ал осы ұлттық тәрбиені бала бойына сіңіруде бастауыш сыныпта атқаратын жұмысының орыны ерекше. Тәрбиені сәби ана құрсағынан бастаса, оны білім теңізінің мектеп атты кемесінде ұлттық құндылықтарымызбен жетілдіру өте маңызды. Ұлы Абай: «Бала мінез үш алуан адамнан жұғады: біріншісі - ата – анасынан, екіншісі – ұстазынан, үшіншісі – құрбысынан.» - деген екен. Қоғамға қызмет ететін болашақ жеткіншектерге сапалы білім мен өнегелі ұлттық тәрбие беру – ұстаздың басты парызы.

Қазақ халқының осындай дәріптеуге, қастерлеуге, дамытуға тұрарлық ұлттық рухани және материалдық құндылықтары туралы ұлағатты, құнды ойларын халық игілігіне, келешек ұрпақты, ел-жұртқа ие болар азаматтарды тәрбиелеуге неге қолданбасақ? Қоғамдағы адамдар жасаған рухани, материалдық, мәдени құндылықтардың алмасуы оқыту процесі арқылы жүзеге асырылады. Соның ішінде сын тұрғысынан ойлау жобасы арқылы оқыту – саналы процесс екенін айтқым келеді. Интеллектуалдық деңгейі жоғары тұлғаны қалыптастыру үшін, оны оқытып қана қою жеткіліксіз. Оны тұлға ретінде

жан – жақты дамытуға қолайлы, оқытудың шығармашылық түрін жасау қажет, яғни шығармашылық оқу әрекетін туғызу қажет. Бұл баланы, берілген оқу материалын жаттап алу ғана емес, керісінше өз бетімен білім алу үшін ізденуге үйретеді.

Жеке тұлғаны ұлттық тәрбие арқылы дамыта отырып, нақты әрекет арқылы оқытуда төмендегі құндылықтардың болуы қажет:

- белсенді қарым-қатынас: оқушы мен мұғалімнің әрбір мәселеде өз көзқарастарын білдіріп отыруы;

- индивидуалдік: мұғалімнің әр жеке оқушының ерекшелігін дамытуы, қоғам алдындағы жауапкершілігінің болуы;

- өзіндік тәртіп: өзіндік бақылау мен бағалауды, шешім қабылдауды үйрену және оны дамыту;

- шыдамдылық: әр түрлі пікірлерді қабылдай алу, бір-бірінің пікірлері мен ерекшеліктерін құрметтеу, қабылдау.

Бүгінгі таңда белең алған жастар арасындағы келеңсіз жайттардан арыламыз десек, ұлттық тәрбиеге баулитын салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрпымыздың маңызының тереңде екендігіне көз жеткіземіз. Жалпы баланы қадір-қасиетін жоймаған салт-дәстүрлермен, әдет-ғұрыштармен, жыраулық қисса-дастандар, шешендік және нақыл сөздермен, эпостық және батырлар жырымен, мақал-мәтелдер, ұлттық ойындар арқылы тәрбиелеуге де болады.

## ТІГІН МАШИНАСЫНДА ЖАЗУЛАР ЖАЗУ ЖӘНЕ СУРЕТ САЛУ



**Мурзагельдина Айсұлу Таңжарқызы**  
Ақтөбе облысы, Шалқар қаласы  
Аудандық «Оқушылар сарайы» ҚММ  
қолөнер үйірмесінің жетекшісі

Б.Момышұлы айтқандай, «Өнер – адамның рухани азығы, ол халықтың бүгінгі мен келешегі, арманы мен қиялы, жалпы болмысы». Шын дарын өнер жолында өз орнын таба алады. Күш, жігер, ақыл мен қайрат – бұлар өнердегі шыдамдылыққа жетелейтін асыл қасиеттер. Қазіргі таңда өнердің сан алуан түрі өте көп. Соның ішінде заманауи өнер түрлері кеңінен қолданылып келеді. Заманауи өнердің кілтін бір тапқан адам одан ешқашан

ажырай алмай қалады. Заманауи өнер – біздің бүгінгі өміріміздің көркем тілдегі, сурет тіліндегі айқын, бейнелі көрінісі. Бұл – заман ағымымен қатар жүретін өнер. Сондықтан да заманауи суретшілер көбінесе өзі өмір сүріп жатқан дәуірдің өзекті мәселелерін – мәселен, өркениет, саясат, тарих, философия және тағы да басқа саладағы мәселелер мен түйткілдерді бояу тілінде бейнелесе, менің жұмысым тігін машинасы арқылы жазу мен сурет салу туралы болмақ.

Жүздеген жылдар бойы қолдан жасалған кестелерді, машинамен жасау түрімен салыстырғанда, алғашқы машинада кесте тігу 1821 жылы Францияда пайда болды. Демек, ғасырлар бойы қолмен өрнектелген өнердің дамуы, шарықтауы сол машинада кесте жасаудың қолданылуымен көрсетілді. 1854 жылы сол елдегі көрмеде Гейлманның машинасы үлкен дүрбелең тудырды, себебі оның пайда болуы кесте өндірісінің дамуына әкелді. Дамыған заманмен қатар кесте тігу өнері де қарқынды алға жылжи отыра, қазіргі жағдайдағы кесте тігу үлгісі әдетте кесте машинасына қосылған компьютерде

қалыптасып, ол командаларға сәйкес жеткізілетін матаға бір рет қалыптасқан үлгіні қолдана алуымен өрнектеледі. Үлгілерді әртүрлі машиналық кесте редакторлары өңдей алады және әртүрлі кесте форматтарындағы файлдарда сақталады, мысалы: FDR (Barudan), ART (Bernina), EMB, DST (жалпы өнеркәсіптік формат), PES (Brother), HUS (Husquarna), JEF (Janome), т. б.

Машиналық кестенің екі негізгі түрі бар:

\* еркін жүретін машиналық кесте;

\* компьютерлік кесте.

Еркін жүретін машиналық кесте тігін машинасында белгілі бір реттеуден кейін орындалады (штопка сияқты). Мата құрсауға тығылып, кесте тігуші оларды жылжытып, өрнек жасайды. Тігістерді біркелкі орналастыру үшін шеберден тәжірибе мен шеберлік қажет.



Компьютерлік кесте-бұл арнайы автоматты кесте тігу машиналары орындайтын кесте, олардың жұмысы дизайнер немесе дизайнер берген бағдарлама бойынша жүзеге асырылады.

Бүгінгі таңда машиналық кестеге сұраныс артып келеді, себебі автоматтандыру өнімдердің шексіз таралымын шығаруға мүмкіндік береді және жабдықтың өзі үлкен мүмкіндіктерге ие. Мысалы, машиналық кесте дизайны көптеген сайттарда (форумдарда) ақылы және ақысыз орналастырылған.

Бүгінгі таңда кеңінен қолданылып отырған заманауи тігін машинасы JANOME MEMORY CRAFT 500E.

Тігін кеңесшісі опциясының арқасында тәжірибесіз пайдаланушы сандық интерфейсті оңай түсінеді. Түсті сенсорлық дисплей жағымды қосымша ретінде басқаруды дамытуға көмектеседі. Өңдеу режимі. Машинаның экранында бірден дизайнды реттеңіз, элементтің өлшемін немесе түсін өзгертіңіз, нысанды бұрыңыз немесе жылжытыңыз. Кеңейтілген кеңістік. Джаноме тігін машинасының жұмыс беті-303,5 x 120 мм. мәселе» қайда және не қою керек, сондықтан ол ыңғайлы және кедергі жасамайды». Шығармашылыққа беріліп, басым жұмыс істеу ғана қалады.

JANOME MEMORY CRAFT 500E-ГЕ ТӘЖІРИБЕЛІ ҚОЛӨНЕРШІЛЕРДІ НЕ ҚЫЗЫҚТЫРАДЫ Жылдамдық. Жіптерді автоматты түрде толтыру және кесу, кернеуді бақылау, жеке бөліктерді өңдеу өнімді жасау уақытын қысқартады. Кесте жылдамдығын басқару параметрлерде қол жетімді (минутына 400-ден 860 тігіске дейін). Жаңа мүмкіндіктер. Дизайнды JANOME тігін



машинасының жадында немесе USB-де сақтаңыз, кесте өрнектерін компьютерге тікелей қосу арқылы беруге болады. Машина матаның барлық түрлерімен жұмыс істейді: мақта, жібек, жүн, кашемир және т.б. «Лалагүл» «Текемет» «Қыз бейнесі».

Футболкадағы кесте өте жиі кездеседі. Бұл стандартты нәрседен эксклюзивті, тартымды, ерекше алуға мүмкіндік береді. Сюжетке байланысты футболка нәзік және романтикалық немесе агрессивті көрінеді, иесінің белгілі бір көзқарастары мен қалауларын орай. Логотипті немесе жазуды кестелеу өте танымал. Футболкадағы үлгіні жасау үшін ең қолайлы кесте техникасының нұсқасы қарастырылады – тегіс. Жұмысты жүргізеді қолында, содан кейін-видео на стол болса, бірі-тоқыма. Кенептен тігілген нәрсе тоқылған. Үлгі контурын матаға беру. Сурет арнайы су жууға арналған маркердің көмегімен футболка матасына беріледі. Мұны істеу үшін шаблон қағаздан кесіліп, түйреуіштермен дұрыс жерге бекітіледі. Содан кейін оның контуры дөңгелектенеді. Дайын затты жуғаннан кейін ол жоғалады, бастысы-футболканы қыздырмау және маркер жоғалғанша жуғыш заттарды суға қоспау.

Киімге кестелеу бойынша мастер-класс сериясы үлгі жасалатын киім түріне байланысты процестің кейбір ерекшеліктері өзгереді. Барлық бұйымдарды изнанка тиіс мінсіз.

Футболкадағы кесте өте жиі кездеседі. Бұл стандартты нәрседен эксклюзивті, тартымды, ерекше алуға мүмкіндік береді. Сюжетке байланысты футболка нәзік және романтикалық немесе агрессивті көрінеді, иесінің белгілі бір көзқарастары мен қалауларын көрсетеді. Логотипті немесе жазуды кестелеу өте танымал. Футболкадағы үлгіні жасау үшін ең қолайлы кесте техникасының нұсқасы қарастырылады – тегіс. Жұмысты жүргізеді қолында, содан кейін-видео на стол болса, бірі-тоқыма. Кенептен тігілген нәрсе тоқылған. Үлгі контурын матаға беру. Сурет арнайы су жууға арналған маркердің көмегімен футболка матасына беріледі. Мұны істеу үшін шаблон қағаздан кесіліп, түйреуіштермен дұрыс жерге бекітіледі. Содан кейін оның контуры дөңгелектенеді. Дайын затты жуғаннан кейін ол жоғалады, бастысы-футболканы қыздырмау және маркер жоғалғанша жуғыш заттарды суға қоспау.

Қарапайымдылық. Тігін кеңесшісі опциясының арқасында тәжірибесіз пайдаланушы сандық интерфейсті оңай түсінеді. Түсті сенсорлық дисплей жағымды қосымша ретінде басқаруды дамытуға көмектеседі. Өңдеу режимі. Машинаның экранында бірден дизайнды реттеңіз, элементтің өлшемін немесе түсін өзгертіңіз, нысанды бұрыңыз немесе жылжытыңыз.

Кеңейтілген кеңістік. Джаноме тігін машинасының жұмыс беті-303.5 x 120 мм. мәселе» қайда және не қою керек, сондықтан ол ыңғайлы және кедергі жасамайды». Шығармашылыққа беріліп, басымен жұмыс істеу ғана қалады.

Декордың мақұлданған нұсқасы әсіресе талғампаз блузаларды, классикалық костюмдерді жасайды. Үлгілердің арқасында мұндай киім әйелдік және талғампаз болады. Кесте шорт, футболка, джинсы, курткалармен безендірілген.

Кесте бар Деним көріністі жарқын, жазғы және жеңіл етеді. Лаконичного дизайн пиджактар с декором бірі кестеленген ою-күшке ерекше гармоничность мен әсемдігі, өзгелерден. Осылайша, тіпті пальто, курткалар мен тондар да толықтырылады. Осындай әшекейі бар сыртқы киім иесіне ақсүйек береді, оны стильді етеді. Кесте шляпалар мен сөмкелерді өзгертеді, оларды кескіннің ерекше элементі етеді.

Қолмен кестеленген киім дұрыс күтімді қажет етеді, әйтпесе заттар тез көрінісін жоғалтады және киюге жарамсыз болады. Кез-келген техникада кесте бар киімдерді тек салқын суда қолмен жуу керек. Ұнтақты тек нәзік түсті маталар үшін таңдау керек. Егер кесте үлкен болса, киімді қысып, бұрау мүмкін емес – бұл үлгінің деформациясын тудырады. Егер зат кестеден кейін бірінші рет жуылса және суда еритін маркердің іздері болса, оны жуғыш заттарды қоспай суық сумен бассейнге салу керек. Бұл жағдайда сияның іздері толығымен жойылғанша қалдыру керек. Содан кейін су өзгеріп, жууға арналған ұнтақ қосылады. Егер өрнек кішкентай болса, кестеленген киімдерді әдеттегідей кептіруге болады. Көлемді кестелеу кезінде өрнек деформацияланбауы үшін заттар тегіс бетке қойылады. Артық суды тезірек кетіру үшін киімді сүлгімен орап алуға болады, бірақ өте тығыз емес.

Заманауи коллекциялардағы кесте ерекшеліктері Декорирование киім көмегімен кестеленген ою — ісі көп уақыт талап ететін тынымсыз еңбек пен шеберлік. Бірақ нәтиже өзінің жоғары эстетикасы мен бірегейлігімен басқаларды қуантады. Құру подиумного наряд қолмен кестеленген кетеді айлары, ал нәтижесі осы айрықша құндылығы ретінде сарапшылар үшін де, мен үшін адамдарын. Бұл декор элементін ерекше ұнататын шеберлер деп аталатын адамды бөліп көрсету қиын. Көбісі әр коллекцияда кесте тігуді пайдаланады. Алайда, бұл өнерге деген ерекше сүйіспеншілікті ең үлкен кутюрлер — Dolce&Gabbana, Alberta Ferretti, Chanel, Balmain және Gucci көрсетеді.

Өзім дәріс беретін «Сиқырлы өнер» үйірмесінде 4 тобымда 25 оқушы үйірмеге қатысады. Әр тобым 5-6 оқушыдан тұрады. Үйірмеге қабылданған оқушылар тігін машинасында жазулар жазып, сурет салумен айналыса отырып, көптеген программаларды меңгере алады. PS-фотошоп, PE-DESIGN. Embird 2017 (32-bit) программаларын қолдану арқылы машинада тігін тігіп, әрлей алады. Сабақ барысында оқушылар футболкаларға, орамалдарға (сүлгі) жазулар жазып, заманауи дизайнда шоппер сөмкелерін тігіп үйіренеді. Кесте тігудің заманауи үлгісін, компьютерде әрлеп, бейнелеу арқылы бұйымдар жасауға машықтанады. Кесте тігу қалыптасып дамыған өнер түрі.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Программа создания рисунков вышивания. Руководство пользователя программы PE-DESIGN NEXT  
Дополнительные сведения о продукте и обновлениях можно получить на нашем веб-сайте по адресу <http://www.brother.com/> или <http://solutions.brother.com>
3. Инструкция к вышивальной машине JANOME Memory Graft 500 e

## ХОР ӘНДІК ҰЙЫМ



### Ақтөбе облысы, Ойыл аудандық музыка мектебінің хор бөлімінің мұғалімі Сапарова Ұлпан Адилханқызы

Сырт қарағанда хор деп бірнеше адамның бас қосып, бір әнді шырқауын айтады. Ал шын мәнінде хор коллективі-орындаушылық шеберлікті ойдағыдай меңгерген көркемдік дәрежесі жоғары, композитордың шығармаға негіз етіп алған ойы мен идеясын тыңдаушыға өз мәнінде жеткізе алатын әндік ұйым.

а.Хор партиялары және оларды құрайтын жеке дауыстар. Хордың негізгі төрт париясы:

Сапрано,Альт,Тенор және Бас көп дауысты хор өнерінің дамуы барысында 19 ғасырға дейін толық қалыптасты. Хор партитуралары мен клавиірлерде партиялардың типтік аттары кездеседі. Сапрано 1,2 Альт 1,2 Тенор 1,2 Бас 1,2 және октавиістер

Жеке әншілер дауысы: сапрано, меццо сапрано, контральто, тенор, баритон, бас.

Әр дауыстың үн бояуы мен естілу сипатына қарай типтік атауларына қосымша анықтағыш аттар берілді.

Сапрано-колоратуралық, лирикалық, драмалық, лирико-колоратуралық және лирико-драмалық;



Миццо-сапрано-лирикалық драмалық;  
Контральто-бөлінбейді;  
Тенор-лирикалық, драмалық және альтино;  
Баритон-лирикалық, драмалық;  
Бас-жоғарғы, төменгі және октавистер.

Сапрано 1-партиясын лирикалық колоратура және лирикалық сапрано дауыстары құрайды. Партия жарқын, қанық үнді, техникалық қиындықтарды меңгеруге бейім, икемді келеді. Кейде нәзік, жұмсақ әрі майда естіледі.

Сапрано 2- партиясын драмалық сапрано құрайды. Бұл күшті зор, кеудеден шығатын қою үнді дауыс. Сапрано партиясының жалпы дыбыс аумағы:

1-ші октаваның «до» нотасынан 3-ші октаваның «до» нотасының аралығы. Ал іс жүзінде жие қолданылатын жұмыс аумағы 1-ші октаваның «ми» 2-ші октаваның «си-бемоль-ля» ноталарының аралығы болып есептеледі. Прималық зона яғни бірден ән салу дыбыс аймағы 1-ші октаваның «ми-фа» және 2-ші октаваның «ми бемоль-фа диез» нотпалары.

Сапрано партиясы төменгі регистрде көмескі, әлсіз, болбыр болып естіледі. Бұл тесситураға тән негізгі дыбыс күші-рiано. Ортанғы регистрде сапрано партиясын жеңіл, жүрдек икемді. Орындаушылық мүмкіндіктері мол. Дыбысты ең ақырынан бастап өте қаттыға дейін күшейтіп дамыта алады. Техникалық пассаждар мен фигурацияларды хор партияларының дауыс аумақтары мөлшерлі түрде беріледі. Олардың көрсеткіші жекеленген хор шығармаларында осы берілген дыбыстардан төмендеу немесе жоғарлау болуы мүмкін. Сапрано үні бүкіл хор үнінің сипатына әсер ететін болғандықтан бұл партияға әншілерді аса ұқыптылықпен тәпшітеп тексеріп қабылдаған дұрыс.

Альт 1-партиясын лирикалық меццо-сапрано орындайды. Жоғарғы регистрді үні зорайып, сапрано сияқты жарқын, ашық естіледі. Бұл кеудеден төгіліп тұратын қою, қанық үнді сұлу дауыс. Олда түрлі техникалық қиындықтарды еркін, икемді орындай алады.

Альт 2-партиясын драмалық меццо-сапрано мен контральто дауыстары орындайды, жоғарғы дыбыстарды айтқанда қатқылданып, қысылып шығады. Ал төменгі жұмсақ, әдемі, бірақ күшті аса қатты емес. 1-ші октаваның «соль-ля» ноталарынан бастап дыбысы күшейтіп, барынша ашыла бастайды. Альттер партиясының дыбыс аумағы кіші октаваның «ля» 2 октаваның «ре» ноталары (жұмыс аумағы) аралығы болып есептеледі. Алайда хор партитураларында альттердің жыбыс аумағы әлдеқайда кең.

Тенор 1- партиясын альтино және лирикалық тенор орындайды. Альтино сирек кездесетін дауыс. Бұл дауыстың болуы тенор партиясының үнін еркеше ашып, ажарландыра түседі және дыбыс өте жеңіл, ұшқыр келеді. Ал лирикалық тенор партияға ерекше нәзіктік, мәнерлілік береді. Бұл партия түрлі техникалық қиындықтарды еркін, қысылмай орындай алады.

Тенор 2-партиясын драмалық тенорлар мен лирикалық баритондар атқарады. Бұл –үні тығыз, бояуы қою дауыс. Тенорлардың жалпы дыбыс аумағы кіші октаваның «до» екінші октаваның «до» ноталары аралығы. Ал іс жүзіндегі жұмыс аумағы кіші октаваның «ми» 2-ші октаваның «соль-ля» ноталарының аралығы. «Өткел» дыбыстары 1-ші октаваның «ми бемоль-фа диез» ноталары. Прималық аймақтары кіші октаваның «си бемоль» 1-ші октаваның «до» ноталары.

Бас 1- партиясының драмалық баритон және биік бас дауыстарын құрайды. Драмалық баритон бұл партияның жоғарғы регистрін күшейтіп, қуатты сипат береді. Ортанғы және жоғарғы регистрлерде өте қанық, толымды естіледі.

Бас 2- партиясын төменгі бастар дауысы орындайды. Бояуы қою, күшті әрі айбатты дауыс. Бас партиясының жалпы дыбыс аумағы үлкен октаваның «ми-фа» 1-ші октаваның «ми-фа» ноталары аралығы. Ал жұмыс диапазоны үлкен октаваның «соль» 1-ші октаваның «ре-ми» ноталары аралығы. Бас партиясының айырықша тобына октавистер жатады. Профессинал үлкен хорларда 1-3 октавистер болады. Диапазоны контрооктаваның «ля» 1-ші октаваның «до» нотасы аралығы. Алайда оның жоғарғы дыбыстары пайданымайды, өйткені Бастар партиясын ауырлатып жібереді. Сондықтан олар тек бас партиясын октава төмен қайталап, оларды нығайта түсу үшін а капелла жанрында пайдаланады.

Хордың жанрлары

Хордың түрлері олардың алға қойған мақсаттарына, дыбыс жүргізу мәнерінің ерекшеліктеріне, орындаушылардың құрамына байланысты профессионал, әуесқой, академиялық, халық хоры, ересектер және балалар хоры болып бөлінеді. Ал хорға арналған шығармалар а капелла (аспаптық сүймеледеуі жоқ) аспаптық сүймеледеуі болып екіге бөлінеді.

А капелла-хор айтудың ең жоғарғы сатысы.

Хор коллективтерінің түрлері:

-Халық хорлары;

-Капелла типтес хорлар;

-Ән-би ансамбльдері;

-Театр хорлары;

Балалар хорлары;

Жалпы типтегі хорлары.

Хор айту-дыбыс жүргізу мәнерлеріне қарай академиялық және халықтық болып екіге бөлінеді.

Халықтық бағыттағы хорлар халықтық стильде, яғни төменгі, ортаңғы, жоғарғы дыбыс қатарын тегістемей ақ әнді «табиғи» ашық дауыспен айтады. Хордағы ерлер мен әйелдер саны белгілі бір межемен шектелмейді. Орындалатын шығармалардағы дауыс саныда тұрақсыз, өзгеріп отырады. Өйткені әншілер қолма қол суырып салып жаңа дауыстар қосып жіберуі мүмкін. Ән-би қимылдарымен астасып толыға түседі. Концерт кезінде шығармаларды дирижердің басқаруынсыз, баян немесе халық оркестрінің сүймеледеуімен орындайды.

Академиялық хорлар-бұрынғы музыкалық академиялардың хорлары ұстанған дәстүрлі дыбыс жүргізу бағыттарын қолданады. Олардың қатарына капеллалар жатады. Капелла деп бұрынғы шіркеуде әншілер тобы тұратын орынды айтады. Бұл хор айтудың қыры мен әбден меңгерген ән-би теориясын жақсы білетін, әншілерінің бәрінде музыкалық сауатты профессионал хор коллективі. Опера театрының хоры қойылатын спектакльге қатысады. Ол көбінесе операдағы басты кейіпкер-халықтың ролын орындайды. Сондықтан хордың Верди, Бизе, Глинка, Мусоргский, Бородин сол сияқты қазақ композиторлары Төлебаев, Брусиловский, Жұбанов, Хамиди, Рахмадиев, С.Мұхамбетжанов операларындағы мәні ерекше зор. Академиялық хор коллективтеріне консерваториялар мен музыка колледждерінің, педогогикалық институттардың музыка факультеттерінің және мәдениет институттарының хор дирижер бөлімдерінің студенттік хорлары да жатады. Болашақ хор мамандары мен музыка пәнінің оқытушылары үшін оқулық хорлардың атқаратын қызметі аса зор. Өйткені олар дүние жүзі композиторларының бұрын соңды жазған тамаша хор шығармаларының үлгісі мен осында танысып, оларды іс жүзінде хорға үйретудің жолдарын оқып үйренеді.

Ән-би ансамбльдері орындаушылық жаңа түрлері (советтік дәуірде пайда болған) болып саналады. Оның құрамына әншілер, бишілер топтары және оркестр кіреді.

Хордың орналасу тәртібі және оны басқару тәсілдері

Хор коллективтерінің творчестволық жұмысы нәтижелі де жемісті жүргізілуі үшін концерт кезінде де жаттығу (репетиция) уақытында оған қатысушы партиялардың белгілі орындары болуы қажет. Хор партияларын орналастырудың бірнеше әдістері бар. Солардың ішінде ең қолайлысы –хорды жарты шеңбер етіп орналастыру. Бұл әдіс түрлі дауыстардың үнінің бір арадан топтасып шығуына мүмкіндік тудырады. Жаттығу кезінде хор мүшелері қалай орналасса, концертте сол тәртіп сақталу тиіс. Хор басқарушы, яғни дирижердің хор коллективімен жұмыс істегенде ұйымдастыру қабілетімен қоса методикалық әдістерді пайдалана білуінің түрлі принциптік маңызы бар. Біріншіден, ән айтуда хор коллективіне дирижердің дене қимылы, қозғалысы, бет құбылысы, эмоциясы да зор қызмет етеді. Сонымен қатар, шығарманың кейбір кезеңдерін қалай айту керектігі жайында сөзбен айтып түсіндіру тәсілінің де пайдасы мол. Ол үшін жетекшінің музыкалық қабілеті жан-жақты болуы тиіс. Оған вокальды –хор техникасының негізін білу, өз дауысымен хор партиясын айтып көрсету, музыкалық аспаптарды еркін меңгере

алумен қатар музыканы қабылдау және ырғақ ерекшеліктерін айқын аңғару қабілеті жатады. Осындай бесаспап хор жетекшісі музыкалық фразаның интонациялық, ырғақтық және басқа ерекшеліктеріне әншілердің назарын аударып, жақсылап түсіндіру үшін өзі дауыспен айтып көрсету тәсілін жиірек қолданады. Хор үйірмесіне қатысушылардың бәрінің бірдей музыкалық сауаты бола бермеуі мүмкін. Сондықтан, хор басқарушысы өзінің ой-талабын, дирижерлік қимылдарының мәнін, астарын репетиция кезінде сөзбен түсіндіріп жеткізеді. Концертте хорға қатысушылар тек қана дирижердің қолына қарап, нені талап етіп тұрғанын ұғынып шығарманы соған сай етіп орындауы керек. Мысалы талаптардың іске асуы:

1. Хордың көркемдік дәрежесінің жоғарылығына;
2. Хор мүшелері мен дирижер арасындағы түсіне білушілік;
3. Дирижердің тәжірибелігіне тікелей байланысты;

Хор коллективінің дирижердің талабына сай дұрыс ыңғайлануы, қолының қимылын дұрыс түсінуі, әнді таза айтуы олардың орындаушылық мәдениетінің көрсеткіші болып саналады. Шығарманы орындауда дирижердің қимыл-әрекеті (аппараты) хор басқарудағы ең негізгі құрал болғандықтан, оның барлық қимыл-қозғалысы өте айқын, түсінікті болуы тиіс. Хор басқарушы дирижерлік техниканы жақсы меңгерумен қатар, өз тәжірибесін, білімін іс жүзінде тиімді де сауатты қолдана білуі өте қажет.

## ДОМБЫРА ЖАСАУ- ҚОЛ ШЕБЕРЛІГІМЕН, МУЗЫКАЛЫҚ САУАТТЫ ТАЛАП ЕТЕДІ



**Тақатарұлы Мұратқан**  
Ақтөбе облысы, Ойыл аудандық балалар музыка мектебінің домбыра сыныбының оқытушысы, домбыра жасау шебері

Домбыра қазақтың кең тараған екі ішекті аспабы. Бүгінде домбыраның екі түрлі жасалу әдісі бар: тұтастай шауып жасау және құрап жасау. Қазіргі уақытта құрап жасау әдісі кеңінен тарады. Құрама әдісі бойынша алдымен қажетті ағаштар таңдап алып, өлшемдерге лайықтап кесіледі. Алдымен бас ағашы шәмшәт ағашынан жасалады. Мойын ағашы үш ағаштан құралады. Мойын ағашының иіліп кетпеуін сақтайтын қатты ағаш шәмшәт, қарағаш қызыл ағаш секілді төзімді ағаш қолданылады. Қарағаш ағашын екі жанына орнатылады. Одан соң кеудесі

дайындалады 7-9 шапақтан тұрады ені 6,5 см қалыңдығы 3 мм. Шапақ ағашы бұйра қайың, емен, қара ағаш, қызыл ағаш секілді төзімді ағаштардан жасалады. Дайын болған шапақтар суға салып ыстық пеште арнайы қалыпқа иіліп мойынға құрылады. Аспап қалыптан дайындалған соң мойын бет ағашы желімделеді. Мойын бет ағашы дыбысқа жауапты, аспап үнінің таза шығуы тікелей мойынбеттің дұрыс жасалуында. Оның өзіндік есебі бар: бас буыны 4 мм, сағасы 3 мм қалыңдықта жасалады. Бұл пернелер ойналғанда дыбыстың таза шығуына арнайы жасалады. Аспаптың ең маңызды бөлшегі бет ағашы аспаптың жарты құнын құрайды. Арнайы музыкалық қабілетті талап етеді. Кіші октаваның до, ре нотасына келтіріп, бетағашы кварта, квинта интервалына келтіріліп жабылады және перне ішегі тағылып тексерілуден өткізіледі. Сол арқылы домбыраның болашақ дыбысы белгілі болады. Дайын болған домбыраны құмқағазбен тазартып, әдемі түске бояп, лак арқылы ылғалдан сақтандырылады. Ою-өрнек салып безендіріледі. Домбыра дыбысының жақсы болуы шебердің мықтылығында емес, аспап иесінің мінезінде

де байланысты. Домбыра бар жақсы ықыласпен жасалғанда ғана шебер орындаушының көңілінен шығады.

## ҮЙІРМЕНІҢ ҮЙРЕТЕРІ КӨП



**Танатарова Алия Сериковна**  
Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Ойыл аудандық оқушылар үйінің «Алтын ине» үйірмесінің жетекшісі

Шебердің инесі де, күймесі де – алтын» демекші, қазіргі таңда оқушыларды қолөнерге баулу қарқынды түрде жүзеге асырылуда.

Оқушыларды әр түрлі іс-әрекетке тартатын, қоғамдық пайдалы еңбекке баулитын ең маңызды қосымша білім беру саласының бірі-үйірмелер. Үйірме арқылы баланың қарапайым қызығушылығын мазмұнды ұйымдастырылған маңызды іс-әрекетпен айналысуға, сол арқылы өзін-өзі дамытып жетілдіруге көмектеседі. Үйірмеде 40-тан астам оқушы өздерінің қолөнерлік қабілеттерін арттырып, шығармашылық қасиеттерін шыңдауда. Үйірменің басты мақсаты ертеден келе жатқан қазақ халқының сәндік қолданбалы өнерін қазіргі заман талабына сай, яғни жаңа техникалармен трендтегі көркем-эстетикалық туындыларды жарыққа шығара отырып, оқушылардың қолөнерге деген құлшынысын, қызығушылығын, қиялдарын шарықтатып, оларға бағыт-бағдар беру болып табылады. Сол арқылы білім алушылар бос уақыттарын тиімді пайдаланып қана қоймай, өздерінің моторикалық қызметтерінің деңгейін көтереді.



Сондай жұмыстардың бірі - моншақтан қол сөмкелерін жасау оқушылардың сүйікті ісі. Жоғарыда аталып өтілгендей трендтегі эстетикалық сөмкелер дәл қазіргі уақытта сұранысқа ие. Үйірме қатысушыларына тіпті аудан тұрғындарынан осы туындыға тапсырыстар түсіп жататыны да жасырын емес. Бұл менің оларды еркелетіп кейде «Менің кішкентай бизнес иелерім» деп атауымның бір себебі. Осы бағытта оқушылар аудандық, облыстық, республикалық деңгейдегі әртүрлі жарыстарға қатысып жүзделі орындарға ие болып жүр.


Қазіргі кезде үйірмеізде жоғары қызығушылыққа ие болып келе жатырған бисерден бұйымдар тоқу бойынша қарқынды жұмыс жасалынауда. Мақсатымыз

атап өткендей қазақ халқының көркем-эстетикалық бағытын дамыту, бисерден әшекей-бұйымдар жасап шығару. Одан бөлек гипстен жинақ банкін (копилка) жасап шығару оқушылар арасында жоғары дәрежеде жүзеге асырылуда.



Жас буынның шығармашылық қолөнерге деген осыншама қызығушылықтары көңілімді қуантады. Менің де талантты оқушыларға жетекшілік етіп, бар білгенімді үйретіп жүргенім жаныма жылылық ұялатады. «Ұстаздан шәкірт озар» деп, қазақ атамыз айтқандай болашақта үйірме атынан әлі де талай көз тойғысыз қолөнер туындылары шығары сөзсіз. Қорыта айтқанда, балаларға қосымша білім беру ұйымдарының басқа білім беру орындарынан айырмашылығы онда бала басқаша білім жолын басып өтеді. Мұнда балаға қосымша ақпарат беріп қана қойылмайды, ең бастысы бала шығармашылық

жұмыс істеуге тартылады. Бала адамзат еңбегінің, білімінің бірін терең игереді, оған дағдыланады, өз шеберлігіне масаттанады, педагогына сенеді. Жас ұрпақтың дара ерекшелігін ескере отырып ойлау, шешім қабылдау, қорытынды ой-пікірін білдіруін, белсенділігін, танымдық қабілетін дамытуын, өзінің шығармашылық әрекетін жүзеге асыруын қалыптастыруына мүмкіндік туғызған дұрыс. Оқушылардың қабілетін ашып, дамытуға жан-жақты жағдай жасағанда ғана мақсатқа қол жеткізуге болады. Ендігі басты міндет қосымша білім берудің ерекшеліктерін ескере отырып қосымша білім берудің өз нәтижесі мен оны анықтаудың өз әдістемелерін жетілдіре, дамытау.




## ДӘУЛЕТКЕРЕҮ ШЫҒАҮ ҰЛЫ. «ҚОС АЛҚА» КҮЙІ.



«Ойыл аудандық балалар музыка мектебі МКҚК»  
Турешова Назгуль Умирхановна

	Мектеп: «Ойыл аудандық балалар музыка мектебі МКҚК»
Күні: 10.11.2021ж	Мұғалім есімі: Турешова Назгуль Умирхановна
Сынып: 2	Оқушы саны: 1
Домбыра класы	Сабақтың тақырыбы : Дәулеткерей Шығай ұлы. «Қос алқа» күйі.
Сабақтың мақсаты	Оқушыға күймен жұмыс жасауға, күйді талдау әдісін үйретуге, оны сезініп ойнауға, түсінуге баулу. Білімділік: Оқушыға домбыраны меңгерту арқылы оның музыкалық білімін арттыру, есте сақтау қабілетін жетілдіру. Дамытушылық оқушы: Нотаны сауатты оқып, оны орындауға, әсерлігін, сезінуін дамыту.
Бағалау критерийі	Дәулеткерейдің өмір баяны мен күйлерімен танысады? Шығармаларды талдайды. Парақтан нотаны оқып аспапта ойнайды.
Оқытудың формасы:	Оқушымен жеке жұмыс жасау.
Тілдік мақсаттар	Музыкалық терминдер
Құндылықтарға баулу.	Оқушыны күйге деген сүйіспеншілігін арттыру, әсемдікке, өнерпаздыққа тәрбиелеу
Пәнаралық байланыс	Этно солфеджио; қазақ музыка әдебиеті
Оқу әдістемелік құралдар, әдебиеттер.	“Дәулеткерей и казахская домбровая музыка 19 в” П.В Аравин ___“Казахская музыкальная литература” Елеманова “Жігер. Дәулеткерей” Қ. Ахмедияров “Күйшлермен күйлер” Х.М. Қыдырбайұлы
Техникалық құралдар.	Презентация . бейне таспа арқылы күйлерден үзінділер тыңдату Интерактивті тақта, нота.
Алдыңғы білім	Күй жанрлары.( тарихи, тартыс, айтыс, халық, аңыз, жыр, лирика.)

<b>Сабақ барысы</b>	
<b>Сабақ кезеңдері</b>	<b>Оқытушы іс-әрекеті</b>
<b>1. Ұйымдастыру кезеңі (2 минут)</b>	Психологиялық ахуалды қалыптастыру : «Жүректен жүрекке». Бір бірімізге жылы сөздер айту. Сұхбат әдісі: Күй атасы ? Құрманғазы Күй анасы ? Дина Күйдің пірі ? Қазанғап Күй лиригі ? Дәулеткерей
<b>2. Жаңа материалды түсінуге дайындық кезеңі (жаңа тақырыпты болжау). Практикалық жұмысқа дайындық кезеңі. (8 минут)</b>	Бүгінгі сабағымызда Дәулеткерей Шығайбайұлының күйін үйренеміз. Алдымен Өмір баянымен танысамыз. Дәулеткерей Шығайұлы 1820 жылдар шамасында қазіргі Орал облысының Орда ауданында ауқатты отбасында дүниеге келген. Әкесі Шығай да, Бөкей одасының ханы Жәңгір де оны бала жасынан ел билеуге, төрелік салтанат құруға тәрбиелеген. Алғашқы уақытта ол сол елдегі жеке - жеке руларды басқарады. Бірақ билікте жүрген адамның амалсыздан қатіез болатынын ол нәзік жүрегімен ерте түсінеді. Домбырашылық өнердің қалыптасуына атақты Мүсірәлі ықпал жасайды. Ол Соқыр Есжан, Байжұма Мүсірәлі сияқты күйші домбырашылардың күйлерін жастайынан жаттап өсті. Дәулеткерейдің алғашқы шығарған туындысы «Қыз Ақжелең» мен «Қос алқа» күйі. Оның күйлері адам баласын үлкен талғам мен сұлулыққа табиғаттың сыршыл сезімі мен әсем сазын ұғынуға тәрбиелейді.
<b>3. Жаңа материалды түсіндіру кезеңі</b>	Қос алқа күйінің шығу тарихы. Бір күні Дәулеткерей атамызға Құрманғазы атамыз қонаққа келеді . Сыртқа демалуға шыққан кезде, құдық басынан су
(Практикалық жұмысты орындау кезеңі) )10 минут)	алып келе жатырған Саржан келіні көрінеді Сонда Құрманғазы «Сіздің сыршыл да сезімтал күйлеріңізді естіп жүрміз .Саржан келініңіздің де жүрісіне, сылдыр қаққан сырғасы мен алқасына арнап бір күй шығараңызшы»- дейді. Сонда сол бойда Дәулеткерей отыра қалып бір күй тартады. Бұл күй ел арасында «Қос алқа атанып кетеді. Еңдеше осы күйді орындар көрсетіп берейін.

<b>4. Жаңа материалды бекіту кезеңі.</b> )Практикалық жұмысты тапсыру кезеңі.) (20 минут)	авторы	Дәулеткерей Шығай ұлы
	тональдігі	C-dur
<b>5. Үй тапсырмасы туралы ақпараттандыру кезеңі.(2 минут)</b>	өлшемсі	4,4
	екпіні	орташа
	орындау түрі	тәкпе
	жанры	арнау күй
	музыкалық сипаты	көңілді
	қағысы	Алма кезек, пптр, пптрр,
	Дыбыс күші	p; pp; f; ff; mf;
	Қосымша белгі	лига
	нұсқа	?- түрі
	құрылымы	Бас буын, негізгі буын, бас буын, орта буын, бас буын, саға, орта буын, бас буын.
Әуеслі ойнамас бұрын «Қос алқа» күйін талдап аламыз		
		



<p><b>б. Сабақты қорытындылау және рефлексия.</b> Сабақты қорытындылау және рефлексия. (3 минут)</p>	<p><b>Сабақты бекіту.</b> Діулеткерей Шығай ұлы қай жылы қай жерде дүниеге келді? Діулеткерей Шығай ұлының алғаш шығарған күйлерін ата. Күй орындау түріне нешеге бөлінеді? Қос алқа күйі қай күй жанырына жатады? <b>Кері байланыс.</b> «Жетістік баспалдағы» Оқушылар алдарындағы стикерге жазып тақтадағы жетістік баспалдағына жабыстырып қояды. Бүгінгі сабақтан не білдім? Бүгінгі сабақтан мен нені жетілдіруім керек? Бүгінгі сабақтан мен тағы не білім келеді? <b>Рефлексия.</b> «Сиқырлы қобдиша» Оқушылар сабақтан алған ісерлерін тілектерін қағазға жазып қобдишаға салып ұстазына ұсынады. <b>Үйге тапсырма:</b> Күйді нотамен ойнау. Алқа сырға білезіктердің суретін салу.</p>
--	---

## «ДОМБЫРА КЛАСЫ БОҰЫНША ОҚУ-ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ»



**Сабиржанова Лаззат Ахметовна**  
Ақтөбе облысы, Ойыл аудандық балалар музыка мектебінің домбыра класының мұғалімі

Музыка мектебіне табиғи дарынды, есту, жаттап алу, ән салу, ырғақты сезімі жақсы дамыған, мектепте жақсы оқитын 3-5 кластың оқушылары қабылданады. Олардың музыкаға бейімділігі, қабілет-дарыны оқу барысында үнемі қадағаланып, тексеріліп отыруы шарт. Осы

орайда мұғалімнің міндеті оқушының қабілет икемділігін үздіксіз дамыта отырып, оны жан-жақты жетілген, ой-өрісі кең, өнерге құштар тұлға етіп тәрбиелеу болып табылады.

Мамандық класының сабағы оқу-тәрбие жұмысының негізгі формасы болып есептеледі. Мұғалім сабақты шығармашылықпен тартымды, әсерлі ұйымдастыруы, методикалық тәсілдерді сабақ үстінде орынды пайдаланып, оқыту мен эстетикалық тәрбие әдістерін жетілдіріп отыруы қажет.

Сабақ оқушының жасына, музыка қабілетіне, ойлау, үйрену, білуге, құмарту т.б. психологиялық ерекшеліктеріне сай ұйымдастырған жөн.

Педагогикалық тәжірибеде барлық оқушының сабақ үлгерімдері бірдей деңгейде болмайтындығы анық. Әр оқушының өзіндік ерекшелігі, мінезі, тәртіп-тағылымы, бейім қабілеті бар десек, айтылған ескертулер әр оқушыға әр түрлі әсер етеді. Кей оқушылар айтылған тапсырманы жылдам орындаса, ал кейбіреуі сол тапсырманы орындап шығуы үшін көп уақыт жұмсайды. Сондықтан да шәкіртті жүйелі түрде оқытып, үйрету үшін оның жас айырмашылықтарымен қатар өзіндік ерекшеліктерін

де ескеріп отыру керек.

Қолдарының буыны қатып кетіп, домбыра ойнауға бейімделе алмай жүрген оқушылар оқыту тәжірибесінде жиі кездеседі. Қол саусақтарының икемділік сапасы оқушының табиғи қабілетіне байланысты деген ұғым екі ұшты пікір. Өйткені тәжірибеде талантты оқушылардың қолдарының дұрыс қойылмай қатып қалуы, ал қабілеті орташа оқушылардың қолдарының дұрыс қойылуы жиі кездеседі.

Әрбір оқушының музыкалық қабілетіне қарамастан, оның қолдарын дұрыс қойып, саусақтарының табиғи, еркін қимылмен ойнауына дағдыландыруға әбден болады. Тек мұның бәрі алғашқы сабақтан басталуы тиіс.

Мұғалім сабақ кезінде өзінің назарын домбыра тартудағы негізгі элементтердің бірі аппликатураға (сол саусақтарының орналасуына) аударумен қатар, қағыстарға да баса ден қою керек. Әрине, аппликатура оқушының дене болмысына, саусақтарының салалығына қарай орынды әрі ыңғайлы болуы қажет. Аспапты дұрыс та еркін ұстап отыру қол мен саусақтардың дұрыс орналасып, аспап мойынында еркін жүруінің орындаушылық тәжірибеде үлкен маңызы бар.

Алғашқы сабақ процесінде мұғалім оқушымен бірнеше маңызды мәселе шешеді:

а) оң мен сол қолдардың дұрыс орналасуын қалыптастыру; б) нота сауатына үйрету. Бастапқы кезде бұлардың әрқайсысына 5 минуттай уақыт бөліп, сабақ 20-25 минуттан артық созылмауы керек. Осы тұста оқушының өз бетінше аспапта ойнамағаны жөн, себебі мұғалімнің қадағалауынсыз ол аспапты қате меңгеруі мүмкін.

Мұғалім оқушы қолдарының қимылы еркін болуына, ойнау техникасының өсуіне және екі қолдың қимылдарының бір-бірімен өзара келісімділігіне мән беруі тиіс. Бастапқы кезде домбыра тартудағы негізгі дағдыларды дұрыс меңгере алмаған оқушыға кейін бұл кемшіліктерді түзеу қиынға соғады.

Бағдарламада, оқу жоспарында көрсетілген көркем шығармалардың мазмұны мен орындау әдістері тыңғылықты да тиянақты талданып отыруы керек. Шеберлікті жетілдіретін түрлі жаттығулар, этюдтер, гаммалар т.б техникалық шығармалар біртіндеп, сатылап үйретілуі қажет.

Оқушының жеке оқу жоспары  
Мұғалімнің негізгі міндетінің бірі – әрбір оқушының жеке оқу жоспарын жасау. Оқу жұмысын дұрыс жоспарлау, терең талғампаздықпен таңдап алынған оқулық материалдары сабақ процесін жүйелі түрде ұйымдастыруға мүмкіндік туғызады. Мұғалім өз класындағы әр оқушыға арналған жеке оқу жоспарын бірінші және екінші жарты жылдықтың басында жасап қоюға міндетті. Шәкірт үшін жеке оқу жоспарын жасарда әр оқушының өзіндік мүмкіншілігі мен ерекшелігін, орындаушылық шеберлігін, музыкалық ой-өрісін, жалпы үлгерімін ескерген жөн.

Басқа аспаптарға қарағанда домбырада ойнаудың екі орындаушылық дәстүрі бар: бірі – күй орындау дәстүрі болса, екіншісі – фортепианоның сүйемелдеуімен ойналатын көкем шығармаларды орындау дәстүрі. Бұл орындаушылық дәстүрлерінің оң қол мен сол қолды ұстауына, ойнау әдістеріне байланысты біраз айырмашылықтар бар. Олар жайында оқушы алғашқы сабақтан бастап-ақ білуі керек.

Оқушылардың орындау шеберліктерін арттыруға күй сипатты жаттығулар мен әр түрлі қағыстарға, штрихтарға арналған этюдтердің, гаммалар мен арпеджиолардың әсері мол.

Бірақ бұл орайда мұғалім шығарманың бірыңғай техникалық жағын қуалап кетпей, оқушы назарын көркемдік мазмұнын жете аңғарып, соны ашып көрсету керектігіне де көңіл аударып отыруы тиіс.

Дарынды оқушылардың орындау шеберлігін шыңдау мақсатымен оларға күрделі шығармаларды шамадан тыс көп ұсыну немесе орташа деңгейлі шығармалармен олардың ынтасын тежеу де дұрыс болмайды. Сондықтан мұғалім мұндай жағдайда әрбір баланың жеке-дара ерекшеліктерін ескере отырып, іске шығармашылық тұрғыда қарау керек.

Сабақ үлгерімін есепке алу

Оқушының күнделікті сабақ үлгерімін қадағалап отыру, барлық мектептердегі сияқты, балалар музыка мектептерінде де оқу-тәрбие жұмысында елеуі орын алады. Оқушының үлгерімі, көбінесе оның үйдегі дайындық жұмысының дұрыс ұйымдастырылуына тікелей байланысты. Егер оқушы сабаққа күнделікті жүйелі түрде дайындалмай жүрсе, онда мұғалімнің еңбегі еш кетері сөзсіз. Сондықтан мұғалім әрдайым оқушыға күнделікті жұмыс кестесін жасап беру қажет. Себебі дұрыс жасалмаған жұмыс кестесі оның үлгеріміне, тіпті, денсаулығына да зиян келтіруі мүмкін.

Оқушының үлгерімін класс жұмыстарының барысында әрбір сабақ сайын мұғалім бағаласа, академиялық концерттер мен емтихандар кезінде арнайы комиссия бағалайды.

Жылдық баға оқушының академиялық концертте, тоқсан қорытындысына және емтиханда алған бағаларының негізінде шығарылады.

Бағаның тәрбиелік мәні зор екені мәлім, сол себепті оқушының білімін бағалағанда, оның орындаушылық шеберлігімен қатар, ұқыптылығын, ыждағаттылығын, шығармашылық белсенділігі мен еңбекқорлығын ескерген жөн.

## ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ, ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ



**Муптишанова Гүлжанат Амангелдіқызы**  
**«Балалар шығармашылық үйі» МКҚК**  
**әдіскері, қосымша білім беру педагогі**

Бүгінгі таңдағы Қазақстанда іске асырылып жатқан реформалар барлық оқу орындары мен әлеуметтік тәлім-тәрбие мекемелерінің тәрбие және білім беру мазмұнын жаңа сапалық тұрғыдан дамуы мен жетілуін өткір проблемаға айналдырып отыр. Өйткені дамудағы нарықтық қатынастарға еркін араласуға дайын бүгінгі және болашақтың адамдарын тұлғалық интеллектуалдық және кәсіби сапалық жағынан әлемдік бәсекеге қабілетті етіп даярлап шығару әсіресе осы білім мен тәрбие мазмұнының сапасына тікелей байланысты. Тәлім-тәрбие қашанда қоғам дамуы мен жетілуінің аса

маңызды алғышарттары. Осыған орай қазіргі Қазақстан жағдайында қысқа тарихи уақыт аралығында барлық білім беру жүйесінде оң өзгерістер іске асырылуда. Оның бірі атап айтқанда қосымша білім беруге арналған, оның негізгі субъектісі болып саналатын мектептен тыс мекемелер қызметін жаңа сапада қайтада ұйымдастыру қолға алынууда. Балалардың мектептен тыс ұйымдары жұмыстарына оның жаңа сападағы мазмұнына күрделі өзгеріс жасап әр түрлі ынталы түрлендіруге қолдау жасау талабынан мектептен тыс мекемелер мәртебесі өзгертілді, яғни оған қосымша білім беру мекеме мәртебе берілді. Сөйтіп «Қосымша білім беру ұйымдары» болып қайта құралған мектептен тыс мекемелер үздіксіз білім беру жүйесінің ажырағысыз бөлігіне айналды.

Бұл жүйе әр түрлі жастағы балалар мен жасөспірімдерге кез-келген жағдайда да жаңа білім алуға оны үнемі толықтырып өзін-өзі бағалауға, басқаруға, әлеуметтік

мәртебесін өзгерту арғырлығын жасауға сөйтіп шығармашылық белсенділігі мен танымдық қабілеттерін дамытуға, қызығушылығы мен сұраныс деңгейін арттыруға мүмкіндігін туғызады.

Қосымша білім берудің мән-мағынасының артуы оның балалар мен жасөспірімдердің қол бос жағдайында еріктілік негізде шығармашылық және танымдық мотивациясын дамыту дербес талаптарын қанағаттандыру, өз еркіне сай мақсатты айналысуына әсіресе кәсіп таңдауына жәрдемдесу, сөйтіп өмірге бейімдеу, салауатты өмір салтына тарту, сайып келгенде бос уақытты мазмұнды өткізуді ұйымдастыруға қажетті жағдай жасауында. Дәстүрлі педагогика ілімі балаларға қарым-қатынас ортасы мен істің кең өрісі арқылы жасалған дамудың әлеуметтік жағдайын қандай да бір болмасын аса қызықты деген сабақтың өзімен де ауыстыру мүмкін еместігін терістемейді. Шындығында да, қосымша білім беру ұйымдары білімнің адам өмірі мен қоғамдағы рөлін балаларға түсіндіру арқылы олардың білімге, өнерге, мәдениетке деген қызығушылығын, ынтасын оятып, жеке қажеттіліктерін қанағаттандырады. Бұл жағдайда жұмыс субъект, объектілер, яғни бала мен қосымша білім беру мекемесінің өзара ынтымастығы мен шығармашылық қарым-қатынасы арқылы іске асырылады. Мектептен тыс ұйымдағы жұмыс педагог пен оқушының ортақ іске деген әуестігіне негізделгендіктен, бала ортақ іс-шараның тұтынушысы ғана емес, жасаушысы да болып табылады. Осындай ерекшелікке сәйкес мектептен тыс ұйымдарда (қосымша білім беру ұйымдары) жалпы білім беретін мектептерде кездесетін детерминдендірушілікке жол берілмейді. Сондықтан да қосымша білім беру ұйымдарына оқытушы- педагогтарды іріктеу табиғи сипатта жүргізіледі, яғни оның балаға деген сүйіспеншілігіне, тәрбие ісіне деген ынта- ықыласына баса назар аударылады. Ендеше, мұнан қосымша білім беру ұйымдарының педагогикалық әлеуметінің айтарлықтай жоғары болуы керек екендігі де аңғарылады.

Қосымша білім беру ұйымдары қызметінің басты ерекшелігі мынада:

- Балалар мен жасөспірімдерді өз еркіне қояды және мұнда адамның өзін-өзі жан-жақты көрсетуіне толық мүмкіндік беріледі, сонымен қатар балалар білім алу бағытын, жүйесін, деңгейін және соңғы нәтижені өздері таңдайды. Бұл ерекшелік қосымша білім беру ұйымдарының білім беру жүйесіндегі шығармашылық қарым-қатынасты, педагог пен баланың немесе педагогпен қосымша білім беру ұйымдарының бірлескен іс-әрекетін белсенді және қарқынды жаңа педагогикалық технологиялық оқыту әдістемесін үнемі үйлестіріп отрудың қажеттілік екенін айқын көрсетеді;

- Педагогпен бірлесе отырып жасаған шығармашылық тапсырмаларды шешу білім алу процесіндегі психологиялық құрылымды өзгертеді немесе екі жақтың әрекеттесуі, қарым- қатынас жасуы, барлық қатысушылардың бір-бірімен тығыз байланысты болуы әр баланың ішкі стимуляциясының оянуына әкеледі;

- Балаларға қосымша білім беру мекемелерінің бағдарламасы білім беретін сонымен қатар қызметпен (іс-әрекетпен) қамтамасыз ететін және мекеменің дамуы болып екіге бөлінеді.

Қосымша білім беру ұйымдарының қазіргі даму жүйесі барлық білім беретін мекемелердегі педагогикалық үрдістің ұйымдастырылуы мен бағдарламаларының талаптарына сай келуі үшін олар белгілі бір үлгіге (стандартқа) түсуді қажет етеді. Шындығында да білім беру орындарының басты міндеті оқушыларды оқыту, үйрету болса және олар алдын-ала белгіленген нормативті (типтік оқу бағдарламасы, оқу жоспары, күнтізбелік және сабақ жоспары т.с.с.) тәртіп бойынша қанағаттандырылса, қосымша білім беру ұйымдары білімнің адам өмірі мен қоғамдағы орнын рөлін балаларға түсіндіру арқылы олардың сол білімге, өнерге т.б. деген қызығушылығын, ынтасын оятып оларды жеке тапсырыс іске асыру амалдарымен қанағаттандырды. Бұл жағдайдағы педагогикалық процесс объект- субъекттердің өзара ынтымақтастық пен шығармашылық қарым-қатынас принципіне, яғни тұлғалық даму педагогикасы идеясына құрылады.

Қосымша білім беру ұйымдары өзі қызмет көрсететін жердегі тұрғындардың мәдени-ағарту жұмыстарындағы өзара әрекеттік сипатын ашуға да септігін тизізеді. Қосымша білім беру ұйымдарға тән өзіндік ерекшеліктер мұндағы жұмыстарға балалар

мен жасөспірімдердің өз еркі және талғамы бойынша қатысуын қамтамасыз ете алады. Мұндағы педагогикалық әсерге әртүрлі кәсіп және жас деңгейіндегі адамдар тобы мүдделерінің бірлігінің қалануы мен жұмыс мазмұндарының алуан түрлілігін, оның формаларымен түрлерінің көптігін де жатқызуға болады.

Сонымен елімізде білім беру жүйесінде болып жатқан оң өзгерістер қосымша білім берудің, оның негізгі субъектісі мектептен тыс ұйымдар қызметінің өзектілігін арттыра бермек. Өйткені қосымша білім беру ұйымдары жалпы білім беретін мектептермен, басқада білім беру орындарымен бірлесе бірінші үздіксіз білім беру жүйесін құра отырып:

- балалар мен жасөспірімдерді шығармашылық белсенділікке, өз бетінше білімін жетілдіруге ынталандыратын;
- білім мазмұнын белсенді және іскерлікпен меңгеруге үйрететін;
- балаға өзіндік өмірлік тәжірибесін талдап қорытып, оның қалыптасқан құндылық жүйелерімен ара қатынасын ажырата білуге үйрететін;
- өз ісіне баға беруге, сөйтіп өз мінез-құлқын қалыптастыруға үйрететін;
- жаңа ғылыми білімдерді және олардың айқын тенденцияларын ажырата білуге үйрететін;

• баланың дамуы мен дербес сана- сезімінің даму эволюциясын ескере отырып, білім берудің барлық түрлеріндегі мазмұн сабақтастығын сақтайтын мекеме ретінде бейімделу іс-бағыттары бойынша атқарылатын жұмыстардың жүйелі, үздіксіз жүргізілуін басшылыққа алады.

Қосымша білім беру бағдарламасының қазіргі таңдағы басым түрі практикалық бағыттылық сипат алуымен даралануда. Мұндай жағдай қосымша білім беру ұйымдары объектілері әлеуметтік – мәдени қызмет пен құндылықтардың мехенизмін (тетігін) игерген тұлға, яғни жеке тұлға болуға қабілетті адам болып қалыптаса алатынын көрсетеді. Сонымен бірге, біз балаларды қосымша білім беру бағдарламасы мен тәрбиеленген тұлғаның жеткілікті нәтижесі ретінде емес, қазіргі мектеп білімінің сапасын арттыруға қызмет жасайтын үлес деп қарауды да дұрыс деп есептейміз.

Қорыта айтқанда балаларға қосымша білім беру ұйымдарының басқа білім беру орындарынан айырмашылығы онда бала басқаша білім жолын басып өтеді. Мұнда балаға қосымша ақпарат беріп қана қойылмайды, ең бастысы бала шығармашылық жұмыс істеуге тартылады. Бала адамзат еңбегінің, білімінің бірін терең игереді, оған дағдыланады, өз шеберлігіне масаттанады, педагогына сенеді. Ендігі басты міндет қосымша білім берудің ерекшеліктерін ескере отырып қосымша білім берудің өз нәтижесі мен оны анықтаудың өз әдістемелерін жетілдіре, дамыта түсу қажет.

## ПОЗНОВАТЕЛЬНО-ИГРОВАЯ ПРОГРАММА ПО ПДД ДЛЯ ВОСПИТАННИКОВ ГДШ НА ТЕМУ: «БЕЗОПАСНОЕ КОЛЕСО»



Бутугузова Актолкын Турекелдиновна  
педагог-организатор  
ГККП «Городской Дворец школьников»  
город Актобе

**Цель:** Формировать представления школьников о безопасности дорожного движения при передвижении по улицам и дорогам.

**Задачи:**

- повторить правила движения пешеходов по дороге, улице, познакомить с группой дорожных знаков;
- развивать у школьников умения находить

наиболее безопасный путь от дома до школы;

-воспитывать навыки выполнения основных правил поведения учащихся на улице, дороге, с целью предупреждения детского дорожно-транспортного травматизма.

Ход проведения программы:

На протяжении всей программы на экране демонстрируется слайдовый, видео материал.

Слайд 1

I. Орг. момент.

1. Приветствие

2. Психолог.настрой:

-Ребята, усаживайтесь удобно, давайте вместе расправим плечи, спина ровная, вдох, выдох. Молодцы!Друзья, сегодня мы с вами отправимся в увлекательное путешествие. Перед тем как отправиться в дорогу, я предлагаю вам потереть ладошки (показываю). Потёрли, приложите их к своим ушам. Чувствуете тепло? Тепло - это жизнь, а жизнь - это самое дорогое, что у нас есть. Жизнь надо беречь. Вы согласны? Молодцы!

3. Знакомство с темой занятия:

- Ребята,мы сегодня собрались, чтобы поговорить о правилах дорожного движения, о дорожных знаках. Мы с вами живем в красивом городе с широкими улицами и переулками. По ним движется много легковых и грузовых автомашин, едут автобусы. И никто никому не мешает. Это потому, что есть четкие и строгие правила для водителей машин и пешеходов. И чтобы спокойно переходить улицу, надо знать правила дорожного движения.

-Ребята, я хочу узнать ваше мнение по некоторым вопросам дорожной безопасности.

- Если вы всегда правильно переходите проезжую часть дороги – хлопните в ладоши;

- Если вы идёте вместе с родителями и они не отпускают вас самостоятельно перейти дорогу – поверните голову вправо, влево;

- Если вам приходилось нарушать Правила дорожного движения – покачайте головой;

- Если вас обучают правилам дорожного движения – поднимите руки вверх;

- Если вы знаете, где находится ваша школа и знаете, как туда идти, где переходить улицу - вытяните руки перед собой вперёд;

- Если вам интересно изучать правила дорожной безопасности – потопайте ногами и хлопайте в ладоши.

- Ребята, спасибо за честные ответы!

II Основная часть.

Слайд 2

1.Разбор ситуации:

Ситуация 1

Два мальчика и три девочки вышли из школы. Когда они подошли к пешеходному переходу, зеленый сигнал уже начал мигать. Мальчики побежали через дорогу бегом, а девочки остались дожидаться следующего сигнала. Сколько ребят правильно перешли дорогу?

Ответ: Три девочки. Зеленый мигающий сигнал светофора предупреждает, что скоро включится желтый, а затем красный. Поэтому безопаснее всего дождаться следующего зеленого сигнала. Бежать через дорогу опасно.

Ситуация 2

Из автобуса вышли шесть человек, трое из них, пока автобус стоял на остановке, перешли дорогу по пешеходному переходу, двое пошли обходить автобус спереди, и один остался на остановке. Сколько человек поступили правильно?

Ответ: Один. Правильно подождать, пока автобус отъедет от остановки, и только затем переходить дорогу.

Ситуация 3

Семеро ребят играли в мяч на проезжей части дороги, двое ушли домой, остальные остались играть на дороге. Сколько ребят поступили правильно?

Ответ: Ни одного. Играть на проезжей части дороги нельзя.

-Мы с вами разобрали ситуации связанные с правилами дорожного движения. По вашим ответам можно понять, что вы имеете представление о правилах дорожного движения. Молодцы!

2.Выяснение причин ДТП:

-Соблюдение ПДД – закон сохранения жизни. С этим нельзя не согласиться. Однако статистика гласит: примерно три четверти всех ДТП происходит с участием детей.

Ежедневно на дорогах в ДТП попадают школьники в возрасте от 7 до 14 лет. Это более половины всех пострадавших детей!

-Давайте подумаем, какие это могут быть причины. Наиболее частыми являются:

Слайд 3

- Переход через проезжую часть вне установленных для перехода мест.

Слайд 4,5

- Неожиданный выход из-за движущихся или стоящих транспортных средств или других препятствий, мешающих обзору.

Слайд 6

- Неподчинение сигналам светофора.

Слайд 7

- Игры на проезжей части и ходьба по ней при наличии тротуар.

3. Игра «Угадайка»

-Ребята, внимательно слушаем и отвечаем.

1. Это такое место на дороге, где ходят люди;

- без него пешеходам трудно и опасно;

- его всегда рисуют белой краской; (Пешеходный переход) Слайд 8

2. Он участник дорожного движения;

- может идти, но может воспользоваться транспортом;

- ходит по тротуару, для него нарисована «зебра» (Пешеход) Слайд 9

3. Он бывает для пешеходов и для транспорта;

- стоит на перекрёстке; помогает пройти опасный путь;

- подаёт разные сигналы, бывает двухцветный (Светофор) Слайд 10

4. Вы с мамой ходите там, когда идёте в школу;

- мамы возят коляски с детьми, а машинам ездить нельзя;

- иногда там останавливаются и разговаривают (Тротуар) Слайд 11

5. Как часовые стоят вдоль дороги; вечером они светятся;

- их должны все знать: и водители, и пешеходы;

- таблички на дороге запрещают, предупреждают... (Знаки) Слайд 12

4. Знакомство с группой дорожных знаков

-Если мы сядем рядом с водителем, то заметим, что его глаза направлены не только вперед на дорогу, но и не много выше. Что там его интересует? (Дорожные знаки).

- Существует много дорожных знаков, посмотрите на экран, давайте познакомимся с группой дорожных знаков.

Слайд 13

1. Предупреждающие знаки

2. Знаки приоритета

3. Запрещающие знаки

4. Предписывающие знаки

5. Информационно-указательные знаки

6. Знаки сервиса

7. Знаки дополнительной информации (таблички)

-Сегодня мы остановимся на некоторых:

- Предупреждающие знаки информируют водителей о приближении к опасному участку дороги, движение по которому требует принятия мер, соответствующих обстановке.

Предупреждающие (это треугольные, по периметру треугольник красного цвета. Между собой знаки этой группы различаются рисунками внутри треугольника.

Слайд 14

1.Предупреждающие знаки:

«Дети»



Нарисованы бегущие дети – предупреждение водителю - приближается школа, детский сад.



«Скользкая дорога» Автомобиль с извилистым следом шин в треугольнике предупреждает о том, что впереди скользкая дорога.



«Пешеходный переход» Специальная область на проезжей части дороги, выделенная для перехода пешеходов на другую сторону улицы или дороги

2.Запрещающие знаки:

Слайд 15

У запрещающих знаков изображения нарисованы внутри красного круга, Вы должны знать о знаках, запрещающих пешеходное и велосипедное движение.

Запрещающие знаки вводят или отменяют определенные ограничения движения.



«Движение пешеходов запрещено»





«Велосипедное движение запрещено»

- Следующая группа – предписывающие знаки. У этих знаков изображения и цифры расположены в круге синего цвета. Белые стрелки предписывают направление движения. Белые цифры на синем фоне предписывают водителю не максимальную, а минимальную скорость, или ехать медленно опасно.

### 3. Предписывающие знаки:

Слайд 16



«Движение направо»



«Ограничение минимальной скорости»



«Движение прямо или налево»

Слайд 17

Информационно-указательные знаки. Их основной цвет – синий, а форма – квадратная или прямоугольная. Эти знаки указывают, где пешеходный переход и место стоянки, направление к нужному населенному пункту и расстояние до него.

- Только кажется, что от обилия знаков кругом идет голова. На самом же деле, чем больше знаков, тем больше водитель и пешеход получает нужной, важной информации, обеспечивающей, прежде всего безопасность движения.

Слайд 18

### 5. Знаки приоритета:

- Есть знаки, которые указывают очередность проезда перекрестков, пересечений отдельных проезжих частей, а также узких участков дорог. Их форма – треугольник, круг, квадрат и восьмигранник. Это знаки приоритета.

Слайд 19

### 6. Знаки сервиса:

- Еще есть знаки сервиса, информирующие о расположении соответствующих объектов. (Техническое обслуживание автомобилей, пункт мед.помощи, пункт питания)

Слайд 20

### 5. Беседа по вопросам:

-Какие знаки вы запомнили?

-Зачем нужны дорожные знаки?

-В каком месте устанавливается знак «Дети»?

-Какого цвета запрещающие знаки?

-Сини́й цвет, у каких знаков?

-Представьте, что в нашем городе вдруг погасли все светофоры. А все инспектора, регулирующие движение, куда-то исчезли. Какие последствия могут быть? (Обсуждение

вопроса с обучающимися)

-С каждым днем на наших дорогах появляется все больше и больше автомобилей. Высокие скорости и интенсивность движения требуют от водителей и пешеходов быть очень внимательными.

-Дисциплина, осторожность и соблюдение правил дорожного движения водителями и пешеходами – основа безопасного движения на улице.

- Ребята, в начале нашей встречи мы с вами вспомнили о причинах дорожно-транспортных происшествий, давайте повторим их. (обсуждение ответов учеников).

-Итак, очень часто дети перебегают дорогу перед близ идущим транспортом.

Такое поведение заканчивается плачевно. Даже если водитель сумеет быстро нажать на тормоза, это не спасет. Почему? (обсуждение ответов).

- Может ли машина моментально остановиться?

- Почему нельзя остановить машину сразу?

(Машина при резком торможении по инерции продолжает движение, тормозной путь зависит от скорости автомобиля и может составлять от 6м до 75 м)

- Давайте вспомним, как называют людей, которые ходят по улицам и дорогам? (Пешеходы)

-Из всего числа дорожно-транспортных происшествий половина совершается с участием пешеходов. Это страшный показатель, свидетельствующий о низкой культуре и пешеходов и водителей. Оказывается, пешеходам не хватает терпения дожидаться подходящего момента, чтобы перейти дорогу. Половина готова стоять на тротуаре всего 4 секунды, на пятой они готовы рисковать жизнью, чтобы оказаться на противоположной стороне дороги. Надо бороться с подобным нетерпением, помня о том, что первым приходит тот, кто «торопится медленно».

6.Разбор ситуации «Найди нарушителей» (Изображение дорожной ситуации и объяснение)

Слайд (21-26)

### 7. Просмотр видео ПДД для детей

Видео

Слайд 27

### III. Подведение итогов

-Вот и подходит к концу наше увлекательное путешествие в страну Дорожного движения. Но прежде, чем попрощаться с вами, мы хотим проверить, что вам удалось запомнить.

-Для кого существуют ПДД?

-Важно ли соблюдать ПДД?

-Чем грозит их несоблюдение?

-О каких группах знаков мы с вами поговорили?

-Какие знаки вы запомнили?

-Зачем нужны дорожные знаки?

-Какие цвета у светофора?

-Что они означают?

Слайд 28

-Чтобы не волновались ваши родители,педагоги-будьте внимательны на улице, соблюдайте ПДД.

-Мы очень надеемся, что наше мероприятие поможет вам, ребята, быть более внимательными и осторожными на дорогах! Удачи !

## «БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ САБАҒЫНДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ»



**Маратқызы Эльвира**  
**Шығармашылық Академиясы**  
**Ақтөбе қаласы**

Мақсаты:

- Түрлі құралдармен, тәсілдермен таныстыру.
- Эстетикалық сезімін дамыту.
- Түстердің алуандығын ұғыну.
- Жаңа технологиялық әдіс-тәсілді пайдалану кезінде шығармашылығын дамыту.
- Жеке және ұжыммен жұмыс жасауды үйрету.
- Жұмысты соңына дейін аяқтауды үйрету.
- Баланың қиялын, елестетуін, ойлауын, зейінін жетілдіру.
- Көру және саусақ моторикасын, қиялын дамыту.

Бейнелеу өнері ол баланың жүйке жүйесін тынықтырып, арман қиялын жетілдіріп, өз ойын сурет арқылы көрсетіп бере алатын қызықты да күрделі үрдіс болып табылады.

Сурет салуды балаларға әртүрлі әдістер арқылы қызықты етіп ұйымдастыруға болады. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін сурет салудың дәстүрден тыс тәсілдерін қолдануға болады.

Балаларды үйрету барысында оларға ұсынылған түрлі заттар қызығушылықтарын арттырады.

Бұл әдіс қиялды, елестетуді, ойлауды, зейінді және түспен пішінді сезінуді жетілдіруге көмектеседі.

Мен өз іс тәжірибемде сурет салу әдіс-тәсілдерін көптеп қолдануды қолға аламын. Жаңа технологиялық әдістер:

«Мақта таяқшаларымен сурет салу»-мақта таяқшаларын бояуға батыру арқылы сурет салады.

«Жапырақты бастыру немесе флоротопия әдісі-аты айтып тұрғандай жапырақтарды, яғни қалдық материалдарды пайдалану.

«Саусақпен сурет салу әдісі» - Балаларға алақан немесе саусаққа әр түсті бояу жағу арқылы заттың суретін салу ұсынылады.

«Үрлеу арқылы сурет салу»(кляксография) -мұнда бояуды қағаз бетіне тамызып, түтікше көмегімен сурет саламыз.

«Паралонмен немесе губкамен сурет салу» -паралон немесе қарапайым губка түктерімен бояуға малып бейненің үстінен бастырылады.

«Монотопия»- әр түрлі бояулардың және жіптің көмегімен әдемі суреттер жасауға болады.

«Шашырату әдісі» -бояуды қағаз бетіне шашыратып бейнеленеді. Қылқаламмен немесе тіс щеткасымен орындалады.

«Граттаж техникасы»-май шамды параққа сызып, үстінен бояуды жағады ерекше бейнелер алынады.

«Блғалды параққа сурет салу» -ақ парақты суға малып орамалдың үстіне қойып сәл құрғатыңқырап алып үстіне бояумен бейнелер салынады. Бейне жайылған, жауыннан соңғы көрініс береді.

Нәтижесінде:

- Балада көркем өнер туралы білім қалыптасады.

- Шығармашылығы дамиды.

- Авторлық бағытта бейнелей біледі.

- Отбасында және ортадағы ынтымақтастығы орнайды.

- Балалардың іскерлік қабілеті дамып, эстетикалық талғамы артады. Сурет әдіс-тәсілдері арқылы бейнелеу өнеріне деген сүйіспеншілік оянады.

Бейнелеу өнері - қоғамдық сананың айшықты жемісі. Бейнелеу өнерінің мүсін, графика, сәндік қолданбалы өнер және дизайн өнері сияқты түрлерінің көркемдік тілін игерудің әрі шығармашылыққа баулудың негізі - сурет, сурет салудың жолдары мен тәсілдерін оқып үйренуден басталады. Сурет-тарих, болашаққа көз жүгірту. Сурет-фантазия құралы. Сурет-көзбен қолдың шеберлігінен шыққан жазықтықтағы бейне.

Графика, гравюра, пейзаж, натюрморт, мүсін өнері, мозайка, сахна көркемдеу, интерьер, экстерьер, ою-өрнек, әшекейлеу өрнегі және техникамен киім үлгілерінің негізі де сурет болып табылады.

Бейнелеу өнеріне оқыту барысында көркем қабылдау міндеттері және бейнелеп сурет салу бір уақытта дамып, жүзеге асуы қажет. Бала егер де затты ерте кезде аңғарып көрмесе немесе дұрыс қабылдасаса, онда ол затты және оның түрінің ерекшеліктерін бейнелей алмайды. Осыдан оқушыларда бейнелеу міндеттерінің дамуы және ұйымның бақылау мақсаттылығы да өте маңызды. Әдістемелік тәсілдерде балалардың жас және психологиялық ерекшеліктерін есепке алса, тек сол жағдайда ғана оңтайлы нәтиже болады деп ойлаймын.

Сабақ берудің жаңа тәсілдерінің ізденісі пәнаралық байланысты ұстану және де оқушылардың эстетикалық бағыттағы пәндерді өздігінше меңгеру кезінде игерілген білім жұмысын басқару мен және ол икемділіктің негізінде жүзеге асуы мүмкін: бейнелеу өнерінің, әннің, әдебиеттің, тарихтың және т.б.с.с.

Бейнелеу өнерін оқыту барысында ұстаз тек өзінің жеке көркем тәжірибесіне ғана сүйенбеуі қажет. Әрдайым педагогика, психология, эстетика және өнертану ғылымдары бойынша әртүрлі ғылыми мәліметтерге сүйеніп отыру қажет. Бұл бейнелеу өнері мұғалімдерінің тәжірибелік сынағын дұрыс жалпылауға, дұрыс тәрбиелеу әдістемесін табуға және өсіп келе жатқан ұрпақтарымызды жан-жақты оқытуға көмектеседі.

Мектепте бейнелеу өнерін оқытудың басты мақсаты – тек қана өмірдің және өнердің әсемдігін көркемдеп қабылдай алу ғана емес, сонымен қатар белсенді, шығармашылық еңбек ете алатын жан-жақты үйлесімді дамыған адамды қалыптастыру керек.

Оқушылардың эстетикалық және адамгершіліктік көзқарастарын дамыта отырып, бейнелеу өнері пәні түрлі аймақтардағы еңбек қызметіне қажетті пайдалы білімдерге және дағдыларға оқытады. Бейнелеу өнері сабағында балалар бейнелеу өнерінің негіздерімен танысып оқытылады, түрлі дәуір мен замандардың және әртүрлі халықтардың ең жақсы өнер үлгілерімен танысады, айқындық пен шынайылықтың көркемдік құралдарын тануға мүмкіншілік алады. Оқушылар тікелей заттың өзіне қарап графика және кескіндеме құралдарымен оңай қойылымдарды орындай алуы білу керек: сәндік композицияларды құрастыру, материалда қиын емес бұйымдарды орындау және т.б. Оқушылар ойша немесе елестете отырып өз түсініктері бойынша тақырыптық композицияларды сала білулері қажет. Айқын бейнелеудің заңдылықтарын меңгерудің арқасында шыншылдығын шынайы көрсете және өзінің қоршаған ортаға әсерлі қатынастарын білдіре алады.

Көзбен шолып ойлаудың дамуы - пәннің ең басты міндеттерінің бірі. Көзбен көру ақпараттың үлкен ағым арасында оқушы көркем шығармашылық тапсырмаларды шешуде ең бастысын, ерекшесін таңдап алуы үйрену қажет және көретін формаларды пайдалана алуы қажет.

Жалпы білім беру мектебінде бейнелеу өнерін оқытудағы басты міндеттерінің бірі - балалардың көркем шығармашылық қабілетін дамыту болып табылады. Осы мәселе қазіргі кезде белсенді, әрекетшіл және адамның жеке басының шығармашылығын тәрбиелеу міндеттерімен тығыз байланысты.

Көркем әрекетшіл қабілеттердің дамуы туралы әңгіме жүргенде, ең алдымен шығармашылық елестеу мен ойлаудың дамуы ойда тұрады. Оларсыз шындықтың қайта

ойлануы және өзінің пікірін бейнелі формада жеткізе білу мүмкін емес. Көркем қабілеттер санына көз қапері және өмір мен өнер құбылыстарына деген қызба қатынасы қатысты. Көркем қабілеттердің байқалуы бейнелі ойлану, ондағы бастысын белгілей отырып бейнені тұтастай қабылдау, затты дәлме-дәл жеткізе білу болып табылады. Шығармашылық қабілеттер тәсілдердің тез және оңай меңгеруінде сурет салудың дағдылары байқалады.

Оқушылардың көркем шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған жұмыс нұсқадағы және оны бейнелеуді оқыту қабілеттерін меңгеруімен тығыз байланысты. Осы байланыстар көп қырлы. Елестету тек қана өмірлік байқаудың негізінде ғана дами алады. Сол уақытты бейнелі ойлаудың дамуы бейнелеу сауаттылығы негіздеріне оқытудың нәтижелігі көмектеседі. Оқушылардың бейнелі ойлай білуі олардың жұмыстарының мәнерлігінде байқалады.

Балалардың көркем-шығармашылық қабілеттерін дамытудағы ең маңызды шарт - олардың жұмысқа деген қызығушылығы, оған әсерлі қатынасын да анықтайтын осы немесе басқа да тапсырмалардың орындауы болып табылады. Басқа жағынан қарасақ, осы қатты әсерлі күйзеліс қызығушылықтың және бейнелеу қызметімен айналысу ынтасы басты түрткі болған себептері болуы мүмкін.

Қазіргі мектептің даму болашағы қоғамның даму үрдісімен үнемі өсіп отыратын ақпарат көлемінің әр түрлі тегімен анықталады. Оқушыларға білім беруде жаңа оқыту технологияларын қолдану, инновациялық бағытта жұмыс жасау заман талабына сай талап етілуде. ХХІ ғасыр-бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі дейміз. Бүгінгі таңда қоғамымыздың жаңа қарқынмен дамуы, ғылыми-техникалық прогрестердің жетістіктері, еліміздің өркениетті елдер қатарынан көрінуі білім беру жүйесіне де ықпал етпей қойған жоқ.

Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбиелеу үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Ғылым мен техниканың дамыған заманында озық ойлы, шығармашылығы жоғары оқушы тәрбиелеу әр ұстаздың басты міндеті.

Оқушылардың шығармашылық іскерліктерін арттырып, заман талабын ескере отырып, әрбір сабағымда жаңашыл педагогтардың әдіс-тәсілдерін, озық технологиясын басшылыққа алып, оқыту үрдісінде АКТ, СТО, кіріктірілген сабақ түрлерін көп қолданып, сабақтар өткіземін. Сыни тұрғыдан ойлау мен сабақ үдерісінде ақпараттық - коммуникативтік технологияны \АКТ\ қолдану оқушылардың тәуелсіз ойлауына, ой қорытуына, қабілетіне, визуалды және ауызша түрдегі ақпарат алуына, өз бетімен ізденуіне ықпалын тигізеді. Сыни тұрғысынан ойлауды қалыптастырып, балалардың өз білімдерімен жаңа білімдерін ұштастыра отырып тақырыпты түсінуге бағыт беріледі. Сыни тұрғыдан ойлаудың стратегиялары өте көп. Ол іс әрекеттер оқушыларға еркін ойлауға мүмкіндік береді, ақыл ойын дамытады, ұжымдық іс әрекетке тәрбиелейді, тіл байлығы жетіледі, жан жақты ізденеді, өз ойын жеткізеді. Бұл технологияның ішкі құрылымында ерекшелік бар. Бұл құрылым үш деңгейден тұрады, яғни оқу мен үйренуге арналған құрылым.

1 Қызығушылықты ояту сатысы.

2 Мағынаны тани білу сатысы.

3 Ой – толғанис сатысы.

Үйренгенін қабылдайды, іштей ойлануға үйренеді, ой алмасады. Белсенді түрде өз білімін нақтылау жолын қайта қарап, өзгерістер енгізеді. Сол білім арқылы өзінің өзгергенін сезеді. Кейінгі жылдары компьютерлік технологияны қолданып оқыту педагогика ғылымның келелі мәселесіне айналды. Қазіргі уақытта кез келген мұғалімнің мақсаты-оқу үрдісінде компьютерлік технологияны енгізу арқылы білім сапасын жақсарту болып табылады. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін компьютерлік компоненттерді бейнелеу өнерін білім жүйесіне қосу қажет, себебі бейнелеу өнерін оқыту барысында компьютерді қолдану біршама маңыздылыққа негіз болады. Бейнелеу өнері сабағында компьютерлік

технологияларды қолданатын мұғалім жетекші, кеңес беруші, үйлестіруші, сарапшы, тіпті өзекті ақпарат көзі бола алады. Мұғалім компьютерлік технологияларды кез келген сабақта және оның түрлі кезеңдерінде қолдануына болады. Ақпараттық технологияны пайдаланып оқыту төмендегідей мақсаттарды көздейді.

1. Ақпараттық технологияны білім деңгейін тексеру бағытында қолдану.

2. Мұғалімнің оқытушылық мақсатында қолдануы.

3. Компьютерді мультимедиялық мүмкіндіктер арқылы көрнекі құрал ретінде пайдалану.

4. Электрондық оқулықтар мен интернетті пайдалану. Атап айтқанда, оның мүмкіндіктері мынадай: 1. Сабақ кезеңдерінде уақытты үнемдеуге көмектеседі. 2. Дайындалған материалды қайта- қайта қарауға мүмкіндік береді.

3. Дамыта оқыту тапсырмаларын жасау мүмкіндігі мол.

4. Интерактивті тақта кітапханасы арқылы кез- келген сурет, материалдарды алу мүмкіндігі бар.

5. Әртүрлі қосымшалармен жұмыс істеу мүмкіндігін береді. Қазіргі уақытта оқытудың 50-ден астам технологиялары бар. Олардың оқушы танымын қалыптастырып тұлға ретінде дамуы үшін маңызы зор. Олай болса келешек ұрпағымыздың жан-жақты, терең білімді, яғни интеллектуалды деңгейінің жоғары болуына қойылатын талап зор. Заман талабына сай жаңашыл тұлға тәрбиелеуде нәтижелі жұмыс жасау алға қойған басты мақсатымыз. Бейнелеу өнері сабақтарында инновациялық технологияларды пайдалан отырып, мынадай нәтижелерге қол жеткізуге болады.

1. Ақпаратты бірнеше сезім мүшелері арқылы бір уақытта қабылдау.

2. Назар аударудың белсенділігі.

3. Пәнге қызығуды жоғарылату.

4. Үйретудің көрнекілігі, танымдылығы.

5. Ұсынылатын ақпараттың сапасын көтеру.

6. Сабақ уақытын үнемді пайдалану.

7. Оқушының жан-жақты дамуы.

8. Білім сапасын жақсарту. Оқу үрдісінде компьютерді пайдалану оқушылардың өзіндік жұмыстарын ақпараттық - әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етуге, елеулі өзгерістер енгізуге мүмкіндік береді. Олардың баяндама, реферат жазғанынан презентация жасағаны тиімді, себебі, презентация жасау барысында олар алған материалдарын жүйелеп, негізгісін, тақырыптың өзекті жерлерін бөліп алады. Бұл дағды оқушының логикалық ойлауын, шығармашылықпен, ақпаратпен жұмыс жасауын қалыптастырады. Оқушылардың ғылыми жоба жазуына да ақпаратпен жұмыс жасауы көмегін тигізеді.

#### Әдебиеттер тізімі:

[1]. Даутова О.Б., Крылова О.Н. Современные педагогические технологии в профильном обучении: учебно-методическое пособие для учителей / под ред. А.П. Тряпицкой. – С-Пб.: КАРО, 2006.

[2]. Аникушина Е.А., Бобина О.С., и др. Инновационные образовательные технологии и активные методы обучения: Методическое пособие. – Томск: В-Спектр, 2010. – 212 с.

[3]. Андюхов, Б. Кейс – технология – инструмент формирования компетентностей /Б. Андюхова //Директор школы. - 2010.-№4.-С.61-65

[4]. Бектенова Р.Б. Современные методики казахстанского образования / Р.Б. Бектенова // Сборник конференции:1 часть: Филиал АО «Национальный центр повышения квалификации «Өрлеу» «Институт повышения квалификации педагогических работников по Западно-Казахстанской области» – Режим доступа: <http://zkoipk.kz/smartconf2016.html> (28.03.2015)

[5]. Тихомирова, Л.Ф. Теоретико-методические основы здоровьесберегающей педагогики: монография / Л.Ф. Тихомирова. – Ярославль, Изд-во ЯГПУ, 2004. – 240 с.

[6]. Какимова Л.Ш., Нурмуганбет Ш. Применение интерактивных методов в процессе обучения на уроках музыки// Вестник КазНПУ им. Абая, Серия «Педагогические науки» №3(59) Алматы, 2018

## «ҚОҢЫР ҮНДІ – ДОМБЫРА»



**Ақтөбе облысы, Темір ауданы  
«Шұбарқұдық» балалар музыка мектебі  
Домбыра класының мұғалімі Есенжолова  
Светлана Маратовна**

Домбыра - қазақ халқының өте ерте және кең тараған, нағыз табиғи ұлттық музыкалық аспабы. Қос ішекті шертіп ойнайтын музыкалық аспап. Ішекті, шертпелі аспаптар тобына жатады. Аспап әр түрлі үлгіде тұтас ағаштан ойылып жасалады. Күй бұрауы арнайы құлақтарымен келтіріледі. Аспап үні қоңыр, құлаққа жағымды әрі жұмсақ болып келеді.

Домбыра - сан ғасырлардан бері сырын сақтап, қазақ даласында кеңінен танымал аспап. Дегенмен домбыра әр аймақта әр түрлі болып келеді. Солтүстік, орталық, оңтүстік аймақтарда домбыра көлемі шағын, жеті-тоғыз пернелі болса, Батыс Қазақстан аумағында кездесетін домбыра шанағы жұмыр, мойны ұзын, он екі, он төрт пернелі болып келеді. Қазіргі кезде күрделі шығармаларды ойнауға лайықталып, перне саны көбейтілген.

Домбыра аспабының негізгі екі түріне байланысты аспапта күй орындаудың екі түрі «төкпе» мен «шертпе» қағыстары қалыптасқан. Сазды күйлер Арқа өңірінде, ал төкпе күйлер батыс аймақтарда кең таралған.

Домбыра шертудің «сұқпа» (сұқ және орта саусақпен шертіп ойнау), «жап тақымта» (ішекті бос күйінде қағып, пернені басып отыру), «іліп-қақпай» (ішекті іліп қағу), «теріс қақпай» (жоғары-төмен) деп аталатын түрлері бар.

Домбыра аспабының екі ішекті түрінен басқа үш ішекті, қос жақты, кең шанақты, шіңкілдек немесе «Балақай домбыра» деген түрлері бар.

Домбыра аспабында халық күйлерін ғана емес, батыс және шығыс классикалық шығармаларын, танымал туындыларын орындауға болады.

XIX ғасырда қазақ халқының тұрмысында анағұрлым кең тараған музыкалық аспап екі ішекті домбыра болатын. Егер бұрынғы заманда көне аспаптар ән, жыр, ертегі-аңыздарды сүйемелдеу үшін ғана қолданылған болса, енді домбыра жеке шығарма орындауға арналып, күрделі аспаптардың қатарына қосылды.

Әр түрлі ескерткіштерге, сондай-ақ этнографтардың жазып қалдырған еңбектеріне жүгінсек, домбыра және өзге халықтардың осы тектес аспаптары тіпті сонау орта ғасырларда белгілі болған екен. Мысалы, Әбу Насыр әл-Фарабидің еңбектерінен тамбур аспабы жайында оқимыз. Өзбектердің домбыраға өте ұқсас екі ішекті дутары алғаш рет әл-Хусейнидің «Музыкалық канон» деген трактатында ауызға алынды. Қазақтың халық аспабы домбыра XIV ғасыр жазбаларында кездеседі. Оның бастағы түрі мен құрылысы қазақтың домбырасынан аумайды, осындай аспап аттарының ұқсастығы да олардың түпкі шығу тегі бір екекін көрсетсе керек.

Өткен жүз жылдықта ұлы халық композиторы Құрманғазымен бірге Дәулеткерей, Тәттімбет, Сейтек, Байсерке, Қазанғап секілді саңлақ күйшілер дүйім жұртты аузына қаратқан еді. Бұлар бармағынан бал тамған майталман домбырашы болуымен бірге нелер бір ғажап күй де шығарған шын мәніндегі өнер иелері. Солардың арқасында домбырада тартылатын күйлердің музыкалық формасы үздіксіз жетілдіріле түскенді. Домбыраның техникалық мүмкіндіктері артқан сайын домбыра тарту өнері де едәуір өрге басып, байи түсті.

Қазақстанның батыс аудандарында домбыра тартудың өзгелерге ұқсамайтын бөлек дәстүрі қалыптасқанын айту керек. Батыс аудандардағы домбыраның негізгі өзгешелігі, көлемі үлкен болып келеді, сондай-ақ шанағы сопақ, мойны жіңішке, перне саны көбірек.

Сондықтан мұндай домбыраны тартқанда қолданылатын техникалық, тәсілдерді шанағы жалпақ домбыраға қолдану қиын, өйткені бұл соңғы домбыраның мойны едәуір енді және ондағы перне де аз.

Шанағы жалпақ домбыраның бірнеше нұсқасы кең тараған. Егер батыс аудандардағы домбыраларға 12-14 перне тағылса, ал шанағы жалпақ домбыраға не бары 7-8 ғана перне байланған. Перне санын арттыру процесі өте баяу жүрді және оның өзі орындалатын репертуарға тікелей байланысты еді. Әдетте, жаңа перне онымен алғаш орындалатын күйдің атымен аталынды. Пернелердің бірі домбырада «Түрікпен күйін» орындағанда байланды да, «Түрікпен пернесі» деп аталды. Бейтарап терция интервалын беретін басқа бір перне Қазақстанның батыс аудандарында «Сарыарқа пернесі» деп аталады.

Қорыта келетін болсақ, қазірде Елбасымыз Қасым-Жомарт Тоқаевта ұлттық аспабымызды қолдап, мектептерге пән ретінде енгізілді. «Бұл рухани жаңғыру жолының негізгі арқауы. Бүгінде ұлттық аспабымыз күллі әлем мойындаған мәдени құндылыққа айналды. Бұл қазақтың қасиетті қара домбырасына берілген әділ баға. «Өнер ұлт келбеті» дейді дана халқымыз. Баршамызға ортақ құндылық домбыраны жан-жақты насихаттап, жас ұрпақтың санасына сіңіру өте маңызды. Домбыра аспабы қайталанбас асыл дүние. Сондықтан мектепте домбыра үйрену сабақтарын енгізу қажетті әрі дұрыс бастама. Себебі қазіргі жаппай жаһандану уақытында халқымызға тән бірегей құндылықтарды жаңғырта беруіміз керек», - деді Мемлекет басшысы.

## ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР!

«Қосымша білім және тәрбие» педагогтерге арналған республикалық оқу-әдістемелік журналы бүгінгі таңда еліміздегі балаларға арналған қосымша білім беру жүйесінде жалғыз республикалық басылым болып табылады.

«Қосымша білім және тәрбие» журналының мерзімдік шығарылымы: 1 жылда 4 рет қазақ және орыс тілдерінде.

Журналда оқу-тәрбие үдерісіндегі инновациялар мен инновациялық технологиялар жөнінде мақалалар және тағы басқа материалдар жарияланады. Біздің журналымыздың оқырмандары – жалпы орта, қосымша (оқушылар үйі, сарайы, балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы орталығы; жас натуралистер, туристер, техниктер станциялары; балалар өнер мектебі, балалар музыка мектебі, балалар көркемөнер мектебі; балалар аула клубы және т.б.), кәсіптік және техникалық білім беру ұйымдарының, балалардың қоғамдық ұйымдарының педагогикалық қызметкерлері.

Журнал редакциясының келісімі бойынша Сіз ұйымның қызметі туралы және мерейтойлық материалдарды жариялай аласыз.

Сіз толық ақпаратты 8 (7172) 64-75-88 телефоны немесе e-mail: kosymsha20@bk.ru арқылы біле аласыз

## УВАЖАЕМЫЕ КОЛЛЕГИ!

Республиканский учебно-методический журнал «Қосымша білім және тәрбие» для педагогов на сегодняшний день является единственным республиканским изданием в системе дополнительного образования детей в Казахстане.

Периодический выпуск «Қосымша білім және тәрбие»: 4 раза в год на казахском и русском языках.

В журнале публикуются статьи об инновациях и инновационных технологиях в учебно-воспитательном процессе и другие материалы.

Читатели нашего журнала – педагогические работники организаций общего среднего, дополнительного образования детей (дворец, дом школьников, центр детского и юношеского творчества; станции юных натуралистов, туристов, техников; детская школа искусств, детская музыкальная школа, детская художественная школа; детский дворовый клуб и др.), технического и профессионального образования, детских общественных организаций.

По согласованию с редакцией журнала Вы можете опубликовать юбилейные материалы и о деятельности организации.

Более подробную информацию Вы можете получить по телефону: 8 (7172) 64-75-88 или e-mail: kosymsha20@bk.ru